



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДӘУІР

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



3/2010

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ
ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ



АСТАНА



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

«Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің
диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін
жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне төмендегі
мамандықтар бойынша енгізілген:

07.00.00 – ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ
08.00.00 – ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
09.00.00 – ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
23.00.00 – САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
А.Арзықұлов

Дизайн және беттеу
А.Жұмағалиева, А.Садуақасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz.
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
көлісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«Ақарман-медиа» ЖШС баспаханасында
басылып шығарылды.
Астана қаласы, Байтұрсынов к., 114/2.

Таралымы 500 дана.

Қоғам Дәуір ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ
ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Нұрлан Сейдін
Болашақ стратегиясы 4

**СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК**

Молдахмет Мырзабеков
Американдық үлгідегі әлемдік тәртіп
және оның мақсаттары 8

Қайрат Жүніс
Қазіргі кезеңдегі АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік
тұжырымдамасы 19

Раушан Несіпбай
Орталық Азиядағы дәстүршіл ілімдердің дамуы 25

Айбек Бейсебаев
Діни фундаментализмнен экстремизмге дейін
және оның Қазақстандағы көріністері 30

ІШКІ САЯСАТ

Ризолла Жұмаділов
Қазақстандағы мемлекеттік тілдің қазіргі ахуалы 34

Нұрлан Уранхаев, Сапар Ахметов
Мемлекеттік энергетикалық саясаттың үлгілері 39

Қарлығаш Борбасова
Жастар және рухани тәрбие мәселесі 46

Бахытбай Ибрагимов
Қоғамдық қауіпсіздік және саяси тұрақтылық 51

ЭКОНОМИКА

Нұржан Әлжанова
«Салықтық қалқан» әсері есептеу
тәсілдерінің кәсіпорындардың қызмет
нәтижелілігіне әсер етуі туралы 57

Талғат Демесінов
Нарықтың макрожүйесінің құрамдас бөлігі болып
табылатын аутсорсингтің әлеуметтік-экономикалық
жүйесінің моделі 65

Алтын Есіркепова
Қазақстанда қазіргі қоршаған ортаны қорғау
жағдайы және қайталама ресурстарды
пайдалануын талдау 71

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Дана Мұқатова XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Түркістан өлкесіндегі қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы	79
Гүлбану Жүгенбаева Тәуелсіздік – мәңгі мұрат.....	85
Дархан Қыдырәлиев Түркістанның тәуелсіздігі жолында күрес	90
Манара Қалыбекова Қазақстанға көшірілген шешен-ингуш халықтарының тарихынан	95
Рауан Кемербаев Түркі әлеміндегі – Түркі дүниесінің ойшылдары.....	100
Жандос Өмірбекұлы Түркістан қаласы мен ауыл халқының демографиялық құрылымы (XX ғ.)	105
Нұрдәулет Манкеев Абай атындағы ҚазҰПУ: материалдық-техникалық базасының даму тарихы (1960-1991 жж.)	109
Тимур Жұманов XIX-XX ғ. басындағы Қазақстандағы тарих пені және ұлт құрылысы.....	117
Гульжан Рашева Түркістандағы жоғары оқу орындарының негізін қалаудағы қазақ зиялыларының атқарған рөлі.....	124
Данияр Шалқаров Абу Мансур ал-Матуриди Абу Хасан ал-Ашғаридің шығыстық аналогы ретінде	129
Талғат Мамыров Каспий теңізі жағалауындағы алғашқы қауымдық тұрғындары.....	136
Әлия Сатаева Тәуелсіздік тұсындағы қазақ тілінің қызметі: жетістіктері мен проблемалары	139
РЕЦЕНЗИЯ	
Қанат Енсенев Н.Б. Сейдін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы»	142
Түйіндеме	145

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ	– редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Нұрлан СЕЙДІН	– жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың акпараттандыру және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	– ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БУРХАНОВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ләйлә МҰЗАПАРОВА	– ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ	– ҚР БҒМ философия және саясаттану институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор
Марат ТӘЖИН	– ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
Айгүл ТҮЛЕМБАЕВА	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Булат СУЛТАНОВ	– председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
Нурлан СЕЙДИН	– ответственный редактор, заведующий отделом информационного обеспечения и редакционно-издательской деятельности КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Нуржамал АЛДАБЕК	– декан факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– президент образовательной корпорации «Тұран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
Маулен АШИМБАЕВ	– заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ	– депутат Мажилісі Парламенті РК, доктор политических наук, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Лейла МУЗАПАРОВА	– первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Абдумалик НЫСАНБАЕВ	– директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор
Марат ТАЖИН	– помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор
Айгуль ТҮЛЕМБАЕВА	– заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор

Болашақ стратегиясы

Нұрлан СЕЙДІН,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың бөлім
меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдаулары Қазақстанның барлық бағыттағы жан-жақты дамуын айқын көрегендікпен жоспарлап, өрлеудің сара жолына жетелейтіні көпшілікке мәлім. Ал биылғы Жолдау бір жылдың алар асуын ғана емес, тұтас 30 жылға арналған даму бағдарламасының кезекті 10 жылдығын игеруге жасалған қадамдардың бастамасын жариялауымен құнды.

«Қазақстан-2030» Стратегиялық бағдарламасының алғашқы онжылдығы игерілді. Оның қорытындысы бұл Жолдаудың да орындалатындығына дәлел. Өйткені, алған асуымыз бен игерген тәжірибеміз осылай сенімділікпен айтуға мүмкіндік береді.

Президенттің Қазақстан халқына үстіміздегі жылғы Жолдауының ерекшелігі таяу онжылдықтағы еліміз дамуының стратегиясы айқындалғандығында болып отыр. Ол Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиялық жоспарының құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекет басшысының жүйелі де терең ойластырылған саясаты арқасында Қазақстан экономикада зор табыстарға қол жеткізіп, әлемдік дағдарыс кезеңінде өзінің тұрлаулылығын көрсетті. Өткен онжылдықта макроэкономикалық сипаттағы міндеттер шешілді: нарықтық экономиканың заңнамалық базасы жасалып, айтарлықтай шетелдік инвестициялар тартылды, Ұлттық қор және даму институттары қалыптасып, осы заманғы қаржы және бюджет жүйесі құрылды. Бәсекеге қабілетті және сұранысы мол шикізат салаларын дамытуға екпін түсірілетін стратегияны дұрыс таңдау біздің мемлекетімізді экономикалық даму қарқыны жағынан еуразиялық кеңістікте көшбасшылыққа шығарды.

Қазір еліміздің алдында индустриялық-инновациялық экономиканы дамыту, әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекетінің қатарына ену жөніндегі мүлдем жаңа, әлдеқайда ауқымды міндеттер тұр [1].

Біз жаңа кезеңнің бастауында тұрмыз. Жолдау бізге ел дамуының алдағы онжылдықтағы басым бағыттарын айқындап берді. Ел экономикасының жаңа өрлеуі арқылы Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері ашылады.

Жолдауда дағдарыстан кейінгі экономиканы дайындау тетіктері жан-жақты қарастырылған. Елді индустрияландыру ісін жеделдету арқылы біз жаңа биікке көтерілеміз. Қазіргі таңда Қазақстан сенімді нық қадаммен, елеулі даму әлеуетімен жаңа онжылдыққа, жаңа болашаққа бет алды.

Бұл – қазақстандық көшбасшылыққа қадам басу. Тәуелсіздік алған 18 жылдың ішінде еліміз экономика мен мемлекеттік құрылыста әлем таңғалатындай нәтижелерге қол жеткізді.

Табысты барыстың қуатты серпілісімен салыстыра отырып, бүкіл әлем «қазақстандық ғажайып» туралы тамсана айта бастады. Еліміздің Тұңғыш Пре-

зиденті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевсыз осынау «қазақстандық ғажайыпқа» қол жеткізу мүмкін еместігін мойындау қажет.

Біздің Елбасымыз тарихи қысқа мерзім ішінде күрделі экономикалық және ішкі саяси жағдайда қираған империя сынықтарынан қазақ халқының ғасырлар бойғы арманын жүзеге асырып, тәуелсіз әрі қуатты мемлекет құрды.

Ол өзінің айналасына Қазақстан халқын біріктіре отырып, оның еркін демократиялық елдердегідей гүлденген болашаққа деген сенімін арттырды.

Ол әлемде «Назарбаев моделі» ретінде танымал бірегей әлеуметтік-экономикалық модель құрып, жүзеге асырды. Міне, дәл осы модель Қазақстанның үдемелі дамуының локомотиві болуда.

«Назарбаев моделінің» арқасында Қазақстан әлемдік дағдарыстың соққысына төтеп беріп қана қоймай, экономикалық өсуді сақтап қалған әлемдегі аз ғана мемлекеттердің қатарында.

Жаһандық және өңірлік геосаяси сын-тегеуріндермен бірге жүретін қаржы-экономикалық дағдарыс әлемде қайта құру үдерісін іске қосты. Бұл қатерлер мен сын-тегеуріндер еліміздің экономикасын реформалауға, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен тұрақтылығын нығайтуға бағытталған жедел әрі шешуші шараларды талап етеді. Бүгінгі таңда бүкіл әлем дамудың жаңа басымдықтары мен мақсаттарын іздеу үстінде. Өзгеріп отырған әлеммен бірге Қазақстан да өзгеретін болады. Ең бастысы, біз бұған дайынбыз. Әлемнің бүкіл елі төзімділікке сыналып жатқан уақытта, ал әлемдік қоғамдастық жаңа жаһандық проблемаларды шешу алдында тұрған кезде көшбасшылары ішкі саяси тұрақтылықты сақтап, тиімді экономикалық шешім таба алған, әлемдік державалардың жаһандық бәсекелестігінде өз халқының мүддесін қорғай білген елдер ғана дағдарыстан қуатты болып шығады.

Әлем тарихи парадоксты байқауда – жаһандану кезеңінде мемлекет дамуында көрнекті көшбасшының рөлі тұрақты өседі. Және ұлттық көшбасшының болуы көбінесе мемлекеттің табысты болуының шешуші шартына айналады.

Бізде мұндай көшбасшымыз бар, олай болса, біздің болашағымыз айқын. Жас тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа тарихы Тұңғыш Президентімізбен тығыз байланысты. Көпэтносты Қазақстан халқы елдің барлық жеңістері мен жетістіктеріне Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында жеткенін бірауыздан мойындайды әрі өз Президентіне кәміл сенеді.

Экономикамыз тұралап қалған ең қиын уақытта да Нұрсұлтан Әбішұлы күрделі міндеттерді қолына алып, халыққа берген уәдесін әрдайым орындап келеді. Сөздері мен ісінде ешқашан алшақтық болған емес. Халықтың мұң-мұқтажын түсініп, ел басқаруда оған сенген адамдарға әрдайым қамқорлықпен қарайды.

Әрбір президенттік сайлау Қазақстан халқының өз көшбасшысына деген жоғарғы сенімінің айқын айғағы болды. Себебі, біздің әрбір қол жеткізген табысымыз, әл-ауқатымыздың артуы мен көркею жолындағы әрбір қадамымыз – бұл біздің Президентіміздің кемеңгер саясатының, қажымас еңбегі мен халық мүддесіне берілгендігінің нәтижесі.

Ұлт пен Көшбасшының мұндай бірлігі – тарих беттерінде әлі талай беделді орын алатыны сөзсіз. Президент Н. Назарбаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында жария еткен «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы мемлекетіміздің бүгінгі таңдағы қоғамдық-саяси өмірінің негізгі оқиғасы болып отыр.

Жан-жақты зерделенген бұл құжат баршамызға терең ой салып, ерекше толғандырмауы мүмкін емес. Ең бастысы, қойылған мақсат – айқын. Жолдауда біздің қоғамдағы барлық көкейкесті мәселелерге дәйекті түрде толыққанды жауап берілді.

Жолдауда белгіленген маңызды межелерге қол жеткізу – Қазақстанға қазіргіден де биік асуларды бағындырып, қуатты мемлекетке айналуына зор мүмкіндік береді. Біздің бүгінгі таңдағы жетістіктеріміз де қомақты. Елімізді төрткүл дүние танып, мойындады. Ендігі жерде қажырлы еңбегіміз – Отанымызды әлемдік ауқымдағы өрісі кең, халықаралық аренада лайықты беделге ие, өркендеген елге айналдыруға жұмылдыруға бағытталуы тиіс.

Сонғы жылдарда біздің мемлекетіміз аумалы-төкпелі экономикалық және саяси күрделі жағдайларда төтеннен туындаған сан-қилы сынақтардан сүрінбей өтті.

«Ұлы істер мен батыл бастамалар қиын-қыстау кезеңдерден бастау алады», деген аталы сөз бар. Бұған қосарым: Мұндай істі бастау – дара тұлғаның ғана қолынан келеді. Және біздің Президентіміз – дәл сондай көшбасшы.

Турасын айтқанда, Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзіне тән табандылығы мен талапшылдығы, шын мәнінде кемеңгер көшбасшылығы арқасында Қазақстан дағдарыстан шыңдалып шығып, тәлімді тәжірибе жинай білді. Мемлекет басшысы айтқандай, кешегі қиындықтар кезеңіндегі біздің жұмысымыздың басты қорытындысы – «әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы біздің елдің өсу қарқынына әсер етті, бірақ біздің дамуымызды тоқтатқан жоқ».

Қиын-қыстау кезеңде, Президенттің тікелей бақылауымен әлемдік дағдарыс салдарын еңсеруге бағытталған Парламент пен Үкіметтің қоян-қолтық және шұғыл жұмыстары уақытында қабылданған заңдармен, нақты шешімдермен, маңызды қаулы, қарарлармен сипатталады. Біздің ендігі ортақ мақсатымыз елді жаңғыртып, Қазақстанның әлеуетін өсіру мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы дамудың 2020 жылға дейінгі межелерін еңсеріп, халықты ауқымды табыстармен қамтамасыз ету болып табылады.

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан халықаралық дәрежедегі жоғары миссияны атқаруға – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуге кірісті.

Бұл біздің мемлекетіміздің халықаралық беделі мен Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік ауқымдағы көрнекті саясаткер ретіндегі мәртебесін нақтылаған тарихи маңызды оқиға. Қазақ мемлекеттілігінің құрылысындағы ірі табыстар ғана емес, сонымен қатар әлемдік аренадағы ядролық қарусыздану, экономикалық ықпалдастық, сенім және қауіпсіздік шаралары, толеранттық және конфессияаралық үнатысу секілді ерекше маңызды үрдістер де Президенттің атымен тікелей байланысты.

Елбасы атап өткендей, осы заманғы адамзат тарихындағы күрделі кезеңде ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету – бұл өте жауапты мәселе. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудегі Президент айқындаған тұжырымдама зор халықаралық серпіліс туғызып, әлемдік қоғамдастықтың тарапынан оң қабылданды.

2010 жылғы тағы бір елеулі оқиға – Қазақстан, Ресей және Беларусьтің Кеден одағына кіруі болып табылады. Бұл Қазақстандық компаниялар үшін экспорттық мүмкіндіктерін ұлғайтуға қолайлы ахуал қалыптастыратын болады. Сонымен қатар бұл отандық тауар өндірушілердің Кеден одағындағы әріптестерімен

қатал бәсекеге түсіп, өз тауарлары мен қызметтерінің сапасын арттыруына тура келеді.

Кеден одағының құрылуы, оның базасында Бірыңғай экономикалық кеңістік құру – бұл шын мәнінде біздің халқымыздың мүддесі үшін нақты ықпалдастықты дамытуға бағытталған Қазақстанның сыртқы саяси және экономикалық стратегиясындағы елеулі бетбұрысы.

Тұжырымдап айтқанда, Мемлекет басшысының Жолдауы біздің еліміздің тарихында ерекше орын алады. Дағдарыстың ақтық кезеңінде, әлемді бұлыңғырлық жайлаған сәтте жария етілген Стратегияда мемлекеттің 2020 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыты мен басты көрсеткіштері мазмұндалған. Осының өзі әр адамның көкейіне түпкі нәтижеге деген зор сенім ұялатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері»: ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ-сы, 10 ақпан 2010 ж.) / Жау. ред. Б.Қ. Сұлтанов. – Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 164 б.

Американдық үлгідегі әлемдік тәртіп және оның мақсаттары

Молдахмет МЫРЗАБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Аймақтану
және әлемдік экономика кафедрасының доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

Әлемде ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында қалыптасқан тәртіп жүйесін полицентрлік бірполярлық деп атаймыз. Бұндай тәртіптің негізі Батыс елдерінің экономикалық, әскери-саяси және этика-құқықтық ортақтығы мен осы стандарттардың бүкіл әлемге таралуына негізделген тарихи жобаны жүзеге асыру болатын. Әрине бұл әлемдегі қарсылықтың, соның ішінде трансұлттық лаңкестік формасындағы жауаптың тудыруына әкеліп соқты. Осы жобаның тағы бір ерекшелігі жаңа тәртіптің жаһандану үрдістеріне негізделуінде еді. Бұл ортақ стандарттар негізінде ғаламдық әлем құру талпынысы болды. Бұл жобаның келісімдік негізі болмаса да, оның негізінде бірқатар прецеденттер, нақты айтсақ, АҚШ-тың біржақты шешімдері мен концепциялары жатты:

- «демократияны кеңейту» доктринасы (1993);
- НАТО-ны кеңейту концепциясы (1996);
- НАТО жауапкершілік аймағы Солтүстік Атлантикадан тыс жерлерге тарағанын бекіткен НАТО-ның жаңа стратегиялық концепциясы;
- превентивті соққы беру доктринасы;
- Үлкен Таяу Шығысты демократизациялау доктринасы.

Вашингтон сыртқы саясаты классикалық түсініктеме бойынша мемлекеттің сыртқы саясаты болудан қалып, бүкіл әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың дамуына ғаламдық әсер ету саясатына айнала бастады. Бұған келесідей фактор әсер етті десе болады. Биполярлы әлем бойынша басты дұшпан – КСРО өз жүйесінің әлсіздігін мойындап, өз еркімен Батыс әлемін даму нұсқасы ретінде таңдады. Посткеңестік Ресейде билікке келген демократтар «Ресейдің Еуразияның қауіпті үлкен алпауытынан батыстың гүлдену ауданының мүшесіне айналуын, алдыңғы қатарлы клубтан өркениетті өмір сүруді үйренуді» мақсат етіп қойды. Ресей жетекшілігі бірнеше рет Вашингтонға көмек сұрап, жүгініп отырды. Ал бұған деген американдықтардың реакциясы қандай болмақ деген сауалға жауап іздер болсақ, онда бұрынғы кездері КСРО Қытай, Вьетнам мен Кубадағы социалистік революциялардың жеңісін қалай қабылдаса, сондай болмақ деп жауап беруге болатын сияқты. Басты «зұлымдық империясында», Лениннің Отанында демократия мен нарықтық экономиканы таңдаудың нәтижесінде, американдықтар өз идеологияларының жеңімпаздық

күшіне нық сенім білдіре бастады. Осындай жағдайда олар өздерін еркіндік пен гүлдену жолындағы әлемге жетекшілік етуі тиіс прогрессивті адамзаттың көсемі, жаһандану үрдісінің басты кепілі ретінде сезіне бастады [1].

1991–2001 жылдарға қатысты американдық көшбасшылығы туралы сөз қозғауға негіз бар немесе жоқ екендігін білу үшін екі факторды ескеру керек: ішкі – Американың талпынысы мен қабілеттілігі және сыртқы – американдық көсемдігін әлемдік қауымдастықтың мойындауы. Бірінші мәселеге қатысты оң жауап қайтаруға болады. Біріншіден, биполярлы жүйе ыдырағаннан кейін американдық даму моделі, американдық құндылықтар және американдық саясат кең етек жайды. Екіншіден, басқа державалармен салыстырмалы түрде Ақ үй әлемдік тәртіп модификациясын басқарды. Үшіншіден, АҚШ басты «бітімгер» (бұрынғы Югославия) және нашар дамыған елдердің (Гаити және Сомали) қамын жеуші ролін атқарды. АҚШ шиеленіскен кейбір халықаралық жағдайларды реттеуге айтарлықтай адам және материалдық шығын жұмсады. Төртіншіден, Америка ашық түрде «әлемді қайта құру бойынша өз тарихи миссиясын орындауға» деген дайындығы мен қалауын білдірді [2].

АҚШ көшбасшылығын анықтай алатын маңызды фактор оның жетекші әлемдік державалар мен әлемдік қауымдастық тарапынан мойындалуы еді. Яғни олар Вашингтонды мойындап қана қоймай, көшбасшының соңынан еріп отырулары тиіс еді. Алайда осы салада бірқатар қиындықтар туындады. Ұзақ жылдар бойы АҚШ-ты сынға алған жалғыз ел Ресей болатын. Бірақ 1999 жылдан бастап, Ақ үй БҰҰ санкцияларынсыз Югославияға қарсы Косовоның албандық-сепаратистерін қолдап әскери әрекеттер бастағаннан кейін, еуропалық алпауыт мемлекеттері (Германия, Франция, Ұлыбритания) тарапынан сын күшейе түсті. АҚШ-тың әлемде демократияны тарату жөніндегі саясаты олардың унилатерализімімен, халықаралық құқықты бұзуымен, екі жақты стандарттарымен, әскери күшке бас ұратындықтарымен қайшы келді.

Буш әкімшілігінің билікке келуімен АҚШ әрекеттері біржақты сипатқа ие болып, одақтастарымен келісілмейтіндей болды. Американдық мессиандық идеясы жаңа импульске ие болды. Бұл жөнінде американдық авторлар У. Кристал және Р. Кейган: «Дж. Буш билікке жаңа әлемдік тәртіпті құру амбицияларын арқалап келмесе де, тарихи миссиясы бар көсемге айналды. Бұл миссияға ол 2001 жылғы қыркүйек оқиғаларынан кейін ие болды. Бұл миссия тек халықаралық лаңкестікпен күрес қана емес, батыстық либералдық дәстүрдің негізінде әлемді ғаламдық қайта құру бойынша тарихи американдық миссия», – деп жазады. Тағы да бір американдық сарапшысы Ч. Краутхаммер бойынша, лаңкестікпен күрестегі Вашингтон жетекшілігі АҚШ-тың басты жетістіктерінің бірі [3].

Американдық ұлттық сана-сезім қалыптасқаннан бері оның маңызды құрамды бөлігі АҚШ-тың қоғамдық-тарихи даму жолдарының ерекшелігі мен олардың әлемдік тарихтағы ролі еді. Қарап отырсақ, табиғаттың өзі Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларын «ұлы тәжірибе» үшін жаратқан секілді. Ерте утопистік идеяларға сай XVII–XVIII ғасырлардағы еуропалықтардың сана-сында Америка басқа әлемнен қол жетпейтін мұхиттар мен теңіздер арқылы бөлінген ертегі аралы ретінде көрінді. Еуропалықтар өздерінің осы құрлыққа көшіп баруы мен еврейлердің Египеттен қашып құтылуы арасында тікелей аналогия жүргізді. Олардың мысалымен бүкіл христиан әлемі әрекет етеді делінді. Осылайша «американдық ерекшелік» және АҚШ-тың әлемдік тарихтағы ерек-

ше миссиясы сияқты идеялар сыртқы саяси бағыттың негіздемесі ретінде бүкіл әкімшіліктермен қолданылып отырды десе болады.

АҚШ-тың «жаңа әлемдік тәртібінің» ешбір идеологиялық негізсіз пайда болуы екі талай еді. Бұндай негіз американдық унилатерализм болды. Белгілі саясаткер Ф. Нинкович «Вильсон кезеңінің аяқталғанын» жария еткен болатын. 1999 жылы ол былай деп жазды: «Вильсоншылдық дағдарысты интернационализм ретінде бұрынғы маңызынан айырылды. «Қырғи-қабақ соғыс» аяқталғаннан кейін әлем өзінің қалыпты жағдайына оралды». Американ қоғамының басым көпшілігі өз президентімен келісіп, біржақты саясат жүргізуде қауіпті ешнәрсе жоқ дейді. 2001 жылы желтоқсанда The International Herald Tribune газеті әлем халқы арасында сауалнама жүргізді. Өткізілген зерттеу бойынша, 90% американдықтар басқа елдер тарапынан АҚШ-қа деген жек көрушіліктің себебі американ халқының байлығы мен күшінде жатыр, ал сұрастырылған американдық емес көпшілік болса, АҚШ-ты жек көрушіліктің басты себебі ретінде американдық унилатерализмді атап көрсетті [4].

АҚШ-тың соңғы жылдардағы сыртқы саяси мақсаттары мен әрекеттерінен ғасырлар тоғысында қалыптасқан әлемдік тәртіп пен ондағы АҚШ-тың ролін анық байқауға болады. Атап өтерлік жайт, жаңа әлемдік тәртіп негізінен «бір-поляры әлем» концепциясының күшті әсерімен және ондағы АҚШ-тың бірден-бір алпауыт мемлекет ретінде орын алуы жағдайында қалыптасып келеді. Бұндай түсініктің өзегі, қазіргі кезеңде АҚШ-қа тек жетекшілік емес, жүйе қалыптастырушы орталық роль (осыдан қазіргі кезде Вашингтонда көпшілікке танымал АҚШ-тың қазіргі заманғы әлемдік «дөңгелктің» басты белдігі ретіндегі метафориялық кейпі) тиесілі деген сенім. Бұл ең алдымен АҚШ өзінің орасан-зор стратегиялық ресурстарының көмегімен халықаралық қауіпсіздікті қолдау және қақтығыстарды реттеуде АҚШ президенттің ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша көмекшісі С. Бергердің сөзімен айтқанда, «тұрақтылықтың үлкен ауыр дөңгелегі» ролін атқаруға ұмтылыс танытуда. Ол: «Ешбір бөгде мемлекет талас-тартыстарда күресуші жақтарды келіссөздерге көндіруге және қажет болған жағдайда қол жеткізілген келіссөздерді орындауға көмек беруді қамтамасыз ете алатын бұндай әскери бұлшық ет пен дипломатиялық шеберлікті және өзіне деген сенімді иемденбейді». Екіншіден, АҚШ, атап өтілгендей, жаһандық экономиканың басты сәулетшісі әрі қамқоршысы ролін өзіне алды. Үшіншіден, АҚШ өздерін бейбіт демократиялық өзгерістердің кепілі санайды деген көзқарасты ұстанады [5].

Осындай жолдармен, АҚШ, осы елдің жетекшілерінің пікірлерінше, әлемдегі тәртіптің нормаларын анықтап қоймай, олардың сақталуын қамтамасыз ету жолында басты жауапкершілікті арқалайды. Бұл жерде АҚШ заңшығарушы, арбитр және «шериф» функцияларын қоса атқарады (Р. Хаастың сөзімен айтқанда). Белгілі американ танушы В.А. Кременюк: «Бұл логикаға сәйкес АҚШ осы «американо-центристік әлемнің» өзінше бір «жаһандық метрополиясы» болып табылады», – деп көрсетеді [6]. Айтқандай-ақ, Вашингтонда өзін Рим империясымен салыстыру кездейсоқтық болмаса керек. Жерорта теңізінің антикалық әлемін Геродот ізбасарлары латынша Pax Romana деп атаса, ал Британия теңіздерге жетекшілік етіп, «әлем шеберханасы» мен тарихтағы ірі отарлық иеліктерге ие болған кезі Pax Britannica деп атаса, бүгінгі жаһандану дәуірін бастан кешіріп отырған әлемді көптеген зерттеушілер Pax Americana немесе «американдық

үлгідегі әлемдік тәртіп» деп те атайды. Теоретиктер Августың Рим империясы екі ғасырға Жер бетін тыныштық пен гүлденуге бөледі деп жатады. Ал АҚШ болса, Римге қарағанда күшті, әрі өркениетті, сол себепті Pax Americana одан да асқан жемісін береді» деп мәлімдейді [7]. Тарих, география және экономика Вашингтонға бұрын-соңды тек Рим мен Лондон иеленген мүмкіндік берді. Ағылшын саясатшысы А. Ливен атап өткендей: «американдық геосаяси ықпалдың экспансиясы, әскери интервенцияларды қолдау және жоғары деңгейде демократиялық құндылықтарды таңдамалы таратудың жиынтығы АҚШ-ты кез-келеген мемлекеттің қарсыласына айналдырды. АҚШ болса, ол мемлекетті дұшпан ретінде тануға дайын». Осыған орай Буштың бүгінгі таңда АҚШ өз ұлттық мүдделерін әлемнің кез-келген нүктесінде жүзеге асыра алатын жалғыз ел, сәйкесінше жалғыз астам держава деген сөзімен келіспеуге болмайды. Бүгінгі таңда Жер шарының 4% халқы, 47% территориясы, 30% әлемдік ЖІӨ, 20% әлемдік өнеркәсіп өндірісі мен 15% халықаралық сауда АҚШ қолында шоғырланып отыр. Рим империясының тұсынан бірде-бір мемлекеттің осындай әскери артықшылығы болып көрген емес. Сол себепті АҚШ бастаған жаңа әлемдік тәртіп жөнінде сөз қозғау үшін негіздеме бар деп батыл айтуға болады. Збигнев Бжезинский «Таңдау» атты еңбегінде Дж. Буш әкімшілігінің екі таңдауы бар деп жазды: не бүкіл әлемге жетекшілік ету, не әлемді артынан ертіп отыру. АҚШ болса, біріншісін таңдауда [8].

Қазіргі кезде АҚШ «қырғи қабақ» соғыстың жеңімпазы ретінде жаңа әлемдік тәртіп құру мақсатында белсенді әрекет етуде. Бұл әрекеттерінің негізін үш сөз құрайды: «демократия, адам құқығы, либералды нарықтық экономика». Сөз жүзінде бұл жаңа әлемдік тәртіп әлемнің барлық түпкіріне таратылуы тиіс құндылықтар, ал АҚШ болса осыны өзінің басты жауапкершілігі мен жоғары миссиясы ретінде қабылдайды. 1990 жылдардың ортасында ресми Вашингтон Жер шарының бүкіл елдерін төрт категорияға бөлген болатын: «негізгі» (американ туының астына жиналғандар), «өтпелі» («дұрыс» бағыттағылар), «аластатылғандар» (АҚШ-тың дұшпан елдері) және «сәтсіздікке ұшырағандар» (ішкі қайшылықтардан зардап шегіп отырғандар). Осылайша нақты мақсат пайда болды – басқа мемлекеттер, соның ішінде аластатылғандар мен сәтсіздікке ұшырағандарды «негізгі» ауданға тарту.

Қызықты жағдай: жаңа әлемдік тәртіп тарихи түрде АҚШ-тың жетекші мақсаты болып табылады. Долларға көз салатын болсақ, оның сыртқы жағында салынған мөрден латынша «жаңа тәртіп барлық кезеңге» (Novus Ordo Seclorum) деген жазбаны көруге болады. Ал бұл мөр сонау XVIII ғасырдың аяғында бекітілген болатын! [9]

АҚШ-тың ресми көзқарасына сүйенсек, ғаламды үш идея билейді: елдер арасындағы қатынастардың негізі ретінде *бейбітшілік* (бейбітшілікке деген әскери-күштеу қажеттілігін ескергенде); ішкі саяси өмірді ұйымдастырудың ең бір тиімді әдісі ретінде *демократия*; материалдық байлықты құрудың басты әдісі ретінде *еркін нарық*. Ақ үй атап өткендей, осы үш мақсат XX ғасырда фашизм мен коммунизмге төтеп бере алған әлемдік ортодоксия.

Кейде АҚШ-ты империя деп жатады. Сыртқы байланыстар бойынша аға ғылыми қызметкер М. Бут атап өткендей, егер АҚШ шетел мемлекеттерінің үкіметтерін басқарып, Сомали, Гаити, Босния, Косово мен Ауғанстанда (ендігі кезекте Иракта) «ұлттық құрылыс» тәжірибелерін жүзеге асырса, онда батыл

түрде басқа атаумен болса да, империализм жөнінде айтуға болады [10]. АҚШ теңсіздер арасында бірінші болып, әскери, экономикалық, дипломатиялық болсын бүкіл сфераларда артықшылық позициясын ұстануда. Ешбір ел онымен салыстыруға келмейді және тек бірен-саран ел ғана бір сферада болсын АҚШ-пен бәсекелесе алады. «Империя» атына сай – Рейн алқабында («Германияны шектеулі құрылымдарда ұстау және еуропалық құрлықтағы саяси тәртіпті бұзуға жол бермеу үшін»), Окинавада («Жапонияның 1930 жылдар тәжірибесіне қайта оралуына қарсы») және Орталық Азияда) әскерін шоғырландырып, Таяу Шығысты бақылауда, Балқандарды тыныштандырып, Кариб бассейні мен Колумбиядағы, Тайвань бұғазы мен Корей түбегіндегі қақтығыстарды шешуде [11]. «Уолл-Стрит джорнэл» жазып кеткендей: «Америка соғыстар «еркіндік империясының» мүддесін көздеп жүргізілсе, бейбітшілік үшін қатаң соғыстардан сескенбеуі керек». Осыдан келе АҚШ әрекеттерін басқаларға мойын бұрмастан жүргізетінін білдіреді. Әдетте американдық тарих пен дәстүрдегі «американдық ерешелік» туралы айтып жатады. Гарвардтық профессор Э. Моравчик бұл жөнінде: «Америка тұрақты демократиялық, идеологиялық консервативті және саяси орталықтанған ел болумен қатар, ол сондай-ақ, астам держава, сондықтан басқалар үшін міндетті болып келетін ережелер мен заңдарды елемей мүмкін» деген. «Жаңа американдық империализмге» жол болып табылатын «қырғи-қабақ соғыстың» аяқталуы, АҚШ-ты дұшпансыз қалдырып, күштеу тұтқаларын қолдануға үйреншікті топтар күрделі таңдау алдына келіп тірелегенде ашыла бастады. Бұл топтар үшін әскери шығындарды қысқартып, мемлекеттік күш құралдарын сақтау мен қолдауға аса көңіл бөлмеген Б. Клинтон әкімшілігінің келуі тиімді еді. «Неоконсерваторлар» АҚШ-тың Клинтон әкімшілігі тұсындағы «жүйелігі жоқ көсемдігін» сынға алып, Р. Рейган президенттілігінің сәттілігін қамтамасыз еткен «әскери күш; шетелде американдық принциптерді таратушы сыртқы саясат; АҚШ-тың ғаламдық жауапкершілігін қабылдауға дайын болған жалпы ұлттық көсемдікпен» көзге түскен «алтын ғасырды» аңсады. «Шөлдегі дауыл» операциясы нәтижесінде Ирак мәселесінің шешімін таппауы американ элитасының осы қанатының әрекет бастауы үшін өте жақсы себеп еді.

АҚШ сыртқы саясатының анықтамасына сәйкес дүние одақтастарға, әріптестерге және «Рах Амерісана» ұстанымының ауқымына сай келмейтін «варварлардан» (Вашингтонның көзқарасы бойынша қазіргі кездегі қылмысты мемлекеттер – Иран, Солтүстік Корея, Ливия, Куба, бірақ «Американың шынайы жауларының» тізімі бұлармен аяқталмайды) тұрады. Сондықтан АҚШ аталған мемлекеттердің саяси биліктегі режимдері өздерін заңнан тыс қойды, сондықтан оларға қатысты қандай да болмасын қатаң шараларды ақтап алуға болады деген позицияны ұстануда [12].

Бұндай саясаттың неоимпериялық сипатын мойындай отырып, американдық саяси жетекшілер мен теоретиктердің американдық гегемонияның бірегей игілікті әсері бар екендігіне сенімдері мол. Олар өздерінің бұндай сенімдерін АҚШ-тың сыртқы саясатының мақсаттары мен принциптерінің қамқорлыққа алынған мемлекеттердің мақсат-мүдделерімен сай келетіндігімен, жаһандық басқаруды жүзеге асыру барысында өзге елдердің мүдделерін АҚШ-тың ерекше ескеру қабілетімен түсіндіреді. Бұл жөнінде С. Тэлбот: «Американдық сыртқы саясат саналы түрде әмбебап құндылықтарды ілгерілетуге бағытталған. Американ-центристік дүние, Вашингтондағылар ойлағандай, идеалды әлемдік

тәртіпке қызмет ете алмаған жағдайда, мүмкін боларлық барлық нұсқалардың ішіндегі ең тәуірі болып табылады. Ол хаос пен көпполюсті дүниеге қарсы бірден-бір альтернатива», – деп атап көрсетеді [13].

С. Бергер 1998 жылғы өзінің бағдарламалық баяндамаларының бірінде: «Біз кең ауқымдағы халықаралық келіссөздер жүйесін құрып оны нығайтуға әрекеттенудеміз. Бұл жүйе біздің мүдделеріміз бен құндылықтарымыздың – яғни, демократия, еркін нарық, жеке кәсіпкерлік, бейбітшілік пен тұрақтылық негізінде құрылуға тиіс. Аталмыш мақсатқа жетудің негізгі жолы – «елдердің бір-бірімен қатынастарын күшейте түсетін шырғаға тарта түсу. Бұндай қатынастардан өздері белгілеген тәртіпті сақтаудан олар барынша пайда көреді, ал орнатылған аталмыш тәртіптерді сақтамау оларға үлкен зиян алып келетінін тез арада түсінеді» деген болатын [14].

Мейлінше көптеген елдерді институцияланған қатынастарға тарта түсу, оларға қатынасушы елдерді белгіленген бір ережемен (американдықтар дайындаған немесе олар үшін қабылданды) ойнауға мәжбүр етеді, бұл өз кезегінде Америка Құрама Штаттары үшін басқарылымды әрі қауіпсіз біртекті дүниенің қалыптасуына алып келеді. Көріп отырғанымыздай, әңгіме Дж. Буш әкімшілігі ХХ ғасырдың 90-жж. басында ұсынған «жаңа әлемдік тәртіп» концепциясының айтарлықтай қайта өңделген және кеңейтілген басылымы туралы. Сол кезде «жаңа әлемдік тәртіп» концепциясы БҰҰ аясында (АҚШ-тың жетекші ролімен) қауіпсіздікке төнетін дәстүрлі қатерлерге қарсы күрес үшін – негізінен Ирактағы хусейндік типтегі «қылмыскер мемлекеттер» тарапынан болатын егемендік пен территориялық мызғымастыққа бағытталған агрессияға қарсы күресті қамтамасыз ететін ұжымды қауіпсіздік жүйесін құруды білдіретін.

Бұл мағынада, «жаңа әлемдік тәртіп» концепциясы әлемдегі территориялық-саяси кво-мәртебесінің сақталуына бағытталды және оның символы Иракқа қарсы «Шөлдегі дауыл» операциясы болып табылды.

Қазіргі кезде «келісілген қауіпсіздік» концепциясының логикасына сәйкес мәселе, басқа типтегі қатерлерге – этникалық қақтығыстар, демократия құндылықтарының жаппай бұзылуы, атап айтқанда, адам құқықтарының аяққа тапталуына қарсы бағытталған жүйе құру туралы. Бұл мақсатқа қол жеткізу көптеген жағдайларда мемлекеттің егемендігін шектеу, ашықтан-ашық басқа мемлекеттердің ішкі ісіне қол сұғу (соның ішінде қарулы жолмен) арқылы мүмкін екендігін орын алған оқиғалар дәлелдеп отыр. Аталған мақсаттарға қатысты ауқымды түрде халықаралық консенсуске қол жеткізу мүмкін емес. Сондықтан АҚШ өзінің бұндай әрекеттеріне ұжымдық сипат беру үшін өзінің одақтастырының қолдауына жүгінеді және БҰҰ және НАТО сияқты ұйымдардағы өзінің жетекші ролін шебер пайдалануда. Олардың бұндай әрекеттері «демократиялық қауымдастықтың» бірлескен шешімінің нәтижесі деп бағалануда. Іс жүзінде, бұндай әлемдік тәртіп кво-мәртебесінің территориялық-саяси өзгеруіне жол бере алады. Оның жарқын мысалы ретінде НАТО-ның әскери операцияларынан соң бұрынғы Югославия территориясында қалыптасқан территориялық өзгерістерді атауға болады.

Бұл іспеттес американо-центристік әлемдік тәртіп өзімен бірге шешімі күрделі көптеген мәселелер мен сұрақтарды өмірге келтірді. Бірақ алдымен бұл мәселелердің түбіріне үңіліп, ең алдымен не себепті «қырғи-қабақ соғыстың» аяқталуы, біздің күткеніміздей, Американың жаһандық ұмтылыстарының бір-

шама бәсеңдеуіне алып келген жоқ, керісінше, оның бұл ұмтылыстары күшейіп, осыған сәйкес әскери-саяси құрылымдар кеңейе түсті, АҚШ-тың өзге жерлердегі тұрақтануы тоқтаудың орнына ол ұлғая түсті деген сұрақтарға жауап іздеген дұрыс. Сонда ғана біз АҚШ-тың «қырғи-қабақ соғыстан» кейінгі сыртқы саясатының түпкі мақсат, мүдделеріне шынайы баға бере аламыз.

Бұл сұрақтың бірінші және мейлінше айқын жауабы КСРО-ның АҚШ-қа қарсы жаһандық бәсекелес ретінде өмір сүруін тоқтатуы және Ресейдің көптеген халықаралық тәртіп және экономикалық мәселелер бойынша АҚШ алдындағы дәрменсіздігі, және осындай жағдайдың салдарынан АҚШ, ОШЕ мен ТМД елдерінің көпшілігіне өзінің ықпалын жүргізуге мүмкіндік беретін қимыл бостандықтарына қол жеткізуінде.

Екіншіден, жаһандану жағдайында АҚШ-тың әлемдегі басқа мемлекеттерден тәуелділігі арта түсті. Америка әлемдегі ең қуатты экономикалық ел ретінде басқалармен салыстырғанда, әлемдік тәртіптің тұрақтылығы мен жеңіл басқарылуына мүдделі. АҚШ «жаңа әлемдік тәртіп» жүйесінде «американдық жетекшіліктің» қамтамасыз етілуін көксейді. АҚШ өзін халықаралық терроризм, ақпараттық жүйесі мен басқа да қазіргі заманғы инфрақұрылымдарына шабуыл түріндегі трансұлттық қатерлерден сақтануды бірінші орынға қояды. Ал бұл дегеніміз – американдық мүдделердің жаһандануына өз себін тигізетін фактор.

Тағы да бір маңызды фактор – АҚШ-тың жаһандық мүдделерін қамтамасыз етіп отырған әртүрлі ішкі және халықаралық құрылымдардан тұратын орасан-зор жүйенің инерциялығының ұшан-теңіздігі. Бұндай жағдай аталмыш жүйеге тартылған әлеуметтік топтардың материалдық мүдделері мен НАТО сияқты ірі ұйымдардың бюрократиялық инерциялығымен түсіндіріледі. Бұл жүйе өзінің пәрменділігінің жеткілікті жоғарылығы және осы жүйенің диверсификациялануының өзіндік мүмкіндігінің арқасында кең ауқымды міндеттерді орындауға қабілетті және өзгеріп жатқан жаңа жағдайларға тез бейімделгіш екендігін атап өтуге тиіспіз. АҚШ-тың өз одақтастарымен қатынастар жүйесі «қырғи-қабақ» соғыс кезінде қалыптасқандығына қарамастан, оның сыртқы саясатының міндеттеріне қол жеткізу сыртқы қатерлерге қарсы тек әскери күш арқылы қарсы тұруды білдірген емес, сондай-ақ оның (АҚШ-тың) сыртқы саяси арсеналында қуатты экономикалық шаралар қолдану шаралары болды. Бұл жүйенің «кеңестік империядан» айырмашылығы, оның дәрежесі диктат пен жаппай бақылауға негізделген емес, керісінше, аталмыш жүйеге тартылған елдер мүдделерінің АҚШ тарапынан ескерілуі және олардың (АҚШ одақтастарының) нарықтық экономика, саяси демократия жолындағы өзінше дамуының ынталандырылуында болды. Бұның дәлелі ретінде соғыстан кейінгі Германия мен Жапонияны қайтадан аяғынан тік тұрғызған «Маршалл жоспарын» келтірсек жеткілікті. Бұл мағынада АҚШ-тың гегемониясының ерекше сипатының астарында негіз бар. Американдық одақ жүйе ішінде тең және өзара тиімді қатынастар сипаты, бұл одаққа «қырғи-қабақ соғысты» басынан өткеріп, жаңа әлемдік тәртіптің моделі ретінде өз ролін сақтап қалды. Бұның жарқын мысалын біз НАТО-ның Шығысқа қарай қанат жаюынан көреміз.

Бұл жерде назар аударарлық маңызды фактор – АҚШ сыртқы саясатының сабақтастығы. Яғни, АҚШ сыртқы саясатындағы ой мен жасампаздардың инерциясының сабақтастығы. Әлемді демократиялық қайта құру және оның

құндылықтарын қорғау жөніндегі өзінің миссиясына сенімділік, АҚШ-тың жетекшілері жарты ғасырдан астам уақыттан бері әдеттеніп келе жатқан, әсіресе, оның «азат» бөлігінің «американдық ерекшелік» деген ыстық сенімге арқа сүйейді. Американдықтар өздерінің тарихтағы ролі мен миссиясына, әсіресе, өздерінің тәртібі, американдық күш-қуаттың игілігіне басқа елдермен қарым-қатынастар жасағанда тең дәрежені мақсат ету осы күнге дейін ыстық сезіммен қастерлеп оны аялайды. Бұндай сезімдердің АҚШ-тың саяси топтарының санасына мықтап сіңгендігі сондай, қазіргі кезде олардың жаңа әлемдік тәртіп жүйесіндегі өздерінің жетекшілік ролінен өз еріктерімен бас тарта қоюы екіталай. Бұл жөнінде АҚШ-тың сыртқы саяси теоретиктерінің бірі Р. Такер : «Біз ұлт ретінде басқарушылық-әкімшілік рольге барынша әдеттеніп қалдық, ал біздің дәстүрлі идеологиямызда бұндай мінез-құлықтарға жол беру қарастырылмаған. Біз жарты ғасырдан астам уақыттан бері өзіміздің бұл міндетімізді абыроймен жақсы атқардық, сондықтан бізді осындай рольге бейімдеген жағдайлар біржола келмесе кеткендіктен біз өз ролімізден бас тарта қоймаймыз. Бізді алда әлі де орасан-зор жұмыстар күтіп тұр. Ол жаңа әлемдік тәртіпті демократиялық құндылықтар негізінде қайта құру міндеті», – деп қазіргі американдық үстемдіктің қайнар көзін дөп көрсетіп береді [15].

XX ғасырдың 90-жж. соңында пайда болған «командалық үстемдік кешен» қазіргі кездегі американдық жетекшілерінің сөзі мен істерінде жарқын көрініс бере бастады. Бұндай құбылысты соңғы жылдарда халықаралық қатынастар жүйесі мен атмосферада орын алған өзгерістермен түсіндіруге болады. Оның бірінші себебі – АҚШ-тың экономикалық позицияларының оның (АҚШ-тың) негізгі бәсекелестері – Жапония, Германия және «азиялық жолбарыстармен» салыстырғанда нығаюы. Бұл жерде мәселе тек қана американдықтардың әскери және сыртқы саяси белсенділігін арттыруға материалдық ресурстар мен өзге де мүмкіндіктер берген экономикалық өсудің қарқынында емес. АҚШ-та 1993 жылдан басталып осы күнге дейін жалғасып келе жатқан экономикалық өсу (2007 жылғы әлемдік қаржы дағдарысына дейін), еуропалық елдердің басым көпшілігінде экономикалық стагнация мен азиялық елдердегі созылмалы қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында өте әсерлі көрінеді. Нәтижеде XX ғасырдың 90-жж. соңында американдық модельге альтернатива құрай алатын елдердің бәсекелестік қабілеті жойылды. Бұл альтернативалардың өз қабілетін жоюының негізгі себебі, мысалы батысеуропалық елдерде экономиканың шамадан тыс әлеуметтік қорғанымпаздыққа өтуі, яғни, олардың экономикасының әлеуметтік сипатқа бет бұруы, ал азиялық елдерде мемлекеттік құрылымдардың негізінен мемлекеттік-корпоративтік патерналистік тұрғыда құрылуы болатын.

АҚШ-қа үстемдік беретін бұндай жағдай көп ретте, американдық нарықтық демократия нұсқасы басқа нұсқалардан өзінің жаһандану жағдайларына жақсы бейімделуіне байланысты болды. Яғни американдық нұсқа – нарықтардың ашықтылығының жоғары талаптарын қамтамасыз ете білді, бұл нарықтарда құқықтық реттеу ашық әрі берік болды, американдық нарық моделі өзге елдерде тұрақты және децентрализацияланған саяси жүйенің орнауына өз себін тигізді, жаңа нарықтарда американдық инновациялық кәсіпкерлік мәдениет үстемдік жағдайды иемденді, нарықтық қатынастарға тартылған өзге елдер (жаңа тәуелсіз елдер) американдық экономика мен американдық қоғамға тән қаржы ресурстарына, компьютерлік технология мен ақпараттарға оңай қол жеткізді.

Сондықтан, АҚШ-тың жетекшілері жаһандануды американданумен қатар қояды. Бұның жарқын көрінісі жаһандануды (американданудың) «дезинтеграциялық және сепаратистік күштерге», ол не, серб ұлтшылдығы, не, исламдық фундаментализм болсын қарсы қою болып табылады. Б. Клинтон бұл құбылысты ғасырлар тоғысындағы «ұлы қақтығыс» деп баға берсе, С. Тэлбот – «интеграциялық және дезинтеграциялық күштер мен өркендеу мен қайыршылық арасында әлемнің жаңа биполярлы екіге жарылуы» деп сипаттайды [16]. Бұл ойды ары қарай сабақтай отырып С. Бергер бұл құбылыстың толықтай суреттемесін береді. Ол: «Интеграция күштері болып табылатын – экономикалық, технологиялық, саяси күштер халықаралық ережелерден, яғни, ұлттар қауымдастығына ұмтылған мемлекеттердің іс әрекетінен өз көрінісін табады. Кейбір жағдайларда бұндай мемлекеттердің жолына Берлин қабырғасы іспеттес кедергілер тұруы мүмкін. Бұл тосқауылдарды ұмтылыс танып отырған мемлекеттер өзінің саяси және экономикалық құрылымын нарықтық экономика мен демократияға бет бұруы арқылы жеңе алады. Сонымен қатар, тосқауылды жеңуде заңның үстемдігін, ашық және бәсеке сауданы қамтамасыз ететін, қауіпті қару-жарақ пен оны жасайтын технологияның таралмауына бақылау орнатуды қолдайтын мемлекеттер АҚШ-тың сөзсіз қолдауына иек арта алады. Аталған талаптарды орындаудан бас тартқан немесе оларды бұзатын мемлекеттер аутсайдерлер қатарына жатқызылады және оларға қатысты халықаралық құқықтың нормаларына сәйкес қарсы шаралар жүзеге асырылады. Қандай да болмасын бір мемлекет өзінің егемендігі құқығын бүркемелей отырып, халықаралық құқықтың нормалары мен принциптерін аяққа таптағаны үшін жауапкершіліктен құтылмауы тиіс» деп атап көрсетеді [17].

Бірақ АҚШ-тың саяси элитасының неоимпериалистік пиғылына қарамастан, американо-центристік дүниені құруға кедергі келтіретін бірқатар қиындықтар бар. Қазіргі әлемнің әртектілігі және полицентристігі американдану процесінің ауқымын тарылта түсуде. АҚШ-тың әріптестері мен одақтастарының бірқатары қазіргі кездің өзінде-ақ, «игілікті мақсатқа» жету жолындағы американдық түсініктегі моральдық құндылықтар мен тәсілдердің АҚШ тарапынан қолданылуына өз қарсылықтарын білдіруде. Бұндай жағдай, әсіресе, 2003 жылдың көктемінде АҚШ-тың Иракқа қарсы әскери операцияны бастау алдында көрініс берді. Бұдан өзге АҚШ-тың мұндай пиғылы әлемнің басқа да күш орталықтары (Ресей мен Қытай) тарапынан қарсылыққа ұшырауда. Сонымен бірге, АҚШ-тың гегемонистік пиғылына БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі және НАТО бойынша одақтастарының бірқатары өз келіспеушіліктерін білдіруде. АҚШ-тың НАТО бойынша одақтастары американдық диктаттың күн санап артып келе жатқанынан секем алуда. С. Хантингтон осы орайда: «Гегемонизмнің ары қарай қордалана беруі, АҚШ-тың көптеген елдерден алшақтауына және оның (АҚШ-тың) «бірден-бір қуатты алпауыт мемлекетке» айналуына әкеліп соғуы мүмкін» деген болжам жасайды [18].

Соңғы жылдардағы әлеуметтік, экономикалық, технологиялық, әскери-техникалық және басқа да салалардағы сәттіліктерге қарамастан, Американың күші мен мүмкіндіктері біртіндеп жан-жаққа тарап кетуде. Сонымен қатар бұл әлемде орын алып отырған өзгерістердің ішіндегі тек біреу екендігін ескерген жөн. Нәтижесінде, Г. Киссинджер атап өткендей, қазіргі таңда «АҚШ-қа қарсы шығу бұрынғыдай қауіпті емес» [19]. Әлемдік қауымдастықта антиамериканизмнің

етек жаюына орай АҚШ әлемдік полицей функциясын толыққанды атқара алмай отыр. Басында «Сэм ағай» отырған бір полярлы әлемдік тәртіп туралы сөздер шындыққа сай келе алмайды. Себебі Ресей, Қытай, Үндістан, Жапония не басқа бір ел болсын өзін анықтау құқығынан бас тартып, өзі үшін маңыздылығы зор мәселелерін шешуді біреуге тапсыратындығына сену мүмкін емес. Гегемония орнату талпынысының нәтижесі гегемонияға қарсыласу әрекетіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Әрине халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен әлемдік қауымдастық үшін маңызы зор мәселелерді Америка Құрама Штаттарынсыз шешу мүмкін емес. Алайда дәл солай Еуропалық Одақ, Ресей, Қытай, лаңкестер, т.б. туралы айтуға болады. 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғалары, Ауғанстан, Ирак, «Үлкен Таяу Шығыс» жобасы, «зұлымдық осі» мемлекеттеріне қарсыласу және т.б. жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы демократияның орнығуының әлемдік салтанатының нәтижесі емес, қанды террор мен зұлымдық алдындағы адамзат үрейінің нәтижесі екендігін көрсетеді. Белгілі бір мағынада У. Черчилльдің тас ғасыры бізге ғылымның қанаты астында келуі мүмкін деген болжамы орындалды десе болады. Алайда американдық эксперттер тарих анықсыздыққа төзімсіз деген тезиске сүйене отырып, ғаламдық гегемонияның аяқталуы әлемді хаосқа әкеліп, онда халықаралық анархия жаппай бұзу сипатына ие болады деген ойда. Неоконсервативті бағыттағы зерттеушілер американдық гегемонияның соңы көпполярлықтың қайта орнығуына әкеліп соқтырмайды дейді. Бұл сонымен қатар әскери-саяси, экономикалық, технологиялық және социомәдени көрсеткіштер бойынша АҚШ-қа сай келетін басқа гегемонның пайда болуына да әкеліп соқтырмайды. Сондықтан алдағы жиырма жылда американ күшінің тұрақтылығы ғаламдық тұрақтылықтың кепілі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Крушение Вестфальской системы и новый мировой порядок // www.zlev.ru/
2. Е. Бажанов. Неизбежность многополюсного мира // *Международная жизнь*, 2003, № 8. С. 47.
3. Шаклеина Т. В чем «призвание» Америки // *Международные процессы*, 2005. Т. 3. № 28. С. 32.
4. Саймс Д. Имперская дилемма Америки // *Россия в глобальной политике*. 2004. Январь-февраль. Т. 2. № 1. С. 20.
5. Терентьев А. «Новый мировой порядок» США или Европейское мироустройство? // *Мировая экономика и международные отношения*, 2003, № 7. С. 34.
6. Кременюк В. А. США и окружающий мир: уравнение со многим неизвестными // *США-Канада: экономика, политика, культура*. – 1999. № 1. С. 27.
7. Е. Бажанов. Неизбежность многополюсного мира // *Международная жизнь*, 2003, № 8. С. 48.
8. Brzezinski Zb. Living With a New Europa // *The National Interest*. Summer, 2000. P. 18.
9. Смирнов П. Марс теснит Венеру. Перестройка союзнических приоритетов США // *Международная жизнь*, 2003, № 6. С. 54.
10. Войтоловский Ф. Проблематика глобального управления в западной политологии // www.intertrends.ru/
11. www.u-s.foreignpolicy.com/
12. Политика США в меняющемся мире / Отв. ред. П. Т. Подлесный. – М., 2004. С. 37.

13. Торкунов А. В. Внешнеполитическая стратегия США после холодной войны. – М., 2000. С.168.
14. Война Америки за доминирование в мире //www. natakon.ru/
15. Саймс Д. Имперская дилемма Америки// Россия в глобальной политике. 2004. Январь-февраль. Т.2. № 1. С.20.
16. Торкунов А. В. Внешнеполитическая стратегия США после холодной войны. – М., 2000. С.170.
17. Bergsten C.F. America and Europa: Clash of Titans?// Foreign Affairs. March-April, 1999. P.22.
18. Huntington S. The Lonely Superpower//Foreign Affairs. – 1999. – March–April. – P.45.
19. Киссинджер Г. Нужна ли Америке внешняя политика? К дипломатии для XXI века. М., 2002. С. 246.

Қазіргі кезеңдегі АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы

Қайрат ЖҮНІС,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Аймақтану
және әлемдік экономика кафедрасы доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты

АҚШ-тың қауіпсіздік тұжырымдамасы 1990 жылдарда қабылданып, жүзеге асырыла басталды. Үлкен Джордж Буш билік басында болған 1989–1993 жылдар аралығы халықаралық қатынастардың тарихындағы биполярлы әлемнен бірполярлы әлемге қадам басқан кезеңге сәйкес келді. Сол себепті Үлкен Дж. Буш өзінің сыртқы саясатында екіполярлы әлемнің таралуын бағамдай отырып, 1990 жылы 11 қыркүйекте «Жаңа тәртіп бағытында» деп аталған жолдауын конгресске және халықтың назарына ұсынды. Жолдаудың негізгі мазмұны Парсы шығанағындағы жағдайға арналғанымен, оның маңыздылығы алғаш рет екі жүйенің жақындасуы нәтижесінде пайда болған жаңа әлемдік тәртіп мәселесінің қозғалуында. Яғни жолдауға сәйкес АҚШ-тың Парсы шығанағына жауап ретіндегі жүзеге асырылуы тиіс бес мақсат көрсетілген:

- 1) Ирак Кувейттен жедел, еш шартсыз және толығымен шығуы керек;
- 2) Кувейттің заңды үкіметі қалпына келтірілуі тиіс;
- 3) Парсы шығанағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығына кепілдік берілуі керек;
- 4) шетелдегі американдық азаматтар қорғалуы керек;
- 5) жаңа әлемдік тәртіптің құрылуы.

Жолдаудағы мақсаттардың қатарында көрсетілген жаңа әлемдік тәртіп мәселесі бірполярлы әлемнің негіздерін қалауға елеулі ықпалын тигізді. Жаңа әлемдік тәртіптің құрылу қажеттілігі туралы Дж. Буш: «Біз ерекше жағдайда тұрмыз. Парсы шығанағындағы дағдарыс ынтымақтастыққа бағытталған тарихи кезеңге жылжуға мүмкіндік беруде. Осындай қауіпті жағдайдан оқшаулана біздің бесінші мақсат – жаңа әлемдік тәртіп пайда болуы мүмкін. Бұл кезең лаңкестік қаупінен азат, әділетті қолдауда мықты және бейбітшілік тұрғысынан әлдеқайда қауіпсіздеу болып табылады. Осы кезеңде Шығыс және Батыс, Оңтүстік және Солтүстіктің мемлекеттері көркейеді және үйлесімділікте өмір сүре алады» деп атап өтеді [1].

Осылайша Үлкен Буш әкімшілігі сыртқы саясатында жаңа әлемдік тәртіпті құруға бағыттады. Мұндай бағыт өз кезегінде АҚШ-тың Жапониямен әскери-саяси одағына ықпалын тигізді. Себебі Дж. Буштың «Жаңа тәртіп бағытында» атты жолдауында әлемдік тәртіпті қолдауы мүмкін аймақтың қатарында Жапо-

ния кіретін Азия да аталған еді. Осы кезеңде АҚШ алдыңғы Рейган әкімшілігіне қарағанда негізгі назарды Парсы шығанағына аударды. Сондықтан да АҚШ-тың АТА-ға, соның ішінде Жапонияға қатысты саясаты біріншіден – Парсы шығанағындағы жағдай, екіншіден халықаралық қатынастардағы және аймақтағы Қытай беделінің артуымен байланысты. Парсы шығанағындағы тұрақсыз жағдайды ескере отырып, Буш әкімшілігі алдыңғы әкімшіліктің саясатын жалғастырып, Жапониямен әскери-саяси одағын нығайтуға бағыттады.

Сондай-ақ, осы кезеңдегі ерекшеліктің бірі АТА-да АҚШ-тан өзге экономикалық қуаты тұрғысынан алда келе жатқан жаңа күштер теңдестігі қалыптасты. Аймақта Қытаймен қатар, АСЕАН-ға мүше-мемлекеттердің қатарында болған жаңа индустриалды мемлекеттер нығая бастады. Үлкен Джордж Буш билік еткен жылдарда Азия-Тынық мұхиты аймағындағы Қытай және өзге мемлекеттердің экономикалық өсуі және жаңа қауіптердің туындауымен байланысты АҚШ пен Жапонияның әскери-саяси ынтымақтастығы кеңейіп, тереңдей түсті және екі мемлекеттің арасындағы әскери-саяси саладағы келесі маңызды оқиғалардың орын алуына әкелді: *біріншіден*, АҚШ пен Жапония арасында қауіпсіздік саласында және басқа салалардағы ынтымақтастықты қамтыған маңызды құжатқа қол қойылды. Нақтылар болсақ, 1992 жылы 9 қаңтарда Жапония премьер-министрі Миядзава және АҚШ-тың президенті Үлкен Буштың арасында екі мемлекеттің ғаламдық әріптестігі бойынша Токио декларациясына қол қойылды. Құжаттың мазмұны преамбула және бірнеше бөлімдерден құралған екі тараудан тұрады. АҚШ пен Жапонияның әскери-саяси қарым-қатынастары мәселесі Токио декларациясының преамбуласында және ғаламдық әріптестіктің жоспары аталған бірінші тараудағы «АҚШ пен Жапонияның саяси және әскери қарым-қатынастары» бөлімінде жазылған. Құжатқа сәйкес: «АҚШ пен Жапония американо-жапон одағына негіз болатын 1960 жылғы өзара ынтымақтастық және қауіпсіздік бойынша келісім-шартта бекітілген міндеттемелерді растайды. Бұл одақ екі мемлекеттің ғаламдық әріптестікте әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңызды рольдері және міндеттемелерін бөлісуде ынтымақтастасуды көздейтін саяси негіз болып табылады. Екі мемлекеттің үкіметтері 1960 жылғы келісім-шарт және онымен қатысты өзге де құжаттардың тиімділігіне күмән тудырмауға тырысады». Сондай-ақ, осы декларацияда екі тараптың міндеттері бөлінген, яғни «Тұрақсыздық және белгісіздікпен сипатталған жаңа кезеңге қадам басқан тұста АҚШ аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін әскерлердің қатысуын жалғастырады. Жапония өз кезегінде жаңа «Негізгі мемлекетті Қолдау келісімі» бойынша Жапониядағы американдық әскери күштердің орналасуы үшін қаржыландыруды бөлісуде өз үлесін арттыруға тырысады. Екі мемлекет те қорғаныс күштерінің арасындағы ынтымақтастықты күшейтуге және қорғаныс бойынша технологиялардың тасымалының арттыруға қадам жасайды. АҚШ пен Жапония өздерінің қауіпсіздік қарым-қатынастарын бақылаудың механизмі ретінде жанарған Қауіпсіздік бойынша кеңес алмасу комитетін пайдалануға келіседі [2].

Екіншіден АҚШ-тың Парсы шығанағындағы соғысында Жапонияның ролі «қырғи-қабақ соғысы» барысындағы Корея және Вьетнам соғыстарындағыдай мәлімдеме және материалдық тұрғыдан көмекпен шектелді. АҚШ-тың президенті Дж. Буш жапон премьер-министрі Т. Кайфуге коалицияға қаржылық

көмек көрсету, Түркия, Египет және Иорданияға экономикалық көмек беру туралы және Иракқа қарсы жапондықтардың жеке қатысуын қамтамасыз ету туралы ұсыныстарын білдірді. Жапонияға соғысқа қатысудың бірнеше үлгілері ұсынылды: өз еркімен медициналық қызметкерлерді жіберу, әскерлерді және қаруларды тасымалдау үшін кемелерді беру, әскери әрекет аймақтарынан болуы мүмкін босқындарға көмек көрсету, коалициялық әскери-теңіз күштерінің іс-шараларына қатысу. Әсіресе, АҚШ жағында жапондық командасы бар және жапон туы астында жүзетін жапондық кемелердің қатысуын қалады [3]. Дегенмен, Жапония осы соғыста өз қолдауын тек қаржылық көмек және мәлімдеменің негізінде ғана таныта алды. Яғни, 1991 жылғы қаңтарда Кувейт аймағында, кейіннен Иракта жалғасқан соғыс басталған кезде Жапония антиирактық коалицияға мүше-мемлекеттердің оның осы әрекетті белсенді түрде қолдаудан бас тартуына байланысты наразылығын ескере отырып, көпұлтты армияның шығындарын төлеу үшін 13 млрд. долларды бөлді. Сондай-ақ, премьер-министр Кайфу Жапонияның Парсы шығанағындағы көпұлтты күштеріне «берік қолдауын» білдірді [4]. Жапония Парсы шығанағындағы соғысқа әскерлерін жіберу сипатында қатыспауы өз әскерлерін шетелге жіберуге рұқсат бермейтін елдің Ата заңымен байланысты, әрі өзін қорғау күштерінің БҰҰ-ның бейбіт күштерінің құрамында қатысуға мүмкіндік беретін Жапонияда заң да қабылданбаған болатын.

Алайда, Жапония АҚШ-пен әскери одақтас ретінде әрі «ядролық қолшатыры» астындағы мемлекет ретінде өзін қорғау күштерінің Жапониядан тыс аймаққа жіберілу мүмкіндігін заң жүзінде жүзеге асыруға қадам жасады. Нақтылар болсақ, Жапония парламенті 1991 жылы желтоқсанда бейбітшілікті қолдау мақсатында БҰҰ-ның қарулы күштерімен ынтымақтастық туралы заң қабылдады [5]. Заң бойынша БҰҰ-ның ұсынысымен қақтығыс аймақтарына жапондық әскерлерді жіберуге мүмкіндік берілді, бірақ олардың бейбітшілікті қолдау бойынша БҰҰ-ның қарулы күштерінің әрекеттерінде қатысу келесі «бес қағиданың» орындалуы жағдайында жүзеге аспак:

1. Қақтығысушы тараптардың арасында әскери әрекеттердің аяқталуы немесе тоқтатылуы туралы уағдаластыққа қол жеткізу;
2. Қабылдаушы мемлекеттерді қосқандағы қақтығысушы тараптардың БҰҰ-ның күштерінің қызметі және ондағы Жапонияның қатысуына қатысты келісімі;
3. Қақтығысушы тараптардың қолдауына мүмкіндік бермейтін бейтараптылықты ұстану;
4. Егер жоғарыдағы көрсетілген талаптар толығымен орындалмаса, Жапония өз әскерлерін қайтаруы туралы шешімді дербес қабылдауға құқығы бар;
5. Қаруды қолдану қажеттілігін ең төменгі деңгейге дейін жеткізу [6].

Осы әрекет арқылы Жапония өзін қорғау күштерінің ел аймағынан тыс аймаққа жіберілу мүмкіндігін арттыруға ұмтылды және АҚШ-тың Жапонияға Парсы шығанағындағы әскери қатысудан бас тартуына байланысты наразылығын әлсіретуге ықпал етуге бағытталды [7].

Үлкен Джордж Буштан кейінгі билік басына 1993 жылы келген Билл Клинтонның тұсында халықаралық жағдай өзгеріске түскен болатын. Кеңес Одағының құлауының нәтижесінде екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастардың дамуын анықтаған биполярлы әлем өмір сүруін тоқтатты. Американдық мемлекеттік қайраткерлердің естеліктерінде атап

өткендей: «...қауіпті қырлары бар қырғиқабақ соғыс халықаралық қатынастардағы өзіндік тұрақтандырушы факторға айналды. Ол биполярлы әлемдік жүйедегі әрбір мемлекеттің орнын анықтайтын белгілі бір ойын ережелерін қалыптастыра білді» [8]. Осы жүйенің құлауы халықаралық қатынастардың тұрақсыздығына және жаңа мәселелердің пайда болуына әкелді. Осындай жағдайды ескере отырып Билл Клинтон әкімшілігі АҚШ-тың ғаламдық күшті мемлекет ретінде ролін анықтайтын және Азия-Тынық мұхиты аймағына қатысы бар сыртқысаяси стратегияны қабылдау қажеттігін түсінді. Бұл сыртқысаяси стратегия енді «қырғиқабақ соғысы» жылдарындағыдай доктрина емес, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы деп аталынды.

Алғашқы Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы Билл Клинтон әкімшілігімен 1998 жылғы қазанда жарияланды. Стратегия кіріспеден, АҚШ-тың ұлттық мүдделері және аймақтық саясаты туралы қатысты екі бөлім және қорытындыдан құрылған. Ұлттық Қауіпсіздік стратегиясына сәйкес: «XXI ғасырға таяған тұста АҚШ бейбітшілік, көркею және демократия мен бостандық сияқты әмбебап құндылықтарды қолдаған әлемнің ең күшті күші болып отыр. АҚШ мемлекетінің мақсаты әрі міндеті – осы рольді сақтап қалу. Сол себепті өз мүмкіндіктерімізді пайдалана отырып және жаңа ғаламдық кезеңнің қауіптеріне жауап беру үшін келешекке бағытталған қауіпсіздік стратегиясы анықталды». Сондай-ақ, стратегияның негізгі мақсаттары: 1) мемлекеттің қауіпсіздігін арттыру; 2) Американың экономикалық көркеюін бар күшпен қолдау; 3) демократияның шетелдегі таралуына атсалысу» болып жарияланды. Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында сыртқы саясаттың мақсаттары ғана емес, сонымен қатар осы мақсаттарға қол жеткізу жолындағы АҚШ-тың сыртқы саясатындағы аймақтардағы саясаты да қарастырылған.

Билл Клинтонның ізбасары кіші Джордж Буш кезеңінде, яғни ол билік басына келген 2001 жылдан 2009 жылға дейін АҚШ пен Жапонияның әскери саладағы қарым-қатынастары екі жақты деңгейдегі мәселелер бойынша ынтымақтастықтан ғаламдық мәселелер бойынша ынтымақтастық деңгейіне көтерілді. Мұндай ынтымақтастық деңгейіне көтерілуіне халықаралық жағдай әсер етті. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы лаңкестік әрекеттер Буш әкімшілігінің өзінің сыртқы саясатында лаңкестікпен күресті алғашқы басымдыққа негіздеуіне әкелді. Осы сыртқы саяси стратегиядағы өзгерістер АҚШ-тың жаңа қауіппен күрес жағдайындағы басқа мемлекеттермен де байланыстарының деңгейін анықтау қажеттілігін байқатты. Осындай мақсаттарды шешуде Джордж Буш әкімшілігі 2001 жылдан бастап бүгінгі таңға дейін мемлекеттің сыртқы саясатындағы негізгі мәселелер мен соларға сәйкес бағыттарды белгілеген екі ұлттық қауіпсіздік стратегиясын қабылдады.

Алғашқы стратегия 2002 жылы қыркүйекте қабылданды. АҚШ-тың сыртқы саясаты және Орталық Азияға қатысты бағдарын зерттейтін ҚР-ның Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының сарапшысы, профессор М. Лаумулиннің осы стратегия жайлы былайша өз пікірін білдіреді: «2002 жылы іс жүзінде 11 қыркүйектегі оқиғалардан дәл бір жыл өткен соң АҚШ-тың үкіметі жаңа құжатты – «Ұлттық қауіпсіздік саласындағы стратегияны» қабылдады. Сол кезде-ақ жаңа доктрина негізгі құжат ретінде Вашингтонның таяу келешектегі сыртқысаяси стратегиясын анықтайтыны белгілі болды. Бұл құжат АҚШ-тың әлемдік аренадағы қауіпсіздікті қамтамасыз көзқарасы тұрғысынан

сыртқы саяси бағытын толыққанды және мазмұнды түсіндірмесі болып табылады. Стратегия тек қана қауіпсіздіктің негізгі мәселелерін қарастырмады, сонымен қатар елдің сыртқы саясатының аса маңызды стратегиялық бағыттарын қарастырды» [9].

2002 жылғы Джордж Буштың ұлттық қауіпсіздік стратегиясының мазмұнын қарастырар болсақ, ол преамбуладан және келесідей аталған 9 бөлімнен құралған:

1. Американдық халықаралық стратегиясының сипаттамасы;
2. Адами құндылықтарды құрметтеуге ұмтылысты қорғау;
3. Ғаламдық лаңкестікпен күрес мақсатында альянстарды нығайту және АҚШ пен онымен дос мемлекеттерге жасалынуы мүмкін осы шабуылдардың алдын-алуға ықпалдасу;
4. Аймақтық қақтығыстарды шешуде өзге мемлекеттермен ынтымақтасу;
5. Жаулардың АҚШ-қа, оның одақтастарына және достарына жаппай қырып жою қаруларымен қорқытуына жол бермеу;
6. Еркін нарық және еркін сауда жолы мен жаһандық экономиканың өсу заманын бастау;
7. Қоғамды ашық ету арқылы және демократияның инфрақұрылымын құра отырып дамушы елдердің аймағын кеңейту;
8. Өзге ұлы державалармен біріккен әрекеттердің бағдарламасын дайындау;
9. XXI ғасырдың қауіптері және мүмкіндіктеріне сәйкес келуі үшін американдық ұлттық қауіпсіздік институттарын қайта ұйымдастыру.

Осы стратегиядағы Жапонияның ролі жайлы мәселе сегізінші бөлімде қарастырылған. Осы бөлімде Азиядағы Жапония, Оңтүстік Корея сияқты одақтастардың лаңкестікпен күрестегі белсенді қолдауына мән берілген. Сол себепті стратегия мазмұнына сәйкес соның ішінде Жапонияға ортақ мүдделер мен тығыз қорғаныс саласындағы және дипломатиялық ынтымақтастыққа негізделген аймақтық және ғаламдық істерде жетекші рольді атқаруын жалғастыратын мемлекет ретінде қарамақ [10].

Кіші Джордж Буштың әкімшілігі тұсында АҚШ-тың сыртқы саясатын анықтауда ықпалын тигізген келесі құжат бұл 2006 жылғы Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы еді. 2006 жылы қабылданған жаңа қауіпсіздік стратегиясы алдыңғы стратегия жарияланғаннан бергі АҚШ-тың сыртқы саясатында қол жеткізген нәтижелерге тоқталған және жаңа бөлімдермен толықтырылған. Жаңа стратегия келесі 10 бөлімнен және қорытындыдан тұрады:

1. Американдық ұлттық қауіпсіздік стратегиясына кіріспе;
2. Адами құндылықтарды құрметтеуге ұмтылысты қорғау;
3. Ғаламдық лаңкестікпен күрес мақсатында альянстарды нығайту және АҚШ пен онымен дос мемлекеттерге жасалынуы мүмкін осы шабуылдардың алдын-алуға ықпалдасу;
4. Аймақтық қақтығыстарды шешуде өзге мемлекеттермен ынтымақтасу;
5. Жаулардың АҚШ-қа, оның одақтастарына және достарына жаппай қырып жою қаруларымен қорқытуына жол бермеу;
6. Еркін нарық және еркін сауда жолы мен жаһандық экономиканың өсу заманын бастау;
7. Қоғамды ашық ету арқылы және демократияның инфрақұрылымын құра отырып дамушы елдердің аймағын кеңейту;

8. Әлемдік саясаттағы өзге негізгі күш орталықтарымен ынтымақтастық жоспары үшін күнтізбін дамыту;
9. ХХІ ғасырдың қауіптері және мүмкіндіктеріне сәйкес келуі үшін американдық ұлттық қауіпсіздік институттарын қайта ұйымдастыру;
10. Жаһанданудың мүмкіндіктерін пайдалану және қауіптеріне қарсы тұру [10].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Основные принципы политики США в отношении Японии в начальный период оккупации //Сборник документов связанных с капитуляцией Японии. 1943–1946 гг. – М., 1947.
2. Договор о взаимной помощи между Японией и США//Сборник документов и материалов по Японии. 1951–1954 гг. – М., 1954.
3. Клинтон Б. Моя жизнь. – Москва, 2005.
4. Накасонэ Я. Государственная стратегия Японии в ХХІ веке/Пер. с японск. – М., 2001.
5. Восток. Афро-азиатское общество. История и современность. 2000–2007 гг.
6. Проблемы Дальнего Востока. 1998–2007 гг.
7. Мировая экономика и международные отношения. 1998–2007 гг.
8. Воронцов А.В. «Треугольник» США-Япония-Южная Корея: Миф или реальность. – М., 1991.
9. Лаумулин М.Т. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, безопасность. – Алматы: ТОО Казахстан, 2002.
10. Умаров К.Е. Эволюция стратегии национальной безопасности Соединенных Штатов Америки (внешнеполитический аспект). – Алматы, 2005

Орталық Азиядағы дәстүршіл ілімдердің дамуы

Раушан НЕСІПБАЙ,
Л.Гумилев атындағы Еуразиялық
ұлттық университетінің доценті

Орталық Азиядағы дәстүршіл ілімдердің дамуы біріншіден жергілікті ілімдердің дамуына алып келсе, екіншіден аймақтағы әртүрлі мұсылман ілімдерінің эволюциясы мен өзара араласуына ықпал етті.

Орталық Азияға дәстүршіл ілімдердің таралауы Муджаддиди-алф-и-сани атты лақап атпен белгілі Ахмад Фаруки Сирхиндидің (ХҮІ–ХҮІІ ғғ., Үндістанның солтүстігі) философиялық және саяси көзқарастарынан бастау алатын ілімдермен тікелей байланысты.

Ахмад Сирхинди суфистік Накшбандийа бауырластығы көшбасшыларының бірі және Накшбандийа-Муджаддидийа деген атпен білгілі жаңа бағыттың негізін қалаушы. Бұл бағыттың көрнекті өкілдеріне көзқарасы неоваххабизмге жақын Шах Валиаллах (ХҮІІІ ғ) және де неоваххабиттер көтерілісінің басшысы Сейд Ахмед Барлеви (1831 өлген.) жатады. Бұлар суфизмнің трансформацияға ұшырауына және көптеген жаңа көзқарастардың қалыптасуына ықпал етті, соның нәтижесінде суфизм дәстүрлі исламға жақын ортодоксальды формаға келді.

ХҮІІІ–ХІХ ғасырларда Муджаддидийа ілімі Орта және Таяу Шығыс аймағына таралып, Үндістандағы отаршылыққа қарсы күрестің идеялық негізіне, Солтүстік Кавказдағы Шамиль имаматының идеологиясына, Күрдістан мен Ауғанстандағы ұлттық қозғалыстардың туына айналды (бұл идеядан қазіргі кездегі талибтер де өз бастамасын алған). ХІХ ғ. көптеген ағылшын және орыс зерттеушілері саяси белсенділігі мен кейбір көзқарастарының жақындығына қатысты Муджаддидийа ілімін ұстанушыларды ваххабиттер деп атаған. ХҮІІІ–ХІХ ғғ. Муджаддидийа ілімі Орталық Азия аймағында да үлкен танымалдыққа ие болды [1].

Бұл кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін зерттеген қазақстандық ғалым А.К. Избаировтың пікірінше, «...Муджаддидийа ілімінің Орталық Азияға таралуы Бұқараның әкімшілік басқаруында болған Манғыттар династиясының өкілі Шах-Мурадтың билігі кезеңіне сәйкес, ол Муджаддидийа ілімін Турук джах-рийа Йассавийа іліміне және де Кадарийа и Ишкийа ілімдеріне қарсы қойды.

Муджаддидийа ілімінің Бұқарада таралуы Ахмад Сирхиндидің көрнекті ізбасарларының бірі Хабибаллахтың есімімен тікелей байланысты. Ал оның белсенді дамуына Үндістан тарапынан келген Муджаддидийа ілімінің екінші

толқыны себеп болды. Бұқара қаласындағы Муджаддидийа ілімінің орталығы бірте-бірте өз ықпалын орталықазия және еділ-орал аймағы бағытына да тарата бастады.

Суфизмнің Орталық Азиядағы бұдан ары дамуы XIX ғасырдың бірінші жартысында пайда болған Құсайын дәстүрімен байланысты. Бұл Маңғыт династиясының (1757–1920 жж.) өкілі Құсайын халифтің (1833–34 жж. өлген) билігі кезеңімен ұштас [2].

Орталықазия исламы дамуына дәстүршілдік элементтерін қосқан келесі бір діндар – Осман империясының арабтық провинциясынан қоныс аударған Са'ид ибн Мухаммад ибн 'Абд ал-Вахид ал-'Асали ат-Тараблуси аш-Шаами (1932 ж. Хорезм облысында айдауда өлген) болды. Бұл жастүріктік үлгінің «кәсіби төңкерісшілерінің» өкілі Ташкентке 1919 жылы келген, көп ұзамай дін иелері арасында құрметті «Шаами-дамулла» деген лақапқа ие болды. Оның тұжырымдамасының негізінде кейбір жергілікті дәстүрлерден бас тарту жатты (әсіресе – *Матуридий* ілімінің, яғни исламдық 'урф пен адат қосындысы, «әулиелерді» құрметтеу және т.б.). Шаами-дамулланың ойынша «таза исламдық» ретінде Құранда және Пайғамбар хадистеріндегі айтылғандар ғана есептелінеді. Ал қалған нормалар «кейін кіргізілген» (бид'а) немесе жергілікті тұрғын халықтың «мәжуси өткен заманнан алынған» (хурафат). Осыған сай оның қалыптастырған діни оқу мектебі «Ахл ал-хадис» – деп аталды [3].

Кеңес билігі Шаами-дамулланы жергілікті діни иелері қожа-молдалардың идеологиялық қарсылығын басуға қолданды. Кеңес үкіметінде ОАМДБ (1943–1992) құрылған соң Шаами-дамулланың идеялары бұл мекеменің қызметінің негізіне алынды, өйткені басқарманы 1943–1982 жылдар аралығында оның шәкірті Зияутдин Бабаханов басқарған болатын.

Белгілі қазақстандық ғалым-исламтанушы, діндардың қызметі туралы алғашқы мақалалардың авторы А. Муминов: «...Шаами-домулланың келешек оқиғаларға ықпал етуіне оның күшті шәкірттер дайындауы мүмкіндік берді. Олардың қатарына Джамал-қожа-ишанды (1937 ж. өлтірілген), Саййид Абу Наср Мубашшир ат-Таразиді (1896–1977), Мулла Йунус Хакимджановты (1893–1974), Абд ал-Қадир Мурадовты (1893–1976), Зияутдин Бабахановты (1908–1982, орынбасар, кейін 1957–1982 жылдары Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасының муфтийі) [4], Ибрахим-қари [Шайхим-қари] Исхаковты, Шах-Икрам Шах-Исламовты, Мулла 'Абд ас-Самадты (1937 ж. 26 жасында өлтірілді) және Зайн ад-дин-қариді (1983 ж. қ.б.)» [5] жатқызамыз.

Кейіндері Шаами-дамулланың идеяларын (консерваторлардың конформистік ұстанымы) жанама түрде Ферғанадағы радикалды қозғалыстың жаңа көшбасшылары қолданды.

Сонымен қатар татар діндары Хасан-хазрет Ахмадйарович Пономарев ал-Кизил-джаридың қызметін де атап өткен жөн. Петропавловск (көне атауы Қызылжар) қаласынан шыққан бұл діндар 1933 жылы Ташкент қаласына жер аударылған. Оның Шапан-Базар мешітіндегі уағызына көптеген адамдар жиналатын болған. Үлем Құран сүрелерін түсіндіру арқылы өзіне зор бедел жинаған. Өзінің ұстазы Шихаб ад-Дина Марджанидің ұстанымын жалғастырып, кейбір жергілікті дәстүрлерге қарсы көзқараста болатын.

Орталық Азия аймағындағы фундаментализмнің 1960 жылдары мен 1970 жылдардың басындағы кезекті толқынының орын алуы дін иелері Рахматулла

'Аллам (1950–1981), Абдували-қари Мирзаев (1950 ж. туылған), Саййид 'Абдаллах Нури (2006 жылы 8 тамызда қайтыс болған) [6] есімдерімен байланысты. Бір айта кететін жайт Рахматуллах 'Аллам мен 'Абдували-қари Мирзаев дәстүршіл М. Хиндустаниден сабақ алған.

«Таза исламның» жақтастары өздерін «Жаңартушылар» – Муджаддидийа (суфилік Накшбандийа–Муджаддидийа секілді) немесе «Javânî Islâmi» («Ислам жастары») десе, ал қалған мұсылмандар оларды «ваххабиттер» (Wahhâbiyyar) [7]* деп атады.

Фундаменталистер мен дәстүршілдер арасындағы таластың негізгі тақырыбы ретінде жергілікті мұсылмандар ортасында қалыптасқан 'урф және 'адат дәстүрлерінің классикалық ислам тарапынан заңдылығына қатысты ұстаным қарастырылды. Бұл салафизм мәселелері діни мағынада, мысалы бейіт (қорым) басына арнайы бару (*зийарат*) «әулиелерді» (*әулия*) мойындау, және кейбір суфизмдегі «ғажайыптық» әрекеттер. Фундаменталистер мен олардың оқытушылары арасындағы өзара қайшылықтар, әсіресе Хиндустани ұстанымдарына қатысты жергілікті мұсылмандар іштей бөлініске түсті [8]. Кейіндері М. Хиндустани шәкіртінің көтерген идеяларына қарсы болғандықтан Рахматуллахтан бас тартып, оған қарғыс айтты (ду'а'-и бад).

Соған қарамастан «...олардың идеялары ... толығымен араб әлемінің фундаменталистік реформаторларының идеялогияларын көшірмесі деп айта алмаймыз. Жергілікті реформаторлық дәстүрлер (көп жағдайда салафит идеялары ретінде), аймақтағы *Ахл-и Құр'ан* немесе *Ахл-и хадис* аморфты топтар ретіндегі реисламизация басталғанға дейін сақталғандары да жергілікті жас реформаторлардың көзқарасына ықпал етті. Сонымен бірге аймақтың ең беделді діни қайраткерлерінің бірі *Ахл-и Құр'ан* жақын араласқан Хакимджан-қари Васиев (Маргелан, 1905 ж. туылған.) айтылған екі көшбасшы – Рахматуллах 'Аллама мен 'Абдували-қаридің ұстазы болған» [9].

Фундаменталистов оппоненттері – М. Хиндустанидің жақтастары кеңес билігімен ымырагершілікке бару, жаппай атеизм жағдайындағы исламның сақталуы мен өзгеріске түсуін *изтирар/идтирар* лигитімділігі принципіне сүйене отырып қолдады. Олар үшін маңызды мәселе білімді *худжраға* қалдыру болды. Ал фундаменталисттердің әрекетін «үлкен бүлік» (катта фитна) тудыратын тікелей қатер ретінде таныды.

Жергілікті фундаменталистік бағыт (орташа консерваторлар) идеологиясының қалыптасу үрдісі толығымен аяқталмағанына қарамастан (оған қозғалыс басшысы Рахматаллах 'Аллама мен бұдан кейін 1995 жылы Абували-қари Мирзаевтың із-түссіз жоғалуы себеп) онымен қатар басқа радикалды саяси құрылымдар (Ислам жаңаруы қозғалысы, «Адолат» тобы) пайда бола бастады [10].

Фундаменталистік діни идеология радикалдар үшін өз қызметтеріне лигитімділік беру үшін ғана керек еді, яғни қалыптасқан тәртіпті мойындамай өздерінің нақты саяси мақсаты – қайткенде де билікке келу болатын.

Орталық Азиядағы фундаменталистік реформаторлық қозғалыстың тарихында кезеңдік жаңару үдерістері бірнеше рет қайталанған. Әртүрлі

* «Ваххабит» атауы бұрынғы КСРО елдерінде (қазіргі кезге дейін) Ибн 'Абд ал-Ваххабтың (1703-1792 гг.) ілімін тікелей жақтаушыларды ғана емес, сонымен қатар қалыптан тыс («ұқсас емес», «бөтен») діни сана-сезім мен жол-жоралардың барлығына қатысты қолданылды.

бағыттардың өзара сәйкестілігі пен атауларының жақындығы – Муджаддидийа, жәдидизм – бұл олардың рухани және догматикалық байланысын танытады. Бұл қозғалыстар арасындағы өзара тарихи байланыстың болмағанына қарамастан (*Ахл-и хадис* идеялары мен Муджаддидийа қайраткерлерінің соңғы ұрпақтары арасындағы жанама байланысты еесптемегенде), олардың көне тәртіпті жаңарту жолы арқылы теріске шығару әдісі біріктіреді.

Бұл мәселеге қатысты беделді зерттеушілердің пікірінше «жаңа» Муджаддидийа мен суфийлерді және де жәдидистерді «...исламды «жаңартуға» («тазалауға»), реформа жасауға деген талпыныс біріктіреді. Біршама өзгеу шәліктер арқылы. Суфийлер мен Муджаддидийа реформаторларының жаңа толқынын «рийасыз жаңалықтарға» (бида') қарсы ашық та, ымырасыз күрес біріктірген, олардың ислам әулетінде орын алуы мүмкін емес, өйткені олар «бөтен», сонымен бірге жергілікті консерваторлардың шешім шығарудағы рационалистік әдістерге (ра'й) бой ұруды сынға алуы да бар. «Жаңартулар» деп олар 'урф ва-'адат саласындағы жораларды санайды.

Ал джадидистерге келер болсақ, «жаңа» Муджаддадийа олардың суфистік тәжірибенің көп бөлігінің лигитимділігіне (әсіресе, зикрдің басым түрлері) қатысты сынға алуын стихиялық қайталайды. Соған қарамастан мұндай сынның себептері мен әрекет түрткісі әртүрлі болып келеді. Егер де олардың алғашқылары («жәдидистер») бұндай жоралардан парасат нормалары мен заманауи ғылыми білімге қайшылықты көрсе, «жаңа» Муджаддадийа Құран мен Суннаға сүйенеді.

Осыдан келіп Орталық Азияда бастаулары әртүрлі бір-біріне ұқсас және өзіндік ерекшеліктері бар үш реформаторлық қозғалыс пайда болды. Және де бұлардың арасында («жәдидистерді қоспағанда») бүгінгі күнге дейін өзара қайшылықтар мен қақтығыстар болып тұрады. Бұндай қарама-қайшылықтар олар мен консерваторлардың, ал екінші жағынан секуляристермен де орын алып отыр [11].

Осылайша орталықазия исламының ерекшелігі өзінің ішкі көптүрлілігіне алып келген эволюциялық кезеңдері мен тарихи дамуы арқылы нақтыланыды. Соған сай Орталық Азия территориясындағы мұсылман қозғалыстары мен ағымдарының заманауи ерекшеліктеріне, әсіресе дәстүршілдік бағыттарына тарихи-ретроспективті талдау жасау ортазиялық исламның өзіндік ерекшеліктерінің бастауларын айқындауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Абашин С.Н. Исламский фундаментализм в Центральной Азии. Полемика с Владимиром Комаевым / Независимая газета. – 23.06.2001.
2. Избаиров А.К. «Консерватизм в исламе. К вопросу теории и методологии проблемы (историко-культурные и политико-правовые аспекты)» Диссертации на соискание кандидата исторических наук. Алматы: Институт востоковедения МОН РК, 2004. – С. 127
3. Муминов А.К. Шами-домулла и его роль в формировании «советского ислама» // Ислам, идентичность и политика в постсоветском пространстве: сравнительный анализ Центральной Азии и Европейской части России. Париж (на французском языке – в печати)
4. О нем см. подробно: Бабаджанов Б. Бабахановы // Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. Составитель и

ответственный редактор С.М. Прозоров. Выпуск 4. Москва, 2003, с. 12-14; Бабаджанов Б., Олкотт М. САДУМ // Там же, с. 69-72.

5. Муминов А.К. Указ. раб.
6. Frank, Allen J. and Mamatov, Jahangir: Uzbek Islamic Debates: Texts, Translations, and Commentary. Springfield: Dunwoody Press, 2006, pp. 441-442.
7. Бобровников В. О., Ярлыкапов А.А. Ваххабиты Северного Кавказа // Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. Под редакцией С. М. Прозорова. Т. I. Москва: Издательская фирма «Восточная литература», 2006, с. 84-91; Knysh, A.: A Clear and Present Danger: "Wahhabism" as a Rhetorical Foil // Die Welt des Islams, № 44 (2004), p. 3-26). В Ферганской долине «ваххабитами» называли всех тех, кто изучал и изучает хадисы.
8. Babadjanov B., Kamilov M. Muhammadjan Hindustani (1892-1989) and the Beginning of the "Great Schism"; Бабаджанов Б.М., Камиллов М.М. Муджаддидийа // Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. Под редакцией С.М. Прозорова. Т. I. Москва: Издательская фирма «Восточная литература», 2006, с. 274-276; См. также упомянутую выше работу А.Франка и Дж.Маматова.
9. Muminov, Ashirbek. Traditional and Modern Religious-Theological Schools in Central Asia // Political Islam and Conflicts in Russia and Central Asia. Edited by Lena Jonson and Murad Esenov. Stockholm: The Swedish Institute of International Affairs, 1999, с. 101-111.
10. Избаиров А.К. Процесс формирования радикальных религиозных элементов в Узбекистане: исторический анализ // Вестник Семипалатинского государственного университета. – 2007, № 1. – С. 37
11. Бабаджанов Б.М., Муминов А.К., А. фон Кюгельген «Диспуты мусульманских религиозных авторитетов в Центральной Азии в XX веке». – Алматы, «Дайк-Пресс», 2007 г.

Діни фундаментализмнен экстремизмге дейін және оның Қазақстандағы көріністері

Айбек БЕЙСЕБАЕВ,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
дінтану бөлімінің магистранты

Шешенстан, Ауғанстан және де Таяу Шығыс елдерінде ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында белең алған діни, оның ішінде ислам экстремизмінің ұшқындары көп ұзамай Орталық Азияға да келіп жетті. Алғашында Тәжікстан, Өзбекстан, кейіннен Қырғызстанның тынышын алған экстремистік әрекеттер, террористік актілер негізінен осы ислам экстремизмімен байланысты болып келеді. 90-жылдардың ортасынан бастап Қазақстанда тамырын жайған бастапқы кездегі фундаменталистік, кейіннен экстремистік идеялар біртіндеп қоғамды тұрақсыздандырушы факторға айналды.

Бұл ретте экстремизм мен фундаментализм екі ұғым болғанымен, бір-бірінен соншалықты ажырай қоймайды. Себебі фундаментализм идеялық жағынан исламның алғашқы дәуіріндегі мұсылмандар өмірін үлгі тұту, үш-төрт ғасыр бұрынғы исламды да емес, он төрт ғасыр бұрынғы пайғамбар мен әділетті төрт халифтің билік құрған кезеңіне қайта оралуға шақырады. Фундаментализмнің негізгі белгісі – исламды жаңалықтардан тазартуға ұмтылушылық. Оған тән басты нәрселер мыналар болып табылады: мұсылманның өмір салтын белгілейтін негізгі ережелер Құран мен Сүннет деп санайды, сондықтан мемлекеттің зайырлы заңдарын харам деп жариялайды. Исламдағы төрт құқықтық мектеп – мазхабтардың ешқайсысын мойындамайды және жиһадты мұсылманның ең қасиетті міндеті деп біледі.

Исламдағы фундаментализмнің бірнеше атауы бар. Ислам елдерінде оны «салафизм», ал батыс елдерінде «фундаментализм», бұрынғы Кеңестер Одағы елдерінде «ваххабизм» деп атайды. Енді аз-маз салафизмге тоқтала кетелік. «Салафизм» ілімінде екі негізгі ұғым бар. Бірі – күпір, екіншісі – джихад. Негізгі күпір деген – мұсылман бола тұра құдайдың айтқанын істемеу, күмән келтіру. Бірақ, фундаменталистер «күпір» ұғымын өздерінше бұрмалайды. Олардың шарттарымен келіспеген адам күпір қылған боп саналады. Фундаменталистік түсінікте әсіресе, халықтық, дәстүрлі исламның ғұрыптары, яғни зиярат, тұмар, бата және т.б. дәстүрлі ғұрыптар да «күпірге» жатқызылады. Олар «джихад» ұғымын да бұрып, өздерінше тәпсірлейді. Негізгі «джихадтың» төрт түрі бар: 1) Жүректің джихады, бұл – адамның өзінің жаман қылықтарымен күресуі. 2) Тілмен жасалатын джихад – адамдарды күнәдан сақтандырып, Алланың

бірлігін насихаттау. 3) Қолмен жасалатын джихад – қылмыскерлер мен адамгершілік нормаларын бұзған адамдарға жаза қолдану. 4) Қылышпен жасалатын джихад – имансыздармен күрес, күпір қылғандарды қылыштың жүзімен дінге өткізу. Бірақ, ислам фундаменталистері джихадтың осы соңғы түрін ғана ең басты қағида қылып ұстаған. Оны мұсылмандықтың негізі және нағыз джихады деп санайды. Ал фундаментализмнің ең ірі өкілдерінің бірі әл-Маудуди болса, «Джихад дегеніміз күнделікті ғибадат пен ораза сияқты мұсылманға міндетті нәрсе. Одан кім қашса, ол адам асқан күнәһар», – деп жазады.

Жоғарыда айтылғандардың мысалын алыстан іздемей-ақ Қазақстанның ішінде болып жатқан, көбіне құпия, ешкімге елеусіз діни экстремистік сипаттағы оқиғалардан көруге болады. Негізі, Қазақстанға діни экстремизмнің төндіретін қаупін біраз уақытқа дейін билік пен оған тиісті органдар тарапы жоққа шығарып келді. Ал жекелеген аймақтарда орын алып келген оқиғалар мәселеге басқаша көзбен қарауды талап етеді. Мысалға, Қазақстандық «жиһадшылардың» 2004 ж. Ташкенттегі жарылысты ұйымдастыруға қатысы барлығы анықталғаннан кейін еліміздің арнайы қызмет органдары теледидардан көретін қару асынған қауға сақалдылардың төбемізден төніп тұрғанын мойындауға мәжбүр болды. Сол уақыттан бері қарай «кәпірлерге қарсы жиһадқа шығуды» уағыздау, дін үшін кісі тонап, адам өлтіру, үкіметтік мекемелерде жарылыстар ұйымдастыру, ел асып қып-қызыл майдан даласы – Ауғанстан мен Шешенстан, Дағыстанда төбе көрсетіп, Қазақстандағы «кәпірлерге» қарсы күресу үшін тәжірибе жинап қайтушылар көбейді. Мәселен, 2001 жылы Шымкентте ислам дінін қабылдап, өзіне Абдул Ваххаб атын иемденген Атырау қаласының тұрғыны Андрей Миронов 2005 ж. тамыз айының соңында Атырау қаласының әкімдігі мен қала әкіміне қарсы жарылыс ұйымдастырмақ болып, арам ойының жүзеге асуына бүте-шүгесіне дейін дайындық жасайды. Алайда оның бұл әрекетіне құқық қорғау қызметкерлерінің жедел іс-қимылының арқасында тосқауыл қойылады. Бұдан кейінгі оқиғалар тізбегі елді еркін жайлаған «дін еркелерінің» қауіпті құбылысқа айналып бара жатқанын көрсетеді. 2005 ж. Шешенстан астанасы Грозныйда Ресей қауіпсіздік органдарына қарсыласып оққа ұшқан террористер ішінде Қарағанды тұрғыны Жандос Ахметчин деген азаматтың болуы және басқа да оқиғалардан елімізде «жиһадтың» екі майданда да – ішкі және сыртқы майданда басталып кеткенін байқаймыз. БАҚ мәліметтері бойынша, тек 2008–2009 жылдар аралығында Қазақстанда жоғарыдағыдай алты оқиға тіркелген. Мұның ішінде әсіресе Оралда лаңкестік әрекет жасауға адам тонап, кісі өлтіру жолымен ақша жинаған Ринат Айтмұхаметовтың тобын айтпай кетуге болмайды. Сирияда «білімін жетілдіріп» қайтқан оның топ құрып, Оралда халық жиналатын орын – мешітте «дінге жаңалық енгізгендерге» қарсы күрес жүргізу мен кісі тонап, «кәпірлерді» өлтіруді қатар алып жүргенін кез-келген азамат біле бермейді. Бұдан кейінгі лаңкестік әрекеттер тізбегі Қазақстандағы діни экстремизмнің қайда бағыт алып бара жатқанын аңғартады. «Дінсіздерге қарсы әділетті соғыс» бастауды мақсат тұтқан «жиһадшылар» қатарында Оңтүстік Қазақстандағы ҰҚКД ғимаратын жармақ болған М. Мақұлбековтың тобын, Ақтөбенің Қандыағаш стансасында спирт зауытын жаруды жоспарлаған діни фанатиктер де көп жайдан хабар береді. Бұл аз болғандай үстіміздегі жылдың жазында Дағыстанда оққа ұшқан Жаңаөзөндік 5 жасөспірімнің қазасы құзырлы органдар мен қалың көпшілікті дүр сілкіндірді. Бес бірдей азаматтың имандылық

орны – мешітке барып жүріп қалай аяқ астынан сонау отқа оранған Дағыстаннан бір-ақ шыққанының себептері жабулы күйінде қалды.

Жоғарыдағы топтар мен «дінге берік жандар» не үшін айдың-күннің аман-нында алыстағы Ауғанстан мен Шешенстаннан жау іздеп, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтірді? Оларды жоғарыдағыдай қылмыстарға олардың діни көзқарастары итермелейді. Сөзіміз дәлелді болу үшін үстіміздегі жылдың наурызында Орал қаласында тұтқындалған салафиттік ағымға жататын «жиһадшылардан» қару-жарақ пен жарылғыш заттардан басқа «Әскери бағдарлама» («Боевая программа») кітабының үзінділері табылған. Бұл үзінділер халықаралық терроризмнің «атасы» Абу Мусабу Ас-Суридікі болып табылады. Ол негізінен террористер үшін жамағатты ұйымдастыру мен ұйымды сапқа даярлау, жиһадты қаржыландыру, билеуші егер діннен безген немесе кәпір болса онда үзілді-кесілді қарсы шығу, әскери қарсылық көрсету мен оның әдістері сияқты тақырыптар қамтылған. Мұның бәрін тәптіштеп отырған себебіміз діни экстремизм мен тұрақсыздықтың негізгі ошағы Орта Азияда Ауғанстан мен Тәжікстан еді. Ол кейінгі кезде Өзбекстан мен Қырғызстанды да қамтыды. Өзбекстандық зерттеушілер, әсіресе елде 2005 ж. орын алған Әндіжан оқиғасының себеп-салдарын қарастырған Б. Бабаджанов оқиғаға жауапты жергілікті радикалды ұйым басшысының да мағынасы осыған саятын еңбекті (А. Юлдашев. «Иманға жол») басшылыққа алғанын атап өтеді.

Фундаментализм діни құбылыс болғанымен, адам мен қоғамға, мемлекетке пайдалы ілім емес. Керісінше қарулы қақтығыс пен діни экстремизмге арандатын саяси-идеологиялық қару. Жалпы «фундаментализм», «ваххабизм», «салафизм», «ислам экстремизмі» деген терминдер синоним сөздер десе де болады. Бұлар әр түрлі атаумен аталып жүрген бір құбылыс. Мысалға, ХҮІІІ ғасырда пайда болған исламдағы «ваххабизм» ағымы фундаментализмнің, салафизмнің ортақ идеяларына сүйенеді. Ал, «ислам экстремизмі» деп жүргеніміз осы айтылған фундаменталистік ағымдардың бәріне тән «джиһад» идеясын іске асыру әрекеті. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Екі нәрседен – діни дүмшелік пен діни фанатизмнен сақтану керек» деп ескерткен болатын («Сындарлы он жыл», Н. Назарбаев). Діни фанатизм кез-келген айрандай ұйып отырған елдің ойранын шығарып, араға жік туғызып кетеді. Мәселен, Тәжікстанда салафиттер исмаилиттер мен шииттерді бір-біріне өзара айдап салады. Исмаилиттер талай ғасырлардан бері қарай Таулы-Бадахшан автономды облысында өмір сүріп келе жатыр. Осы күнге дейін ханафиттер мен исмаилиттер бір-бірін құрметтеп, өзара түсіністікте өмір сүріп келсе, енді салафиттер белсенділігінің күшеюімен ол тыныштықтан да береке кетуі ғажап емес дейді Тәжікстандағы сол саланы зерттеуші мамандар.

Жалпы, жоғарыда айтылғандар мен басқа талай БАҚ-тарда жарияланып жатқан материалдардан көретініміз, діни фундаментализм, фанатизм мен экстремизм идеялары Қазақстанның барлық бұрышына әлдеқашан тарап, ендігі «жемісін» беріп жатыр. Қалай дегенмен де, көрші Тәжікстан мен Ресей жоғарыдағыдай «Таблиғи жамағат» діни ұйымына, Саид Нұрси ілімі мен оның еңбектеріне, «Салафия» діни қозғалысының қызметтеріне толықтай тыйым салып үлгерді. Енді оған балама, қорған болатын жол іздеуде. Біреулері дәстүрлі ханафиттікті оқып-үйренетін орталық ашуды ұсынады. Алайда, фундаменталистік, экстремистік көзқарастағы ұйымдарды қудалау, күш қолдану проблеманы

түбегейлі шешпейді. Бұл тұрғыда еліміз мектептерінде «Дінтану» пәні факультативті сабақ ретінде оқытылу қолға алынып жатыр. Алайда, аптасына бір сағат өткізілетін пәнді елдік мүдде тұрғысынан тиімді пайдалану, оқушыны ешқандай ағымның жетегіне жібермей, мемлекетке төнетін жоғарыдағыдай түрлі діни қауіп-қатерлердің алдын-ала білуге үйретіп шығару бүкіл білім беру саласы мен осы мәселеге қатысы бар мамандарға үлкен сын болғалы тұр. Менің ойымша, діни экстремизмнің алдын-алуда ендігі қолданар әрекет бөтен ойлы, діни экстремистік топ өкілдерінің білім беру саласына өтіп кетпеуін қадағалау, пәнді оқытатын мамандарды білім дейгейі, көзқарасы мен ұстанымы тұрғысынан саралау болып табылады. Әйтпесе, бөтен ойлы адамның қандай бағдарлама болса да өз ниетіне бұрып ала қоятыны, өз ойын іске асыруға ұмтылатыны жасырын емес. Бәлкім, тек сонда ғана түрлі діни ағымдар әрекетіне тосқауыл қоя алармыз.

Қазақстандағы мемлекеттік тілдің қазіргі ахуалы

Ризолла ЖҰМАДИЛОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың ғылыми қызметкері

Казіргі кезде тіл мәселесі жайында көптеген мақалалар жазылып, конференциялар мен пікірталастар өткізілуде. Соған қарамастан, тіл мәселесі өзінің жөнді шешімін таба алмай отыр. Еліміз тәуелсіздік алғалы, міне, жиырма жылға таяу уақыт өтсе де бұл салада көңіл қуантарлықтай үлкен өзгеріс әлі байқалмай келеді.

Өткен жиырма жыл аралықта осы мәселеге арнайы бөлінген қаражат та аз емес екенін айтып кеткен жөн. Мәселен, 2001 жылы мемлекеттік тілді дамытуға бюджеттен 100 млн. теңге бөлінсе, 2006 жылы 560 млн. теңге, 2007 жылы 3 млрд. теңге, 2008 жылы 5 млрд. теңге қаражат бөлінді. Ресми ақпарат бойынша еліміздегі бүкіл облыстар мен орталық мемлекеттік органдар іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшірілген. Алайда іс жүзінде бұл жұмыс жоспарланған ауқымда жүргізілмей отырғанын көріп отырмыз. Мысалы, мемлекеттік органдарда қазақ тілінде құжаттарды қалай дайындалатындығын пайыздық мөлшерлемеді қарастырар болсақ: Ауыл шаруашылығы министрлігі – 23,3%, Индустрия және сауда министрлігі – 26,1%, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – 17,5%, Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі – 18,9%, Ақпараттандыру және байланыс агенттігінде – 2,3%, және Қазақстан ұлттық банкі – 3,9%. Осыдан келіп мемлекеттік органдарды іс-құжаттарды мемлекеттік тілде жүргізеді деп айту әлі де болса ертерек секілді.

Ал еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының өз хабарларын орыс тілінде таратуы мемлекеттік тілден 4 – 5 есеге артық, және де мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін газет-журналдардың 75%-ы орыс тілінде жұмыс жасайды [1].

Еліміз тәуелсіздік алған уақыттан бергі мерзімде жаңа ұрпақ мектепті мемлекеттік тілде аяқтап, жоғарғы оқу орындарында білімдерін жалғастыруда. *Қазіргі қазақ жастары өз тілін құрметтей біле ме? Қазақ жастары өзара қай тілде көп сөйлеседі?*

Біздің пікірімізше, ең алдымен қазақтың жастары басқа ұлт өкілдеріне үлгі болып мемлекет тілінде сөйлессе орынды болар еді.

Жоғары және орта оқу орындарында студенттерге керек мағлұматтарды қазақ тілінде табу да оңайға соқпай отыр, өйткені қажетті кітаптардың көбі кеңестік дәуірде орыс тілінде басылып шыққан, (және бірсыпарасы ескіріп те қалған) немесе кітаптардың аударма үлгісі екендігі бәрімізге мәлім. Қазір қай

кітап дүкендері мен кітапханаларға кірсең де олардың сөрелері орыс тіліндегі кітаптарға толып тұр. Орыс детективтері мен қияли романдары кітап сөрелерінде орын алған, ал қазақтың өз Ақунині, Марининасы мен Лукьяненко-сы әлі күнге дейін жоқ, және кең көлемді мемлекеттік тапсырыс болмайынша болмайды да. Тұрғын халқы 16 миллион адамды құрайтын Қазақстанда коммерциялық жобаларды тиімді қылатындай оқырман аудиториясы бізде жоқ.

Сонымен қатар Қазақстанда балаларға арналған кітаптардың жетіспеушілігі байқалуда. Кейбір баспалардың балаларға арнап шығаратын кітаптары сын көтермейтіні белгілі, олардың мәтінінде сапасы жағынан төмен өлең шумақтарын кездестіруге болады, мысалы:

«Винни-Пух пен Пятачок,
Қонақ күту қамында.
Вагон-вагон алдырды,
Алма, киви, бананды»

немесе:
«Есек етік сатып алды,
Емен оған таң қалды», т.б.

Сәбилерімізге бұндай «балалар әдебиетін» оқытқанша, бәрімізге бала кезден белгілі К. Чуковский мен А. Барто артық емес пе (орысша болса да)? – деген сұрақ еріксіз ойға келеді. Құрманбай Толыбаев, Әнуарбек Дүйсенбиев, Мәди Айымбетов сынды авторлар бір кезде балаларының «әдеби алтын сандығын» жасады, бірақ та қазіргі кезде балаларға арналған жоғары сапалы кітап жазатын жазушылар жоқтың қасы.

Мемлекеттік тілдегі кітаптардың таралымы аз болғандықтан, еліміздің түкпір-түкпіріне жетпей жатыр. Қазіргі уақытта мемлекеттік тапсырыс бойынша баспалардан шығатын кітаптардың ең көп таралымы 2000-нан аспайды екен. Елімізде 12 мың кітапхана бар. Ол кітаптар еліміздегі кітапханалар мен оқу орындарына тегін таратылып берілетіндігі белгілі [2].

Шешуші фактор ретінде білім беру жүйесі арқылы тіл мәселесі шешілген жөн. Біздің еліміз көп этносты мемлекет болғандықтан, қазақ тілін балабақшадан бастап балалардың бойларына сіңіру басты міндет болуға тиісті. Балабақшадағы бүлдіршіндерге тілді үйрету үшін мәдениет ордаларына экскурсия жасалып, ол жерде мемлекеттік (қазақ) тілдегі қойылымдар тамашаланса немесе тілді меңгеру үрдісі басқа да қызықты әдіс-тәсілдер арқылы өткізілсе олардың тілге деген қызықшылығын арттырар еді. Осы жерде тағы да бір өзекті әлеуметтік мәселенің шеті байқалады, ол еліміздегі балабақшалардың жетіспеушілігі мәселесі; бір төсекте үш бала жатып ұйықтайтын балабақшалар немесе өз балалық шағын үйінде қамалып өткізіп жатқан сәбилер де аз емес. Осыған орай ҚР Президенті «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты 2010 жылғы Жолдауында балаларды мектеп жасына дейінгі оқытумен және тәрбиемен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған «Балапан» атты арнайы бағдарламасын әзірлеп, іске асыруға кірісуді тапсырған болатын [3]. Бұл бағдарлама еліміздегі әлеуметтік мәселенің бірі – балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін шешуді нақты жүзеге асырады деп ойлаймыз.

Жалпы орта білім беру орындарында қазақ тілі және қазақ әдебиеті сабағын көбейтсе дейміз. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру жалпыұлттық міндет болса, орыс және аралас мектептерде қазақ тілі көп оқытылса көп пайдасын тигізеді. Орыс мектебінде жоғарғы сыныптарда кейбір пәндер (мысалы: қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы) қазақ тілінде оқытылса тіл мәселесін шешуге зор үлесін қосады. Бұл пәндерден қазақ тілінде емтихан тапсыру перспективасы балалардың ынтасына да, ата-аналардың бұл мәселеге көңіл бөлуіне де түрткі болатыны анық.

Еліміздің орыс тілді мектептерінде қазақ тілі сабағын оқытатын мамандар жетіспейтіндігі баршаға белгілі. Біздің пікірімізше, осындай педагог кадрлар даярлайтын арнайы педагогикалық жоғары оқу орнын ашу — ең көкейтесті қажеттіліктердің біреуі болып табылады.

Қазақ тілін осыдан 20 жыл бұрын меңгеріп алған Индиана университетінің (АҚШ) профессоры, саясаттану ғылымдарының докторы Уильям Фиерман «ҚазАқпарат» агенттігіне тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жайында берген сұхбатында «келешекте Қазақстан тарихын қазақ тілінде үйретуді бастауға болады. Ол үшін қазақ тілін тек оқыту бағдарламасының тілі емес, ақпарат пен білім алудың тіліне айналдыру қажет. Сонда ғана сұраныс болады. Ал мұғалім сабақты кітаптан бас көтермей, алдындағыны оқып берумен ғана өткізсе, пән оқушылардың қызығушылығын тудырмасы анық» деп пікірін жеткізді.

Мәдениет министрі М. Құл-Мұхаммед тіл білімі мамандары үшін сүйінші хабар жеткізе отырып, қазіргі уақытта Тіл білімі институтының тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында 15 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің 12–13-ші томдарын әзірлеп жатқандығын айтқан ол «бірінші рет қазақ халқының тарихында 150 мың қазақ сөзі қамтылған 15 томдық қазақ тілінің түсіндірме сөздігі жарық көреді. Бұл бәріміздің ана тіліміз, барша қазақстандықтардың мемлекеттік тілінің әлемдегі ең бай тілдердің бірі екендігін соқырға таяқ ұстатқандай, тайға таңба басқандай дәлелдейтін болады», деді [4].

Бұл бағдарлама қазақ тілі және орыс пен ағылшын тілдерін жете білімізді қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен бірге Қазақстанда тұратын этностар тілдерін оқып-үйрену және оны сақтау үшін қолайлы жағдай жасау да көзделген. Біздің бұған қосарымыз, ағылшын тілі қазақ тілді үйренушілерге тікелей қазақ тілінің грамматикасы арқылы, қазақ тілінің ережелерімен салыстыра отырып оқытылатын болса, қазақ тілді балалардың ағылшын тілін тез әрі оңай меңгеретіндері анық. Себебі, қазақ тілінің (жалпы алғанда түркі тілдерінің) грамматикалық құрылысы, орыс тіліне қарағанда роман-герман тілдеріне едәуір жақын. Бұл, мысалы, қазақ тілінің етістік шақтар жүйесінде өз көрінісін тауып отыр. Бұл айтқанымызға нақты мысалдар келтірсек:

He writes — ол жазады (*он пишет* (постоянно));

He is writing — ол жазып отыр (*он пишет* (в настоящий момент));

He wrote — ол жазды (*он написал* (простое прошедшее));

He has written — ол жазып қойды (*он написал* (перфект));

Бұл мысалдардан, орыс тілді оқушылар жылдар бойы қиналатын тақырыптардың, қазақ тілді балаларға кәдімгі аударма жолымен түсіндірілуі мүмкін екенін анық көріп отырмыз.

Етістік шақтар жүйесінің сыртында, қазақ тілінің идиомаларында да ағылшын тілімен елеулі ұқсастықтар байқауға болады. Мысалы:

At the bottom of the tree — ағаштың түбінде (под деревом), т.б.

Осымен айтайын дегеніміз, дүниежүзілік тіл рөлін атқарып отырған ағылшын тілі қазақ мектеп оқушылары мен студенттеріне тікелей ана тілдері арқылы оқытылуы абзал. Сөйтіп, «үш тұғырлы» тіл саясаты қазақ тілін «құртып жібереді» деген пікірдің мүлдем қате екенін анық аңғаруға болады. Керісінше, ағылшын тілінің қолданымға енуі қазақ тілді азаматтардың әлеуметтік статусын көтеруге зор септігін тигізеді деген пікірді қолдаймыз [5]. «Үш тұғырлы» тіл саясаты жобасы Елбасының 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында алғаш рет қоғамға ұсынылған болатын [6]. Сонымен қатар ағылшын тілін игеру ауылдық жерлерде тұратын азаматтар мен алыс шетелден келген оралмандардың әлеуметтік статусы мен жеке бәсекеге қабілеттілігін арттырады еді [7].

ҚазАқпарат агенттігінің хабарлауы бойынша 2012 жылдан бастап Қазақстанға прокатталатын барлық фильмдер міндетті түрде мемлекеттік тілге дубляжданатын болады. Бұл туралы ҚР Парламенті Сенатының жалпы отырысында «Мәдениет туралы» ҚР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылау барысында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің жауапты хатшысы Жанна Құрманғалиева мәлім етті. Жанна Құрманғалиеваның айтуынша «Үкіметтік нұсқамен Мәжіліске ұсынылғанда бұл заң жобасында елімізге әкелінетін барлық фильмдер қазақ тілінде тек дыбыстандырылуы тиістігі жазылған болатын. Ал Сенаттағы жұмыс тобында бұл норма күшейіп, барлық фильмдерге қазақ тілінде кәсіби деңгейде дубляж жасалуы керектігі, тек сондай фильмдер ғана прокатталатыны анық жазылды», — деді [8].

Біздің пікірімізше қазіргі кезде қазақ тілінде көрсетілетін фильмдерге билеттер арзан бағамен сатылса (кинотеатрлаға залал келтірмеу үшін, жетіспей қалған қаражатты мемлекет тарапынан қаржыдай көмек көрсетілсе) дұрыс болар еді. Жастар көп баратын жерлерде қазақ тілінде жазылған хабарламалар мен жарнамалар басым болса, бұл басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренуге мүмкіндік береді. Бірақ та қала көшелердегі қазақ тіліндегі жарнама немесе басқа да жазуларда грамматика мен стилистика жағынан қателер жиі кететіндігі бәрімізге мәлім. Ал, мысалы үшін, Францияда көшедегі жарнама немесе басқа да жазуларды қате жазғаны үшін 5 мың евро көлемінде айыппұл салынады екен, осындай шара біздің елімізде қолданылса, жарнамалар мен тағы да басқа жазулар (қазақша болсын, орысша болсын) дұрыс және ұғымды жазылатын еді.

Қазақ тілі — қазақ халқының ана тілі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болғандықтан, Қазақстан елі көп этносты мемлекет болғанына қарамастан, біз бір халық, бір ұлт болып бірігіп елімізді өркендететін боламыз. Қазіргі таңда мемлекеттік тілде, яғни қазақ тілінде оқу қажеттілігі туып отыр.

Бұл мақаланы қорытындай келе, даңқты батыр Бауыржан Момышұлының бір айтқан сөзі еске түседі: «Мен үш нәрседен қорқамын. Біріншісі, өзінің сәбиіне бесік жырын айта алмаған анадан, екіншісі, немересіне ертегі айтып бере алмаған ата мен әжеден, үшіншісі, екі қазақтың бір-бірімен орысша сөйлесіп тұрғанынан қорқамын» — деп айтып кеткен болатын. Ел басшысы Н.Ә. Назарбаевтың да «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!» деген сөзі де ең алдыменен өздері

бас болып өзге отандас ағайындарға ұйтқы болуға тиісті [9] қазақ халқының өкілдеріне түсетін азаматтық міндетті анық меңзеп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. www.egemen.kz
2. www.alashainasy.kz
3. Қ.Р Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» 2010 жылғы 29 қаңтар // www.akorda.kz
4. www.inform.kz.
5. Козырев Т. Языковой вопрос в структуре общественной повестки дня в Казахстане // Этносаралық қатынастар мен конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі: қазіргі жағдайы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы, 23 қазан 2009ж. с. 107
6. Қ.Р Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» 2007 жылғы 28 ақпан. // www.akorda.kz
7. Козырев Т. Языковой вопрос в структуре общественной повестки дня в Казахстане // Этносаралық қатынастар мен конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі: қазіргі жағдайы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы, 23 қазан 2009ж. с. 107
8. Қ.Р Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» 2009 жылғы 6 наурыз. // www.akorda.kz
9. Қ.Р Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» 2009 жылғы 6 наурыз. // www.akorda.kz

Мемлекеттік энергетикалық саясаттың үлгілері

Нұрлан УРАНХАЕВ,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың саясаттану кафедрасының
ізденушісі, саяси ғылымдарының кандидаты

Сапар АХМЕТОВ,

Мемлекеттік басқару академиясының ізденушісі,
саяси ғылымдарының кандидаты

Казіргі әлемнің жаңа геосаяси үлгілерін түзудегі болып жатқан геосаяси үрдістер, барлық халықаралық қатынастардың күллі салаларында өте үлкен қозғалмалықпен ерекшеленіп, геосаяси тұрақсыздықтың негіздерін анықтауға мүмкіндік береді. Бүгінде салыстырмалы түрде алғанда, XX ғасырдың екінші жартысына қарағанда геосаясатқа көптеген факторлар әсер етуде, олар көпқырлы және әлемдік тәртіп көбіне шатқаяқ болып келе жатыр. XXI ғасырда жанармай-энергетикалық ресурстары үшін күрес күшейіп, соның нәтижесінде тұрақсыздық пен мемлекеттер арасындағы жанжалдар орын алуы мүмкін. Осыған байланысты әлемдік энергетиканың дамуының геосаяси ерекшеліктерін қарастыра отырып, жекелей алғанда мемлекеттердің энергетикалық саясаттарының үлгілерін зерттеу үлкен өзектілікке ие деуге болады.

Қазіргі әлемдегі түрлі мемлекеттердің энергетика саласындағы саясаттарын талдай келе бірнеше үлгіге бөлуге болады. Жіктеменің негізі ретінде *екі критерийді* аламыз. *Біріншісі* энергетикалық саясаттың қалыптасу ерекшеліктерімен байланысты оның мемлекеттің экономикалық саясатымен байланыстарын көрсетеді. *Екіншісі* – мемлекеттің энергетикалық саясаттың қалыптасуына қатысуын және бүтіндей алғанда салаға бақылау орнатуы мәселелерін көрсетеді.

Бірінші үлгі – ұлттық-монополиялық, көбіне басым энергетикалық ресурстарды иемденетін мемлекеттерге тән. Бұл үлгіні бәрінен бұрын басым түрде мемлекетке бағынышты энергетикалық саясатқа жеке экономикалық сегмент ретінде қарайтын қатынас даралайды. Бұл тәуелсіз ішкі және шет елдік субьекттер үшін энергетикалық саланың жабық сипатын анықтайды. Осының өзінде энергетика экономиканың базистік негізі ретінде қарастырылып, оның дамуында ресурстық база ретінде қызмет атқарады. Осындай ерекше белгілерді жарқын түрде Әзербайжан, Түркменстан, Тәжікстан сияқты посткеңестік елдерде байқауға болады. Сонымен қатар, ұлттық-монополиялық үлгі табиғи энергетикалық ресурстарға бай Венесуэла, Иран, Сауд Аравиясы секілді елдерде кең түрде таралған.

Осылайша, Әзербайжанның жағармай-энергетикалық кешеніндегі негізгі кәсіпорындар болып «Әзербайжан Республикасының мемлекеттік мұнай компаниясы» (ӨРММК), ЖАҚ «АзериГаз» және ААҚ «Азэнерго» табылады. 1990-шы

жылдардың аяғы – 2000-шы жылдардың басында өткен жекешелендіруге карамастан мемлекет аталған кәсіпорындардағы акцияларының басым-бақылау пакеттерін сақтап қалды. Әзербайжанда жағармай-энергетикалық саласына инвестиция тартуда тиімді тәжірибеге асқан концессия тәсілі кеңінен дамуды бастан кешуде. Соның өзінде, ӘРММК-ны жекешелендіру әлі де басталмағанымен, 2007 жылы осында шетелдік инвесторлармен 17-ге жуық мұнай келісімі жасалынған [1].

Түркменстанның энергетикасының негізін «Түркменгаз», «Түркменмұнай», «Түркменгеология», «Түркменмұнайгаз» және т.б. мемлекеттік концерндері құрайды. Өндірістік саладағы мемлекеттік сектордың жалпы көлемі 67%-ды құрайды. Жағармай-энергетикалық кешешініне – 65% сәйкес келеді [2].

Осыған ұқсас жағдайды Тәжікстан Республикасында да байқауға болады, елдің энергетикалық саясаты мен жағармай-энергетикалық кешеніндегі құрылым тікелей мемлекеттің бақылауында болып табылады. Жекелей алғанда, мемлекеттің үлесінде: «Барки Тәжік» ашық акционерлік холдингтік компаниясы, «Нафтрассон» ашық типтегі Акционерлік қоғамы, «Тәжікгаз» мемлекеттік унитарлы кәсіпорны және т.б. солар сияқты алпауыт компаниялардың акцияларының бақылау пакеттері жинақталған [3].

Осылайша, бірінші үлгінің сипаттық белгісі ретінде мемлекеттің елдің ресурстарына толықтай монополиялық түрде иелік етуге ұмтылысын көрсетуге болады. Бұдан бөлек, энергетикалық саясаттың ұлттық-монополиялық үлгісін ұстанатын елдерге өзінің табиғи ресурстарын сыртқы саясатта пайдаланып, өзге мемлекеттермен қатынастарға түсуінде белсенді түрдегі аргумент ретінде қолдануын бөліп көрсетуге болады.

Мемлекеттік энергетикалық саясаттың *екінші үлгісі – ұлттық-бәсекелестік*. Бұл үлгінің қалыптаса бастауы маңызды энергетикалық салалар – электроэнергетикалық және газдық бағыттарының реформалары жүзеге асқан 1980–1990 жылдарға сәйкес келеді. Реформалар батыс Еуропаның бірқатар елдерінде, Америка Құрама Штаттарында, Жаңа Зеландияда және басқа да елдерде болып өтті. Реформалар болып өткенге дейін әлемнің көптеген елдерінде энергетика мемлекет жүзеге асыратын немесе мемлекетке бағынышты сала ретінде қарастырылған болатын.

Бірақ та 1980-ші жылдары экономиканы реттеудің мемлекеттік парадигмаларын үлкен өзгеріске ұшыратқан – либералды доктрина басымдыққа ие болып, экономикаға мемлекеттің ықпалы кеміп, еркіндікке бағытталған доктрина өз күшін иемденді. Осындай бағыттың жарқын мысалы ретінде Р. Рейган (АҚШ) мен М. Тэтчердің (Ұлыбритания) үкіметтерінің ұстанған саясатын айтуға болады, олар көбіне мемлекеттік араласуды әсіресе, газдық және электроэнергетикалық салаларға тиімді етіп ерікті түрде азайтуға ұмтылыс жасаған.

Реформаның нәтижесінде газдық саланың институционалдық құрылымында айтарлықтай өзгерістер туындады: өндірушілердің бағаларын мемлекеттік бақылаудан бас тарту, газтасымалдаушы компаниялардың іскерлік түрлерін бөлу мен жекешелендіру, ірі тұтынушыларға жеткізушіні дербес таңдау құқығын беру. Газдық салаларды либерализациялаудың алғашқы кезеңдерінде мәнді нәтижелерге қол жетті: өндірушілердің арасында бәсекелестік деңгейі күшейді, ол өз кезегінде осы саладағы тежеуіштердің жойылуына септігін тигізді, өндіру көлемі артты. Соңғысы бағаның айтарлықтай төмендеуіне көмегін тигізді және

бүтіндей алғанда газ бен экономика нарығының дамуына бастама ашты. Осылайшы, АҚШ-та 1988–1995 жылдар аралығында газ бағасының жаппай сатылымы 26%-ға, Ұлыбританияда болса 1990 жыл мен 1999 жылдар аралығында өндіріске бағытталған газ бағасы 45%-ға, тұрмыстық тұтынушыларға 20%-ға дейін түсті [4].

Ұқсас үрдістер электроэнергия нарығындағы реформалардың нәтижелерінен де болды. 1983 жылғы Ұлыбританиядағы электроэнергетика туралы заңның қабылдануы нәтижесінде үлкен нарыққа шағын компаниялардың да кіруіне мүмкіндіктер ашылды, кедергілер алынып тасталынып оғанға дейінгі болған керітартушылықтарды оңды реттеуге бастама ашты. 1989 жылы электроэнергетика туралы Заң қабылданып (Electricity Act), мемлекеттік монополияның қайтақұрылымдалуына бастау салды. Заң 1990 наурызында өз күшіне енді. Оның негізгі ережелері электроэнергетикалық саланың қайта ұйымдастырылуы мен электроқамсыздандарудың мәселелеріне арналған болатын. Электроэнергетика туралы Заң реформаны негіздеудің басқа тетіктерін анықтау мен жүзеге асыруға толықтай жағдай жасауға бағытталғандығымен ерекшеленеді.

Ұлыбританиядағы электроэнергетикаға бәсекелестік қатынастарын енгізу арқылы осы саладағы бағаға айтарлықтай тиімді төмендетулер енгізуге мүмкіндіктер ашылды, әсіресе, ірі тұтынушылар үшін. Осылайша, электроэнергияны тұтынушылар үшін оған дара баға әртүрлі категориялар үшін әртүрлі болып төмендетілді. Сонымен, үй шарушылығына дара баға 1990 жылдар мен 2000 жылдар аралығында 22%-ға, шағын өндірістік тұтынушылар үшін көрсетілген мерзім шегінде 39%-ға арзандады [5].

Қайта құрылымдаудың басталуы уақытынан бастап кейінгі уақыттарды оның мәні мен мазмұны, деңгейі әртүрлі бағытта өзгертіліп отырды. Бүгінгі күнге электроэнергия нарығын дамыту саласындағы британдық реттеуіштің (бұл жерде біз «британиялық реттеуіш» деп – газдық және электроэнергетика нарықтары бойынша қызметті айтып отырмыз (Office of the Gas and Electricity Markets – Ofgem), басты тапсырмалары болып: тұтынушылар мүддесі үшін газбен қамсыздандыру және электрмен қамсыздандыру саласында бұдан да тиімді бәсекелесуші жағдай туғызу; Шотландиядағы электроэнергетика нарығында бәсекеге қабілетті бағаайналымын құруға көмек көрсету және электроэнергияны қолданатын кез-келген тұтынушы үшін дискриминациялық емес қатынас орнату; Үкіметке тұтынушылар игілігі үшін өндірілетін электроэнергетика мен газ өндірісі саласында қоршаған ортаны ластамау және күту бойынша Үкіметке тиімді іс-шаралар ұйымдастыру мен жүзеге асыру бойынша көмек беру.

Бірақ та, қазіргі заманғы тәжірибе көрсеткендей ұлттық-бәсекелестік үлгісіне қарсы шығушылар мен шектеулер ұлғаюда. Объективті түрде осындай үрдістер либерализация реформаларын жүзеге асырудағы пайда болған, энергетикада болып отыратын дағдарыстар арқылы әсер етуде. Жекелей алғанда, 2002–2003 жж. аралығында электр энергиясына деген бағаның айтарлықтай өсуі нәтижесінде скандинав елдерінде дағдарыс туындады. Бағаның өсуі мен электроэнергияны авариялық өшіру 2000-шы жылдың аяғында саланы қайта құрылымдау мен бәсекелестік үлгіні жүзеге асырып отырған елдер Англияны, Канаданы, Аргентинаны, Бразилияны, Уругвай мен Колумбияны дүр сілкіндірді.

Ұқсас дағдарыстар реформаларды жүзеге асырған АҚШ та да етек алды. Мұнда қуаттың резерві реформа жүргізген 1985 жылғы 35%-дан 2000 жылы

15%-ға дейін түсіп, одан ары қарай да төмендеп келеді. Сеттік құрылысқа инвестиция 5 есеге құлап, энергожүйелердің сенімділігі төмендеген. 1996 жылы елдің солтүстік-шығыс бөлігінде ірі авария орын алды. 1998 жылы солтүстік штаттарда ірі авариялар болды. 2003 жылы ол қайталанып енді одан да ірі деңгейге ұласты. Әсіресе, АҚШ-тың электроэнергетикасының пионері болған Калифорния үлкен шығындарды бастан өткерді. Қортындысында, АҚШ бірнеше жылға электроэнергетикалық компанияларды вертикалды-кірігушілік (интеграциялық) бөлуді уақытша тоқтата тұру туралы шешім қабылдады [6].

2000 жылдың басында туындаған электроэнергетикасы мен газдық секторлардағы дағдарыстар, оның алдындағы қысқауақыттық оң нәтижелерді алмастырды. Газдың және электроэнергетиканың бәсекелестік нарықтары үлкен масштабты электроэнергетикалық жобаларды қаржыландыруға инвесторларды тарта алмауы энергоресурстарға деген үлкен дефицитке тап болып, нәтижесінде бағаның өсуіне ырық берді.

2003 жылғы болған электроэнергетикалық нарықтардағы Еуропа елдері, Солтүстік және Оңтүстік Американың аталмыш саладағы ретсіздігі, авариялар АҚШ пен ЕО-қа электроэнергетика мен газдық нарық салаларындағы қатынастарға қатысты өздерінің көзқарастарын қайта қарастыруды талап етіп отыр. Нәтижесінде ЕО елдерінде электроэнергетика саласындағы еркін нарықтық қатынастарда шектейтін бірсыпыра документтер топтамасы қабылданып, сапалы әрі сенімді электрлік қамсыздану жүйелерін құруды талап етті, АҚШ та реформаларды шектейтін негіздерден бөлек сенімді электроқамсыздандыруды қанағаттандыратын Заң қабылданып үлгерді. Көптеген штаттар жаңа реформалар қабылдаған жоқ, әрі оған асығар да емес. Аргентинадағы, Бразилия мен Чилидегі энергетикалық дағдарыстан кейін аталмыш елдер бәсекелестік нарықтан бас тартып, қайта электрэнергетикасы саласындағы бағаны реттеудің мемлекеттік бақылау формасына өтті.

Осылайша, көптеген елдердің мысалдары көрсеткендей, мемлекеттік энергетикалық саладағы саясаттың ұлттық-бәсекелестік үлгісі энергетикалық саласын либерализациялау арқылы реформалау тиімсіз, өйткені сапалы әрі сенімді электроэнергетикамен қамсыздандыруды жүзеге асыру саласына инвесторларды тарту сияқты өзінің басты тапсырмаларын толықтай жүзеге асыруға әлсіз болып отыр. Реформаторлардың басты аргументтері – энергоресурстарға бағаны төмендету мен энергетикалық сектор тиімділігін көтеру ешқандай сын көтермейді: бағалар өсуде, энергетикалық саланың тиімділігін арттыру деген желеудің артында қарапайым – жеке компаниялардың пайдасын көздеген мүдделер жатыр.

Шығу жолы екі бағыттан көрінеді. *Біріншісі* – нарықтардың бәсекелестігінен бастау тарту және энергетикалық сектордағы мемлекеттік бақылауды күшейту. Бұл жолмен ұлттық-монополиялық үлгінің ремиссиясы байқалатын Америка Құрама Штаттары, Аргентина, Чили сияқты елдер дамуда. *Екінші бағыт* – мемлекеттік энергетикалық саясаттардың кірігуі (интеграциясы), энергетика саласындағы басқарудың жалпы стандарттары мен заңдарын әзірлеу.

Осылардың қортындысы ретінде бүгіндері қалыптасқан мемлекеттік энергетикалық саясаттың – кірігулік-бәсекелестік үлгісі туралы айтуға болады. Мәні бірқатар елдер үшін ортақ бір энергетикалық мемлекеттік саясатты және ортақ энергетикалық нарықты құруға ұмтылыста. Кірігулік-бәсекелестік үлгіні Еуропалық Одақтың Скандинав түбегі елдерімен (Норвегия, Швеция,

Дания, Финляндия) энергетикалық саясат байланыстарынан көруге болады. Бұл елдердегі мемлекеттік энергетикалық саясат еуропалық нарықтың жалпы біртұтас кірігуі мен ортақ бәсекелестік типте дамуын көздейді.

Еуропалық Одақ – әлемдегі үлкен энергиятұтынушы аймақтардың бірі. Еуропалық Одақпен көрсетіліп отырған кірігулік-бәсекелестік үлгінің ережелігі еуропа елдері үшін бір біртұтас энергетикалық саясатты қалыптастыру, ұлттық экономикалардың және энергетикалық стратегиялардың бірте-бірте мәнінің төмендеуін көздейді.

Еуропалық Одақтың энергетикасының даму үлгісі 1993 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енген Біртұтас ішкі нарықты қалыптастыру тәртібімен жанама түрде ұсынылып келеді. 1985 жылы ЕО-тың сол кездегі төрағасы Жак Делор мен Комиссия мүшесі лорд Кокфилдпен әзірленген Еуропалық Комиссияның Ақ кітабында, еуропалық құрлықтағы энергетиканы дамыту принциптері анықталған. Соның өзінде, энергетика фундаментальдік-құрылымдық өзгерістерге әсер ететін маңызды элемент екендігі мойындалған [7].

ЕО-тың энергетикалық стратегиясын жүзеге асырудың және біртұтас энергетикалық нарықтың қалыптасуының басты шарттары болып энергетика саласындағы нарықтың либерализациясын қамсыздандыратын, осы саладағы бәсекелестікті тудыратын реформалардың болуы. 2002 жылдың қарашасында ЕО елдерінің энергетика министрлері кездесіп, 2004 жылы өндірістік мақсаттар үшін, ал тұрмыстық тұтыну үшін 2007 жылы газ бен электроэнергетика нарықтарын толықтай ашу келісіміне қол жеткізді. Осыған орай, еуропалық бизнестің бәсекелестігі артып, тұтынушы таңдаудың көбеюі мен бағаның арзандауы арқылы ұтады делінген. Бұл директивалар бойынша электроэнергия мен газдың трансшекаралық сатылымына жол ашады. Энергияның ішкі нарығын қалыптастырудың жаңа стратегиясы трансевропалық электр және газ желілерінің ұлғаюын қарастырады [8].

Осылайша, энергетикалық нарықтардың либерализациясы энергетиканы басқару бойынша ұлттық өкіметтердің ролін өзгерту керек. ЕО-тың энергетикалық нарықтарындағы өзгерістер энергия нарығының тұрақтылығы мен үйлесімділігін қамсыздандырып, кешенді кірігу үрдістерінің күшеюіне ықпал етіп, соның ішінде, Еуропалық құрлықтың барлық бөлігінде:

- технологиялық кірігу саласында (ортақ энергожелілердегі бақылау технологияларын жетілдіру);
- экономикалық кірігуде (саықтар мен бағалардың үйлесімділігі);
- экологиялық кірігуде (трансшекаралық тасымалдауларды қоршаған ортаны бүлдіруді кемейту);
- ғылыми кірігуде (энергияның жаңа экологиялық қауіпсіз түрлерін іздеу);
- инновациялық кірігуде (когенерацияны дамытуды стимуляциялау);
- ақпараттық кірігуде (заңнамалар, саясат пен стратегияларды сабақтау, win-win технологияларын беру т.б.).

Кірігу-бәсекелестік үлгісін Скандинавия елдері – Швеция, Дания, Норвегия және Финляндия жүзеге асыруда. Бірақ бір нәрсені ескеру керек, ол үлгі бұл аймақта бір шектеуі бар – скандинав елдерінің энергетикалық саясатының кендігі басым түрде энерго саясаттың электрэнергетикалық секторына басымдық береді. Бірақ та соңғы уақыттары бұл елдердің ұлттық экономикалары энергетиканың басқа да салалары бойынша іргелі дамыған қатынастарды қолдануға мүмкіндік беруде.

Скандинавия елдеріндегі кірігу үрдістері алғашқы энергобірлестік NORDEL-дің құрылуына сәйкес келетін 1960 жылдарға дәл келеді. Ол Данияның, Финляндияның, Норвегия мен Швецияның энергобірлестіктерін біріктіреді. Одан арғы реформаларды тереңдету мен кеңейту нәтижесінде осы елдер тек қана энергетиканың ішкі нарығын қалыптастырып қана қойған жоқ, сонымен бірге, Скандинавия елдерінің электроэнергия бойынша жалпы нарығын құрды [9].

1993 жылы Норвегияның энергетикалық нарығының негізінде әлемде тұңғыш рет электр энергиясы бойынша арнайыландырылған халықаралық тауар биржасы – Nord Pool құрылды. Алғашында саудаға тек қана Норвегия мен Швеция қатысты, 1998 жылы оларға Финляндия, ал 2000-шы жылы – Дания қосылды. Nord Pool — бірнеше елдің нарығын біріктірген әлемдегі алғашқы электроэнергетикалық биржа болды. Біріккен скандинав электроэнергиялық нарығының маңызды қызметінің шарты ретінде қатысушы субъекттердің осы саладағы біртектілігі табылды.

Электрэнергиясы бойынша скандинавиялық жалпы нарық бірнеше сипаттамаларды иемденеді: біртектіленген сауда тәртіптері; электрэнергиясын сату мен сатып алуға трансшекаралық жинамдардың болмауы; жалпы нарықтың қатысушы елдерінің кез-келгенінің ұлттық валютасымен электрэнергиясына есеп айырыса алу мүмкіндігінің болуы. Алға қойылған мақсаттарға жету жолында скандинавия елдерінің арасында электр энергетикасын тиімді қолдану мен жетілдіруге қатысты құжаттардың бір тобы әзірленіп іске қосылды. Жаңа заңнамада электроэнергетиканың қызмет етуінің негізгі құқықтық негіздері салынды, жұмыстың сенімділігі мен қауіпсіздігі, экономикалық тиімділіктің артуы, қоршаған ортаны қорғау. Скандинавияда қабылданған құқықтық-нормативтік актілердің мәні электроэнергетикадағы бәсекелестік және монополистік ықпал аймағын бөлу болды. Норвегия, Швеция, Финляндия және Данияның құрған құрылымының басты ерекшелігі ол – электроэнергетикадағы лицензиялау жүйесін құру. Лицензиялауға іскерліктің келесі түрлері жатты: электр энергиясын өндіруге қатысы бар объекттерді салу мен эксплуатациялау; электржеткізу желілерін құру мен іске қосу; электрэнергиясын генерациялау, қайта құру, тарату мен бөлу іскерлігі; электрэнергиясы нарығында экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыру.

Жалпы алғанда, аймақ мемлекеттерінің бірлесіп ортақ электр энергиялық жалпы нарықты қалыптастыруы олардың арасындағы электр энергиясымен алмасу, ортақ тұтыну принциптерін енгізу бойынша және аталмыш саладағы Скандинавия елдерінің сенімді энергожүйесін күшейтті, әртүрлі аудандардағы электрэнергия бағасының арзандауына алып келді.

Қазіргі заманғы шынайылық әлемде жаһандану үрдістерінің рөлінің артып, олардың әлемдік экономикаға және саясатқа әсерін күшейткендігін көрсетті. Жаңа үрдістердің ұғындырылуы мен қазіргі шынайылықтың зерттеуі бірте-бірте кірігулік-бәсекелестік үлгісінің болашақта әлемдік біртұтас энергетикалық жүйесін құруға алып баруы мүмкін деген түсінікке итермелейді.

Біріккен Ұлттар Ұйымымен жарияланған әлем дамуының жаһандық үлгісіне көшу шынайылығы қазіргі әлемге геосаяси (халықаралық) көзқарастардан бас тартуға шақырады. Осы жерде БҰҰ Бас Хатшысы Кофи Аннанның «Мыңжылдық Саммитіндегі» баяндамасындағы сөздері еске оралады: (6–8 қыркүйек 2000 ж., Нью-Йорк қ.): «Біздің соғыстан кейінгі институттарымыз халықаралық бейбіт-

шілік үшін құрылған еді, енді біз жаһандық әлемде өмір сүреміз. Осы сипаттағы қозғалысқа тиімді жауап бере білу қазіргі әлемдік көшбасшылардың алдындағы негізгі институционалдық тапсырма» [10].

Сұрақтың осындай құрылымда қойылуы өзекті әрі маңызды, не болмаса әлемдік қауымдастықтың әлемдік табысты ортақ бөлу мен қалыптастырудағы орталық вектор және доминанты халықтардың сол іске араласуы, әйтпесе әлем қауымдастығының дамуының геэкономикалық үлгісіне өтуін суреттейді, жергілікті және жаһандық дабылдар мен қауіптерге тиімді жауап беріп, геосаяси және геостратегиялық шешу әдістерін басып өтуді көрсетеді. Осыған байланысты әлемдік қауымдастыққа әлемнің дамуының кемелденуі алдында тұрған шақыруларды жеңіп өтуге тура келеді. Жаһанданудың жарқын көрінісі – желілік жүйелердің қалыптасуы, және бәрінен бұрын, әлемшаруашылығындағы қатынастарда білінуі. Жаһанданып бара жатқан әлемнің қызметінің маңызды бір доминанты – энергетикалық.

Осылайша, энергетика шынымен әлемнің экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін шынайы анықтайды, егерде әлемдік көшбасшылар шынымен әлем дамуының геэкономикалық үлгісіне өтуді қуаттап, және де әлемшаруашылық жүйесін тұрақты дамуға жетелесе. Керісінше болса энергетика мемлекеттердің энергетикалық ресурстарды иемдену үшін талас-тартыс сахнасына айналып, жаһандық жарылысқа итермелеуі мүмкін. Қазіргі әлемнің қазіргі уақыттағы тұрақсыздығы энергетикалық құраушының жаһандық рөлі мен орнын дұрыс ұғыну туралы ортақ түсініктің болмауында, әлемдегі қажетті энергетикалық балансты минималды қолдаудың дұрыс түсінілмеуінде.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Азербайджанская приватизация: от количества к качеству <http://www.casenergy.com>
2. В зеркале цифр. Итоги социально-экономического развития Туркменистана за 10 месяцев – Официальный сайт Правительства Республики Туркменистан <http://turkmenistan.gov>.
3. Официальный сайт Министерства энергетики Республики Таджикистан – <http://www.minenergo.tj>
4. Митрова Т.А. Обратная сторона либерализации // Нефть и капитал. – 2004. – № 2. – 17.
5. Hunt S. Making Competition Work in Electricity. – John Wiley&Sons. Inc. 2002. – P. 173.
6. Реформа энергетики – всемирная афера // Литературная газета. – 2003. – 12 февраля.
7. Романюк Л.П. Приоритеты новой энергетической политики в контексте устойчивого развития // Экологическая безопасность. – 1999. – № 1 (12).
8. Единый рынок выгоден всем (интервью члена Европейской Комиссии Ф.Болкенштейна) // ЕВРОПА. Журнал Европейского Союза. – 2003. – № 26.
9. Прохоров П. Как работает Nordel // <http://vwww.expert.ru/>
10. <http://un.org>

Жастар және рухани тәрбие мәселесі

Қарлығаш БОРБАСОВА,
философия ғылымдарының кандидаты

Жастар мәселесі ең өзекті және күрделі мәселелердің бірі. Себебі олар қоғамның көпжақты байланыстары мен қарым-қатынастарына енген тұтас бір бөлігі болып табылады. Барлық уақытта елдің болашағы жастармен байланыстырылып, олардан нақтылы үміт күтіледі. Сонымен қатар жастар қоғамдық санада моральдық үрей тудырудың қайнар көзі болатындығы да шындық. Жастар арасында адамгершілікке кереғар өрескел тәртіпсіздіктердің: түрлі бұзақылықтардың, әсіресе, ұрлықтың, зорлықтың, нашақорлықтың, араққұмарлықтың, жезөкшеліктің көбеюі осыған дәлел болып отыр. Қазіргі кезде Қазақстандағы жастар мәселесін жалпы мемлекеттік мәселелерден бөлек қарастыруға болмайды. Сондықтан да жастардың психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін, олардың экономикалық жағдайын, өмір сүру образдары мен стилдерін, білім деңгейлері мен рухани ізденістерін зерттеуді жан-жақты қолға алу керек. Еліміздегі жастардың соңғы он жылдағы әлеуметтік-экономикалық тіршілігі, мәдениеттегі орны, саяси белсенділігі, діни дүниетанымдары туралы мәселелерді біраз авторлар ақпарат құралдарында, ғылыми-практикалық конференцияларда орынды көтеріп жатыр. Қазіргі жастардың еліне деген сүйіспеншілік сезімінің төмендігі, еңбекке, профессиональды мамандыққа деген ұмтылыстарының жоқтығы, жалпы жауапкершіліктерінің де аздығы ойландыратын мәселе. Нарықтық қатынастардың қоғам өміріне кіруімен қоса жастарымыздың әлеуметтік жағдайы нашарлап, жұмыссыздардың қатарына қосылуда. Жұмысы барларының тәжірибесі аздығынан еңбек ақысы төмен. Жастардың жанұя құруы және баланың дүниеге келуі қосымша материалдық және психологиялық қиындық әкеліп, нәтижесінде ажырысқан жанұя мен әкесіз бала қалып жатыр.

Аталған мәселелерді шешу үшін мемлекеттік жастар саясаты біртіндеп жастардың әлеуметтік-мәдени қалыптасуы мен дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық мүмкіндіктер жасауды қолға алуда. Әйтсе де көңіл толмайтын жайттар баршылық. Ол жастардың рухани мәдениетіне байланысты мәселелер. Жалпы алғанда рухани тоқыраудың негізгі себебі әлеуметтік және материалдық жағдайға байланысты деп есептеледі. Бірақ адамзат тарихы небір қиын-қыстау кезеңдерде адамгершілік, мейрімділік, бауырмалдық, төзімділік, қанағат сияқты тағы да басқа адами құндылықтардың жоғары болғандығын дәлелдейді.

«Әлеуметтік және руханилық ұғымдарын теңестіру қателік болар еді, өйткені, бұл ұғымдардың марксизмде қосылуы тұлғаның жанды бастамасын «адамдық факторын» абстракцияланып, экономикалық заңдылықтар жүйесіне сіңісіп кет-

ті. Адамның өзін-өзі тануы – өзінің руханилығының тікелей интуициясы мен оның мәнін ашуы. Философия мен дін оның бұл қызметін көбінесе сана-сезім деп қарастыра, бұл мән арқылы соңғы немесе абсолютті шындықтың ашылуын адамның мәніне тікелей қатынас деп түсіндіреді. Бірақта, бұндай түсінік мәселені шешуден гөрі жасырып, кейбір түсініктерін оларды тексеруден қашып алдын-ала ақтайды. Шындығында, руханилық сана-сезімге басқа да қайнар көздер арқылы, мысалы, алған білім, салттар, әдет-ғұрыптар, үстемдік етуші наным-сенімдер арқылы беріледі» [1].

Орта Азия мен Қазақстан аймағын тиімді насихат жүргізу жерлерінің бірі ретінде таңдаған христиандық миссионерлік ұйымдар түркі тілдес халықтардың тілдерінде немесе орыс тілінде өз идеяларын таратуда. Шіркеулердің және христиан ұжымы орталықтарымен бірге бастауыш мектептерде, колледждерде, жеке меншік университеттерде, кітапханаларда және мәдениет орталықтарында, ауруханаларда, өндірістік орындарында және басқа да қоғамдық орындарда әр түрлі қызметтер керсетіп, өнер, спорт, туризм және журналистика сияқты салаларда семинарлар, конференциялар және конгрестер өткізіп, газет, журнал және кітап түрінде басылымдар шығарып, әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан көмек көрсете отырып, жастармен жақындасып, олармен қарым-қатынас жасауда. Оларға тамақ және киім жағынан көмектесіп, жұмыс тауып беріп, әлеуметтік және мәдени іс-шараларға қатыстырып, тегін тәлім-тәрбие беріп, ғылыми және мәдени орталықтарын ашып, халыққа өздерін жаны ашығыш немесе құтқарушы ретінде көрсетіп отырған шетелдік діни, саяси және философиялық ағымдар барған жерлерінде ешқандай қарсылыққа кездеспейді, керісінше сол жергілікті елдердің басшыларының көрсеткен қолдауларының арқасында алаңсыз өз жұмыстарын іске асыра береді. Себебі олардың қызметтері жалпы алғанда сырттай халықаралық Заң нормаларының шеңберінен шықпайды.

Бұл ағымдарға мүше болғандардың ішінде туған-туыстарынан, отбасынан айрылған, жұмысынан босап, ата-аналары, дос-жарандарымен түсінісуден қалған жастардың тағдыры өте қайғылы десе болады. Аталған жағдайлар мәселенің бір жағы ғана. Қазақстандағы дәстүрден тыс ағымдардың барлығы (сатанизм мен саентологиядан басқасы) дәстүрлі діндердегі құдай туралы, адамның сенімі туралы ілімдерді, жалпы адамгершілік принциптерін негізге алып, біраз өзгертулер кіргізіп жаңа ілім ретінде жариялайды. Бұл ілімдерде баса назар аударатын нәрсе оларда тіл, ұлттық мәдениет, патриотизм мәселелері құндылық болып саналмайды. Құдай алдында барлық адам бірдей, сондықтан оның жерді иемденуі, ұлт болуы, өзіндік ерекшелігінің болуы міндет емес. Мұндай көзқарас әлемдегі ешбір елдің саясатына сәйкес келмейді. Барлық елде гуманистік принципті ұстана отырып өз ұлтының тілін, мәдениетін, ерекшелігін сақтауға, сонымен қоса дамытуға көңіл бөлінеді. Тағы бір мәселе – бұл ағымдар өздерінің миссионерлік жұмысында психотехника тәсілін қолданатындықтары. Оның түрлі әдістерінің барлығы туралы психолог-ғалымдар дәлелдеп отыр. Әлемдік тәжірибеде осы ағымдардың жұмысына байланысты көптеген қылмыстық істердің әшкереленгендігі туралы жеткілікті мәліметтер де бар. Ендігі кезеңде Қазақстандағы көп конфессионалды қоғамның осы қауіптен аман қалуы мүмкін деп қол қусырып отырмай, қауіптің алдын алу шараларын жасау, қоғамның діни сауаттылығын арттыру, болашақтың иелері жастарды рухани тәрбиелеу кезек күтпейтін мәселе тудырып отыр.

Кейбір авторлар Ресей отаршылдары мен социалистік отарлаушылдық шеңберінен босанған қазақ елі үшін Орта Азия елдерімен тіл табысып, біртұтас өмір кешуіне себепкер болатын аса маңызды фактор – мұсылман діні деп есептейді. Олар осындай кезеңдерде қазақ қоғамының Ислам дініне бой ұсынуы дәстүрлі қазақ мәдениетінің дамуына, ұлттық деңгейінің жоғарлауына мүмкіндік береді.

Дінді тек діндарлар ғана емес, зиялы қауым мен жастар арасында да ұлттық маңызы бар проблема деп зерттеп, шешімін іздестіру керек. Дін – адам сана-сын улайтын, жаңалыққа, ғылымға қарсы, барлық өзгерістердің, табыстардың бәрін құдай жасап отыр деп түсіндіретін, нағыз керітартпа, үстем таптың жоғын жоқтаушы, соның сойылын соғушы деген сипатта оқытылды. «...Мақсат неде? Бұл жерде мынандай мән бар. Большевизм шын мәнінде ешқандай өзгеше тың идеология емес, ол да жаңа дін, жаңа идеология. Дәстүрлі діни идеологиядан айырмасы құдайды жоққа шығару. Бұл құдайсыз дін, тобырдың діні. Бірақ бұлайша іс өнбейтінін большевиктер өкімет билігін жеңіп алған соң бірден ұқты. Құдайдың орнын толтыру қажет болды. Сонда большевиктік үгіт және насихат күшейтілді. Ленин құдай орнына пролетариат көсемі Марксті итермеледі, Сталин болса Ленин өлісімен, одан жаңа құдай жасауға тырысып бақты және мақсатына жетті. Ленин беделі жетпіс жыл ішінде бұрынғы өткен пайғамбарлардан әлдеқайда асып түсті. Егер Ленин кезінде құдайға сенуді түп-тамырымен жоймағанда мұндай жеңіске жету мүмкін еместі. Осындай саяси идеологиялық күрес заманында гуманизм шаңға көміліп қала берді» [2]. Ендігі кезде діннің қызметіне берілген теріс бағадан толық бас тарту керек. Бұндай көзқарастардың салдарынан ТМД елі халықтарының, соның ішінде Қазақстан халықтарының да бірнеше ұрпағы атеистік рухта тәрбиеленді. Олардың қоғамдағы дүниетанымдық көзқарастары, балаларына берген тәрбиелері жастардың рухани-мәдени ізденістері мен өміртіршіліктеріне біраз ықпал етті. Алайда қоғамдық өмірдегі өзгерістер қалың халық, бұқара топтарын қозғалысқа келтіріп, халықтың ұлттық сана-сезімінде елеулі өзгерістер туғызып, өзінің тарихтағы орнын табуға ынтасын оятты. Руханилық ұғымы жаңа мәнге ие болып, ал, ұлттық сана-сезім онымен ажырамас байланысқа ұласты. Рухани мәдениет дәстүрлеріне қызығушылық қатты артып, оның тарихи тағдыры мен дамуын теориялық ұғыну қажеттілігі пайда болды.

Ал, шындығына келсек, дін алғаш пайда болғаннан бастап, халықпен бірге өмір сүрді, оған көптеген пайдалы қызметтер атқарды. Қай дін болсын халықты адалдыққа, адамгершілікке, имандылыққа, татулыққа, шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа, достыққа шақырды, халықтың сауатын ашуға, мәдениетін көтеруге елеулі үлес қосты.

Ислам қазақ тарихында үнемі өркендеуші рөл атқарған. Ислам дінінің қазақ елі үшін жеке адам мен қоғамды түзететін, әлеуметтік бақытқа, шынайы бостандыққа және бірлік-татулыққа жеткізетін құрал, ізгі жол болатындығын қазақ ойшылдарының барлығы мойындады десек те қателеспейміз.

«Абайды мұқият қарап отырсақ, ол ислам дініне реформа жасау жағында болған. Оның дінге, мұсылманшылыққа көзқарасының негізінде адамшылық принциптері жатыр. Абайдың айтуынша адам дінге емес, дін адамға қызмет етуі керек» [3]. Кейбір зерттеуші-ғалымдардың пікірінше, ежелден көшпенділер басқа халықтардан рухани-психологиялық жағынан артығырақ болды. Себебі

олар, негізінен, батыр, ер мінезді, жігерлі, сол сияқты, еркін ойлап-сөйлейтін, ар-намысын ақшаға сатпайтын асыл текті адамдардан құралды. Осындай табиғи қасиеттерге ислам руханияты келіп қосылғанда нұр үстіне нұр болып, тамаша нәтиже туды. Қазақ халқы исламды соқыр сеніммен емес, ақыл-ой елегінен өткізіп, жан-жүрегімен қабылдап, оны даналық, сопылық үлгісінде ұстанған. Ата-бабаларымыз діни көзқарасы терең, діни мәдениеті өте жоғары ұлттардың қатарынан болғандығы енді ашылып жатыр. «Қазақстанның қазіргі жағдайында дін мәселесінде Ахмет Иасауи мұрасы төңірегінде болсақ сірә қателеспейміз. Өткені Иасауи ренессанстық тұлға. Оның мұрасында араб-парсы мен түркі мәдениеті тоғысқан. Иасауи өз шығармаларын араб әріпімен түрікше жазған. Дініміз ислам, сөзіміз түркі, бұл ғажап синтез» [4].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері біздің елімізде ислам дінінің дамып, халық арасында қанат жаюына мүмкіндік жасалып отыр. Әлемде каншама діндер бар. Олардың өздеріне тән сенім негіздері бар. Осы сенім негіздеріне жүгіне отырып, адамгершілік және әдептілік нормалары діни құндылық ретінде қалыптасады. Діни құндылықтардың таралуы әр елде, әр халықта әртүрлі. Себебі олар сол елдегі қоғамдық санаға, ондағы жергілікті халықтың дүниетанымына сәйкес келуіне, олардың әлеуметтік-рухани тілектері мен ізденістеріне байланысты. Жоғарыда айтып өткеніміздей ислам құндылықтары мен қазақ халқының діни-мәдени құндылықтарын біріктіретін ортақ иеялар өте көп. Сондықтан да жастарды тәрбиелеуде осы ислам іліміне, оның эстетикалық, этикалық нормаларының таралуына баса назар аударсақ біз рухани даму саласында біраз нәтижелерге жетеріміз сөзсіз.

Исламдағы иман негізі ең алдымен Аллаһқа сенумен басталады. Алланы білу, тану, және оны жүрекпен растап, тілмен айтып, оған сену шарт. Мұны орындау арқылы мұсылман болып нағыз иманға қауышады.

Исламдық тәрбие жастайынан баланың Аллаһқа сүйіспеншілігін арттырудан басталады. Жазалайтын кездерде Аллаһ сенің бұл әрекетіңді сүймейді деп айтып отыру құпталады. Бала Аллаһтың сүймейтін жайттарынан сақтанып, Ол жақсы көретін, ұнататын іс-әрекеттерді істеуге ұмтылады.

Сондай-ақ балаға тек қана Аллаһтан қорқу керектігі де жүйелі түрде үйретіледі. Сонда баланың әркімнен бір қорықпай, жасқаншақ болмай өсуіне мүмкіншілік жасалады. Құран бойынша ең кемел адамдар пайғамбарлар болып есептеледі. Олар Аллаһтан алған уаһиді адамдарға жеткізеді. Сондықтан да пайғамбарлардың өмірімен танысудың, үйренудің жастар үшін маңызы, олардың өмірінде алар орыны ерекше.

Қазіргі мұсылмандықты дәріптеуші ойшылдардың (Сайид Муджаба Рукни Мусави Лари, Осман Нұри Топбаш, Сайид Мухаммад Хатами, Фетхуллах Гулен және т.б.) барлығы жастарға Пайғамбарларға сенуді үйрету, олардың бойында діни құндылықтарды қалыптастырудың ең оңайы деп есептейді. Өйткені олардың өмірімен танысу, олардың іс-әрекеттері мен басынан өткен оқиғалар өте әсерлі болады. Тәрбие әдістемесін жүргізгенде жастардың, балалардың есінде хикаяттар тез қалып қояды. Сонымен қатар қызықты жайттарды мұқият құлақ салып тыңдайды. Мектеп жасындағы балалар кітаптағы батырлардың, қаһармандардың оқиғаларынан ерекше әсер алады. Сондықтан Пайғамбарлар тарихын оқыту арқылы олардың тәрбиесін, мінез-құлқын да едәуір жоғары дәрежеге жеткізуге әбден болады. Мысалы, пайғамбарымыздың кішкене бала

кезінде басынан өткізген оқиғаларын айтуға болады. Оның өмірінде, алдынан кездескен мәселелерге байланысты ұтымды шешім қабылдауы секілді ғибратқа толы іс-әрекеттері жастартар үшін маңызды тәрбие. Мұхаммед пайғамбарымыздың жастарға деген мейірім-шапағаты, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету үлгісі, өнеге боларлық дәрежеде.

Ұлттық тәрбиеге келер болсақ, ата-бабаларымыз ата-ана мен баланың арасындағы тәрбиелік мәнге ерекше көңіл бөлген. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан діни тәрбие мен ұлттық тәрбиенің үндесуі.

Ата-аналар балаларын білімдар, пысық, еңбекқор, еліне, халқына қызмет ететін азамат болсын деп тәрбиелейді. Тәрбие барлық жерде бірдей емес. Әйтсе де, әрбір ата-ана өзінің баласының бойына жақсы қасиеттердің қалыптасуын қалайды. Көркем мінез – бұл әр халықтың армандайтын бағалы құндылығы. Қоғамдық өмірдің үндестікте дамуы үшін тек мемлекет заңына мойынсыну жеткілікті емес. Ортақ құндылықтар мен дәстүрлердің бірлесуі өте қажет. Басқаша айтатын болсақ адамгершілік құндылықтарды дамыту арқылы қоғамдық қатынастырды жетілдіре түсу керек. Бүкіл діндердің күнә деп есептеген нәрселерін, мемлекеттің заңы да күнә деп есептейді. Ал бірақ, діндердегі мейірімділік, өтірік айтпау, қонақжайлық, қайырымдылық, құрмет тұту сияқты құндылықтарды мемлекет заңымен орындатуға болмайды. Мұндай қасиеттер жастардың бойында тек тәрбиемен, діни сеніммен қалыптасатын құндылықтар болып табылады.

Қазіргі кезде біздің рухани өмірімізде газет-журнал, теледидар үлкен рөл атқаруда. Оларда көбінесе әр түрлі философиялық, кейде тіпті мистикалық әлем туралы, адам туралы көзқарастарды үгіттейді. Бұл қоғамның дамуына, әлеуметтік прогресске және әлемді ғылыми түрде тануға кедергі болып отыр. Сондықтан да біз жастарымыздың рухани ізденістеріне, олардың білім алуына, діни тәрбиесіне, мәдениетінің дамуына басты назар аударуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Құдайбергенов Б.К. Социально-философские поиски духовности: традиции и современность. М., Издательство МГАП «Мир книги», 1995. – 12 б.
2. Ғарифолла Есімов. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). Алматы, 1994. – 168 б.
3. Ғарифолла Есім. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). Екінші кітап. Алматы: Ғылым, 1996 – 61 б.
4. Бұл да сонда – 63 б.

Қоғамдық қауіпсіздік және саяси тұрақтылық

Бахытбай ИБРАГИМОВ,
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ізденушісі

Казақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық дамудың, саяси жүйені жаңғырту мен қоғамды демократизациялаудың жаңа кезеңін өтуде.

Қолданыстағы заңнамада мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және азаматтардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастары реттелген, Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мақсаты, жүйесі мен бағыты анықталған.

Қоғамдық қауіпсіздік – бұл Қазақстан азаматтарының өмірінің, денсаулығы мен амандығының, сондай-ақ қазақстандық қоғамының құндылықтарының зиян келтіруге негіз болатын қауіп-қатерден саяси-құқықтық, рухани-өнегелі, әлеуметтік қорғалуы екенін ескере отырып, бұл проблема ұдайы көңіл бөлуді және зерделеуді талап етеді.

Елімізде қоғамның саяси тұрақтылығын нығайту бағытында маңызды өзгерістер жасалды. Қазақстанның конфессияаралық және ұлтаралық келісімді сактаудағы жетістіктері халықаралық деңгейде танылды.

Еліміздегі жүргізілген конституциялық реформалар – бұл шын мәнісінде өз орны бар тарихи оқиға және ол біздің қоғамды экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңғыртуға деген мүмкіндікті одан сайын кеңейтеді. Осы тұрғыда, биліктің бастамашылығы бойынша эволюциялық саяси қайта құрудың қазақстандық жолы ТМД-ның басқа да елдері үшін үлгі болары сөзсіз.

Біздің көршілерде – Украинада, Грузияда және Қырғыз Республикасында саяси жүйедегі өзгерістер тартыспен және оның үстіне сырт елдердің араласуымен өткені есімізде.

Тап осы жерде американдық Д. Шарптың «Диктатурадан демократияға дейін» атты кітабының тезистері бірінші рет қолданылды, бұл өз алдына қарапайым тәсілдермен бейбіт төңкерісті қолдану жөніндегі басшылық іспетті.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, Сербиядағы 2000 жылы өкіметтің құлауы, Грузиядағы 2003 жылдың қаңтарындағы «раушан төңкерісінің» барысы, Украинадағы 2004 жылдың желтоқсанындағы «қызғылт сары төңкерістің» нәтижесінде өкіметке басқа күштердің келуі және 2005 жылғы наурыз айындағы қырғызстандық «жауқазын» төңкерісінің салтанаты – бір тізбектің буыны. Бұл елдердегі саяси жағдай қазіргі таңда өте күрделі болып отыр.

Сонда да қоғамдық қауіпсіздікті, адамның және азаматтың құқығын қамтамасыз етуде проблемалар аз емес. Барімізге мәлім, әлеуметтік және саяси қатығыстар – транзиттік қоғам тіршілігінің шарасыз шарттары.

Соңғы жылдары құқық қорғау ұйымдарына өтініш жасаған азаматтардың саны елеулі өскен. 2007 жылғы тек 2 тоқсанның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасындағы Адам құқығы бойынша өкілетті мекенжайларға 436 арыз түскен, омбудсменнен 900-ден астам адам көмек сұраған. Арыздар көбінесе Астана қаласынан, Ақмола, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарынан және Алматы қаласынан көп түседі. Өтініш білдіргендердің 18%-ы сот шешімдерімен келіспейді. Бұрынғысынша құқық қорғаушылар органдарының әрекеті және әрекетсіздіктеріне көптеген шағымдар тіркелуде – ол жалпы санының 15%-ың құрайды. Тұрғын-үй, еңбек және жер құқықтарын бұзылушылықтар да өзекті күйінде қалуда.

Адам құқығы жөніндегі өкілеттілік мемлекеттік органдармен ынтымақтастықта бірқатар арыздар бойынша әділ шешімге қол жеткізді. Қарауға қабылданған өтініштердің 18%-ы «оң» шешімін тапты. Арыздың 3%-ы бойынша арыз берушілердің құқығы толық көлемде қалпына келтірілді. Сегіз жағдайда адам құқығын бұзуға кінәлі лауазымды тұлғалардың жазаланғаны туралы ақпарат алынды. Жазаланушылар арасында – сот орындаушылары, қаржы полициясының қызметкерлері, интернат, емхана қызметкерлері де бар. Өтініштердің неғұрлым көбісі Жоғары сот жанындағы сот әкімшілігі комитетінің ынтымақтастығы арқасында оң шешілді.

Прокуратураның тексерулері жасаған қылмысы үшін жазаларын орындауды қамтамасыз ету мәселелерінде азаматтардың мүддесін қорғау жөніндегі проблемалар сол күйінде қалып отырғанын көрсетті. Оңтүстік Қазақстан облысының прокуратурасы бас бостандығынан айыруға байланысты емес қылмыстары үшін жазасын орындауда жіберілген көптеген бұзушылықтарды ашты.

Кезкелген қоғамда әртүрлі себептермен мүдделік қарама-қайшылық болып тұрады.

Талқылауға көп түскен трагедиялардың бірі – Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы қақтығыстың негіздері мен себептерін зерделеу Қазатком және Маловодное ауылдарында болған оқиғаның қылмыстық-тұрмыстық сипаттағы қақтығыс екенін көрсетті. 2007 жылғы 18 наурызда Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының Маловодное ауылында бір-біріне оқ ату жағдайы орын алды, оған 50 адам қатысты. Қақтығыс нәтижесінде 9 адам жараланды, оның 3-уі емханада қайтыс болды. Аталған факті бойынша 8 қылмыстық іс қозғалды, 2 адам қамауға алынып, 1-уі іздеуде. Бас прокуратура бірқатар БАҚ-да әлеуметтік және ұлттық алауыздыққа немесе ұрыс-керіске шақыратын, азаматтардың намысы мен ар-ожданын қорлауға бағытталған материалдар жарық көрді деп есептейді.

2006 жылдың аяғында Алматы облысының Шелек кентінде тұрмыстық деңгейде жастар арасында төбелес болып өтті. Бұл қақтығысты бірқатар БАҚ-да жариялау кезіндегі болған бұрмалаушылықтарға құқықтық баға беру кезінде қазақ және ұйғыр жастары, жалпы жастар арасындағы қарым-қатынас мәдениетінің деңгейі әлі де төмен екені анықталды.

Республика азаматтарының мүлтік, әсіресе тұрғын үй-тұрмыстық мүдделері бұрынғыдан да қатты шиеленіскен. Тиісті қызметтер мен жергілікті билік өкілдерінің алматылық «Бақай» және «Шаңырақ» шағын аудандарындағы сияқты оқиғаларды жеңіл-желпі бағалауы қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақсыздануына әкеп соқтырады.


«Лад» қозғалысы Қазақстанның славяндық халықтарының мүдделерін қорғаймыз дей отырып, соңғы сайлаулардың (2007 жылғы 18 тамыздағы) Мәжілістің депутаттығына үміткерлердің тізіміне сүйене отырып, онда славяндықтар тек 13,7 % құрайды, яғни орыстардың мәртебесі төмендеген деп көрсетеді. Бұл ретте бір парламенттік сайлаудан екіншісіне дейін Қазақстан халқының орыс бөлігін құрайтын депутаттардың саны шамамен 5–6% азайған. «Лад» қозғалысының 1989 жылғы санақ бойынша ұсынған анықтамасына сәйкес Қазақстанда тұратын 16,2 млн. адамның 6,5 млн. қазақтар, 6 млн. орыстар құраған. 2006 жылдың 1 шілдесінде қазақтардың саны 9008,0 мың адамды, немесе 58,9%, орыстар 25,9% құрайды. Басқа этностар мен этникалық топтардың үлесіне еліміздегі халықтың 15,2% тиесілі. Республикада барлығы 120 аса ұлт өкілдері тұрады.

Қазақстанның Конституциясына өзгерістер енгізу және Мәжіліске депутаттарды Қазақстан халқының ассамблеясынан сайлау осындай мәселелерді шешуге бағытталған.

Республиканың заңнамасында жеке тұлға, оның құқығы мен бостандығы, қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары, мемлекет, оның конституциялық құрылымы, тәуелсіздік және аумақтық тұтастылық ұлттық қауіпсіздіктің объектісі болып табылатыны айқындалған.

Бұл тұрғыда елдегі қылмыстың деңгейі мен құрылымы ерекше мәнге ие. Қазақстан Республикасында: 1991 жылы – 173 858; 2000 жылы – 150 790; 2001 жылы – 152 168; 2002 жылы – 135 151; 2003 жылы – 118 485; 2004 жылы – 143 550; 2005 жылы – 146 347; 2006 жылы – 141 271; 2007 жылы – 128 064 қылмыс тіркелген. 2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда тіркелген қылмыстардың 9,3%-ға төмендегені байқалады. 10 мың тұрғынға 83 қылмыстан келеді. 2007 жылы 128 064 қылмыстың 3178-і аса ауыр, ол 2006 жылғыдан 0,7% -ға көп деген сөз.

1991, 2000–2007 жылдары тіркелген қылмыстар саны



Тіркелген қылмыстардың барлығы

1-сурет
бірлік



Қару қолданумен жасалған қылмыстар алаңдатады, өйткені ол қоғамдық қауіпсіздікке елеулі қатер төндіреді.

Соңғы 3-4 жылда республикада жарақаттайтын патрондары бар ұңғысы жоқ оқ ату қаруын қолданумен жасалған қылмыстардың саны 5 еседен аса көбейді.

Барлығы 2004 жылы 168 осындай қылмыстар тіркелді, олардың ішінде 12 адам өлтіру, 19 қарақшылық және 19 жағдайда денсаулыққа зиян келтірілген. Бұл ретте тек 2006 жылы ғана жарақаттайтын қаруды қолданумен қастықпен 8 адам өлтірілді, сондай-ақ денсаулыққа ауыр зардап келтірудің 8 фактісі, 10 қарақшылық шабуыл және 52 бұзақылық жағдайы орын алған.

Оқ ату қаруын Қазақстанға әкелу көлемі жыл сайын көбейуде. Соңғы 3 жыл ішінде елімізге 40 мың 916 бірлік жеткізілді, оның ішінде жартысынан көбісін (22 953) жеке және заңды тұлғалар іске асырған. Осыған байланысты құқық қорғау органдары жарақаттайтын ұңғысы жоқ оқ ату қаруын сатып алуға және иемденуге қарсы шешімді жүйені енгізе алады.

Мәселені реттеу мақсатында Ішкі істер министрлігінде жарақаттайтын ұңғысы жоқ оқ ату қаруын ішкі істер органдарының рұқсаты бойынша сатып алынатындар қатарына енгізуді көздейтін «Қарудың жекелеген түрлерінің айналымын мемлекеттік бақылау туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленді.

Қоғам құрылымындағы қауіпті құбылыстардың бірі жол-көлік оқиғасы болып табылады. Қазақстанда 2006 жыл ішінде ЖКО нәтижесінде 4 мыңнан аса адам қайтыс болған және 19 мыңы әртүрлі деңгейде жарақат алған.

Басты міндеттердің бірі республикадағы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу болып табылады.

Республикадағы қылмыстың динамикасы мен құрылымы төмендеу тенденциясына ұмтылуда, тиісінше еліміздің азаматтарының құқықтары мен бостандығын сақтау жақсаруда.

Қоғамдық қауіпсіздік пен әлемдегі тұрақтылықтың қазіргі кездегі алаңдатушылықтардың бірі жасырын көші-қон болып табылады. Қазақстан үшін, Орта Азия өңіріндегі неғұрлым қарқынды дамып келе жатқан ел ретінде бұл ең өткір проблема.

Жақын арада еңбек көші-қонының Қазақстанға деген ағыны 2 есеге көбейуі мүмкін. Егер 2006 жылы Қазақстанға келген алыс және таяу шетел мемлекеттері азаматтарының саны 2 млн. дейін өскен болса, онда бұл бетбұрыс алдағы уақытта да сақталып қалмақ. Сәйкесінше, біздің республикамызға деген қызығушылықты ескере отырып, еңбек көші-қонының саны да сондай шамада екі есеге көбейеді. Көші-қон қызметтерінің деректері бойынша Қазақстанда 200 мың шамасында еңбек көші-қоны заңсыз жұмыс істеген. Ішкі істер органдарының заңсыз көші-қонды анықтауға бағытталған «Көші-қон» республикалық іс-шарасын өткізу барысында бір күнде іздестіруде жүрген 23 адам ұсталған. ІІМ хабарлауы бойынша (2007 жылғы 10 қаңтар) Қазақстанда 2006 жылдың аяғында заңсыз еңбек көші-қонын заңдастыру жөнінде акция жүргізілді, оның барысында ТМД елдерінің 164 586 азаматы заңдастырылды.

Заңдастырылған келімсектердің неғұрлым көп саны Өзбекстанның азаматтарының үлесіне тиеді – 117133 адам (заңдастырылған адамдардың жалпы санының 71,1%-ы), Қырғыз Республикасынан – 23856 (14,5%), Ресей – 10760 (6,5%), Тәжікстан – 4673 (2,8%). Заңдастырылғандардың негізгі бөлігі құрылыс объектілеріне тартылғандар. Олардың саны 115072 адамды құрайды (заңдастырылған адамдардың жалпы санының 70%-ы). ІІМ деректері бойынша, 22998 заңдастырылған көші-қон қызмет көрсету саласында жұмыс істейді (14%), 13258 адам – ауыл шаруашылығында (8%), сондай-ақ 5852 адам басқа салаларға тартылған (3,5%).

Заңсыз еңбек мигранттарының неғұрлым көп саны мына өңірлерде тіркелген: Алматы – 25199 адам, немесе 15,3%, ОҚО – 22051 адам, немесе 13,3%, Алматы облысы – 19512 адам, немесе 11,8% және Астана қаласында, Атырау, Қарағанды және Маңғыстау облыстарында 10 мың және одан жоғары.

Қоғамдық қауіпсіздік – қазақстандық қоғамындағы көз жазбай қадағалауды, оның проблемаларына араласуды және оларды шешуді кейінге қалдырмауды талап ететін саланың бірі.

Саяси жүйенің тұрақтылығының мәні туралы қоғамдық жүйесі жағдайына қорытылған баға беруге мүмкіндік беретін маңызды өлшемдері ретінде қорытынды жасаған дұрыс. Дегенмен, бұл бір жағынан қоғамның өмір сүруге қабілеттілігінің қажетті шарты, осы социумның, оның болашағының қалыптасу мүмкіндігін жоғарлату шарттары. Сонда ғана саяси тұрақтылық – бұл қоғамның маңызды мақсаты (немесе қолы жеткізілуі тиіс мақсат немесе жан-жақты сақталуы тиіс құндылық ретінде) деген сенімнің өзі орынды. Саяси тұрақтылыққа қоғамның өмір сүруге жоғары қабілеттілігі ретінде де қарастыруға болады.

Сөзсіз, құқық қорғау құрылымдарының жұртшылықпен өзара іс-қимылдарының осы және басқа да сәттері қоғамдағы тұрақтылықты нығайту түрінде нәтижелер беруі тиіс. Қоғам әлеуметтік шындықты қоғам құбылыстар мен үдерістердің мәні, елеулі ішкі байланыс деңгейінде ұғынуы және айқын бағалауы қажет. Тиімді, яғни қоғам үшін пайдалы, оның мүдделеріне жауап беретін шешімдер қабылдануы тиіс. Соңында осы шешімдер іс жүзінде іске асырылуы тиіс.

Осылайша, қоғамдық қауіпсіздік пен саяси тұрақтылық шарттарын:

– қоғамның барлық күшінің ықпалдастығы, қоғамның, мемлекеттің және жеке адамның өзара бірін-бірі қолдауы;

– жалпы әлеуметтік міндеттерді шешу, жалпы ұлттық мақсаттарға қол жеткізу, қоғам мүдделерін іске асыру;

– құқықтық және этикалық нормаларды жетілдіру деп тану қажет.

Жоғарыда мазмұндалғандар бойынша қоғамдық қауіпсіздіктің басымдылығы оны әлеуметтік-экономикалық жаңғырту және саяси демократизациялаудың жаңа кезеңіндегі қазақстандық қоғамның саяси тұрақтылығының факторы ретінде анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сұлтанов, Б. «Ұлттық мүдде және қауіпсіздік», Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы зерттеу институты, 16.12.2006 ж., Казахстанская Правда.
2. Қаражанов, З. «Стратегиялық теңгерім: Қару-жарақ нарығы халықаралық қауіпсіздік пен Еуразия Әлемінің тұрақтылығына төнген қауіп-қатерді көрсететін келбеті болып қалып отыр. – 2006. – №3. 36-39 б.
3. Коновалов, С. «Тұрақтылықтың Қазақстандық теоремасы: үйлестіре және көбейте білу», Психология. Социология. Дефектология. – 2005 – №1. 12-15 б.
4. Садықов, А. «Қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың объектісі», Қазақстан экономикасы мен құқығы, 2006 – №17, 38-39, 145 б.
5. Бижанов, А. «Қазақстандағы тұрақтылық: жай-күйі мен проблемалары. Саяси және әлеуметтік процестер», Казахстанский спектр. – 2005 – №1. 19-22 б.
6. Мұхамадиев, Т. «Көп полярлы әлемдегі Қазақстанның стратегиялық тұрақтылығын қамтамасыз етудің әдістемелік негіздері: Геосаясат және қауіпсіздік», Бағдар – Ориентир. – 2005 – №2. 28-33 б.
7. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында. Ақпараттық-талдау жинағы. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Алматы 2006, 325 б.

«Салықтық қалқан» әсерін есептеу тәсілдерінің кәсіпорындардың қызмет нәтижелілігіне ықпал етуі туралы

Нұржан ӘЛЖАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті,
физика-математика ғылымдарының кандидаты

Өндірістік инвестицияларды талдауда жабдықтың тозуы мен амортизациясы проблемасын қарастырмауға болмайды. Әрине, амортизация сомаларын анықтаудың әртүрлі тәсілдері әртүрлі нәтижеге алып келеді. Сонымен қатар тәсілді таңдау мүмкіндігі бар болған жағдайда, өндірістік жағдайлар ерекшелігін ескеруге мүмкіндік береді. Жабдық тозуының түрлі үлгілері отандық тәжірибеде әлі қолданылмаса да, кәсіпорын қызметінің нәтижелілігін бағалауға әсерімен танысу теориялық және тәжірибелік қатынаста пайдалы болып табылады. Ерте ме кеш пе қазақстандық тәжірибе осыған келеді.

Амортизация түсінігінің туындауы бухгалтерлердің ұстамдардың бөлігін жабдыкқа жұмсау талпынысына байланысты, оның нәтижесінде кәсіпорын ағымдағы қызмет шығындарынан пайда алады. Жерден басқа сезілмелі активтер уақыт өткен сайын тозатындықтан және ең соңында сынытындықтан, бухгалтер алдында дереу шешілуге тиісті проблема туындайды: активтердің құны біртіндеп шығынға жазылатындай тиімді кезеңді қалай анықтауға болады. Сонымен бірге бухгалтер тозуды есептеудің қай тәсілін қолданған дұрыс екендігін шеше білуі тиіс. Жою бағасын немесе активтердің эксплуатация мерзімінің соңында алуға болатын соманы қалай анықтауды білу керек – тозу тек қана біріншілік және жою бағалары арасындағы сомада есептеледі емес пе. Ұқсас тұжырымдар патент және лицензия, біріншілік бағасына бірнеше жыл кезеңіндегі шығындар кіретін амортизациялық аударымдар сияқты материалдық емес активтерге, сонымен қатар пайдалы қазбалар кеніші және кесіп алуға арналған ормандар сияқты ерекше активтерге де тиесілі.

Амортизациялық аударымдар өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнын құрайтын негізгі элементтердің бірі болып табылады. Амортизациялық аударымдардың асырылған немесе азайтылған сомалары салық салудағы дәлсіздіктерге алып келеді. Салықтық жеңілдіктердің – салықтық амортизациялық аударымдардан босату – экономикалық талдау нәтижелерін өзгертетін есептеу жеңілдігі үшін инвестициялық жобаларда тозу түзу сызықты есептеледі деп болжағанбыз. Негізгі капиталдың тозуы қосымша шығындардың құрамына

кіреді және негізгі капитал бағасының сомасын азайтатын баланстың «тозу» немесе «амортизациялық аударымдарға резерв» баптарында жиналады. Осылайша, уақыт өте активтердің баланста көрсетілетін біріншілік бағасы одан кезең сайын ағымдағы қосымша шығындарды кесу нәтижесінде түседі. Кәсіпорындардың қызмет нәтижелілігін бағалау шін амортизациялық аударымдар қайда түсетіні, демек табыстар мен шығындар туралы есептілік баптарының мөлшеріне қандай әсерін тигізетіні маңызды. Ақшалық ағындармен басқару көзқарасынан амортизацияның салықтарға әсерінің мәні үлкен. Әдетте амортизациялық аударымдар олар тек тура және қосымша шығындар уақытында үлестірудің бухгалтерлік тәсілі болуына қарамастан салықтан босатылады. Менеджерлер ақшалық заттар ағынын ағымдағы кезеңдегі салық төлеуден минималдау үшін амортизацияға ең жоғары аударымдар ставкасын белгілейді, ол заңмен рұқсат етілген. Тозуды есептеу тәсілін таңдау ішкі бухгалтерлік есепті жүргізу үшін және есептілікті құру үшін бір тәсілді, ал табыс салығын есептеу үшін басқасын қолдануға мүмкіндік беретін салықтық заңнамамен жеңілдетіледі. Тауарлы-материалды активтердің бағасын анықтау үшін бұған рұқсат берілмейді. Осылайша, компания екі тәсілдің де артықшылығын қолдана алады: есептілікте едәуір үлкен табысты көрсету үшін тозуды есептеудің едәуір баяу жылдамдығын және төленетін салықтардың сомасын азайту үшін амортизацияның тездетілген жылдамдығын.

Негізгі заттар өндіріс процесіне қатыса отырып, өзінің пайдалы қасиеттерін жоғалтатыны белгілі.

Капиталдың ағымдағы бағасына қатысты жылдамдатылған амортизация кейбір артықшылықтар береді, себебі нәтижесінде салық сомасының өсуі болшаққа орын ауыстырады. Басқаша айтқанда, жобаның өмірлік циклының алғашқы жылдарында «салықтық қалқан» әсері тозуды біркелкі есептеуге қарағанда маңызды болады. Сәйкесінше активтер қызметі мерзімінің қысқаруы жобаның алғашқы сатыларында едәуір маңызды салықтық жеңілдіктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Инвестициялық жобадан болатын пайда капиталдың ағымдағы бағасы көзқарасынан артады, егер компанияның салық салынатын табысы алғашқы амортизациялық аударымдарды асыру артықшылықтарын пайдалану үшін жеткілікті мөлшерде жоғары болса.

Шаруашылық субъектілер өзінің есептік саясатында амортизацияны есептеудің келесі тәсілдерін қолдануға құқылы:

- 1) бағаны біркелкі (түзу сызықты) шығынға жазу тәсілі;
- 2) бағаны орындалған жұмыс көлеміне пропорционалды түрде шығынға жазу;
- 3) жылдамдатылған шығынға жазу тәсілі:
 - азайтылатын қалдық тәсілі;
 - сандар сомасы бойынша бағаны шығынға жазу тәсілі (кумулятивті тәсіл);
 - қосарлы регрессия тәсілі.

«Ансат» жобасы мысалында «салықтық қалқан» болып табылатын амортизацияның маңыздылығын көрсетеміз. Бұл «салықтық қалқан» әсерінің түрлі тәсілдерін көрсету мүмкіндіктерінің бірі. Салықтық заңнамамен рұқсат етілген жылдамдатылған амортизация жобаның алғашқы өмір сүру жылдары пайдалығын едәуір арттыру тенденциясына ие болады.

«Ансат» компаниясы қол еңбегін анағұрлым өндірушілік автоматтандырылған технологияға ауыстыруға ұмтыла отырып орнатуды қоса

алғанда бағасы 120 000 теңге болатын 10 жыл қызмет ететін жабдықты сатып алу мүмкіндігін ойластыруда. Осы уақыт ішінде тозу есептілікте де, салықтық декларацияда да түзу сызықтық тәсілмен шығынға жазылады. Бұл жағдайда жою бағасы нөлге тең болады. Күтілмелі бас пайда – еңбек өндірушілігін арттыру және материалдар бұзылуының азаюы нәтижесіндегі үнемдеу. Бір жылдағы таза үнемдеу 25 000 теңгені құрайды. Мерзім соңында жабдықты шығынға жазылады. Табыс өсімі салығы – 38%. Инвестициялар салықтан кейінгі табыс бойынша 10% пайданы қамтамасыз етеді. Амортизацияны әртүрлі тәсілдермен есептеудің нұсқаларын аламыз (азайтылатын қалдық тәсілімен, кумулятивті тәсілмен, қосарлы регрессия тәсілімен) және әр жағдай үшін есептейміз:

- Инвестициялық капиталдың өтелімпаздық мерзімі;
- Инвестициялық капитал табыстылығы;
- Қарапайым табыс нормасы (NPV);
- Табыстылық индексі (PI);
- Табыстылықтың ішкі нормасы (IRR);
- Алынған мәліметтерді салыстырайық.

Берілген инвестициялық жобаның ұтымдылық критерийлерін түзу сызықты амортизацияны қолданып есептеу келесі нәтижелерді береді:

Пайда өсімі тең (теңгеде): $25\ 000 - 12\ 000 = 13\ 000$;

Пайда өсімі салығы (теңгеде): $13\ 000 \cdot 38\% = 4\ 940$;

Бір жылдағы таза ақшалық ағын (теңгеде): $25\ 000 - 4\ 940 = 20\ 060$;

Өтелімпаздық мерзімі (жылдарда): $5 + [(120\ 000 - 100\ 300) / 20\ 060] = 5,982$;

Инвестициялық капитал табыстылығы (%): $[20\ 060 / 120\ 000] \cdot 100\% = 16,72$;

Қарапайым табыс нормасы (теңгеде): $NPV(10\%) = 20\ 060 \cdot 6,145 - 120\ 000 = 3\ 268,7 > 0$;

Табыстылық индексі: $PI = 123\ 268,7 / 120\ 000 = 1,027 > 1$;

Табыстылықтың ішкі нормасы (%) – IRR:

$NPV(12\%) = 20\ 060 \cdot 5,650 - 120\ 000 = -6\ 661 < 0$,

$IRR = 10,658\% > 10\%$.

Пайда өсімі, теңге	Пайда өсімі салығы, теңге	Бір жылдағы таза ақшалық ағын, теңге	Өтелімпаздық мерзімі, жылдар	Инвестициялық капитал табыстылығы, %	NPV (10%), теңге	PI	IRR, %
13 000	4 940	20 060	5,982	16,72	3 268,7	1,027	10,658

Барлық критерийлер бойынша жоба тартымды. Ол қазіргі кезде қойылатын талаптарға жасау береді.

Амортизацияны азайтылған қалдық тәсілімен есептеуде келесі көрсеткіштерді аламыз:

Амортизация нормасы былай анықталады: $A = 100\% / 10 = 10\%$.

Жылдар	Жабдықтың қалдық құны, теңге	Амортизация нормасы, %	Бір жылға есептегендегі амортизация сомасы, теңге
1	120 000	10%	12 000
2	108 000	10%	10 800
3	97 200	10%	9 720
4	87 480	10%	8 748
5	78 732	10%	7 873,2
6	70 858,8	10%	7 085,88
7	63 772,92	10%	6 377,292
8	57 395,628	10%	5 739,5628
9	51 656,0652	10%	5 165,60652
10	46 490,45868	10%	4 649,045868

Бұл жағдайда жою бағасы тең болады:

$$46\,490,45868 - 4\,649,045868 = 41\,841,41281$$

Жылдар	Пайда өсімі, теңге	Салық сомасы, теңге	Таза ақшалық ағын (ТАА), теңге	Жоба басынан ТАА сомасы, теңге	Дисконт-тау факторы (10%)	Дисконт-талған ТАА (10%)	Дисконт-тау факторы (12%)	Дисконт-талған ТАА (12%)
1	13 000	4 940	20 060	20 060	0,909	18 234,54	0,893	17 913,58
2	14 200	5 396	19 604	39 664	0,826	16 192,9	0,797	15 624,39
3	15 280	5 806,4	19 193,6	58 857,6	0,751	14 414,39	0,712	13 665,84
4	16 252	6 175,8	18 824,24	77 681,84	0,683	12 856,96	0,636	11 972,22
5	17 126,8	6 508,2	18 491,816	96 173,656	0,621	11 483,42	0,567	10 484,86
6	17 914,1	6 807,4	18 192,6344	114 366,29	0,564	10 260,65	0,507	9 223,666
7	18 622,7	7 076,6	17 923,371	132 289,66	0,513	9 194,689	0,452	8 101,364
8	19 260,4	7 319	17 681,0339	149 970,7	0,467	8 257,043	0,404	7 143,138
9	19 834,4	7 537,1	17 462,9305	167 433,63	0,424	7 404,283	0,361	6 304,118
10	20 351	7 733,4	17 266,6374	184 700,26	0,386	6 664,922	0,322	5 559,857
11	41 841,4	15 900	25 941,6759	210 641,94	0,386	10 013,49	0,322	8 353,22
				210 64,194		124 977,3		114 346,2

Осылайша, берілген инвестициялық жоба нәтижелілігінің амортизацияның азайтылған тәсілімен есептелгендегі критерийлері келесідей:

Өтелімпаздық мерзімі (жылдарда): $6 + [(120\,000 - 114\,366,29) / 21\,064,194] = 6,267$;

Инвестициялық капитал табыстылығы (%): $[21\,064,194 / 120\,000] \cdot 100\% = 17,55$;

Қарапайым табыс нормасы (теңгеде): $NPV(10\%) = 124\,977,3 - 120\,000 = 4\,977,3 > 0$;

Табыстылық индексі: $PI = 124\,977,3 / 120\,000 = 1,041 > 1$;

Табыстылықтың ішкі нормасы (%) – IRR:

$NPV(12\%) = 114\,346,2 - 120\,000 = -5\,653,8 < 0$,

$IRR = 10,936\% > 10\%$.

Өтелімпаздық мерзімі, жылдар	Инвестициялық капитал табыстылығы, %	NPV (10%), теңге	PI	IRR, %
6,267	17,55	4977,3	1,041	10,936

Амортизацияны кумулятивті тәсілмен есептеу келесі көрсеткіштерге алып келеді:

Кумулятивті сан тең: $1 + 2 + 3 + 4 + 5 + 6 + 7 + 8 + 9 + 10 = 55$.

Бірінші жылда амортизациялық аударымдар: $(10 / 55) \cdot 120\,000$.

Екінші жылда амортизациялық аударымдар: $(9 / 55) \cdot 120\,000$.

Үшінші жылда амортизациялық аударымдар: $(8 / 55) \cdot 120\,000$ және т. с. с. $(1 / 55) \cdot 120\,000$ дейін.

Жылдар	Бір жыл есебіндегі амортизация сомасы, теңге	Жоба басынан амортизация сомасы, теңге	Жабдықтың қалдық құны, теңге
1	21 818,18182	21 818,1818	98 181,81818
2	19 636,36364	41 454,5455	78 545,45455
3	17 454,54545	58 909,0909	61 090,90909
4	15 272,72727	74 181,8182	45 818,18182
5	13 090,90909	87 272,7273	32 727,27273
6	10 909,09091	98 181,8182	21 818,18182
7	8 727,272727	106 909,091	13 090,90909
8	6 545,454545	113 454,545	6 545,454545
9	4 363,636364	117 818,182	2 181,818182
10	2 181,818182	120 000	0

Бұл жағдайда жою бағасы нөлге тең.

Жылдар	Пайда өсімі, теңге	Салық сомасы, теңге	Таза ақшалық ағын (ТАА), теңге	Жоба басынан ТАА сомасы, теңге	Дисконт-тау факторы (10%)	Дисконт-талған ТАА (10%)	Дисконт-тау факторы (12%)	Дисконт-талған ТАА (12%)
1	3 181,82	1 209,1	23 790,9091	23 790,909	0,909	21 625,94	0,893	21 245,28
2	5 363,64	2 038,2	22 961,8182	46 752,727	0,826	18 966,46	0,797	18 300,57
3	7 545,45	2 867,3	22 132,7273	68 885,455	0,751	16 621,68	0,712	15 758,5
4	9 727,27	3 696,4	21 303,6364	90 189,091	0,683	14 550,38	0,636	13 549,11
5	11 909,1	4 525,5	20 474,5455	110 663,64	0,621	12 714,69	0,567	11 609,07
6	14 090,9	5 354,5	19 645,4545	130 309,09	0,564	11 080,04	0,507	9 960,245
7	16 272,7	6 183,6	18 816,3636	149 125,45	0,513	9 652,795	0,452	8 504,996
8	18 454,5	7 012,7	17 987,2727	167 112,73	0,467	8 400,056	0,404	7 266,858
9	20 636,4	7 841,8	17 158,1818	184 270,91	0,424	7 275,069	0,361	6 194,104
10	22 818,2	8 670,9	16 329,0909	200 600	0,386	6 303,029	0,322	5 257,967
				20 060		127 190,1		117 646,7

Осылайша, берілген инвестициялық жоба нәтижелілігінің амортизацияның кумулятивті тәсілімен есептелгендегі критерийлері келесідей:

Өтелімпаздық мерзімі (жылдарда): $5 + [(120\,000 - 110\,663,64) / 20\,060] = 5,465$;

Инвестициялық капитал табыстылығы (%): $[20\,060 / 120\,000] \cdot 100\% = 16,716$;

Қарапайым табыс нормасы (теңгеде): $NPV(10\%) = 127\,190,1 - 120\,000 = 7\,190,1 > 0$;

Табыстылық индексі: $PI = 127\,190,1 / 120\,000 = 1,0599 > 1$;

Табыстылықтың ішкі нормасы (%) - IRR:

$NPV(12\%) = 117\,646,7 - 120\,000 = -2\,353,298 < 0$,

$IRR = 11,507\% > 10\%$.

Өтелімпаздық мерзімі, жылдар	Инвестициялық капитал табыстылығы, %	NPV (10%), теңге	PI	IRR, %
5,465	16,716	7 190,14	1,0599	11,507

Амортизацияны қосарлы регрессия тәсілімен есептеу келесі көрсеткіштерге алып келеді:

Жылдар	Бір жыл есебіндегі амортизация сомасы, теңге	Жоба басынан амортизация сомасы, теңге	Жабдықтың қалдық құны, теңге
1	120 000	20%	24 000
2	96 000	20%	19 200
3	76 800	20%	15 360
4	61 440	20%	12 288
5	49 152	20%	9 830,4
6	39 321,6	20%	7 864,32
7	31 457,28	20%	6 291,456
8	25 165,824	20%	5 033,1648
9	20 132,6592	20%	4 026,53184
10	16 106,12736	20%	3 221,225472

Бұл жағдайда жою бағасы тең болады:

$16\,106,12736 - 3\,221,225472 = 12\,884,90189$

Жылдар	Пайда өсімі, теңге	Салық сомасы, теңге	Таза ақшалық ағын (ТАА), теңге	Жоба басынан ТАА сомасы, теңге	Дисконт-тау факторы (10%)	Дисконт-талған ТАА (10%)	Дисконт-тау факторы (12%)	Дисконт-талған ТАА (12%)
1	1 000	380	24 620	24 620	0,909	22 379,58	0,893	21 985,66
2	5 800	2 204	22 796	47 416	0,826	18 829,5	0,797	18 168,41
3	9 640	3 663,2	21 336,8	68 752,8	0,751	16 023,94	0,712	15 191,8
4	12 712	4 830,6	20 169,44	88 922,24	0,683	13 775,73	0,636	12 827,76
5	15 169,6	5 764,4	19 235,552	108 157,79	0,621	11 945,28	0,567	10 906,56
6	17 135,7	6 511,6	18 488,4416	126 646,23	0,564	10 427,48	0,507	9 373,64
7	18 708,5	7 109,2	17 890,7533	144 536,99	0,513	9 177,956	0,452	8 086,62
8	19 966,8	7 587,4	17 412,6026	161 949,59	0,467	8 131,685	0,404	7 034,691
9	20 973,5	7 969,9	17 030,0821	178 979,67	0,424	7 220,755	0,361	6 147,86
10	21 778,8	8 275,9	16 724,0657	195 703,74	0,386	6 455,489	0,322	5 385,149
10	12 884,9	4 896,3	7 988,63917	203 692,38	0,386	3 083,615	0,322	2 572,342
				203 692,38		127 451		117 680,5

Берілген инвестициялық жоба нәтижелілігінің амортизацияның қосарлы регрессия тәсілімен есептелгендегі критерийлері келесідей:

Өтелімпаздық мерзімі (жылдарда): $5 + [(120\,000 - 108\,157,79) / 20\,369,238] = 5,581$;

Инвестициялық капитал табыстылығы (%): $[20\,369,238 / 120\,000] \cdot 100\% = 16,97$;

Қарапайым табыс нормасы (теңгеде): $NPV(10\%) = 127\,451 - 120\,000 = 7\,451 > 0$;

Табыстылық индексі: $PI = 127\,451 / 120\,000 = 1,062 > 1$;

Табыстылықтың ішкі нормасы (%) - IRR:

$NPV(12\%) = 117\,680,5 - 120\,000 = -2\,319,5 < 0$,

$IRR = 11,525\% > 10\%$.

Өтелімпаздық мерзімі, жылдар	Инвестициялық капитал табыстылығы, %	NPV (10%), теңге	PI	IRR, %
5,581	16,97	7 451,00	1,062	11,525

Көрнекілік үшін барлық есептік мәліметтерді бірыңғай кесеге келтіреміз.

Амортизацияны есептеу тәсілі	Өтелімпаздық мерзімі, жылдар	Инвестициялық капитал табыстылығы, %	NPV (10%), теңге	PI	IRR, %
Түзу сызықты есептеу	5,982	16,72	3 268,7	1,027	10,658
Азайтылған қалдық	6,267	17,55	4 977,3	1,041	10,936
Кумулятивті	5,465	16,716	7 190,14	1,0599	11,507
Қосарлы регрессивті	5,581	16,97	7 451,00	1,062	11,525

– ең жақсы көрсеткіш;

– ең нашар көрсеткіш.

Осылайша, бұл талдауда амортизация есебінің төрт тәсілі қарастырылды:

- 1) түзу сызықты есептеу;
- 2) азайтылған қалдық;
- 3) кумулятивті тәсіл;
- 4) қосарлы регрессивті тәсіл.

Бұл талдаудың мақсаты: амортизацияны есептеудің түрлі тәсілдері жобалар табыстылығының негізгі көрсеткіштеріне қалай әсер ететінін анықтау. Берілген жағдайда бұл көрсеткіштер: инвестициялардың өтелімпаздық мерзімі, инвестициялық капитал табыстылығы, қарапайым табыс нормасы, таза ағымдағы баға (NPV), табыстылық индексі (PI), табыстылықтың ішкі нормасы (IRR). Жүргізілген талдаудан анағұрлым аз тартымдылықты амортизацияны түзу сызықты есептеу тәсілі екені көрініп тұр – мұнда қарапайым табыс нормасы, таза ағымдағы баға (NPV), табыстылық индексі (PI), табыстылықтың ішкі нормасы (IRR) көрсеткіштері ең төменгі мән берді. Ал анағұрлым тартымды тәсіл қосарлы регрессивті болып шықты, мұнда – NPV, PI, IRR бойынша ең үлкен көрсеткіштер. Бұл ең алдымен қосарлы регрессивті тәсілде, жылдамдатылған

кыскарту тәсілінде түзу сызықты есептеу тәсіліне қарағанда екі еселенген норма қолданылуымен түсіндіріледі. Барлық ірі компаниялар әдетте бухгалтерлік есептің екі тобын жүргізеді: біреуі – өз акционерлері үшін, ал екіншісі – салық қызметі үшін. Акционерлер үшін есепте біркелкі амортизация, ал салық салуға – жылдамдатылған амортизация қолданылады. Салық қызметі мұндай қулыққа қарсы емес, осының арқасында фирмалар жарияланатын есептіліктерінде барлық жағдайда жылдамдатылған амортизация қолданғаннан гөрі жоғары табысты көрсетеді. Сонымен бірге салық салу мақсаты үшін және акционерлер алдындағы есептілік үшін бухгалтерлік есепте басқа да түрлі айырмашылықтар бар. Акционерлер алдындағы дайын есептілікте фирма біркелкі амортизация тәсілін, ал өзінің салық есебінде жылдамдатылған амортизация тәсілін қолдана алады (сонымен қатар активтердің экономикалық өмірінің қысқа мерзімін белгілеуге болады). Осы және басқа да заңды және мәдениетті әрекеттермен табысты компаниялар кейде толығымен салықтан құтылып жүр. Шамамен барлық компаниялар жарияланатын есептіліктерге қарағанда аз салық төлейді. Салық сомаларымен нақты төленген есептік салықтық ауытқулар арасындағы жылдық ауытқулар қаржылық есептіліктің қосымшаларында түсіндіріледі. Кумулятивті айырмашылық баланста «салықтар бойынша мерзімі өткен қарыз» бабы бойынша көрсетіледі, алайда тым үлкен салықтық қорғанысы бар компаниялар үшін мұнда тұзақ жасырылған: бұл минималды баламалы салық. Бұл салық салынатын табысты қайта есептеуді талап етеді, оны жүргізуде жылдамдатылған амортизациядан түскен пайданың бөлігі және салық салуда шегерілетін кейбір өзге баптар қайта қосылады. Баламалы минималды салық әдетте алынған көлемнің 20% құрайды. Арендалық төлем баламалы минималды салық есебінде табысқа қайта қосылатын бапқа жатпайтыны белгілі. Егер сіз жабдықта сатып алмай, жалға алсаңыз, салықтық амортизация баламалы минималды салық сияқты аз болады. Егер жалға беруші баламалы минималды салыққа түспесе және амортизациялық салықтық қорғанысты жалға алушыға едәуір арендалық төлемге бере алса, онда таза ұтыс болады. Жылдамдатылған амортизация салық төлеу мерзімін ұзартады, бірақ олардан босатпайды. Есеп жүйелерін мұндай бөлу барлық жерде кездеспейді. Жапонияда, мысалы, акционерлер алдындағы есептілікте көрсетілетін салық сомалары үкіметке төленген нақты салықтармен сәйкес болуы тиіс, Францияда және басқа еуропалық елдерде де дәл осылай.

ГЛОССАРИЙ

Тозу – бұл негізгі заттардың физикалық және моральды сипаттарын жоғалту процесі. Тозудың екі түрін ажыратады:

1) физикалық; 2) моральды.

Негізгі заттардың физикалық тозуы өндіріс процесіне және негізгі заттардың эксплуатациясына қатысы жоқ, бірақ ылғалдылық, тот басу, ескіру сияқты сыртқы факторлардың әсерінен болатын тозуға қатысуы нәтижесінде туындайды.

Негізгі заттардың моральды тозуы техникалық прогреспен, өндіріс тәсілдерінің жетілуімен және жанаруымен байланысты. Техниканы және технологияны жетілдіру қолданыстағы ұқсас негізгі заттардың арзандауына себеп болады.

Амортизация – бұл тозудың бағалық сипаты, шығындардың ақшалық емес бабы (яғни ақшалық емес түрдегі аударымдар). Біз үшін оның мәні тек салық салынатын табысты азайтатындығында. Ол көлемі есептелген амортизация мен салықтың шектік ставкасының қосындысына тең жыл сайынғы салықтық қорғанысты қамтамасыз етеді.

Нарықтың макрожүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын аутсорсингтің әлеуметтік-экономикалық жүйесінің моделі

Талғат ДЕМЕСІНОВ,

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың
Қаржы және есеп кафедрасының доценті,
экономика ғылымдарының кандидаты

Елімізде «Аутсорсингтің коммерциялық жүйесі» түсінігі әзірше толық зерттелмеген. Компания қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін ұйымның оңтайлы даму стратегиясы мен жаңа әдістерін іздестіруге бағытталған басқарудың маңызды ғылым-тәжірибелік проблемаларын шешу мақсатында ғылыми тұрғыдан негіздеуді қажет етеді. Себебі стратегиялық басқарудың қазіргі заманғы даму моделінің негізінде аутсорсингтің мазмұны, оның формалары мен әдістері жатыр.

Күрделі біртұтас әлеуметтік-экономикалық жүйенің объектісін зерттеудің негізінде ғылыми зерттеудің бағытталған әдіснамасы мен нақты ұйымдық құрылым деңгейіндегі іс жүзіндегі қызметі түріндегі жүйелі талдау жататыны белгілі.

Зерттеу барысында жүйелік теория қағидаларына сәйкес, аутсорсингтің нарықтың макрожүйесінің құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік-экономикалық жүйесінің орны анықталды. Ол 1 – суретте көрсетілген.

Ол жүйені келесі функционалдық тәуелділік түрінде өрнектеуге болады:

$$S_a = f(U, I, C, M, L) \quad [1]$$

Мұндағы: U – жүйенің бастапқы құрамдас бөліктері (элементтері, нарықтық орта факторлары, аутсорсинг саласының субъектілері мен объектілері);


I – аутсорсинг саласының қызмет атқаруын қамтамасыз ететін құрамдас элементтердің өзара үйлесуі (кешен, жиынтық, жиын – нарықтық, өндірістік, әлеуметтік инфрақұрылым);

C – интеграцияланған коммуникациялар түріндегі өзара байланыстар, қатынастар;

M – тиімді нарықтық қатысу мақсатында қолданылатын маркетинг құралдары (баға, үлестіру, нарыққа шығару, позицияландыру (нарықтағы орнын табу));

L – ағым процестерін басқару механизмін жүзеге асыруға бағытталған логистика формалары мен әдістері (тауарлық, ақпараттық, ақша қаражаттары, нарықтық ағымдар);

Аутсорсингтің коммерциялық жүйесінің негізгі элементтеріне нарықтық айналымның экономикалық субъектілері кіреді. Олар нарықтық ортаға өнімдерді өндіріп, шығару арқылы ұлғаймалы өндіріс процесінің сапасы мен тиімділігіне тікелей ықпалын тигізеді.



1 – сурет. Нарықтың макрожүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын аутсорсингтің әлеуметтік-экономикалық жүйесінің моделі

Ескертпе: Суретті автор дайындаған.

Бұл жердегі: [1] – супержүйелер; [2] – үш супержүйенің өзара байланыс орталығы болып табылатын нарық макрожүйесінің құрамдас бөлігі ретіндегі

аутсорсинг жүйесі; [3] – нарықтың әлеуметтік-экономикалық макрожүйесінің орталығы және оның сыртқы қатынастарының орталығы; [4] – ішкі және сыртқы байланыстары бар орталықтары белгіленген ұлттық шаруашылық салалары түріндегі құрамдас жүйелерден тұратын әлеуметтік-экономикалық макрожүйенің проекциясы (жобасы); [5] – ұлттық шаруашылық салаларындағы ішкі байланыстар орталықтары; [6] – құрамдас бөлігінің бірі түсті металлургия саласы болып табылатын әлеуметтік-экономикалық құрамдас жүйелерге жататын ұлттық шаруашылықтың жекелеген салалары.

Аутсорсинг жүйесінің негізгі нарықтық элементтеріне сонымен қатар келесі құрамдас бөліктерді жатқызуға болады:

D – қаржыландырудың тұрақты көздері;

Z – тұрақты заңнамалық негіз;

W – мамандардың жоғарғы біліктілігін қамтамасыз ету;

Q – тиімді қаржылық-инвестициялық саясат.

Яғни, мұндай факторлардың функционалдық тәуелділігін келесі формула арқылы көрсетуге болады:

$$V = f(D, Z, W, Q) \quad [2]$$

Өз кезегінде, аутсорсингтің коммерциялық жүйесі бірқатар жекелеген құрамдас бөліктерден тұрады:

N – жекелеген құрамдас бөліктер;

K – олардың әрқайсысының белгілі бір капиталы болады;

F – өзгеріске түсетін ресурстардың факторлар жиынтығы болады;

R – нарықтық орта факторларын ескере отырып, жүзеге асырылатын қызметтер жиынтығы болады.

Олардың арасындағы функционалдық тәуелділік:

$$N = f(K, F, R)$$

Жоғарыдағы тәуелділіктерге қарай отырып, келесі қорытындыға келуге болады. Аутсорсингтің коммерциялық жүйесі – кеңістік пен уақыт факторларын ескере отырып, тиімді негізде коммерциялық қызметтерді жүзеге асыру мақсатында құрылатын коммерциялық қызмет субъектілерінің арасындағы көп түрлі экономикалық қатынастардың динамикалық жүйесі.

Түсті металлургия саласындағы аутсорсинг тұжырымдамасының негіздемесіне мыналар кіреді: мақсаттары, міндеттері, басқару қағидалары, түсті металлургия саласындағы желілік интеграцияның (бірігудің) негізіндегі аутсорсингтің жіктелік белгілері.

Қазақстанда нарықтық экономиканың дамуы қызмет көрсету саласына ерекше мән берілетін жаңа экономикалық, әлеуметтік, қаржылық және басқа қатынастардың қалыптасуымен сипатталады. Шаруашылық механизмінің аса маңызды элементі болып табылатын қызмет көрсету саласына деген ғылыми қызығушылық қазіргі экономикалық дамудың инновациялық сипатына байланысты арта түсуде. Экономикалық дамудың қазіргі заманғы негізгі бағыттарына мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру, халықтың әл-ауқатын жақсарту және еліміздің әлемдегі абыройын арттыру жататыны белгілі.

Аутсорсингтің коммерциялық жүйесін басқару процесі маркетинг, логистика және контроллинг құрамдас жүйелері кіретін әртүрлі менеджмент жүйелерінің сапалық индикаторлары мен қызметінің көрсеткіштеріне тәуелді.

Контроллинг – ұзақ мерзімді болашақта кәсіпорынның (ұйымның) тұрақты дамуы мен ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған басшылардың ойлау жүйесі мен философиясы болып табылады.

Аутсорсингтің коммерциялық жүйесінің қызмет етуі жағдайында контроллингтің ықпалы өсе түсуде: өнімнің өзіндік құнының есебі мен калькуляциясынан бастап, есеп жүргізу жүйесін реттеу сатысынан өтіп, қазіргі уақытта контроллинг компанияның әлеуметтік-экономикалық дамуын басқару қызметінің барлық жақтарын қамтиды.

Қосалқы процестерді орындау үшін сыртқы ұйымдарға сеніп тапсыру арқылы кәсіпорын менеджерлері барлық күш пен ресурстарды негізгі қызмет түрлеріне жұмылдыра алады.


Біздің пікірімізше, аутсорсинг тұжырымдамасы өнімнің жоғарғы сапасын қамтамасыз ете отырып, қызмет көрсетушілер тарапынан уақытында тапсырыстарды орындап, жалпы шығындарды онтайландыру жағдайында тұтынушылар мен тапсырыс берушілердің сұраныстарын барынша қанағаттандыруға бағытталған, ұйымдастырудың мақсаттарының, міндеттердің, қағидаларының кешенді жиынтығы түріндегі корпоративтік философиясының көрінісі болып табылады.

2-ші суретте түсті металлургия саласындағы кәсіпорынның аутсорсер компаниямен өзара қарым-қатынасын және басқарушылық шешімдерді қабылдауға қажетті кері байланыстарын көрсететін сызбасы көрсетілген.

Аутсорсингті ұйымдастырудың мақсаттары, міндеттері, қағидаларымен қатар өзара қарым-қатынас механизмінің маңызды элементіне соңғы тұтынушының қанағаттану дәрежесін көрсететін кері байланыс жатады.

Аутсорсинг жүйесін қолданудың қажеттілігін негіздеудің іргелі критерийлеріне мыналар жатады:

- әрбір бизнес-процестің орындалу күрделілігін, жұмыстардың өзіндік құнын және корпоративтік ресурстарының жеткіліктілігін ескере отырып, әрбір позициясының (құрамдас бөлігінің) маңыздылығы;
- қамтамасыз ету стратегиясының ерекшеліктері, атап айтсақ, қандай бөлшектерді өз бетімізбен дайындап, қайсыларын аутсорсинг келісім-шартына сәйкес сырттан сатып алу;
- қажетті сапаны, шығындар деңгейін азайту мөлшерін, тапшы ресурстарды, құрылғыларды, жабдықтарды, біліктілігі жоғары жұмыскерлерді босатуды қамтамасыз ете алмау себептерінің жиынтығын анықтау;
- қызмет көрсетушілердің сенімсіздігі, жабдықтаушының монополиясына болашақта тәуелді болып қалу мүмкіндігі, басқарушылық шешімдер мен бақылау шараларын қабылдау жеделдігінің төмендеуі, баяулауы сияқты себептермен аутсорсингті қолданудан бас тарту критерийлері және басқалары.



2 – сурет. Металлургиялық компанияның аутсорсинг қызметтерін көрсетушілермен өзара қарым-қатынас сызбасы.

Ескертпе: Суретті автор дайындаған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасындағы металлургия саласы. Анықтамалық жинақ. – Өскемен, 2009 жыл
2. www.lusiness.ru.

Қазақстанда қазіргі қоршаған ортаны қорғау жағдайы және қайталама ресурстарды пайдалануын талдау

Алтын ЕСІРКЕПОВА,
М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың доценті,
экономика ғылымдарының кандидаты

Табиғи ресурстардың молшылығы, территорияның кеңдігі және халық тығыздығының төмен деңгейі қоршаған ортаға деген немқұрайлы көзқарас қалыптасқанына әсер еткен. Жаңа егеменді экономикалық тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен дамуының шағында қалдықтар мәселесі экологиялық көзқарастардан алғандағына қарағанда әлдеқайда күрделі болуы мүмкін [1]. Жыл сайын бүкіл дамыған елдерде адам басына шаққанда 15 тонна қалдықтар жиналады, шикізат экономикасы дамыған елдерде бұл көрсеткіш 100 тоннаға дейін өседі, Қазақстанда бұл көрсеткіш 60 тоннаға жуық. Өндіріс және тұтыну қалдықтарының жиналуы мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Қалдықтардың пайда болуының негізгі себептерінің бірі: шаруашылық жүргізудің тиімсіздігі, бұрын пайда болған және қайта қалыптасқан қалдықтар бойынша экономикалық ынталандырудың жоқтығы, сонымен қатар қалдықтармен жұмыс істеу бойынша арнайы заңдардың жоқтығы мен нормативтік базаның ескіргендігі. Ресурстық шикізатқа бағытталған Қазақстанның табиғатты пайдалану индустриясы жылына адам басына 50 тоннадан астам әртүрлі заттарды өндіреді [2]. Қазақстан территориясында 22 млрд. тоннадан астам қалдықтар жиналған, олардың ішіндегі 7 млрд. тоннадан астамы улы болып келеді. Батыс Қазақстандағы мұнайлы ластанудың жалпы ауданы 194 мың га, төгілген мұнайдың көлемі 5 млн. тоннадан астам мөлшерді, газдың қайтымсыз шығындары жылына 740 млн. м³ астам мөлшерді құрайды [3].

Қазіргі кезде Қазақстанда радиоактивті қалдықтардың 230 млн. тоннасы жиналды [4]. ҚР Агенттігінің ақпараты бойынша Қазақстанда токсинді қалдықтар жылдан жылға көбейіп отыр. Қазақстанда жыл сайын 1 млрд. тоннаға дейінгі өндірістік қалдықтар және 20 млн. м³ дейінгі тұрмыстық қалдықтар түзіледі [5, 6]. Сонымен қатар, өндірістік қалдықтардың көбісі тау-кен өндірісінің (56,0%), өңдеуші өндірістерден (36,0%) және су, газ, электр энергиясын тарату өндірістері (7,0%) есебінен жиналады.

Өндірістік қалдықтар жиналуының негізгі үлесі Қарағанды (29,0%), Шығыс Қазақстан (26,0%), Қостанай (26%) облыстарына тиесілі және тау-кен өндіру

өнеркәсібінің беттік жыныстары, байытылудың қалдықтары, күлді шлакты қалдықтар түрінде келеді. Пайдалы қазбалардың көптеген кеніштері тасталынып кетті немесе экологиялық талаптарды ескерместен қолданыстан шығарылған болатын және бүгінгі күні қоршаған орта үшін қауіпті (Жоғарғы Қайыңды, Чекмарь және т.б. кен орындары) болып келеді.

Атырау облысында өндірістік қалдықтардың жиналуының өсуі ЖШС «Тенгизшевроилдың» екінші буынды зауытына арналған жаңа кенттің құрылыс жұмыстарына байланысты. Алайда мұнай кәсіпшіліктерінің басты мәселесі күкірттің үлкен мөлшерлерінің жиналуы (7 млн. т. астам) болып табылады.

Ақтөбе облысындағы қазіргі күнгі қоршаған ортасының ең ірі ластанушысы АҚ «Ақтөбенің хром қосылыстарының зауыты» болып танылды. Зауыт шығарылымдарының 80% астамын газ тәрізді заттар құрайды. Олардың 60% атмосфераға ешқандай тазаланбастан бөлінетін көміртегі тотығына тиесілі болады [7]. Өндірістік қалдықтардың мәселелері – олардың қайта қолданылуы, залалсыздандырылуы, көмілуі, трансшекаралық тасымалы – қоршаған ортаны қорғау және табиғатты рационалды пайдаланудың көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады [8, 9].

Көптеген пайдалы қазбалардың кен орындары экологиялық талаптың ескеруінсіз пайдаланудан шығарылып тасталынғанын және оның қоршаған ортаға зиянын кетіретінін ескеруіміз керек. Нәтижесінде, топырақ, жерасты және жерүсті сулары интенсивті ластануда. Көптеген тасталымдардың көлемі көбейіп жаңа техногенді ландшафттар түзеді. Бұл террикон мен әбден тозған жердің деңгейінің өсуіне байланысты интенсивті шаңтүзгіш көзіне айналады. Сонымен қатар, республикада әртүрлі қалдықтарды қайталап өңдеу технологиясы бар өндіріс орындары аз.

Қалдықтардың жыл сайынғы көбеюінің бірден бір себебі Қазақстандағы заңды-құқықтық базаның жетілмегендігі. Қалдықтарды азайту, қайта өңдеу және қалдықсыз өндірісті жасау бойынша іс-шаралар ынталандырылмайды. Тек ҚР Экономикалық кодексында қоршаған ортаны қорғау бойынша экономикалық жетілдіру туралы атап айтылған. ҚР Қоршаған ортаны қорғау бойынша министрлігі зиянды қалдықтар көздерінің кадастрын жасауда. Қалдықтардың айтарлықтай мөлшері асыл және түсті металды өндіру, бариттің, күкірттің және басқалардың элементтерін қосымша өндіруден пайда болады.

Өндірістік қалдықтардың жиналуының экологиялық жағдайын тұрақтандыру үшін:

- рентабельді емес кен орындарды жою және консервілеу бойынша жұмыстарды қаржыландыру бойынша механизмдерді жасау және енгізу;
- қалдықсыз технология мен техногенді кен орындарында бағалы заттарды алу бойынша технологияны жасау және енгізу;
- іске қосылған өндірістерде қалдықтардан бағалы заттарды алу бойынша жаңа технологияларды, материалдар мен жабдықтарды енгізу.

Радиоактивті қалдықтарды пайдаланудың мәселесі 50 жылдан астам мамандар мен бүкіл қоғам назарының ортасында жүрді. Бірақ осы уақыт аралығында тек оны шешудің тиімді әдісі табылмай ғана қоймай, сонымен қатар, керісінше, ол одан да күрделі шешілмейтін мәселеге айналып отыр. Егер атомдық кезеңнің даму шағында радиоактивті қалдықтардың негізгі мөлшері зерттеушілік, энергетикалық және әскери қызметтегі ядролық қондырғылардың жұмыстық

материалдарын өндірудің, қайта өңдеудің және қолданудың өнімдерінен тұрса, онда қазіргі кездегі номенклатурасы олардың орналасқан территориялары (ондағы тұратын адамдарды қоса алғанда) мен инфрақұрылымдарына қызмет ететін осы техникалық қондырғылардың өздерінің арқасында айтарлықтай кеңейді. Атом өндірісі атомдық реакторлар, қаза тапқызатын заттар, ядролық және термоядролық оқ-дәрілер кристалдарының тереңдіктерінде және көптеген радиоактивті көмулердің жер қабаттарында ешкімге бағынбайтын өзінің өмірін сүретін ядролық ыдырау синтезі реакцияларының жалпы бір радиоактивті «қалдығына» айналып та қойды. Жағдай соншалықты күйзелісте, тіпті ядролық технологияларды пайдаланудың осындай түрінің ары қарайғы дамуы экология үшін мүмкін емес, экономикалық тиімсіз және техникалық маңызсыз болып шығады. Алайда, осындай дамудың толық тоқтатылуымен қоршаған ортаның дамып келе жатқан радиоактивті ластануын тоқтату мүмкін болмайды.

ҚР-дағы түзілу көздеріне қарай радиоактивті қалдықтар келесі қалдықтарға жатқызылады:

- уранды өндіретін және өңдейтін кәсіпорындардың және оларға қатысы бар геологиялық барлау жұмыстарының қалдықтары;
- таукен және оны өңдеу кәсіпорындарының қалдықтары, олардың таукен шикізаты радиоактивті элементтердің жоғарғы мөлшеріне ие болады;
- ядролық жарылыстардың қалдықтары;
- энергетикалық және зерттеушілік ядролық қондырғылардың (реакторлардың) қалдықтары;
- радиоизотопты өнімдерді қолданатын кәсіпорындардың қалдықтары.

Республикамызда өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың түзілуі бойынша экологиялық жағдайларды жақсарту мақсатында:

- қоқыс тастайтын жерді инвентаризациялау, яғни жалпы көлемін анықтап жиналған қалдықтардың көлемін анықтау;
- қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) қоймалау және қайта өңдеу бойынша іс-шараларды жүзеге асыратын қызметтерді анықтау;
- қоқысты қайта өңдейтін және қоқысты сорттайтын зауыттарды салу бойынша жобаларды жасауды қаржыландыру үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлу, сонымен қатар ҚТҚ қоймалауға арналған типтік полигондарды жасау;
- барлық жерлердегі қалдықтардың бөлінуін есепке алып жылдық көлемін шығару;
- қалдықтарды анықтау бойынша ақпараттық базаны құру;
- ҚТҚ пайда болуын нормативтерін жасау және бекітуді қамтамасыз ету;
- ҚТҚ утилизациялау, қайта өңдеу бойынша технологияларды енгізу бойынша іс-шараларды жасау;
- қалдықтарды утилизациялау және орналастыру бойынша табиғатты қорғау заңын сақтауды қадағалауды күшейту;
- химикаттар мен қалдықтармен жерді ластаудың зардабын анықтау бойынша әдістерді жасау мен бекітуді қамтамасыз ету;
- берілген мәселелер бойынша шетел тәжірибесін оқып үйреніп және енгізу, және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа хабардар ету.

2008 жылғы көптеп таралған токсинді өндіріс қалдықтардың пайда болуы, оларды қолдану және толық залалсыздандыруды қарастырайық, яғни негізгі

құрастырушы резервінде және ҚР облыстарында пайда болу мөлшері бойынша (1 кесте).

1-кесте – 2008 жылғы көп таралған токсинді өндіріс қалдықтарының пайда болуы, оларды қолдану және толық залалсыздандыру

мың тонна

	токсинді қалдықтарының пайда болуы	өндірісте токсинді қалдықтарды қолдану	токсинді қалдықтарды залалсыздандыру
Барлығы	285149980	25197244,56	31644167,08
олардың ішінде қалдықтар,	0	0	0
құрамында:	0	0	0
мұнай өнімдері	87,032	9832,4908	12141,47
мышьяк	5476,8428	0	0
мұнай шламы	20610,797	46,3496	6396,6496
Қорғасын	11425837	3965651,536	44,8316
Асбест	3432177,5	168435,3572	0
Фтор	53,8384	864,754	0
Фосфор	18478,614	2545,9896	0

1-ші кестедегі берілгендерге сүйене отырып токсинді қалдықтардың жалпы көлемдегі меншікті салмағының көп бөлігін құрамында қорғасыны бар қалдықтар құрайды: 4% пайда болған қалдықтар, 13% қолданылған қалдықтар және тек 0,001% залалсыздандырылғаны. Құрамында мұнай өнімдері бар қалдықтар құрамында қорғасыны бар қалдықтарға қарама-қарсы келеді. Қалдықтардың жалпы массасында мұнай өнімдері бар қалдықтардың бөлігі тек 0,00003% құрайды, осындай қалдық түрін қолдану – 0,04%, ал залалсыздандыру 0,03% құрайды. Берілген жағдай қалдықтар түрінің спецификасына байланысты болады, сонымен қатар қалдықтарды қолдану және залалсыздандыру саласындағы жаңа ғылыми жетістіктеріне байланысты болады.

Сондай-ақ 43 компанияға барлық эмиссиялардың 80% тиесілі болатындығын атап өту қажет. Қоршаған ортаның табиғатын қорғау шараларына бюджетте 557 млрд. теңгеден астам қаражат қарастырылған. Алайда АҚ «Арселор Миталл Темиртау» Болат департаментінде мақсатына қарай 45%, газды тазалау қондырғыларының қалпына келтіру бойынша тәжірибелік-құрылымдық жұмыстарға 32% қолданылды. Аджип ККО кәсіпорындарында орындалған табиғатты қорғау шаралары 6% құрайды, ал ЖШС «Тенгизшевроил» аталған жұмыстардың 60% ғана игерген [10].

Ауылдық өңірлердегі жердің, су көздерінің, ауаның негізгі ластаушы көздерінің бірі органикалық қалдықтар болып табылады. Экологтар үшін ерекше тұрақты органикалық қосылыстардан тұратын қосылыстар (хлор, органикалық пестицидтер, полихлорланған дефинилдер, диоксиндер мен фурандар) туғызады. Олардың ішіндегі ең уыттылығы жоғары адамдар мен жануарлардың фекалиялары болып саналады. Қазақстандағы органикалық қалдықтардың жылдық шығымы 40 млн. тоннаны, олардың мал мен құс шаруашылығындағы шығымы 20 млн. тоннаны, өсімдіктер шаруашылығында 17 млн. тоннаны құрайды. Көптеген органикалық қалдықтарды пайдаланудың айтарлықтай тиімді, экономикалық табысты және экологиялық қауіпсіз әдісі

тыңайтқыштар мен биогазды (метанды) ала отырып, оларды биотехнологиялық өңдеу өткізу болып табылады.

Қалалық инфрақұрылымды функционалдау бойынша мәселелер ерекше көзге түсуде, себебі, адамдардың көп орналасқан жерлері қоршаған ортаға көбірек зиянын тигізеді, яғни ҚРес-ды басқару және қоршаған ортаны қорғауға көбірек қаржы бөлінуі тиіс.

Қала инфрақұрылымның дамуы, әсіресе ірі қалаларда қала тұрғындар санының өсуіне, тұрмыстық қалдықтардың өсуіне алып келеді. Алматы сияқты қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі 1000 тоннаға жетеді. Республикамызда 91 ұйымдастырылған қоқыс тастайтын жер бар, олардың көлемі 1200 га, олардың кейбіреулерінде 14 млн. тоннадан астам қоқыс жиналған. ҚТҚ бойынша бұл көрсеткіш орташа есеппен адам басына $1,25\text{ м}^3$ құрайды. Соңғы жылдары ҚТҚ морфологиялық құрамы өзгерді, өздігінен ыдырайтын биологиялық қалдықтарды полимерлі қалдықтар ығыстырып шығарды, бұл полимерлі қалдықтар өте ұзақ жылдардан кейін ғана ыдырайды. ҚТҚ республикамызда өңделмейді десек те болады, яғни олар жайсыз санитарлы-эпидемиологиялық жағдайлар туғызады. Олардың негізгі массасы ашық қоқыс тасталынатын жерлерде жиналынады, олардың 97,0% табиғатты қорғау заңының талаптарына сәйкес емес. Тек ҚТҚ 5,0%-ға ғана утилизацияланады немесе жандырылады. Сонымен қатар, көптеген қалалық қоқыс тасталынатын жерлерде тұрмыстық қалдықтардан басқа, құрылыстық қалдықтар мен металлолом тасталынады.

ҚТҚ халықтың аз орналасқан орындарында түзіледі. Олардың айтарлықтай бөліктері жинау, тасымалдау және пайдалану кезінде қоршаған ортаны ластай отырып, ірі урбанизацияланған территорияларда генерацияланады. Соңғы уақытқа дейін ірі қалалардағы олардың орташа жинақталуы (500 мыңға жуық тұрғындар мөлшерімен бірге) жыл сайын әр адамға шаққанда орташа алғанда $1,3\text{--}2,2\text{ м}^3$ аралығында ауытқып тұрады. Қалдықтар мөлшерінің өсуіне тұрмыстағы және өндірістегі төмен сапалы тауарлар мен шикізаттарды қолдану мен қалалардағы олардың тұтынуының өсуі себепші болады. Қоқыстарды өңдеу зауыты орналасқан Алматы қаласынан басқа, Қазақстанда залалсыздандырудың жалғыз әдісі қолданылады. Бұл әдіс олардың полигондарда жинақталуы болып табылады. Полигондардың бір бөлігі ресми дәрежесіне, ал қалған көбісі жартылай ресми дәрежесіне (жобасыз жұмыс істейтін) ие болады. Ірі қалалар өздерінің айналасында қалдықтарды жинақтауға мүмкіндігі бар айтарлықтай бос алаңдарға ие болады. Ал қаржылық ресурстардың шектелуі жағдайында ұйымдастырылған қоқыс жинайтын орындар (полигондар) қалдықтарды ұзақ мерзімді және қауіпсіз жерге көмудің ең арзан және қолайлы әдісі болып табылады. 2-ші кестесінде Қазақстанның кейбір қалаларының ҚТҚ жинақталуының көлемдері көрсетілген.

Алматы қаласы тәулігіне ҚТҚ-ның 1200 тоннасына дейінгі мөлшерін «өндіреді» [11]. Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорнының орталық қоқыс орнына ғана күніне 600-700 тоннадан қалдықтарды шығарады. Алматы қаласынан қоқыстарды шығарудың жылдық көлемі шамамен 500 мың тоннаны құрайды. Посткеңесттік кезең жылдарының өзінде ғана қала ішінде және оған жақын жатқан территорияларында ҚТҚ-ның 5-6 млн. тоннасы жерге көмілген. Алматы қаласында компостирлеу әдісімен қалдықтарды өңдейтін Қазақстандағы жалғыз зауыт орналасқан. Зауыт қоқыстардан шикізаттың

төрт түрін бөліп алады: металл, шыны, пластик, қағаз. Қалғандары швед технологиясы бойынша герметикалық пластикалық қабыршаққа оралады да жерге көміледі. Жұмыс істейтін таспаның қуаттылығы 90 мың тонна/жылына немесе қоқыстың барлық көлемінің бестен бір бөлігі болып табылады. ТМД мемлекеттерінің көбісінде қоқысты сақтау технологиялары бойынша қатаң нормалар қабылданған. Мысалы, Белоруссияда (толық өңделу болмаған жағдайда) көптеген он жылдықтар бойына бұзылмайтын полимерлік қабыршақты қолдана отырып, қалдықтарды жерде көму арқылы утилизациялайды [12].

2-кесте – Қазақстанның кейбір қалаларының ҚТҚ жинақталуының көлемдері

Қала	Орташа жинақталулар, м^3 , жыл/адам	Жинақталулар көлемі, мың м^3	Полигонның ауданы	Ескертулер
Павлодар	1,82	572,3	25,3	Полигон шығысқа қарай қаладан 7 км қашықтықта орналасқан
Көкшетау	1,36	159,8	14,0	Қопа көлінің ластану қаупі
Талдықорған	1,61	146,4	14,0	
Қостанай	1,61	350	28,0	Полигон төменде орналасқан
Астана	1,89	548	27,0	Полигон қаланың ішінде орналасқан
Орал	1,22	270,7	12,8	Полигон Орал өзенінің жағасында орналасқан
Тараз	1,27	405,3	15,2	Полигон солтүстік-батысқа қарай қаладан 25 км қашықтықта орналасқан
Жезқазған	1,32	235	12,5	
Қапшағай	1,67	82,1	13,8	Полигон қаладан 20 км қашықтықта өңірдің табиғи төмендігінде орналасқан
Шымкент	1,89	769,6	29,2	Полигон саяжай массивтерінің жанында қаладан 5 км қашықтықта орналасқан
Өскемен	1,47	490	28,2	Полигон қала ішінде орналасқан
Текелі	2,14	68,2	4,7	
Қарағанды	1,48	890	358	Полигон қала ішінде орналасқан
Алматы	1,2	5500	29,2	Полигон қаланың батыс шекарасынан 25 км қашықтықта, Алматы-Бішкек тас жолында орналасқан

Жамбыл облысындағы облыстық орталық болып табылатын Тараз қаласында ҚТҚ-ны сақтау бойынша күрделі жағдай туындады. Мұнда олардың 2 млн. тоннасынан астамы жиналған. Астана қаласының территориясында қаланың шығыс жағында орналасқан қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтардың бекітілген бір қалдық жинағышы бар. Жыл сайын полигонға $0,4\text{ млн. м}^3$ қалдық келіп түседі және қаланың дамуына байланысты олардың түсімі айтарлықтай арта береді. Өскеменде ҚТҚ-ны қала ішіндегі ашық қоқыс орындарына орналастырады. Ол қазіргі экологиялық нормаларға

сәйкес келмейді. Оның толып қалу дәрежесі шекті мәніне жетейін деп қалды. Осыған байланысты ШҚО әкімшілігі жоғарғы температураларда жұмыс істейтін қоқыстарды жағатын зауыттың құрылысы туралы шешім қабылдады. Алайда құрылыс жобасы мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысына ие болды, себебі жобада қаланың қазіргі ластануы ескерілмеген, диоксиндер мен басқа да зиянды заттардың шығарылымының мониторингі қарастырылмаған, қоқыстың іріктеп жиналуы қамтамасыз етілмеген, қоғам пікірі мен құрылыстың баламалық нұсқалары ескерілмеген.

Осыған қарамастан, Германияда жылу мен энергияны бөлумен жұмыс істейтін қоқыстарды жағатын зауыттардың 60 астамы, АҚШ-та негізінен электр энергиясын қолданатын қоқыстарды жағатын зауыттардың 200 ден астамы, ал Жапонияда жылу энергиясын бөлуге арналған қоқыстарды жағатын зауыттардың шамамен 2000 бар [13], дамыған мемлекеттерде көптеген осындай зауыттарды қазіргі кезде жауып жатыр, себебі адамға ең зиянды заттар болып табылатын диоксиндер белгілі шаңды газды жинағыш қондырғылармен тазаланбайды. Диоксиндердің ыдырауы қалдықтар жануының 1000°C астам температурасында жүреді. Осыған жету қиынға соғады, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қазіргі кезде диоксиндердің құрамын талдайтын зертханалар жоқ. Диоксиндер химиялық, целлюлозалы-қағаздық, металлургиялық өнеркәсіптердің және оның басқа салаларының технологиялық процестерінде, сонымен қатар өнеркәсіптік қалдықтарды, қала қоқыстарын, дизель отынының этилденген бензинін және кейбір басқа органикалық заттарды жаққан кезде түзіледі. Ағзада диоксиндердің жиналуы белгілі деңгейге жеткен кезде қауіпті генетикалық өзгерістер жүреді. Олардың салдарынан халықтың, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің геноқыры үшін алдын-ала болжамдалмайды.

Қайталама ресурстарды (ҚРес-ды) басқару бойынша негізделген шешімдерді қабылдау үшін қалдықтардың қауіптілік бағалануының мәселелері өздерінің шешімін қажет етеді. Осыған қоса қалдықтардың қауіптілігін бағалаудың микробиологиялық аспектілері ескерілуі керек. ҚРес қауіптілігінің микробиологиялық бағалауы індеттің мүмкін көзі ретіндегі қалдықтың қауіптілігін зерттеп бағалауы қажет, яғни эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша санитарлы-вирусологиялық немесе басқа зерттеулер жүргізілуі шарт.

Объекттердің басым көпшілігінде табиғатты қорғайтын кез-келген құрылыстар жоқ, экомониторингтің жүйелері ұйымдастырылмаған. Сондай-ақ егер қоқыс орындары қазіргі кезге аз аудандарды алып жатса, онда оларды қоршап тұратын территориялар шамамен 10 есе артық болады. Бұл территориялар экологиялық апаттың аймақтарына сәйкес келеді. Мұнда өмір сүруге, ауыл шаруашылық өнімдерін өсіруге, ас суларының құдықтарын салуға мүмкін емес.

Әлемдік тәжірибелерден көрініп тұрғандай, ҚРес-дың өңделуі табысты іс болып табылады және кәсіпқой адамдарға кең перспективаларды ашады. Әзірше қалдықтары бар объекттерді тексеру, қатты тұрмыстық қалдықтарының түзілулерін нормалау, оларды қайталама өңдеу, тасымалдау, көму мен есеп беруі бойынша нақты нормативті-құқықтық негіздері (әдістемелік нұсқалар, ережелер және т.б.) жоқ. Жекелеп жинаудың жүйелері жоқ, қалдықтарды пайдаға асырудың өндірістік қуаттылығы мен инфрақұрылымы нашар дамыған. Ше-

телдік мемлекеттердің тәжірибелеріне жүгінетін болсақ, Ұлыбритания Үкіметі халықты тұрмыстық қалдықтармен не жасау керектігін орталықтандырып үйрету қажет деген шешімге келді. Бұрынырақта осы жұмыспен дәстүрлі түрде муниципалитеттер (жергілікті басқарудың 400 органдары 400 әр түрлі бағдарламаларға ие болған) айналысқан. Әр қалада қалдықтарды бөліп жинаудың өзінің жүйелері болған. Осы жүйелер қандай жағдайда болса, сол күйінде қалған. Жергілікті басқару органдары бұрынғыдай өз қызметкерлерін осы жүйелерді қолдануды оқытады. Жалпы ұлттық масштабта жиналып қалған «қайталама шикізаттан» құтылмас бұрын оны бөлу қажеттілігін түсіндіру бойынша насихаттау жұмыстарын жүргізуге шешті. Адамдардың барлығын былай сендіреді: «Қоқыс сөресіндегі заттың барлығы қалдықтар ғана емес, сонымен қатар ресурстар болып табылады». Нәтижесінде мемлекет Үкіметі жылдан жылға осы бағыттағы насихаттауға жұмсалатын шығындар мықты экономикалық қайтарымдарды беретіндігінде көзі жеткен. Ұлттық компания кезінде пресса, насихаттау, сыртқы жарнама, радио және жалпы ұлттық теледидар тартылған.

Франциядағы тұрмыстық қалдықтардың жиналуы мен өңделуі жүйелі түрде ұйымдастырылғандығымен аталған мемлекет ерекшеленеді. Көшелерінде түрлі-түсті қапқактары бар бактар орналасқан. Әр түс қалдықтардың белгілі бір түріне арналған: ақ – шыны, сары – қағаз, қызыл – пластмасса үшін. Оларды алып кетуге бекітілген арнайы машиналар келеді. Олар бөлуді қажет етпейтін қоқыстарды өңдеу кәсіпорындарына жеткізеді. Француздардың өздері қалаларының тазалығына өте ұқыпты қарайды.

Қорыта келгенде ҚРес-ды басқару ойы ары қарай қалыптасу үшін адамзат дамуындағы ҚРес-ды басқарудың орны мен ролін анықтап тұратын ғылыми негіздемесін, ҚРес-ды басқарудың жүйесі жасалуының әдістемесін жасау, ҚРес-ды басқару принциптерінің тәжірибеде іске асырылуын қамтамасыз ететін типтік технологиялық шешімдерді жасап шығару, сонымен қатар ҚРес-ды басқару концепциясын қалыптастыру қажеттігін туындатып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кожантаева У. Отходы и выбросы нужно не только изучать и мониторить... // Деловая неделя, 2007. – №26 (754) 6 июля. – С. 8.
2. Информация к парламентским слушаниям по вопросам отходов производства и потребления. Мажилис Республики Казахстан / Комитет по вопросам экологии и природопользованию –Астана, 2003г., Национальный доклад «О состоянии окружающей среды в Республике Казахстан в 2003»
3. Шатерникова А. В природоохранном законодательстве РК имеет место дефицит экономических стимулов к внедрению современных технологий обработки отходов производства // Панорама, 2005. – №36, 23 сентября. – С. 10.
4. Катранов Д. Все мы немного сталкеры. На территории Казахстана скопилось тонны радиационного мусора // Central Asia Monitor, 2006. – 18 августа. – №33. – С. 9.
5. Примкулулы К. Проблемы отходов производства и потребления // Экология и устойчивое развитие, 2004. – №4. – С. 4
6. Статистический сборник «Охрана окружающей среды», Астана, 2008.

7. Курманов А. Некоторые проблемы правового регулирования обращения с отходами в Республике Казахстан // Предприниматель и право / – №12 / (346). – 2008. – Июнь – С.14.
8. Программа «Охрана окружающей среды Республики Казахстан на 2005–2007». – Астана, 2004.
9. Кожаметов П.Ж. Охрана окружающей среды и природопользование в контексте устойчивого развития // Академия экономики и статистики, А., 2005 г, С.42.
10. Попазов Д. Впереди «разбор» отходов // Казахстанская правда, 2008. – 9 октября. – С. 2
11. Иконников А. Мусорная правда // Континент, 2007. – № 8. – С. 36–38.
12. Сухоруков Г. Отходы жизнедеятельности цивилизации // Экологический курьер, 2007. – 1–15 марта. – С. 5.
13. Кушенова М.Ш. Оценка эколого-экономического ущерба от размещения отходов производства и потребления // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – №1. – (65), – 2008. – С. 115–118.

XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы Түркістан өлкесіндегі қазақтардың сандық құрамы және әлеуметтік құрылымы

Дана МҰҚАТОВА,

А. Байтұрсынов атындағы Алаш зиялыларының ғылыми-педагогикалық мұрасын зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Патша үкіметінің 1867 жылы жарияланған «Уақытша Ережесінің» негізінде Түркістан генерал-губернаторлығы құрылып, ол алғашында екі облысқа бөлінді: Сырдария (орталығы Ташкент) және Жетісу (орталығы Верный қаласы). Кейіннен жаулап алынған Орталық Азия хандықтарымен шекаралас аймақтарда уезд орнына мынадай әкімшілік-аумақтық құрылымдар енгізілді: 1868 жылы Заравшан округі (орталығы Самарқанд), 1873 жылы Амудария бөлімі (орталығы Первоалександровск (Төрткөл), 1876 жылы Қоқан хандығының жойылуына байланысты – Ферғана облысы (орталығы Жаңа Маргелан (Ферғана). Жетісу облысының құрамында Сергиополь, Қапал, Верный, Ыстықкөл, Токмак уездері болды. 1882 жылы ол Түркістан генерал-губернаторлығының құрамынан шығарылды.

Сырдария облысының құрамында 1868 жылы Әулие Ата, Қазалы, Құрама (орталығы – Қойлық), Перовск, Түркістан, Ходжент, Шымкент уездері ұйымдастырылды. Ташкент қаласы дербес әкімшілік бөлімді құрады.

Жалпы алғанда, патша өкіметінің Түркістанда жүргізген әкімшілік-аумақтық бөліністері өлкенің табиғи, тарихи, экономикалық және ұлттық ерекшеліктерін ескермеді. Ол аумақты жалпы империялық ұйымдастырудың заңды жалғысы болып табылды [1, с. 49].

1897 жылғы санақ мәліметі бойынша мұндағы халықтың төрттен үш бөлігін қазақтар құрады [2, с. 221].

Егер XIX ғасырдың соңына дейін Қазақстандағы жалпы халықтың санындағы қазақтардың үлесі өзгермегенімен, XX ғасырдың басына қарай жағдай өзгере бастады. Еділ бойы, Қара топырақты орталық пен Украина, сондай-ақ көршілес Сібір мен Оралдан шаруа-қоныс аударушылардың көптеп көшіп келуі қазақ емес тұрғындар санының ұлғайып, қазақтардың үлес салмағының азаюына әкеліп соқтырды.

Яғни, 1914 жылға қарай қазақтардың үлес салмағы 65 пайыз болып, 1897–1914 жылдар аралығында 16,7 пайызға азайып кеткен.

XX ғасырдың басында жергілікті халықтың табиғи өсу қозғалысының есебі өте нашар жүргізілді. Облыстардың «Шолуларында» халықтың туу мен өлімі жөнінде нақты емес мәліметтер кездеседі. Табиғи және механикалық қозғалыс жөніндегі мәліметтерді ауыл старшындары мен болыс басқарушылары беріп отырды. Олардың берген мәліметтерін көшпелі халық жөніндегі нақты мәліметтер деп есептеуге болмайды. Бірақ, осы мәліметтерге сүйене отырып, халықтың өсу қарқыны туралы салыстырмалы мәліметтер жинақтауға болады. Н.В. Алексеенконың есебі бойынша, қазақ халқының жылдық орташа өсімі Жетісуда – 1,0, Сырдарияда – 0,9 пайызды құраған [3, с. 46].

Осы мәліметтерді пайдалана отырып, 1897 жылғы жалпыхалықтық санақтың материалдары негізінде 1907 жылға дейінгі қазақтардың санын анықтауға болады. Бұл жылдары облыстардың шекаралары өзгеріске ұшыраған жоқ, өлкеден тыс жерлерге көшіп кету оқиғалары тіркелген жоқ, жаппай жұт, эпидемиялық аурулар болған жоқ. 1897–1907 жылдар аралығында жергілікті халықтың өсімі – 8,7 пайызды құрады немесе 274,1 адамға көбейді.

Сандық мәліметтер халықтың төмен табиғи өсімін көрсетеді. Мұның ең негізгі себебі, қазақ халқының ауыр экономикалық және әлеуметтік жағдайы, медициналық қызметтің болмауы немесе оның нашар дамуы болды. Тырысқақ, шешек, сүзек сияқты жұқпалы аурулар Қазақстанда зерттеліп отырған кезеңде тұрақты түрде болып отырды. Өлкеде медициналық көмектің ұйымдастырылуын сипаттаған учаскелік дәрігер 1906 жылы былай деп жазды: «Қырғыздарға (қазақтарға) келетін болсақ, мен оны сипаттағым келмейді – бұл мұнда естімеген жағдай. Оларда тек шешекке қарсы егу жұмыстарының қалай жүргізіп жатқандығына тоқталайын. 8–10 мыңдай халқы бар болыстыққа айына 5 сом жалақы алатын бір егуші бар. Ол бір ауылдан екінші ауылға көшіп жүріп жұмыс істейді. Детритті ол учаскелік дәрігерден алады. Жылына орта есеппен 500–600, кей жағдайларда 100 адам егіледі. Нәтижесінде шешектің мәңгілік эпидемиясы. Оның мөлшері туралы тек ойлауға ғана болады» [4, с. 46].

XIX ғасырдың соңында өлкеде бір азаматтық дәрігерге 113922 адамнан келді. Көшпелі қазақтар медициналық көмек алмады десе де болады. Халық 1913 жылы да аурухана төсектерімен өте жеткіліксіз жағдайда қамтамасыз етілді: 1 төсекке орташа есеппен 2347 адамнан келсе, бір адамға шаққандағы медицина қызметкерлері бір дәрігерге 229000 адамнан келді: қалада – 3700, уездерде – 58000 адамнан келді [5, с. 103].

Медициналық көмектің көрсетілу жағдайы аурулардың оны алуына да әсерін тигізді, өйткені, олардың дәрігерге қаралу деңгейі Ресейдің басқа аумақтарына қарағанда әлдеқайда төмен болды. Осы аз ғана медициналық көмектің өзін тек қана халықтың отырықшы бөлігі ғана алды, ал айдалада көшіп жүрген көшпенді қазақтар ешқандай көмексіз қалдырылды.

Азаматтық халыққа қызмет көрсететін дәрігер кадрларының жетіспеушілігі оларды жергілікті халықтан дайындау мәселесін туғызды. Осыған байланысты патша өкіметі 1897 жылы Қазан университеті қазақ балаларын оқуға қабылдауға шешім шығарды. Онда көп жағдайда байлар мен молдалардың балалары білім алды. Бірлі-жарым қазақтар Саратов, Москва, Киев университеттерінде, Әскери-медициналық академияда оқыды [4, с. 32].

Жұқпалы аурулардың жиі таралуы, жұт, қуаңшылық және егіннің шықпай қалуы бай отбасылардың өзін тұралатып кететін, сондықтан қазақтардың арасын-

да ерте жастан некеге тұру жиі орын алды. 1897 жылғы санақ бұл жөнінде кеңінен мағлұмат береді. Мысалы, Сырдария облысында, 10–12 жас аралығындағы қыздар мен балалардың 481-і үйленген болса, 13–14 жас аралығындағы топта бұл көрсеткіш балаларда – 210, қыздарда 2077 құрады [6, с. 4]. Үйленген ұлдардың санынан қыздардың саны әлдеқайда жоғары болды. Өте ерте ана болу, жиі бала туу, көшпелі өмірдің қиын жағдайы әйелдердің денсаулығына ерте әсерін тигізді. 20-дан 40-жасқа дейінгі барлық әйелдер тұрмысқа шыққан. Ал ер адамдардың арасында отбасылылары 40- жастан кейін көбейген.

Исламның негіздері халықтың табиғи өсімі қозғалысын, оның жыныстық, жастық құрамын, некеге тұру мен оның бұзылуын, балалардың тууын және олардың санын тіркеуді қуаттамады. Сондықтан халықтың жағдайы мен қозғалысы жөніндегі мәліметтер толыққанды емес.

Шаруашылықтардың экономикалық жағдайының өсуімен жұмысшы емес жастағы адамдардың, ең алдымен балалардың саны өсе түседі. Басқаша айтқанда, бай және қамтамасыз етілген шаруашылықтарда өскелең отбасы құрамы бар отбасылар болды. Ал, керісінше, кедейлерде бала саны аз болды, яғни, табиғи өсім әлсіз болды. Мұны Жетісу облысының төрт уезі бойынша халық құрамы жөніндегі салыстырмалы мәліметтерден де көруге болады [7, с. 134]:

Уез-дер	отбасы- ның орташа құрамы	100 еркекке әйел саны	халықтың жастық құрамы				Шаруашылықта	
			бала	жасөс пірім	орта жастағы	қария- лар	мал саны	егін көлемі
Верный	5,87	86,7	29,7	11,1	54,0	5,20	16	5,4
Лепсі	4,65	80,3	30,65	8,55	52,89	7,91	12	5
Қапал	5,25	84,73	30,20	10,89	53,12	5,79	15	5
Жаркент	6,15	92,38	34,30	11,70	48,90	5,10	21	3

Халықтың саны мен құрамы мәліметті шаруашылықтың материалдық жағдайы туралы мәліметпен салыстырып көрейік. Мал және егін көлемімен бірдей мөлшерде қамтамасыз етілген Верный және Қапал уездерінде орташа құрам мен жыныстық құрамның айырмашылығы шамалы ғана, ал халықтың жастық құрамы оларда бірдей дерлік.

Бұдан, біріншіден, қазақтың орташа шаруашылығының жағдайы жақсарған сайын оның орташа отбасы құрамының да жоғары екенін көруге болады, яғни, отбасы саны оның жағдайының жақсаруына қарай көбейіп отырады. Лепсі уезінде басқа уездермен салыстырғанда, отбасының орташа құрамы ең төменгі деңгейде, ал салыстырмалы түрде бай болған Верный уезінде ло 5,87 адамға өскен. Малының саны жағынан ең бай Жаркент уезінде отбасы құрамы 6,15 адамнан құралған. Екіншіден, уез байыған сайын, 100 еркекке шаққандағы әйелдердің үлес салмағы көбейген. Үшіншіден, басқа үш уезбен салыстырғанда қазақтардың жағдайы жақсарған Жаркент уезінде бала мен жасөспірімдер саны көбейіп, орта жастағылар мен қариялардың үлес салмағы азайған.

Білімі мен хат тануы жағынан 1897 жылғы санақ бойынша өлке халқының 95 пайызы сауатсыз екендігін көрсеткен. Қазақ халқының арасындағы хат танытандардың үлес салмағы туралы мәлімет келесі кестеде көрсетілген [3, с.88]:

Облыстар	жалпы алғанда	ерлер	әйелдер
Жетісу	1,5	3,0	0,1
Сырдария	1,3	2,3	0,1

Ерлер арасында сауаттылар 5,0 пайызды құраса, әйелдер арасында тек 0,5 пайызы ғана хат танитын еді.

Бірақ келтірілген мәлімет кемітіліп көрсетілген деп айтуға негіз бар, өйткені, 1897 жылғы жылғы санақта патша үкіметі ең алдымен сауаттылықты (орысша оқи білуді) белгілеуді атап көрсетті. Сондықтан буындап оқи алатындардың барлығы сауаттылар қатарына жатқызылды. Ал XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында барлық қазақ халқы дерлік орыс тілін білген жоқ. Орысша түсіндіре алатын қазақты кездестіру өтек сирек жағдай болатын. Мысалы, Жетісу облысының Лепсі уезінде 1000 адамға тек 27 орысша білетін адам келетін [7, с.306].

Орысша емес тілде сауаты болу тек қосымша сипаттама болды, 1897 жылғы санақта сауаттылық «орысша немес өзге бір тілде хат тану» ретінде анықталды [8, с.15]. Бірақ, санаққа басшылық жасаған патша шенеуніктері мен оның қатысушыларының тарапынан басқа тілде сауаты барлардың саны тіркеуге алынбауы мүмкін. 1897 жылғы санақ бойынша конфессиялық мектептерде білім алғандар саны азайтылып көрсетілген. Бұл жөнінде Жетісу облысы бойынша әр 1000 адамға шаққандағы сауаттылар санын көрсететін келесі кестеден көреміз [7, с. 336]:

Жынысы	Жаркент	Қапал	Лепсі
әйелдер мен ерлер	23,4	38,04	37,0
мұсылманша хат танитын ерлер	44,59	67,68	61,0
Орысша хат танитын ерлер	0,39	1,18	2,0
мұсылманша хат танитын әйелдер	0,58	1,64	4,0
орысша хат танитын әйелдер	0,09	0,04	-

Көріп отырғанымыздай, орысша сауаты барлардың саны барлық уездерде әлсіз болған.

Ана тілінде хат танудың да деңгейі төмен болды. Бастапқы және орташа оқу орындарындағы жалпы қазақ балаларының саны өте аз болды. Мысалы, Верный ерлер гимназиясында 1911 жылы 316 орыс баласы оқыса, қазақ балаларының саны тек 10 ғана болған. 1912 жылғы мәлімет бойынша Сырдария облысында барлығы 36 орыс-түземдік училищелері болған, оларда 3000 жергілікті ұлттың баласы оқыды, олар барлық оқушылардың тек 2 пайызын ғана құрады. Түркістан гимназиясында білім алушылардың басым көпшілігі орыс-еуропа нәсілінен тұрды. Мысалы, 1904 жылы Верный әйелдер гимназиясының 317 оқушысының тек 3-і қазақ қыздары болды, Верный қаласының мұғалімдер семинариясының 90,34 пайыз оқушысы православие дінінің өкілі болды. 1912 жылы Ташкент ерлер гимназиясына 29 адам, Верный ерлер гимназиясын 12 адам бітірсе, олардың арасында бірде бір жергілікті ұлт өкілі болмады... Қарастырылып отырған кезеңде бірқатар орыс-қазақ, орыс-түзем училищелері, ауыл мектептері мен

бастапқы сауат ашу мектептері ашылды, оларда көп жағдайда байлардың балалары оқыды [9, с. 27]. 1909-1914 жылдары Жетісу облысында – 11, Сырдария облысында – 31 орыс-қазақ мектептері ашылды.

Бірақ бұл мектептердің барлығы халықтың білімге деген қажетін қамтамасыз ете алмады. Барлардың көпшілігі мектептен тыс қалды. Мысалы, 1901 жылы Жетісу облысында 72000 баланың тек 233-і білім алған [10, с. 17]. Бастауыш мектептерде мұғалімдер жетіспеді. Білімді оқытушы кадрларының жетіспеушілігі педагогикалық оқу орындарының аздығы және өлкенің алыста орналасуымен, сондай-ақ жалақы мөлшерінің өте аз болуы себебінен орын алды. Мұғалімдердің материалдық жағынан қанағаттандырылмауы ұлттық кемсітушілікпен күшейе түсті. Қазақ мұғалімдері аз болды, сонымен қатар олардың құқықтары болмады.

XX ғасырдың басында қазақтарға білім беру тек бастапқы сауат ашумен шектелді. Жергілікті билік қазақтарды орта білім алудан ұлттық интеллигенцияның дамып, ұлттық ой-сананың өсуінен қорыққандықтан шеттете берді. Олар «түземдіктердің арасында орта білім алуды таратуға әлі ерте, оған олардың сана-сезімі дайындалмаған» деп есептеді. Революцияға дейінгі Қазақстанда ұлттық орта оқу орындары болмады.

Сондай-ақ бұл кезеңде Қазақстанда бірде-бір жоғарғы оқу орны ашылмады. Осылардың барлығы қазақтарды Москва, Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава университеттерінде білім алуға мәжбүрледі.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Петербург қазақ жастарының білім алуындағы ірі орталықтардың бірі болды. Мұндағы 1900-1905 жылдары темір жол көлігі институтында М. Тынышпаев оқыған. Петербург Мемлекеттік университетінде 1917 жылға дейін 20 қазақ студенті диплом алған [11, 87 б]. Бұлар Барлыбек Сыртанов, Мұстафа Шоқаев сияқты қазақ зиялылары еді. XX ғасырдың алғашқы он жылдығында Петербург академиясын С. Асфендияров бітіріп шықты.

1897 жылдан 1914 жыл аралығындағы кезеңде өлкедегі қазақ халқы санының өсу динамикасын талдау төмендегідей мәлімет береді: біріншіден, жергілікті халықтың саны барлық облыстарда өскен. 1914 жылға дейін ол 1,2 есеге көбейген. 1897-1907 жыл аралығында қазақтардың өсімі – 8,6 пайызды, ал 1897-1914 жылдары – 21,6 пайызды құраған. Мұнан екі облыс көлеміндегі халық санының өсуі зерттеліп отырған кезеңде баяу қарқынмен табиғи фактор есебінен өсіп отырған. Осылайша, 1902-1913 жылдары қазақтардың саны дереу 9 пайызға азайып кетті деген Ф.Н. Базанованың көзқарасы анықталмады [12, с.65].

1897 жылдан 1914 жыл аралығындағы қазақ халқы санының өзгеруі

облыс	халық саны (мың адам)	
Жетісу [1-42]	515,0	602,6
Сырдария [2-42]	741,8	835,3
Барлығы	1256,8	1437,9

Екіншіден, санының шексіз өсуіне қарамастан, қазақтардың жалпы халық арасындағы үлес салмағы 65 пайызға төмендеп кетті. Статистикалық

мәліметтерге талдау жасау мұндай төмендеудің себебін анықтауға мүмкіндік берді. Біріншіден, қазақтардың саны тек қоныстандыру уездерінде ғана азайып кеткен. Екіншіден, XIX ғасырдың соңында көшпелі мал шаруашылығы мен соған байланысты адамдардың орналасуы негізінде қоныстандыру басқармалары анықтаған «артық жерлер» болмады. Сондықтан, өлкенің қоныстандыру мекемелері «артық жерлерді» тек қазақтардан ғана алып қою, олардың басқа жаққа қоныс аударуы мүмкін болды. Үшіншіден, қоныстандыру саясаты билікпен белгілі бір үлкен бағдарламаның, яғни, Қазақстанды отарлаудың бір бөлігі ретінде қарастырылды, ал бұл кезде жергілікті халықтың мүдделері ескерілмеді.

Нәтижесінде Жетісуда қазақтар 77,5 пайыздан 62,6 пайызға азайса, ал Сырдария облысында керісінше 88,7 пайыздан 90,7 пайызға өскен.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Рабочий класс Казахстана в период перехода к социализму (1917-1937 гг.). – Алматы: Наука, 1987. Т.1. – 570 с.
2. Гладышева Е.Н. О взаимовлиянии миграции и национального состава (на материалах Казахстана). – Москва: Книга, 1973. – 420 с.
3. Алексеев Н.В. Население дореволюционного Казахстана. Численность, размещение, состав 1879-1914 гг. – Алматы: Наука, 1981. – 110 с.
4. Свиридова Л.Е. Из истории здравоохранения и медицины Советского Казахстана. – Москва: Просвещение, 1990. – 230 с.
5. Статистико-экономический обзор Киргизской Советской Социалистической Республики. – Оренбург, 1923. – 150 с.
6. Байжомартов У.С. Нуркатова З.А. Брачность, рождаемость и смертность в дореволюционном Казахстане // Демографические процессы на Урале, в Сибири, Средней Азии и Казахстане XIX-XX вв. Тез. докл. и сообщ. Целиноград, 1991. 9-11 июля. С. 3-5.
7. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и подготовленные под руководством П.П. Румянцева. СПб., 1911.
8. Богданов И. Грамотность и образование в дореволюционной России и в СССР. Историко-статистические очерки. – Москва: Наука, 1964. – 230 с.
9. Сембаев А. Храпченко Г. Очерки по истории школ Казахстана (1901-1917 гг.). Алматы: Наука, 1972. – 270 с.
10. Амирханова Ж.Б. Политика царизма в области народного образования в Казахстане (Вторая половина XIX – начало XX вв.). Автореферат на соиск. канд. дис. – Алматы, 1995. – 25 с.
11. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 368 б.
12. Базанова Ф.Н. Формирование этнического состава населения дореволюционного Казахстана // Вестник АН КазССР. 1977. №7. С. 61-67.

Жастар және рухани тәрбие мәселесі

Гүлбану ЖҮГЕНБАЕВА,

М. Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Өткен тарихқа ұдайы жүгіну дербес тәуелсіз мемлекеттің жан-жақты қарқынды дамуы үшін жетекші мәнге ие болмақшы. Саяси-құқықтық, экономикалық теңсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттің ұлттық бірлік идеясын алға тартады. Қоғам азаматтарының мемлекетшіл сананы, елдік рухты терең сезіне білуінің және оны қастерлей алуының қаншалықты маңыздылығын уақыттың өзі дәлелдеп көрсетіп отыр. Сан ғасырлық тарихы мемлекеттілікті құру, еуразиялық кеңістіктегі бірегей өркениетті дамыту, төлтума рухани-моральдық құндылықтарды негіздеу, алып империялық күш-қуатқа жету, оған қарама-қайшы құлдырауды бастан өткізу, тілі, діні, ділі басқа жұрттың ұзақ мерзімдік саяси бодандығын қабылдау, бірнеше ұлттардың шын мәнісінде туған отанына айналған жағдайда заманауи егемен мемлекетті өмірге әкелу тәрізді аса күрделі кезеңдермен сипатталатын титулды ұлтқа жүктелетін салмақ ауырлай түсері сөзсіз.

Қазақ елінің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев үстіміздегі жылғы Жолдауында бұл тұрғыдағы нақты іс-шаралардың бағыт-бағдарын айқындап берді деп сеніммен айта аламыз. Жолдауда 2020 стратегиялық жоспарын жүзеге асырудың сенімді іргетасы – ішкі саясаттағы тұрақтылыққа байланысты екені, оны ұлттық стратегиясыз орындау мүмкін еместігі қадап айтылды. Бұл жолда төрт қағидат басшылыққа алынғаны белгілі. Олар: «Біріншіден, біздің ең басты құндылығымыз – ол Отанымыз, Тәуелсіз Қазақстан! Осыдан басқа бізге қандай қымбат, қандай биік, қандай орасан зор мақсат бар? Қазақстанның тәуелсіздігі – ең зор құндылық. Екіншіден, мемлекет және оның әрбір азаматы қай жерде де қоғамның тұрақтылығы мен елдің әл-ауқатына кері әсерін тигізуі мүмкін кез-келген қадамға бармауы тиіс. Үшіншіден, экономикалық өрлеу – бүкілхалықтық іс. Бәріміздің қатысуымызды талап етеді. Бұл – қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешудің және баршамызды табысқа бастаудың кілті. Төртіншіден, өңірлік және әлемдік нарық – интеграциялық дамудың аса маңызды шарты [1].

Бұл төрт қағидаттың бүгінгі қоғамның даму үрдісіне сай екшеліп, таразыланып өмірге келгенін атап айтқан жөн. Тәуелсіздіктің құнын тіптен кешегі жүзжылдықтың нәубеттері ұмытқызбайтыны хақ.

Мәселен, XX ғасырдың басында қазақ халқының рухани-саяси көшбасшылары бола білген, азаттық жолында өздерін және бүкіл отбасын, әулетін құрбан еткен, кеңестік тоталитарлық жүйе есімдеріне «қара күйе» жаққан ұлт зиялыларының Алаштық қозғалысы. Бір сәт ерлікке толы осы талпынысты еске

түсірелік. Қазақ халқына саяси тәуелсіздік алу мүмкіндігі ең алғаш 1917 жылы келді. Бұл кез Ресей империясын 300 жыл билеген Романовтар әулетінің тақтан түсіп, оның орнына келген Уақытша үкіметтің де елді билеу күші сарқылған кезі болатын. Үкімет билігін елді жарылқағыш түрлі уәделерімен аузына қаратқан Ленин бастаған большевиктер партиясы тартып алды. Енді Ресей екіге жарылды: ақ пен қызыл. Таққа таласқан қантөгісте қазақ халқы шын мәнінде бейтарап, қорғанышсыз, қорғаусыз қалды. Өздеріне қатыссыз бұл соғыста қазақтардың жазықсыз қырылып кетпеуі үшін, олардың жағдайын қолдарында аса әлеуетті күш болмаса да аз санды Алаш зиялылары ойлауына тура келді. Сөйтіп, 1917 жылдың 5–13 желтоқсанында өткен 2 жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметі атанған Алаш (қазақтардың мифтік аты – Г.Ж.) автономиясы жарияланып, қазақ халқының билігін өз қолына алады [2]. Бұл туралы кейіннен Ә. Бөкейханов (1919 жылғы 11 ақпанда) былай деп мәлімдейді: «...съездің бұл шешімі қазақтар мекендеген территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына (яғни қазақтар үшін жат – таптық жіктелу) жол бермеу мүдделерінен туындады...» Сол кезде Ресейде орын алған жағдайда қазақтардың жарияланған автономиясын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы – большевизммен күрес тұрды [3]. Өздерінің қолға алған шараларын іске асыру жолында Алашорда үкіметіне Кеңестерге қарсы жақпен бірігуге тура келді. Өйткені Кеңес үкіметі кеңестік негіздегі автономияларды ғана қолдап, көтермелесе, ал ақтардың Алаш автономиясына көзқарасы басқаша болды. Соңғыларының қолдауына сүйене отырып, қазақ халқы, дәлірек айтқанда Ә. Бөкейханов бастаған зиялылар тобы белгілі бір деңгейде дербестікке жетуге болады деп санады. Бұл жолдағы күрес оқиғалары төмендегідей өрбіді.

Алашорданың ақтармен бұл бағыттағы алғашқы байланысы Уақытша Сібір үкіметімен болды. Бұл үкімет 1918 жылы 8 ақпанда большевиктер тұтқындаған Сібір облыстық Думасы орнына құрылған. Бұлар бастан-ақ қазақтарға ұлыдержавалық пиғыл танытты. Алаш қайраткерлерінің ел ішіндегі беделін өз мақсаттарын жүзеге асыруға мәселен, әскер күшін жасақтауға, соғыстың бүкіл салмағын халық мойнына арту т.б. пайдаланып қалуды көздеді. Алашорданың белгілі бір үкімет органы ретінде дербес, белсенді әрекет жасауына келісе қоймады. Мұрағаттық деректер, Сібірлік эмиссарлардың әрекетіне Алашорданың батыл тойтарыс беріп отырғанын дәлелдеп береді. Мұның ақыры Қазақ автономиясының ресми тану туралы өз мәлімдемесін Сібір үкіметінің «нағыз сепаратизмнің белгісі» деп айыптауымен аяқталды [4].

Алашорда Бүкілресейлік биліктен үміткер тағы бір үкімет – Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелері комитеті (Комучпен) қарым-қатынаста болды. Эсерлер басқарған 1918 жылы 8 маусымда өмірге келген үкімет демократиялық принциптерге беріктігін байқатты. Тамыз айында Комуч, басқа да үкіметтер қатарында Алашорданы мойындайтынын мәлімдеді. Комитет құрамына – Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, А. Бірімжанов, М. Тынышбаев, М. Шоқай және т.б. кірді [5]. Бірақ бұл табыс та ұзаққа бармады.

Оппозициялық күштерді біріктіру мақсатында Комуч ұйымдастыруымен 1918 жылдың 8–23 қыркүйегінде Уфа кеңесі өтеді. Кеңеске жоғарыда аталған қайраткерлер қатысты. Бұратана халықтар атынан сөйлеген Ә. Бөкейханов сепаратизмнен аулақтығын, демократиялық-федеративтік Ресеймен біртұтастығын мәлімдеді.

Кеңес жүріп жатқан кезде, 11 қыркүйекте Ә. Бөкейхановтың төрағалығымен Досмұхамедовтер, М. Тынышбаев, У. Танашев, Ә. Ермеков, А. Бірімжанов қатысқан Алашорданың төтенше мәжілісі өтеді. Онда қазақ автономиясын Алашорданың тек өзі басқаратыны, ал бұрынырақта (18-мамырда) батыс Қазақстандағы саяси жағдайға байланысты уақытша құрылған Ойыл уәлаяты таратылатыны шешілді. Оның орнына жол қатынасы мен соғыс жағдайынан туындайтын қиындықтарға байланысты Алашорданың батыс бөлімшесі құрылды [6]. Бұл шақырылатын Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы қарсаңында бірауыздан құрылған дара автономияны Кеңеске қатысушыларға іс жүзінде көрсету еді.

23-қыркүйектегі Кеңестің соңғы күнінде Уақытша Бүкілресейлік үкімет – Директория жарияланды. Ол өзі жойылардан аз бұрын 4-қарашада шыққан бұйрығымен бөлінбейтін тұтас Ресейді қалпына келтіру үшін барлық облыстық үкіметтермен бірге Алашорданың орталық үкіметін таратып, облыстық, уездік өкілдіктерін ғана қалдырды. Орнына мәдени-әлеуметтік мүдделерді шешетін Бас Уәкілдік құзыретін енгізді [7]. Бас Уәкілдік мәселесі 18 қарашада Омбыдағы төңкеріс нәтижесінде өзін «Жоғары билеуші» деп жариялаған адмирал Колчак кезінде қаралды. Николайдың заманы мен тәртібі келген уақытта даң қазақ зиялылары көздеген мақсатынан тайған жоқ.

Колчак үкіметі Бас уәкілдіктің құзыры туралы Ережені дайындап, талқылау үшін қазақ даласына өз өкілдерін жіберді. 2 мамырда Семейге келген Ішкі Істер Министрлігінің өкілі Г. Малахов аталған мекеменің Алашорда тағдыры туралы жоспарын бір топ қазақ зиялыларына таныстырды. 1919 жылы 6 мамырда А. Бірімжанов, М. Тынышбаев, Р. Мәрсекөв, А. Қозбағаров, С. Дүйсембинов, Х. Ғаббасов өлкені басқару туралы жаңа Ережеге өз көзқарастарын білдіріп, Ішкі Істер министрлігінің «Бұратаналар бөліміне» Семейден ресми хат жолдайды. Онда ұлттық-территориялық автономия құру туралы шешім қабылдаған II жалпықазақ съезі, 1917 жыл бойында өткен облыстық съездердің қорытындысы екенін, сол съезд шешіміне қарай әрекет жасағандарын (Ресей мемлекетін қалпына келтіру үшін Кеңес үкіметіне қарсы ортақ күреске қосылғандарын) сондықтан қазіргі ауыр жағдайда ұлттық мүддені қоя тұрып, Уақытша Бүкілресейлік өкіметтің 1918 жылғы 4-қарашадағы бұйрығына келіскендерін, бірақ бұл жарлықтағы қазақ өлкесіне арналған арнайы органның құрылуы Ережесінің кешігуі, қазақ халқын аландатып тұрғаны жазылды. Одан әрі хатта, бұл мәселені шешуді жолсапарға өз өкілдерін жіберу арқылы емес, Омбыдағы үкіметпен келіссөз жүргізіп отырған Алашорда өкілдері пікіріне жүгіну жолымен шешу дұрыстығы айтылды. Хат иелері, қазақ халқын басқару туралы Малахов әкелген жоспар-жобаға байланысты ұсыныстарын да көрсетті: 1) Бас уәкілдік туралы. Алаш автономиясын құрайтын қазақ облыстарын басқаратын Бас уәкілдік жекелеген бір министрлік өкілдігі емес, ол қазақ халқын ұлттық басқару органы болуы тиіс. Сондықтан Бас уәкілдік Ішкі істер министрлігінен тәуелсіз болып, тек Министрлер кеңесіне ғана бағынуы керек. Сонымен қатар Бас уәкілдіктің жанында мүшелерімен (орынбасар) қоса, Кеңес құрылуы тиіс. 2) Жергілікті жерлердегі басқару туралы. Бұл басқару ұлттық принципке негізделіп, облыстық әкімшілік және милиция басқармасы қазақ ұлттық басқару органына бағынсын. Ол үшін облыс-уезд, болыстарда тікелей Бас уәкілдікке бағынатын ерекше органдар құрылуы тиіс. Біздегі земство түрінде ойлай-

тын, өзін-өзі басқару органдарына келсек, қазіргі облыстық, уездік земстволар (барлық ұлтқа ортақ) сол күйінде қалып, ал болыстық земстволар қазақ, орыс халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің өзара айырмашылығы жер мен көктей болғандықтан, қазақтардікі орыстардан бөлек болғаны жөн. Болыстардағы әкімшілік органы земство мекемелеріне қосылып, оның міндеті земствоның бір мүшесіне жүктелсін. 3). Жекелеген мәселелер туралы. Діни істермен айналысатын жоғары инстанция – бас уәкілдік жанындағы Кеңес болып, ол діни лауазымдары бар адамдармен толықтырылсын. Орыс боданындағы қазақтардың шекаралас шет мемлекеттермен байланысы туралы істеріне қазақ ұлттық басқармасынан адам қатыстырылуы қажет деп санаймыз [8].

Колчактың қазақ даласын басқаратын Бас Уәкілдік тағайындау туралы жаңа Ережені жаңғыртқан әрекеті жүзеге асқан жоқ [9]. Мұның себебі, бір жағынан күннен-күнге жеңіліске ұшырап жатқан Ақ Армиядағы сәтсіздіктер болса, екінші жағынан ұлттық қозғалыстарға жауыға қарайтын орыс үкіметтеріне тән қасиетті сіңірген Колчак билігінен болды.

Кеңестік билікке қарсы күресте ақтарға үміт артқан Алашорданың ең соңғы сенімі осымен аяқталады. Енді оған күннен-күнге орнығып келе жатқан Кеңес үкіметіне берілуден басқа жол қалмады. Бұл үкімет қазақ автономиясын, қазақ халқының бостандыққа ұмтылу әрекетін жойып жіберді.

Алаш қайраткерлеріне Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен амнистия жарияланса да [10], Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен кейін, олардың өткенін ешуақытта ұмыта алған жоқ. Түрлі әдіспен бүркеленген қудалау акыры, Алаш зиялыларын жаппай қырғынға, қудалауға, халық жадынан аластауға ұшыратты.

Соған қарамастан қазақ халқының мемлекетшілдік, елдік бітімі тоталитарлық жүйенің құрсауы кезінде де төмендеген емес. 1937–1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің бүкіл зобалаңын бастан өткізген халықтың ұлы отан соғысы жылдарындағы отаншылдық, батырлық келбеттері аңыз болып қалды. Осы орайда, Жолдауда ортақ тарихқа деген құрмет сезімі нақтылы шаралармен ұштасып жатқанын айта кеткен ләзім.

Атақты 1986 жылғы желтоқсанда қазақ халқының жас өркен ұл-қыздарының трагедиялық бұлқынысы тәуелсіздіктің қадыр-қасиетін арттыра түседі [11]. Біртұтас кеңестік-орыстық ұлт, кеңестік-орыстық мәдениет жасау жемісті нәтижесін бере бастаған кезеңнің өзінде халық ұлттық өр мінезділігін сақтай білді.

Мәскеулік билік дайындаған «Метель – 1986» жоспарының қатыгездігі шектен шықты. Ол жоспар бойынша оқиғаны өздерінің қалауымен қажетті арнаға – қылмыстық немесе ұлттық бағытқа, тіпті арандатуға дейін бұрып жіберуге, содан кейін қару қолдануға болатын. Желтоқсан оқиғасын тексерген Комиссияның төрағасы, акын, қоғам қайраткері М.Шаханов «...Қазақ ССР Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің қызметкерлері 17–18 желтоқсан күні кино, телекамера-дан түсірілген материалдар бойынша шеруге қатысқандардың жеке-жеке суретін шығарды. Сол суреттер арқылы астананың барлық оқу орындарында, еңбек коллективтерінде нақ бір 1937 жылдағыдай «қылмыстыларды» іздеу басталды... Сол мезетте бүкіл республикада желтоқсан оқиғасына қатысушыларға нақ бір отанына сатқындық жасаған адамдарға қарағандай салқын сезім қалыптасты» [12] деп жазады. Бұл зорлықшыл жүйенің қазақ халқына таққан тағы бір сорақы

айыбы – 1987 жылы шілде айында КОКП Орталық Комитетінің желтоқсан оқиғасын – қазақ ұлтшылдығының көрінісі деп бағалауы еді.

1991 жылы 16 желтоқсанда бірнеше ұлттың отанына айналған, көп конфессиялы елде Қазақстан атымен жеке мемлекетті жариялау жолындағы Н.Ә. Назарбаевтың сарабал саясаткерлігі мен қайраткерлік болмысы әлемді мойындатып отыр. Кеңестік биліктің сан алуан саяси науқандарының эксперименті болған, бір кездері саны келімсек ұлттардан азайып кеткен елде мемлекеттілікті жариялап, түрлі сипаттағы қақтығыстармен жарылыстардан аман алып, қоғамда жасампаздық рухты сіңірді. Қоғамның әлеуметтік ділгірліктерін шешу бүкіл елдің ұмтылысы мен алға жетелейтін айқын сенімімен байланысты. Бұл қоғамның әл-ауқатының сауығуына, оның экономикалық өрлеуіне ықпал жасаумен қоса, әрбір адамның тұлғалық, интеллектуалдық болмысын оятуға қозғау болса керек.

Мемлекеттік тәуелсіздікті – мәңгі мұрат, теңдессіз құндылық деп айшықтап көрсеткен Елбасы Жолдауының тарихи астарын осылай бағамдасақ керек.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық, жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері [Егемен Қазақстан. – 2010 ж. – 30 қаңтар.
2. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995. – 153-154 бб.; Ермеков Ә. «Жасасын Алаш, жасасын!» [Сарыарқа. – 1918. – 22 қаңтар.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – А., 1995. – 158 б.
4. Сообщение о предложении Алаш-Орды [Сибирская речь. – 1918. – 5 августа.
5. Байтұрсынов А. Революция и киргизы [Жизнь национальностей. – 1919. – 3 августа.; РФММ (Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты). – 749-қ., 1-т., 5-іс., 2-3 пп.
6. Алаш-Орда. Сборник документов [Составитель Мартыненко Н. Алмат-Ата, 1992. – 96-98 бб.
7. Указ Временного Всероссийского правительства правительству Алаша-Алаш-Орде [Вестник Временного Всероссийского Правительства. – 1918. – 16 ноября.
8. РФММ.1701-қ., 6в-іс., 183-184-пп.
9. Аманжолова Д. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М., 1994. – 136-137 стр.
10. Жүгенбаева Г. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі (1879-1938). – А., 2000. – 145 б.
11. Қозыбаев М. 1986. Желтоқсан: Дақырт пен шындық [Қазақ тарихы. 1997. №1. – Б.3-5.
12. Шаханов М. Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. – Алматы, 1991. – 19-22 бб.

Түркістанның тәуелсіздігі жолында күрес

Дархан ҚЫДЫРАЛИЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты

Түркістан ұлттық автономиясы большевиктік билік тарапынан күштеп құлатылғаннан кейін, ұлттық ұйымдар негізінен үш бағытта күрес жүргізді. Бұл туралы Мұстафа Шоқай «Дұшпанға қарсы қарулы күресті партия, үкімет аппараттары ішіндегі күрестермен байланыстыру керек. Мемлекеттің іштей біріккен күштерін өздерінің ұлттық тәуелсіздігі жолында Ресейге қарсы күресіп жатқан басқа да халықтардың күресімен үйлестіру лазым. Тығырықтан шығудың бұдан басқа жолы жоқ. Тек осылай еткенде ғана бостандыққа және тәуелсіздікке жету мүмкін болады» [1], – деп атап көрсетті.

Большевиктік билікке қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысының бірінші бағыты – қарулы қозғалыс еді. Бұл ұлт-азаттық қозғалыс Түркістан ұлттық автономиясын талқандау нәтижесінде Ферғанада пайда болды. Әуелгіде бағыты айқын болмаған қорбашылар қозғалысы кейінірек Әнуар паша келіп қосылғаннан кейін, мүлдем жаңа сипат алды.

Ұлт-азаттық қозғалысының ауқымды майданға айналуына ұйымдасқан жасырын ұйымдардың қосқан үлесі зор. Өйткені, саяси сауатты зиялылар жаңадан орнығып келе жатқан Кеңестік жүйенің құрылысымен жақсы таныс болатын әрі онымен күресудің жолдарын анағұрлым жақсырақ білетін. Сондықтан, негізінен астыртын ұйымдарда біріккен зиялылар жекелеген қарулы күштерді топтастырып, оларды бір майданға шоғырландыра білді және қозғалысқа біртұтас саяси сипат берді.

Түркістандағы жасырын ұлттық ұйымдардың тарихы жалпы алғанда осы қорбашылар қозғалысымен тұстас келеді. Ұлттық автономия құлағаннан кейін халық қолына қару алып, күреске шыққан кезде ұлт зиялылары Кеңес үкіметіне қарсы екінші майдан ашып, жасырын ұйымдар құра бастаған. Бастапқыда Ека-теринбург, Орынбор және Ташкентте құрылған астыртын ұйымдар Мәскеу, Әулиеата, Алматы, Қызылорда, Ферғана, Самарқанд, Бұхара және тағы басқа жерлерде жұмыс істей бастады.

Осындай жасырын ұлттық ұйымдардың бірі – Түркістан жәдитшілдік қозғалысы жетекшілерінің бірі Мүнәууар қари тарапынан 1919 жылы Ташкент қаласында құрылған «Иттихат ва таракки» атты ұйым еді. Осы жылы Ташкентте Тұрар Рысқұлов, Садуллах Тұрсынхожаев және Низамхожаевтың ұйытқы болуымен бас қосу өтті. Нәтижеде, Садуллах Тұрсынхожаев, Абиджан Махмуд, Убайдулла Хожа сияқты Түркістан автономиясы үкіметінің бұрынғы мүшелері тарапынан астыртын ұйым құрылды. Османлы мемлекетіндегі «Иттихат ва таракки» партиясын негізге алып құрылған бұл ұйымның жетекшілерінің бірі, «Иттихат ва таракки»

партиясының өкілі, кавказдық Емин Ефендизаде еді. 1917 жылы «Түркістан адеми меркезие» партиясының құрылуына мұрындық болған Ефендизаде, большевиктік билік орныққаннан кейін, жаңа үкіметтің құрамында орын алды. 1920 жылы әр түрлі себептерге байланысты ұйымның аты «Милли Иттихат» (Ұлттық Бірлік) деп өзгертіледі. Бұл уақытта большевиктердің сеніміне кіріп, Түркістандағы үкіметтің тізгінін қолына алған Тұрар Рысқұлов бұл ұйымды қуаттап отырды.

Осылайша, Кавказдағы және Түркиядағы орталықпен астыртын байланыс орнатқан «Иттихат ва таракки» партиясының басты мақсаты Түркістанның тұтастығы мен тәуелсіздігі жолында күресу, жастарда ұлттық сана қалыптастыру, білім беру саласын күшейту және т.б. еді. Осы орайда айта кетерлік жайт, Мүнәууар қаридің кейінірек жарияланған естеліктерінде ұйым мүшесі ретінде Тұрар Рысқұловтың аты аталмайды, өйткені, аса сақ әрі сауатты саясаткер болған Тұрар Рысқұлов ұйымның мәжілістеріне қатыспайтын, бірақ ұйым мүшелері мен ұлтшыл зиялыларды қорғап, өз қамқорлығына алып отыратын еді. Ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті жетекшілерінің бірі Зәки Уәлиди кейінірек: «Тұрар Рысқұловты көре алмайтын едік. Өйткені, оны үкімет мұқият қадағалайтын еді. Дегенмен, Дінше сияқты сенімді адамдары арқылы ол бізге хабар жіберіп, тапсырма беріп отыратын еді» [2], – деп жазды.

Алманияда болған кезінде Мұстафа Шоқайдың материалдарымен танысуға мүмкіндік алған Хамза Абдуллин, аталмыш ұйымның құрамында Сұлтанғалиевтің де болғанын жазған еді. Уақыты мен мүшелері жөніндегі мәліметтерде ауытқушылық болғанымен, бұл пікір де негізсіз емес. Өйткені, Сұлтанғалиев аталмыш ұйымның ізімен 1919 жылы Мәскеуде құрылған жасырын топтың мүшесі болған еді.

Астыртын ұйымдар большевизмнің ұясы Мәскеудің өзінде де жұмыс жүргізді. Зәки Уәлидидің естеліктеріне жүгінер болсақ, құрамына Түркістан, Башқұртстан, Бұхара, Хиуа өлкелік партия комитеті мүшелерін тартуды көздеген және «Шығыс социалист партиясы» деп аталған жасырын ұйымға башқұрт Зәки Уәлиди, татар Илияс Алкин, Мирсаид Сұлтанғалиев, өзбек Низамхожаев, қазақ Ахмет Байтұрсынұлы мен Тұрар Рысқұлов мүше болған. Олар әуелгіде партия ретінде жасақталып, Коминтерннің құрамына енуге әрекет жасағанымен, Компартия бұл партияның құрылуына түбегейлі қарсы болғандықтан, жасырын ұйым ретінде жұмысын жалғастыра берді. Сондай-ақ, Түркістан тарихының білгірі, профессор А. Беннигсен, 1920 жылдың көктемінде Мирсаид Сұлтанғалиев, Зәки Уәлиди, Тұрар Рысқұлов және т.б. көрнекті тұлғалардың жасырын ұйым құрып, Кеңес өкіметіне қарсы астыртын күрес жүргізгенін жазады. Автордың айтуынша, кеңес өкіметіне қарсы астыртын күрес жүргізген бұл жасырын топ үш бағытта жұмыс жүргізді: бірінші бағыт – партия қатарында, үкімет аппараттарында басшылық қызметтерде бола жүріп, тәжірибе жинақтау; екінші бағыт – жаңа кадрлар даярлау мақсатында оқу ордалары мен білім ошақтарын қолға алу; үшінші бағыт – басмашылық қозғалысы сияқты кеңес өкіметіне қарсы ұлттық топтармен байланыс орнатып, ұлттық мемлекет құрудың алғышарттарын даярлау [3]. Қалай болған күнде Тұрар Рысқұловтың жасырын топтың мүшесі болғаны анық, дерек көздері соны айғақтайды. Расында, Түркістанның тұтастығы мен тәуелсіздігі үшін Орталық партия комитетіне қарсы аянбай күрескен Тұрардың уақыт өте келе жасырын ұлттық ұйымдармен байланыса отырып, ұлт-азаттық майданның рухани діңгегіне айналғанын аңғару қиынға соқпаса керек. Өйткені,

профессор А.Беннигсеннің сөзімен айтқанда, коммунистік партия қатарына өткенімен Тұрар Рысқұлов өмір бойы ұлтшыл болып қалған еді. Ал, бұл екі идеяның бір арнада тоғыспайтыны айдан анық болса керек.

Түркістандық жәдитшілдер мен ұлтшылдар да ұлттық социализмнің іргесін қалау үшін «Иштракион партиясын» құру қажет деп тапты. Нәтижеде, 1919 жылы 24 мамыр күні Ташкент қаласында «Түркістан жұмхуриеті мұсылман иштраки-юн партиясының» алғашқы құрылтайы болып өтті. Түркістанда әлі күш алып, Құрылтай жұмысына белсене араласқан Ефендизаде Кавказ және Әзербай-жандағы мұсылман, түрік коммунистерінің атынан сөз сөйлейді. Сондай-ақ, құрылтай жұмысын Бұхара Республикасының басшысы Осман Қожаұлы құттықтады. Маусым айының 12-сіне дейін жалғасқан құрылтай жұмысында елеулі қарарлар қабылданады. Құрылтайдан күш алып, арқаланып шыққан ұлт зиялыларының белсенділігі арта түседі. Бірнеше күннен кейін өткізілген Мұсылман Бюросы «Иштракион» газетін қайта құрып, өз қарамағына алу тура-лы ұсыныс көтерді. Уақыт өте келе «Иштракион» газеті Түркістан ұлтшылдары-ның топтасқан басылымына айналды. Бұл газетте Абдуррауф Фитрат сынды Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерінің еңбектері жариялана бас-тайды [4].

Мұсылман Бюросының төңірегіне топтасып, ұлттық күресті партия мен үкімет аппараттарында жүріп жалғасыруды көздеген ұлтшылдар Ресей-лік отаршылардың езгісінен толық құтылуды және ұлттық тәуелсіздік пен Түркістанның тұтастығын басты мақсат етіп алған еді. Осы мақсат жолында, 1920 жылы 17-20 қаңтар күні өткен Түркістан Коммунистік партиясының V кон-ференциясы мен Мұсбюроның төтенше III конференциясында Тұрар Рысқұлов әйгілі баяндамасын жасап, онда мұсылман түрік халықтарын соңынан ілесті-ре алатын партия құру қажеттігіне тоқталады [5]. Бұл жайында кейінірек Зәки Валиди былай деп жазды: «1920 жылы 4 ақпанда болған бас қосуда Тұрар Рысқұлов пен «Иттихат ва таракки» партиясының өкілі Емин Ефендизадедің Түркістанда Түрік республикасын құру, «түрік ұлттық армиясын» жасақтау және ішкі мәселелерді Түрік республикасының еркіне қалдыру сияқты ұсыныстары өтпей қалды. Большевиктер Рысқұловқа сенуден қалды» [6].

Бұл кездері Түркістанның азаттығы үшін эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов бастаған жергілікті ұлтшыл азаматтардың батыл іс-әрекетіне жоғары баға берді. Ол Рысқұловтың бастамасын «өзбек, қазақ, қырғыз, башқұрт және татарларды біріктіретін тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру жолында жасалған әрекет» деп бағалап, бұл әрекеттің шығыс халықтары арасында үлкен серпіліс туғызатынын қуана хабарлады. Сондай-ақ, 1927 жылы «Иені Түркістан» журналында жариялаған мақаласында «Мұсбюроның 1920 жылы болған III кон-ференциясында түрік қауымдарының басын біріктіру әрекеті «пантүрікшіл» деп айыпталды [7]. Түрік ұлыстарының өз қалауы бойынша бірігіп, Орталық Азияда ұлттық түрік республикасын құру әрекетіне қарсы Мәскеу күш қолданып, Қызыл Армия арқылы тұсау салды» – деп атап көрсетті. Шоқай, сонымен қатар, «Яш Түркістан» журналында жарияланған мақаласында былай деп жазды: «Ұлттық намысы мен иманын жоғалтпаған түркістандық коммунистер федерация идея-сын көтерген болатын. Біз бұл арада Тұрар Рысқұлов басшылығында Түркістан коммунистерінің әрекеттерін, яғни олардың Түркістанда тәуелсіз мемлекет

құруға қарай жасаған ұмтылыстарын оқырмандардың естеріне сала кетуді жөн көріп отырмыз. 1919 жылы партия конференциясында Түркістан коммунистері Мәскеудің «ұлттық шекараға бөлу» деген сұмбайы саясатынан бұрын «тәуелсіз Түркістан мемлекетін» құру идеясын көтерген еді».

Жалпы, бұл кезеңде барлық ұлтшыл топтар мен астыртын ұйымдардың бір-бірімен өзара байланысы болғанын аңғару қиынға соқпайды. «Төртеу түгел болмай, төбедегінің келмейтінін» ұққан ұлт зиялылары, Алашорда мен Түркістан үкіметтерінің бұрынғы мүшелері және талантты ақын-жазушылар ұлттық майданның орталығы ретінде Ташкентке топтаса бастады. Сондықтан, жасырын ұйымдардың қайсібірі әдебиет үйірмесі ретінде, енді бірі бірлестік болып құрылып жатты. Астыртын ұйым мүшелері кейде әдебиет кештерінде жолығып, бас қосатын, ал кейде үйлердің қалтарыстарында, дәліздерде, под-валдарда, вагондарда кездесіп, хабарласып тұрды. Олар бір-бірімен тығыз бай-ланыста болды. 1921 жылы ақпан айында башқұрт, қазақ, өзбек және түрікмен ұлттық ұйымдарының өкілдері Бұқараға келді. Мұнда Түркістандағы негізгі үш ұйымның, атап айтқанда Алашорда, жәдитшілдер және социалистік бағыттағы «Ерік» партиясының біріккен бағдарламасы қабылданды. Зәки Уәлидидің естеліктерінде айтылғандай, Алашорда өкілдері Хайретдин Болғанбаев, Дін-ше Әділов және қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің қатысуымен қабылданған бұл бағдарламада тәуелсіздік, демократиялық республика, ұлттық армия, ұлттық экономика, халық ағарту ісінің жаңа жолға қойылуы, ұлт мәселесі және діни бостандық сияқты барлығы жеті баптан тұратын ауқымды мәселелер қарастырылған болатын [8].

Бұл байланыс тек түркістандықтар арасында ғана емес, Ресейді мекен еткен бүкіл түркі жұртын түгел қамтыды. Мәселен, татардан шыққан қайраткер тұлға Мирсаид Сұлтанғалиевтің Башқұртстандағы партия жетекшілерінің бірі Адигамовқа жазып, алайда И.В. Сталиннің қолына түскен хатында «Валидовпен байланыс құр» деген сөйлем бар еді. Ал, Валидовпен, яғни Зәки Уәлидимен байланыс құру – басмашылық қозғалысымен байланыс орнату екені айтпаса да түсінікті жайт.

Міне, осындай жасырын топтар мен ұйымдардың басын қосқан іргелі ұйымның бірі – «Түркістан ұлттық бірлігі» («Түркістан Милли Бірлігі» – «Тур-кестанская национальная объединение») деп аталатын еді. Түркістанның түрлі ұйымдарынан құралған (қазақ, өзбек және башқұрт ұлттық топтары) «Түркістан ұлттық бірлігі» комитеті 1920 жылы мамыр айынан бастап, 1921 жылдың басын-да толығымен құрылып бітті. Ұйымның құрылуына Түркия Республикасының да өзіндік үлесі болды. Атап айтар болсақ, 1921 жылы шілде айының соңына таман Түркиядан Мұстафа Кемал Ататүріктің тапсырмасы бойынша Ұлттық Мәжілістің мүшесі Мұстафа Супхи Сойсаллыоғлы Бұқараға келді. Оның қолдау көрсетуімен Бұхарада Түркістандағы ұлттық ұйымдардың басын қосатын одақ құрылып, оның төрағасы болып Зәки Валиди сайланды. Тамыз айының 3–5 күндері комитеттің алғашқы отырысы болып, комитет бұдан былай «Орта Азия ұлттық мұсылман ұйымдарының одағы» деп аталды. Бұл астыртын ұйымның мақсаты Түркістанның тәуелсіздігіне қол жеткізу, Түркістанның демократиялық үкіметі мен парламентін құру, түрік ұлттық әскерін құру, түрік халықтарының ана тілінде зайырлы білім алуын қамтамасыз ету, діни сенім бостандығы, дін мен саясатты бір-бірімен байланыстырмау сияқты міндеттерді іске асыру болды [9]. Айта кету керек, бұл одаққа көп еңбек сіңіргендердің бірі – қырғыз халқының

аяулы перзенті Төрекүл Жанұзақов еді. Бұдан кейін 1920 жылы 5–7 қыркүйек күндері арасында бас қосып, құрылтай өткізген ұйым мүшелері одақтың жарғысы мен Түркістан ұлттық байрағын қабылдады. Ұлттық байрақты жасауға Зәки Валиди, Төрекүл Жанұзақов, Мүнәууар қари бастаған бірнеше кісі ат салысты. Байрақ тарихта өткен үш түрік империяларының түстері ретінде қызыл, ақ, қызылсары түстеден тұрады: 5 қызыл және 4 ақ жолақ кезектесіп келеді де, сабына жақын жерінің орта тұсында қызылсары төрт бұрыш салынад, оның бетінде ақ жарты ай мен бесбұрышты жұлдыз бар. Байрақты шеттері түгелдей көгілдір түспен жиектеледі, көгілдір түс Түркістанның халқының түрік тегіне жататынын білдіреді. Тоғыз жолақ Түркістанның тарихи мемлекеттерінің белгісі: қазақтардың Ұлы, Орта және Кіші жүзі, Қашғар және Герат сұлтандықтары, Хиуа, Қоқан және Түркімен хандықтары, Бұхара әмірлігі. Қызыл түс – қазақтардың, қыпшақтардың, оғыз түріктерінің, Әмір Темірдің, Мерв хандығының, барлық мұсылман түріктердің байрақтарында, қызылсары түс – ұйғырлардың, жалпы Түркістанның исламға дейінгі мемлекеттерінде, ал ақ түс – Шыңғысхан империясы, Алтын орданың байрағында қолданылған түстер [10].

Ұйым мүшелері 1921 жылы 11 мамырда қайта жиналды. Осы жылы 18–21 қыркүйекте Ташкент қаласында Зәки Уәлидидің ұйытқы болуымен VII Түркістан Ұлттық құрылтайы өтті. Тағы да Уәлидидің естелігіне жүгінер болсақ, Әлихан Бөкейханов, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы және Тұрар Рысқұловтың хабары болғанымен, түрлі себептермен құрылтай жұмысына қатыса алмады. Ұйым «Түркістан азаттық қоғамы (жемиеті)» болып қайта құрылды және Мұстафа Шоқай ұйымның Еуропадағы өкілі болып сайланды.

Мұстафа Шоқай осылайша Тұрар Рысқұловтың идеясын тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру әрекеті деп бағалады. Осы орайда айта кетуге тиіспіз, Мұстафа Шоқай мен Тұрар Рысқұловтың өмірлік мұрат-мақсаты мен күрес жолы осы «тәуелсіз Түркістан мемлекеті» идеясы төңірегінде тоғысып жатқан еді. Бір мақсат жолында бірі шетте жүріп алысса, екіншісі күші басым билікпен іште жүріп жағаласты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Mustafa Zokay, Sovyet Orta Asya federasyonundan milli muttehid Turkistan devletige // Yas Turkistan, 1931, №16, 4–9 б.
2. Topan, Zeki Velidi, Hatıralar, Ankara 1999.
3. Benningsen, A., – Quelquejay, C.L., Step'de Ezan Sesleri. Soviyet Rejimi Altındaki İslamın 400 Yılı, İstanbul, 1981.
4. Baysun, Abdullah Receb, Türkistan Milli Hareketleri, İstanbul, 1943.
5. Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов. Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б. (123–135 б.)
6. Castagne, Joseph, Türkistan Milli Kurtuluş Hareketi, İstanbul, 1980.
7. Mustafa Zokay, Merkezi Asya Federasyonu Projesi, Yeni Türkistan, 1931, 5 s.
8. Тоған З.У. Естеліктер // Ұлы Түркістан [Мәтін] / М. Қ. Қойгелдиевтің жетекшілігімен; құрастырып, аударған Д. Қыдырәли. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. – 177–179 б.
9. Исхаков С.М. А.З.Валиди: Пребывание у власти // Отечественная история. – 1997. – № 6. – С. 23.
10. Trembicky W. Flags of non-Russian peoples under soviet rule // The Flag Bulletin. VIII:3. – Lexington, 1969. – P.122–124.

Қазақстанға көшірілген шешен-ингуш халықтарының тарихынан

Манара ҚАЛЫБЕКОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты

Кеңес үкіметі жүргізген күштеп қоныс аудару саясатының негізгі науқаны Ұлы Отан соғысы кезінде жүзеге асырылды. Жазықсыз халыққа рухани-материалдық тұрғыдан үлкен зардап әкеліп, ұлттың демографиялық өсіміне кері әсер еткен келеңсіз әрекеттің салдары бүгінде ұмытыла бастағанымен тарихи санада өз ізін қалдырды.

Сталиндік тоталитарлық жүйе тарапынан көптеген халықтар мен ұлттар өкілдеріне әртүрлі себептермен сенімсіздік көрсетіліп, Кеңес Одағының шалғай өңірлеріне еріксіз жер аударылды. Солардың қатарында көне тарихы бар, өз ата-мекенінде ғасырлар бойы өсіп-өркендеп отырған шешен, ингуш халықтары «фашист басқыншыларымен ымыраласты» деген жалған жаламен өздерінің байырғы мекенінен Қазақстан мен Орта Азияға күшпен көшірілгені көпшілікке белгілі болғанымен, қарапайым халыққа қолданылған саяси шараның әскери шаралармен астарласа жүзеге асырылғанын бүгінгі ұрпақ біле бермейді. Жазықсыз халықты депортациялау үдерісі 1944 жылдың 23 ақпанында шұғыл түрде қолға алынып, бұл операцияны іске асыруға 100 мыңнан аса Ішкі Істер Халық Комиссариатының жауынгерлері мен офицерлері тартылды, таулы аймақтарды бомбалау үшін әскери әуе күші де қолданылды. Жазық жерлерде орналасқан халықты көшіру қысқа мерзім ішінде әрі үлкен қарсылықсыз іске асса, қар көшкіні қаупі жоғары таулы аймақтағы халықтарды жазыққа түсіріп, арнайы жинақ пунктеріне шоғырландыруда қиындықтар туындады, кей жерлерде жаппай қырып-жою әрекеті орын алды. Чечняның Хайбах елді мекенінің 700 бейбіт тұрғыны саяси жүйе қолдан жасаған қатал тағдырдың құрбаны болды, олар атқораларға қамалып, тірідей өртелді. Сондай-ақ Макажай елді мекені мен Галанчож көлі аумағында да Ішкі Істер Халық Комиссариатының жауынгерлері мен офицерлерінің қатысуымен жаппай қырып-жою әрекеті болғаны жайлы деректер сақталған [1].

Депортация – Солтүстік Кавказ халықтары тарихындағы ең ауыр кезең. Халықты Қазақстан мен Орта Азия аумағына мәжбүрлеп қоныстандыру арнайы көшірілгендердің жаппай өлім-жітімге ұшырауымен қатар жүрді. Құрбандардың нақтылы саны белгісіз, шамамен 400 мың шешен ұлты өкілдерінің 131 мыңдайы жазықсыз қырғынға ұшыраған [2]. Халық басына туған мұндай нәубет ұлттың өсіп-өркендеуі мен этнос болмысын көрсететін рухани-мәдени құндылықтардың белгілі бір дәрежеде тоқырауына алып келетіні белгілі.

Қазақ ССР Ішкі Істер Халық Комиссариатының мәліметтері бойынша 1945 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстанның батыс аймағынан басқа облыстарға көшірілген шешен-игуштардың жалпы санын 360404 адам (88513 отбасы) құраған [3].

Арнайы көшірілгендердің 80 %-дан астамы климаты қатал аймақтарға орналастырылды. Белгілі бір аймаққа шоғырландыра орналастырылған басқа депортацияланған халықтардан айырмашылығы шешендер мен игуштар республиканың әр аймағына шағын-шағын топтардан шашырата таратылды. Бұл әрекеттің түпкі мақсаты – халықтың ассимиляциялануына қолайлы жағдай туғызу екені де белгілі. Арнайы көшірілгендер рухани-моральдық тұрғыдан да, материалдық-физикалық тұрғыдан да зардап шекті. Көптеген адам азық-түліктің жетіспеушілігінен тасымалдау кезінде қазаға ұшыраса, енді біразы жаңа орналасқан жерлеріндегі ауыр әлеуметтік-тұрмыстық жағдайға төтеп бере алмады. Шығынға ұшырағандардың арасында балалар мен аяғы ауыр әйелдер де болды.

Қазақстанға әкелінген арнайы көшірілгендерді топ-топқа бөліп, колхоздар мен совхоздарға, өндіріс орындарын жіберді. Олар жергілікті халықпен бірге еңбек үдерісіне белсене араласты. Арнайы көшірілгендерді арзан жұмыс күші ретінде ауыл шаруашылығы мен өндіріс орындарының ең ауыр салаларына пайдаланды, жұмыстың аса ауырлығына қарамастан олар еңбекте жоғары көрсеткіштерге де қол жеткізді.

Солтүстік Кавказдан қоныс аударылғандардың тұрмыстық жағдайы, оларды тұрғын-жаймен қамтамасыздандыру мәселесі аса ауыр болды. Тұрғын-жаймен қамтамасыз етудің қалыпты нормасы адам басына шаққанда 3 шаршы метр болса, кейбір жекелеген аймақтарда арнайы көшірілгендердің 2-3 отбасы бір пәтерге орналасқаны, әр адам басына 2,2 шаршы метрден келгені жайлы фактілер сақталып отыр (Қарағанды облысындағы «Каззолото» тресінде жұмыс істегендердің отбасылары Степняк қаласындағы 29-шы, 30-шы еңбек поселкаларында) [4]. Ақмола облысы Степняк қаласындағы «Каззолото» тресінде жұмыс істегендердің отбасылары күрделі жөндеуді қажет ететін жер төселерде (тұрғын-жай 1 адамға 1,5 шаршы метрден келетін) тұрған [5]. «Қыста тұруға болатын үйлерге тығыз орналастыру тәртібі» бойынша жайғасқан арнайы көшірілгендердің жағдайы біршама жақсы болды [6]. Сондай-ақ жекелеген шаруашылық ұйымдарындағы қоныс аударушылар үстел, орындық, төсек, көрпе-жастық тәрізді қарапайым өмір сүруге қажетті бұйымдармен жабдықталмаған, жөндеу өткізілмеген, ескі әрі лас үйлерде тұрған. Мысалы, Балқаш мыс зауытының № 517 зауыты, Балық тресі, Успенский кеніші, Қарағанды көмірдің №1 совхозы т.б.

Солтүстік Кавказдан әкелінген арнайы көшірілгендерге көрсетілетін медициналық-санитарлық қызметтің деңгейі де тым мардымсыз болды. Қарағанды облысының кейбір аймақтарындағы ауруханалар мен медпунктер медицина қызметкерлерімен жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілмеді, мәселен, №20 Май-Құдық еңбек поселкасында күнделікті қабылдауға 75–80 адам келсе, белгіленген мерзім ішінде 30–40 адамға ғана қызмет көрсетілді. Осокаровка комендатурасына қарайтын үш елді мекенге 9-дан 18 шақырымға дейінгі қашықтықта орналасқан бір ғана медпункт қызмет етті [7]. Санитарлық-сауықтыру шараларының жеткілікті дәрежеде жүргізілмеуі, ауыр тұрмыстық жағдай арнайы көшірілгендердің арасында жұқпалы аурулардың кеңінен таралуына алып келді.

Қарағанды облысындағы Солтүстік Кавказдан келген 33316 арнайы көшірілгендердің арасынан 1727 адам, оның ішінде 511 еркек, 426 әйел, 790 бала қайтыс болған [8]. Балалар арасындағы өлімнің негізгі себебі: дифтерия, қызылша болса; ересектер арасында кәрілік және сүзек тәрізді түрлі жұқпалы дерттермен қатар азық-түліктің жеткіліксіздігі, яғни жеткілікті дәрежеде тамақтанбау да өлімге себеп болды. Сондай-ақ азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігінен қоныс аударушылар арасында өлімге әкелетін дистрофия етек алды.

Іш сүзегі індетінің таралуының негізгі себебін «елді мекендердегі құдықтардың ластануына байланысты ауыз су ретінде сапасыз, ішуге жарамсыз суларды тұтыну» деп түсіндіреді Қазақ ССР Ішкі Істер Халық Комиссариаты ОИТК-нің бастығы Павлов [9].

Жылы киім-кешекпен, аяқ киімдермен қамтамасыз ету де өте төменгі деңгейде болды, мысалы: мектеп жасындағы 4350 баланың 1595-і ғана мектепте білім алса [10], қалғандары киім мен аяқ киімдерінің жоқтығынан мектепке бара алмаған. Соғыс жағдайында және соғыстан кейінгі кезде жергілікті халықтың да әлеуметтік жағдайы қиын болғаны белгілі. Ал ата-мекенінен көшірілген кезде мал-мүлкі мен үй-жайын еріксіз тастап келген жер аударылғандардың жағдайы тіпті мүшкіл болды.

Арнайы көшірілгендер «жұмыс орнымен, сауда нүктелерімен басқалармен бірдей деңгейде қамтамасыз етілуі қажет» болғанымен, оларды азық-түлікпен және тұрмыстық заттармен қамтамасыздандыру деңгейі халықтың басқа категорияларымен салыстырғанда анағұрлым төмен болды, «арнайы көшірілгендерге карточкалық жүйемен нан бөлу қалыпты мөлшерде жүргізілмегені» жайлы да деректер сақталған. 1945 жылдың қаңтар айынан бастап шілдеге дейін адам басына 100–50 грамнан ғана ұн мен жарма таратылса, шілде айында ұн орнына адам басына 4,5 кг. тағамдық дән бөлінген [11].

Арнайы көшірілгендер мәртебесі жергілікті комендатуралар мен ПХК-ның басқа да ұйымдары тарапынан жүргізілетін қорлау мен кемсітушілікке толы тіркеу, қайта тіркеу, белгілеу сияқты процедуралармен сипатталды. Арнайы көшірілгендердің әрбір қадамы қатаң бақылауға алынды, олардың ПХК-ның арнайы комендатуралары коменданттарының рұқсатынсыз сол комендатураға қатысты елді мекен аумағынан шығуға хұқы болмады; олай болмаған жағдайда, яғни белгіленген аумақтан шығып кету «кашу» ретінде қарастырылып, қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Арнайы көшірілгендер өздерін орналастырған жерде белгіленген режим мен қоғамдық тәртіпті қатаң сақтауға және ПХК арнайы комендатурасының барлық талаптары мен шешімдерін орындауға міндетті болды. Орналастырылған жердегі белгіленген режим мен қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін арнайы көшірілгендерге 100 рубльге дейін көлемдегі айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолданылды немесе 5 тәулікке дейін мерзімге қамауға алынды.

16 жасқа толған әрбір арнайы көшірілгендерге жеке карточка толтырылып, отбасылық есеп жүргізілді. Сондай-ақ алфавиттік жүйедегі карточкалар жүргізіліп, барлық келген, кеткен, босатылған, қашуға әрекет еткен немесе қашып кеткен, қайтыс болған арнайы көшірілгендер есепке алынып отырды. Әрбір арнайы көшірілгендерге жеке іс қағазы жүргізілді. Бүгінгі күні ол құжаттардың көпшілігі уақытша сақталатын құжат ретінде жойылып кеткені-

мен арнайы көшіру кезінде қайтыс болғандарға қатысты кейбір құжаттар архивтерде сақталып қалған. Олардың жеке іс қағаздарында сотталғаны жайлы, өлімінің себебі туралы, жерленген жері жайлы, сондай-ақ тұтқындалған кезінен босатылғанға немесе қайтыс болғанға дейінгі тағдыры жайлы басқа да деректер қамтылған. Алфавиттік карточкадағы деректер арнайы көшірілгендерді босату кезінде, оларға қатысты заң баптарын өзгерту кезінде ескеріліп отырған.

Депортацияланған халықтарға қатысты ұстанған Үкімет саясаты өткен ғасырдың 50-ші жылдарында ғана өзгеріп, либерализациялық сипат ала бастады. КСРО ИМ-нің 1953 жылдың 18 май айындағы №197 Жарлығы бойынша ИМ-нің облыстық Басқармаларына «арнайы көшірілгендердің бір-бірінен ажырап қалған отбасыларын табыстыру мәселесін тез арада шешу және олардың, емделуге, оқуға, спорт жарыстарына т.б. жағдайларға байланысты уақытша іс сапарларға шығу мәселесін тез арада шешуге қатысты шараларды іске асыру» тапсырылды.

1956 жылы 16 шілдеде шыққан КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының баспасөзде жарияланбаған Жарлығы бойынша арнайы көшірілгендер санатына кірген шешендер мен ингуштардың және олардың отбасының хұқықтарын шектеуді тоқтату мәселесінің көтерілуі бұл әрекеттің заңсыз әрі әділетсіздігіне байланысты емес «ендігі жерде оның қажеттілігі жоқ» екенімен түсіндірілді. Бұл жерде мәселе тек оларды арнайы көшірілгендер есебінен шығарып, ИМ-нің әкімшілік бақылау органдарының қадағалауынан босату туралы болды. Сондай-ақ арнайы көшірілгендерді шектеуліктен босатқанмен, олардың көшірілу кезінде тәркіленген мүліктерінің қайтарылмайтыны және өздерінің ата-мекеніне қайтуға хұқы болмайтыны жайлы алдын ала ойластырылды.

1957 жылы 9 қаңтарда Шешен-Ингуш АССР қалпына келтірілгеннен кейін биліктің талабына қарамастан Қазақстандағы шешен және ингуш халықтарының өкілдері туған жерлеріне қайтуға талпыныстар жасады, сол жылы 48 мың отбасы тарихи Отанына оралды. Ата-мекеніне қайтып оралған шешендер мен ингуштар қиын жағдайға тап келді. Мемлекет тарапынан олардың күшпен көшіру кезінде айырылған мал-мүліктеріне, үй-жайларына төлем ақы төлеу қарастырылмады. Кезінде мәжбүрлеп көшірілген шешендердің жаппай қайтып оралуы Чечняда бей-берекетсіздіктің өршуіне алып келді, ал 1944 жылдан кейінгі арнайы көшіруге ілігіп, орналасқан жерлерінде тұрақтап қалған шешендер мен ингуштар ар республикадан тыс аймақтарға да шыға бастады. Елдегі асқынған жағдайды 1958 жылы тамыз айының 24 күні би алаңындағы төбелес кезінде болған өлім шиеленістіре түсті. Жерлеу жаппай тәртіпсіздікке ұласып, Грозный қаласындағы бей-берекетсіздік төрт күнге созылды. Орыс тілді тұрғындарға қарсы шықты деген желеумен шешендер мен ингуштарды қайта мәжбүрлеп көшіру шаралары жүргізіле бастады. Бұл жағдайға қарамастан шешендер мен ингуштардың ата-мекеніне қайта оралуы жалғаса берді. Шешен-ингуш халықтары өкілдерінің саяси жүйеге деген әлсіз наразылығы тұншықтырылғанымен республика көлеміндегі ұлтаралық қайшылық біржола жойыла қойған жоқ еді. Солтүстік Осетияның құрамында қалған таулы аудандар төңірегіндегі даулы мәселенің де шешімі табылмаған күйде қалды.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Сигаури И.М. Очерки истории и государственного устройства чеченцев с древнейших времен. Москва, 1997. Б.354.
2. Некрич А. Наказанные народы. Нью-Йорк. 1978. Б.115–116.
3. ЦПСИИ при Генеральной Прокуратуре РК. Ф.16. Оп.1. Д.30.
4. ЦПСИИ при Генеральной Прокуратуре РК. Ф.16. Оп.1. Д. 13.
5. ЦПСИИ при Генеральной Прокуратуре РК. Ф.16. Оп.1. Д.9.
6. ГАКО. Ф.18. Оп.1. Д.843. Б.144.
7. ЦПСИИ при Генеральной Прокуратуре РК. Ф.16. Оп.1. Д.9.
8. ГАКО. Ф.18. Оп.1. Д.843. Б.94.
9. ЦГА РК. Ф.1109. Оп.2с. Д.34. Св.4. С.214.
10. ГАКО. Ф.18. Оп.1. Д.843. Б.103.
11. ГАКО. Ф.18. Оп.1. Д.843. Б.100.

Түркі әлеміндегі – Түркі дүниесінің ойшылдары

Рауан КЕМЕРБАЕВ,
ҚР Білім және ғылым министрлігінің сарапшысы

Казақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев мемлекетіміздің егеменді ел ретіндегі барлық кезеңінде Түркі дүниесін біріктіру мәселесіне айрықша мән беріп келеді. Түркі дүниесінде жарқын болашақ үшін барлық мүмкіндіктер бар, ал оның бірігуі деген – ол тұрақтылыққа, ілгерілеуге, саяси тәуелсіздікке ба-
стайтын жол деген сөз.

Демек, түбі бір түркі дүниесінің рухани құндылықтарын санамызға сіңіру барысында біз өткенімізді жаңғырта отырып болашаққа көз тастайтынымыз ақиқат.

Шығыс және Батыс елдерінің тарихи және өркениетті кеңістігіндегі Түркі дүниесінің ойшыл-ғұламаларының орны мен ролін зерттеу Қазақ философиясының қайнар көзі ретінде танылып, рухани сабақтастығына мән берілуде.

Соның бір дәлелі ретінде ағымдағы жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Президенті Абдуллаһ Гүл Түркі дүниесінің академиясын ашып, оған 300 астам белгілі түрколог ғалымдар қатысты. Ашылу рәсімінде Мемлекет басшысы Н. Назарбаев «Бұл – түркі тектес елдердің мәдени-гуманитарлық байланысын нығайтуға өлшеусіз үлес қосатын, тарихи маңызы бар оқиға» дей келе, «Түркілер тарихқа көрнекті мемлекет қайраткерлерін, ұлы ғалымдар мен дарынды ақындарды сыйлады. Ғылым мен өнер үшін Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммед әл-Фараби, Ибн Сина, әл-Хорезми, Қожа Ахмет Иасауи, Ұлықбек, Әлішер Науайы, Физули, Мимар Синанның және өзге де әйгілі есімдердің маңызы өте зор» дей келіп, әлемдік өркениетке түркі дүниесінің қосқан үлесін жан-жақты зерттеудің қажеттігін атап өтті [1].

Академияның негізгі мақсаты – ежелгі түркілердің рухани және материалдық мәдениетін қайта жаңғырту; түркі халықтарының өткен кезеңдердегі және қазіргі мәртебесін жаһандану мен қатаң бәсекелестік жағдайында сапалы жаңа деңгейге көтеру; түркі мәдениетінің және тарихының әлемдік өркениеттегі тарихи міндетіне баға беру; ғылымның дамуына және түркітанушы ғалымдардың кәсіби бір ортаға шоғырлануына жан-жақты қолдау көрсету; Қазақстан Республикасының мемлекеттік және саяси құрылымының тұжырымдамалық және ғылыми-әдіснамалық базасы ретіндегі еуразиялық идеялар аясында түркітану саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіру және ынталандыру және т.б.

Адамзат тарихына зер салатын болсақ кез-келген халықтың өзіне тән ерекше қалыптасқан қайталанбас философиясы болатындығы ақиқат. Ендеше, қазақ халқының да әлемдік философия тарихынан орын алатын өзіндік ұлттық ерек-

ше дүниетанымы мен рухани бастаулары бары анық. Қазақ халқының бай рухани мұраларын жаңғыртуда сол ортағасырлық тарихи-әдеби ескерткіштерді философиялық қырларынан зерттеу қажеттілігі туындауда.

Сондықтан да, қазіргі түркі әлемінің бірігу жолында түркі ойшылдарының: Қ.А. Иасауи, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, А. Йүгінеки және т.б. еңбегін жандандыру мәселесі тұр.

Себебі Түркі дүниесі – Орталық Азия мен Еуразиядағы қырықтан астам ұлттар мен ұлыстардың қоғамдастығы – адамзаттың тарихи-мәдени мұраларының арасында ерекше орын алады.

Жалпы алғанда орта ғасырлардағы жазба ескерткіштер туралы батыс, шығыс, Ресей және де қазақ елінің түрколог ғалымдары өздерінің зерттеулерінде өте маңызды құнды пікірлерін айтып келеді. «Бүкіл түркі дүниесінің алтын діңгегі, ортақ қазынасы саналатын көне түркі жазба ескерткіштері ата-бабаларымыздың ұрпақ болашағы, ел келешегі үшін артына қалдырған баға жетпес асыл мұрасы екені баршаға аян» [2, 149 б.].

Міне, ХХІ ғасырда қазақ халқыда өзінің түпкі тарихы мен мәдениетіне бет бұрған үшінші мың жылдықта осы әдеби-философиялық мұралардың алатын ролі ерекше болмақ.

Жалпы орта ғасырларда адамзат білімінің, ақыл-парасатының жетілуіне орасан зор ықпал еткен ғұлама мұсылман ойшылдарының ерен еңбегі мен артына қалдырған рухани мұралары баршаға ортақ қазына. Кейінгі уақыттарда мәдени мұраларымызбен түркі дүниесіне ортақ ойшыл-даналарымыз және олардың жазба құнды ескерткіштерін рухани жаңғыртуға бет алғанымыз белгілі.

Н. Назарбаев өзінің «Тарих толқыны» еңбегінде «Егерде біз мемлекет болып және сол мемлекетіміз баянды болу үшін халқымыздың рухани қайнарларына үлкен мән-мағына беруіміз қажет» дей келе «Тарихи тек-тамырыңның тереңнен бастау алғанын танып-түсіну, ата-бабаның шапағаты мол шабытты істерін заңды мақтаныш ету, тоталитарлық кезеңнің зардаптарынан арылу, сөйтіп тарихи сананы уақыт талабына сай қалпына келтіру ұлттық тұтастануға тегеурінді серпін беруге тиіс [3, 56 б.].

Демек, біздер қазақ философиясының тарихының түп-төркінін, қайнар бастауларын ғылыми негізде түсінуіміз үшін алдымен халқымыздың бұрынғы, соңғы тарихын бүгінгі күн тұрғысынан тереңірек танып білуіміз қажет. Ал, тарихтың сан ғасырлар бойы сақтап келген асыл қазынасын, яғни, әдеби-философиялық мұраларды танып білу – қоғамымыздың әр азаматының рухани жағынан кемелдене түсіп, еліміздің егемендігін нығайта беруге игі ықпал етері сөзсіз.

Қазіргі түркі халықтарының философиялық дүниетанымын, олардың қалыптасу заңдылықтарын зерттеу тәуелсіздігімізді алғаннан кейін ғана қолға алына бастады. Әдеби-философиялық құндылығы жоғары рухани қазынаның кілтін ашуда көне дәуір ескерткіштерінің транскрипциялық аударма мәтіндерінің тигізер пайдасы орасан зор болмақ. Демек, осы рухани мұраларды жаңғыртып зерттеу арқылы Түркі халықтарының тарихы мен бүгін болмысын шынайы түрде түсінуге қол жеткіземіз. Осы жерде еліміздегі белгілі философ ғалым ағамыздың сөзін келтірсек: «Осындай дәстүрлі түркілік дүниетанымын зерттеу – болашақта барлығымызға ортақ іс. Ондай келелі істі біздер жалпы түркілік байланысты, руханилықты және мәдениетті қалпына келтіру арқылы жүзеге асырамыз» [4, 141 б.].

Сол үшін қазіргі жаһандану үдерісіне төтеп беру және ғылым, білімнің бәсекеге түскен дәуірін тізгіндеуге тырысып жатқан қазақ халқы тарихи тегіне қайта оралып, дініне бет бұрып жатқан кезінде, тарихи өткенін ұмытпағаны абзал.

Түрік әлемінің Шығыс пен Батыс елдерінің өркениет тарихында алатын орны мен рөлін қазіргі жаһандану жағдайында зерделеу күн тәртібіндегі мәселе болып отыр. Бұл өз кезегінде түркітанушы ғалымдардың кәсіби тұрғыда бірлесіп зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік туғызып түркі әлемінің өзара ынтымақтастықта дамуын, оның ғаламшарлық кеңістіктегі үлес салмағын айқындауын қажетсінуде.

Жалпы түркі дүниесіне қатысты рухани-мәдени дүниелерді танып білу, ұлттық тамырымызды жаңғыртудың қайнар бұлағы болмақ. Сол себептен өткенді ескере отырып, болашақтағы міндеттерімізді айқындаймыз. Ол үшін:

Бірінші. Қазіргі түркі әлемінің бірігу жолында түркі дүниесінің ғұламаларының шығармаларын тарихи-философиялық қырынан зерттеу арқылы қазақ философиясының қайнар бұлақтары мен рухани ұстаздары ретінде анықтау.

Екінші. Түркілік діни-гуманистік ілімді қазіргі қоғамдағы қазақи болмыс, салт-дәстүр, діни жоралғылар мен ізгілік қасиеттер сабақтастығына тоқталып, оның маңыздылығына тоқталу.

Үшінші. Қазіргі қазақ философиясы ежелгі түркі әдеби-философиялық ескерткіштерінің заңды дәстүрлі жалғасы екендігін, тарихи-философиялық анализ жасау арқылы дәлелдеу.

Төртінші. X–XII ғасырлардағы Ислам түркі дәуіріндегі философиялық рухани мұралар мен қазіргі қазақ философиясының арасында үзілмей келе жатқан байланыстың бар екендігіне көз жеткізу.

Бесінші. Орта ғасырлардағы түркі өркениетінің биік шыңы болған Қараханид мемлекеті тұсындағы ғұлама ойшылдарының философиялық дүниетанымын көпшілік қауымға насихаттап жеткізу.

Сайып келгенде, түбі бір туысқан түркі тілдес елдер мен ортақ мәдени тарихымызды санамызда түлете отырып, бүгінгі тәуелсіздік туын көтерген бауырлас халықтардың жоғары мәдениетін көрсету арқылы түркі халықтардың дүниетанымын, тұрмыс-салтын, ел билеу дәстүрін, адамгершілік қасиеттерін баяндай отырып дәстүрге негізделген бүгінгі түркі өркениетінің бірлігі туралы ой түйіндеп, оны насихаттау.

Егер IX–XII ғасырлардағы өркенді шығармалары аса толымды сипат танытқан түркі дүниесінің рухани самғау биіктерін Түркі өркениеті деген пікір өте дұрыс, себебі «Қараханид» дәуірінде дүниеге келген ескерткіштер мен материалдық мәдениет құралдары соны дәлелдеп тұрғандай» [5, 191 б.].

Ал, X–XII ғасырлардағы мәдени-әдеби жетістіктерге белгілі түрколог-ғалым, Алма Қыраубаева былай баға береді: «X–XII ғасырлар түркі халықтары әдебиет-мәдениетінің араб-парсы мәдениетімен біте қайнасқан кезеңдер еді. Бұл дәуірде араб-парсы поэтикасының негізінде, арыз өлең өлшемімен «Құтадғу білік», «Диуани лұғат-ит-түрк», «Диуани хикмет», «Ақиқат сыйы» т.б. ескерткіштер жазылды» [6].

Қазақ философиясының тарихы уақыт өткен сайын өзін-өзі байытып, сол арқылы тарихи санасын жетілдіріп, кешегі мәдени-рухани мұраларымызды қайта жаңғырту үстіндеміз. Біздер ежелгі түркі жәдігерлерін зерттей отырып, сол замандағы қазақ философиясы мен мәдениетінің қайнар бұлақтарынан

сусындап қаныға түсетініміз шындық. Кейінгі уақытта осындай құнарлы мәдени асыл мұраларымызды зерттеу кең өріс алып, рухани сабақтастықты жалғастырудамыз.

Қазіргі еліміз тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түскен кезеңде ежелгі дәуірлердегі ұлттық мәдениетіміз бен рухани жан дүниеміздің күретауымызды саналатын алтын көмбелерді аршып, танып, талдап ұлттық тарихымыздың нақты тарихи деректері, құжаттары ретінде тану енді-енді байсалды ғылыми бағыт ала түсті. Ал, қазақ сахарасына етене жақын ондай қымбат қазыналар баршылық. Ежелгі түркі дәуірлерінің өзінде қазіргі түркі халықтарының пасат-пайымын қалыптастырып, рухани қайнар көзін саралайтын талантты да өлмес мұралар жасалған.

Ә.Н. Нысанбаевтың редакторлығымен шыққан Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.) атты жинағының кіріспе сөзінде қазақ даласынан шыққан ойшылдар жөнінде мынадай пікір айтады: «Қазақстанның IX–XII ғасырлардағы қоғамдық ойы тарихи маманданған ғылыми және философиялық ойдың айрықша кезеңін құрайды. Нақ осы кезеңде Қазақстан халқы өздерінен бұрын өткен кезеңдердегі рухани мәдениет пен мұраның бай даму тәжірибесін байыптай бастады, философиялық ілімнің алғашқы тұжырымдамалары мен жүйелері, танымның қағидалары мен әдістері пайда болды. Осы ой мен оған негізделген ақылға бай аймақта рухани тәжірибе ізденістері жинақталып, алғаш рет түрік тілінде философиялық және ғылыми шығармалар жазылды, ал бұл шығармалар Қазақстандағы қоғам дамуының сан ғасырлық алғы шарттарын айқындады» [7, 4 б.].

Бұл әдеби мұралар қазақ тарихына, ұлттық философияға, этникалық мәдениеттің басқа да сан түріне қатысты арқа сүйер бірден-бір мол әрі құнарлы қазына. Ендігі жерде әдеби мұраларды тарих, философия, этнология, эстетикалық таным тұрғысынан сабақтастырып, негізгі ғылыми дәйектеме-дерек ретінде қолданудың, пайдаланудың маңызы арта бермек [5, 193–194 б.б.].

XXI ғасыр түркі халықтарының ынтымағының жаңа биікке көтерілетін ғасыры болатынына сенім барған сайын нығайып келеді. Оған дәлел Елбасының «Тарих толқыны» еңбегінде былай баға беріледі: «Қазіргі түркі әлемі уақыт өткен сайын өзара тығыз бірлесе түсіп, өздерінің мәдени мол мүмкіндіктерін танытуға тиіс. Шамасы, болашақ зерттеушілер, ол үрдісті «Түркі-ислам өркениеті» деп атауы да әбден ықтимал» [9, 119 б.].

Бүкіл түркі дүниесінің алтын діңгегі, ортақ қазынасы саналатын көне түркі жазба ескерткіштері ата-бабаларымыздың ұрпақ болашағы, ел келешегі үшін артына қалдырған баға жетпес асыл мұрасы екені баршаға аян [1].

Рухани құнды асыл мұраларымыз тарихымыздың куәсі әрі айнасы, демек ел арасында кең тарап жүрген қолжазбаларды, ескі кітаптарды жинастырып, ғылыми тұрғыдан зерттеп, бүгінгі мәдениеттің қажетіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Міне осы тұрғыдан алғанда ұлы бабаларымыздың қазіргі егеменді еліміздің өркениеттілікке бастаушы, түркі елдерін бір арнаға біріктіруші ұлағатты рухани мұра деп бағалауға болады. Сондықтан да олардың ілімін оқып үйрену алдағы қызметімізге, жалпы өмір жолымызда іске асырып, қоғамның кәдесіне жарату әрқайсымыздың абыройлы міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://www.akorda.kz/>
2. Саурықов Е.Б. Көне түркі жазба ескерткіштері: өткені, бүгінгі жағдайы және болашағы. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана қаласы, 2001 жылғы 18–19 мамыр). Алматы, 2001. – 584 б.
3. Назарбаев Н. В потоке истории. – Алматы: «Атамұра», 1999 – 296 с.
4. Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999.
5. Егеубаев А. Түркі өркениетінің заңдылықтары мен ерекшеліктері. Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер: (Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана қаласы, 2001 жылғы 18–19 мамыр). Алматы, 2001. – 584 б.
6. Ақиқат сыйының айтары. // Қазақ әдебиеті. – 1985ж. 16 тамыз.
7. Нысанбаев Ә.Н. Қазақ даласының ойшылдары (IX–XII ғғ.). Алматы: Ғылым, 1995. – 160 бет.
8. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.

Түркістан қаласы мен ауыл халқының демографиялық құрылымы (XX ғ.)

Жандос ӨМІРБЕКҰЛЫ,
ҚР БҒМ ҒК Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының ізденушісі

Қазақ елінің тарихында халықтың басынан кешірген оқиғалары мен жүріп өткен жолында түрлі нәубеттер, апаттар, қуғын-сүргін, соғыс, көтерілістер болған. Солардың қатарында қазақ жеріне өзге ұлт өкілдерін көптеп қоныстандыру, сол арқылы отарлық саясаты жүзеге асыруға тірек табу сияқты айла-шарғылар жүргізілді. Міне, осындай түрлі ұлт өкілдерінің қоныстанған жерлерінің бірі – Түркістан қаласы мен оның маңайындағы елді-мекендер еді. Демек, көші-қон нәтижесінде Түркістан қаласы және ауыл тұрғындарының ұлттық құрамы өзгеріп, халық санының пайыздық үлес салмағында айырмашылықтар байқалады. Бұл жағдай халықтың демографиялық хал-ахуалына әсерін тигізгені белгілі. Сондықтан, тарихи-демографиялық тұрғыдан Түркістан қаласы мен ауыл тұрғындарының жағдайын зерттеу өзекті мәселелердің қатарына саналады.

1920 жылғы Бүкілодақтық халық санағында Түркістан уездінің қала және ауыл халқының саны көрсетілген. Оған тоқталсақ, ауылда тұратын ерлер – 8786, әйелдер – 8720, барлығы – 17506 адам болса, ауылдағы ерлер – 34779, әйелдер – 34424, барлығы – 69203 адамды құрады. Ал, енді осы тұрғындардың жастық және жыныстық құрамын талдар болсақ, мынандай көрсеткіштер шығады: қалалық жерлерде 0-4 жастағылар – 3551, 5-9 жастағылар – 5146, 10-14 жастағылар – 4639, 15-19 жастағылар – 3063, 20-24 жастағылар – 2203, 25-29 жастағылар – 2507, 30-39 жастағылар – 4231, 40-49 жастағылар – 2387, 50-59 жастағылар – 1674, 60 жас және одан жоғарғылар – 1495, барлығы – 31053, аталған ер және әйел адамдарды қоса есептегенде ауыл тұрғындарының саны – 63967 адам екен.

1920 жылғы санақта қала тұрғындарынан 0-4 жастағы ерлер – 869, әйелдер – 859, 5-9 жастағылардан ерлер – 1065, әйелдер – 1026, 10-14 жастағылардан ерлер – 1097, әйелдер – 953, 15-19 жастағылардан ерлер – 667, әйелдер – 881, 20-24 жастағылардан ерлер – 519, әйелдер – 681, 25-29 жастағылардан ерлер – 603, әйелдер – 585, 30-39 жастағылардан ерлер – 823, әйелдер – 811, 40-49 жастағылардан ерлер – 631, әйелдер – 545, 50-59 жастағылардан ерлер – 638, әйелдер 376, 60 жас және одан жоғарғылардан ерлер – 428, әйелдер – 423, белгісіздерден ерлер – 16, әйелдер – 7, барлығы – 17506 адамды құраған [1].

1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағында Түркістан уездіндегі халық саны – 150352 адам болды. Тұрғындарды жастық және жыныстық құрамына

қарай талдар болсақ, төмендегідей көрсеткіштер шығады: 1 жасқа дейінгі ер балалар – 1383, қыз балалар – 1245, 1 жастағы ер балалар – 1962, қыз балалар – 1860, 2 жастағы ер балалар – 3131, қыз балалар – 3162, 3 жастағы ер балалар – 3066, қыз балалар – 3090, 4 жастағы ер балалар – 2775, қыз балалар – 2535, 5 жастағы ер балалар – 2695, қыз балалар – 2569, 6 жастағы ер балалар – 1949, қыз балалар – 1949, 7 жастағы ер балалар – 1790, қыз балалар – 1669, 8 жастағы ер балалар – 1605, қыз балалар – 1665, 9 жастағы ер балалар – 1158, қыз балалар – 1062, 10 жастағы ер балалар – 1722, қыз балалар – 1497, 11 жастағы ер балалар – 1332, қыз балалар – 1137, 12 жастағы ер балалар – 1856, қыздар – 1682, 13 жастағы ерлер – 1830, әйелдер – 1655, 14 жастағы ерлер – 1566, әйелдер – 1324, 15 жастағы ерлер – 1832, әйелдер – 1494, 16 жастағы ерлер – 1487, әйелдер – 1246, 17 жастағы ерлер – 1233, әйелдер – 1278, 18 жастағы ерлер – 1545, әйелдер – 1838, 19 жастағы ерлер – 893, әйелдер – 968, 20-24 жастағы ерлер – 5446, әйелдер – 6620, 25-29 жастағы ерлер – 6609, әйелдер – 6945, 30-39 жастағы ерлер – 11531, әйелдер – 10508, 40-49 жастағы ерлер – 7570, әйелдер – 5896, 50-59 жастағы ерлер – 5280, әйелдер – 3919, 60 жас және одан жоғары ерлер – 4210, әйелдер – 4081, барлық ерлер – 77452, әйелдер – 72900 адамды құраған [2].

Бүкілодақтық халық санағында (1939 ж.) Түркістан халқының саны төмендегідей болды: қалада ерлер – 26577, әйелдер – 22533, барлығы – 49110 адам болса, ауылды жерлерде ерлер – 23897, әйелдер – 20766, барлығы – 44663 адамды құрады. Түркістан әкімшілік-аумақтық жерлеріне қарасты тұрғындардың ішінде ерлер – 50474, әйелдер – 43299, барлығы – 93773 адам екен [3].

1939 жылғы санақта Түркістан әкімшілік-аумақтық басқаруына қарасты тұрғындардың білім деңгейіндегі өзгерістер мынандай болды: 9-49 жастағы ерлерден сауаттылары – 85,8%, әйелдерден сауаттылары – 64,8% ды құрады. Ал, мектеп жасындағыларға келсек, 1-4 сыныптағы ер балалар саны – 6594, қыз балалар – 5839, 5-7 сыныптағы ер балалар – 2222, қыз балалар – 831, 8-10 сыныптағы ер балалар – 123, қыз балалар – 135, барлығы – 15684 адам болды [4].

Осы Бүкілодақтық халық санағында Түркістанның қала халқының ішіндегі ерлер – 103628, әйелдер – 88365, ауыл халқының ішінде ерлер – 23897 адам, әйелдер – 20766 адам, барлығы – 236656 адам болды. Осы аталған тұрғындар көрсеткішінің ұлттық құрамына келсек, қазақтар – 108299 адам (45,7%), орыстар – 48607 (20,5%), өзбектер – 58689 (24,7%), украиндар – 8213 (3,4%), татарлар – 5653 (2,3%), басқалары – 3,4% болды [5].

Оңтүстік Қазақстан облысының мұрағат қорында Түркістан халқына қатысты 1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағының материалдары сақталған. Мәселен, орыстар – 17637, қазақтар – 43563, украиндар – 3105, өзбектер – 24678, татарлар – 1967, тәжіктер – 61, немістер – 194, кәрістер – 79, басқалары – 2489 адам болды [6]. Барлығы – 937 адамды құрады. Демек, қазақтар – 46,4%, орыстар – 18,8%, украиндар – 3,3%, өзбектер – 26%, татарлар – 2,0%, немістер – 0,2%, кәрістер – 0,0%, басқалары – 2,6% болды.

1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағында Түркістанның қала және ауыл халқының жыныстық құрамы мен жалпы саны көрсетілген. Мысалы, Түркістан қалаласында ерлер – 6334, әйелдер – 6376, барлығы – 11710 адам, Борисовка жұмысшы поселкесінде ерлер – 12683, әйелдер – 10870, барлығы – 23553, Ащысай жұмысшы поселкесінде ерлер – 5567, әйелдер – 4647, барлығы – 10214 адам

болса, Хантағыда халық саны – 3369 адам тұрды. Қала халқының ішінде ерлер – 26400, әйелдер – 22446, барлығы – 48846 адамды құрады.

Түркістан ауыл тұрғындарына келсек, Атабай ауылдық Кеңесіне қатысты елді-мекен жұртының ішінде ерлер – 2719, әйелдер – 2118, барлығы – 4900 адамды құрады. Сондай-ақ, Ашин ауылдық Кеңесінде ерлер – 799, әйелдер – 612, барлығы – 1352 адам, Бабай-Қорған Кеңесінде ерлер – 1334, әйелдер – 1126, барлығы – 2460, Балтакөл аудандық Кеңесінде ерлер – 1657, әйелдер – 1483, барлығы – 3140 адам, Бозбұтақ ауылдық Кеңесінде ерлер – 1042, әйелдер – 919, барлығы – 1961 адамды құраса, Қаражан ауылдық Кеңесінде ерлер – 470, әйелдер – 440, барлығы – 910 адам, Қандөз ауылдық Кеңесінде ерлер – 1428, әйелдер – 1196, барлығы – 2624 адам болды.

Қушати ауылдық Кеңесінде ерлер – 1742, әйелдер – 1361, барлығы – 3103 адам, Жаңа-Иқанда ерлер – 378, әйелдер – 409, барлығы – 787 адам, Сауран ауылдық Кеңесінде ерлер – 1329, әйелдер – 1174, барлығы – 2503, Ескі-Иқанда ерлер – 1115, әйелдер – 1067, барлығы – 2182, Теке ауылдық Кеңесінде ерлер – 993, әйелдер – 934, барлығы – 1927 адам, Жүйнекте ерлер – 1946, әйелдер – 1693, барлығы – 3639 адам, Уранғайда ерлер – 992, әйелдер – 856, барлығы – 1847 адам, Үшкүйікте ерлер – 2159, әйелдер – 1891, барлығы – 4050 адам, Шағын ауылдық Кеңесінде ерлер – 689, әйелдер – 659, барлығы – 1348 адам екен.

Шорнақ ауылдық Кеңесінде ерлер – 1765, әйелдер – 1521, барлығы – 3286 адам, Ұшын ауылдық Кеңесінде ерлер – 913, әйелдер – 746, барлығы – 1650 адамды құрады [7]. Ауылдық жерлерде тұратын халықтың ішінде ерлер – 23850, әйелдер – 20739, барлығы – 44580 адам болды.

1959 жылғы Бүкілодақтық халық санағында Түркістан ауданында ерлер – 17144, әйелдер – 19165, барлығы – 36309 адамды құрады. Аталған ауданның елді-мекендеріне жеке-жеке тоқталар болсақ, Бабай-Қорғанда ерлер – 1451, әйелдер – 1620, барлығы – 3071 адам, Жүйнекте ерлер – 1970, әйелдер – 2081, барлығы – 4051 адам тұрды. Калининде ерлер – 1395, әйелдер – 1539, барлығы – 2934 адам, Жаңа-Иқанда ерлер – 718, әйелдер – 913, барлығы – 1631 адам, Ескі-Иқанда ерлер – 1452, әйелдер – 1646, барлығы – 3098 адамды құрады. Ал, Сауран ауылдық Кеңесінде тұрғындар ішінде ерлер – 1198, әйелдер – 1321, Күйікте ерлер – 2623, әйелдер – 2867, барлығы – 5490 адам, Шағын ауылдық Кеңесінде тұратындардан ерлер – 967, әйелдер – 1134, барлығы – 2101, Шорнақта ерлер – 1899, әйелдер – 2063, барлығы – 3962 адам болды [8].

1970 жылғы Бүкілодақтық халық санағының материалдарында Түркістан тұрғындарының елді-мекендердегі жыныстық құрамы мен санын талдар болсақ, Ескі-Иқан ауылдық Кеңесінде ерлер – 2613, әйелдер – 2845, барлығы – 5448, Шашинскіде ерлер – 2121, әйелдер – 2186, барлығы – 4307 адам болды. Жаңа-Иқанда ерлер – 1344, әйелдер – 1494, барлығы – 2838 адам, Шорнақта ерлер – 2623, әйелдер – 2889, барлығы – 5512 адам, Бабай-Қорғанда ерлер – 3652, әйелдер – 3952, барлығы – 7604 адамды құрады [9].

1970 жылы Түркістан әкімшілік-аумақтық құрылымына қарасты елді-мекендерде тұратын тұрғындардың жалпы саны – 66512 адам болды. Оларды тұрғылықты ауылдық кеңестермен талдап көрсетсек, мынандай көрсеткіштерді байқаймыз: Атабайда халық саны – 9376, Бабай-Қорғанда – 5151, Жүйнекте – 10347, Ынталыда – 3624, Калининде – 6991, Жаңа-Иқанда – 3891, Ескі-Иқанда

– 7069, Уранғайда – 3716, Үшкүйікте – 3716, Шоғанда – 4945, Шорнақта – 6497 адам болды [10].

1989 жылы Түркістан қаласының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне қарасты елді-мененде тұратын тұрғындардың жыныстық және жастық көрсеткіштеріне талдау жасасақ, мынандай көрсеткіштерді байқаймыз: Бабайқорғанда ерлер – 2285, әйелдер – 2518, барлығы – 4803 адам, Жүйнекте ерлер – 2673, әйелдер – 2805, барлығы – 5478, Калининде ерлер – 2673, әйелдер – 2805, барлығы – 5478, Қарнақта ерлер – 4277, әйелдер – 3893, барлығы – 8170, Жаңа-Иқанда ерлер – 1942, әйелдер – 2024, барлығы – 3966, Уранғайда ерлер – 2618, әйелдер – 2779, барлығы – 5397, Ескіқанда ерлер – 4047, әйелдер – 4238, барлығы – 8285, Үшқанда ерлер – 2087, әйелдер – 2127, барлығы – 4214, Шағында ерлер – 2959, әйелдер – 2819, Шорнақта ерлер – 3620, әйелдер – 3675, Ынталыда ерлер – 2230, әйелдер – 2195, барлығы – 4425 адамды құрады. Жалпы, Түркістан тұрғындары ішінде ерлер – 3254, әйелдер – 32782, барлығы – 65323 адам болды [11].

1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағында Түркістан әкімшілік-аумақтық жерлеріне қарасты елді-мекендердегі тұрғындардың жастық құрамы мен сандық көрсеткішін талдар болсақ, 0-4 жастағылар – 8872, 10-14 жастағылар – 8954, 15-19 жастағылар – 6884, 20-24 жастағылар – 5998, 25-29 жастағылар – 5559, 30-34 жастағылар – 4093, 35-39 жастағылар – 3127, 40-44 жастағылар – 1994, 45-49 жастағылар – 2400, 50-54 жастағылар – 2098, 55-59 жастағылар – 1420, 60 жастағылар – 1440, 60-65 жастағылар – 960, 70-74 жастағылар – 613, 75-79 жастағылар – 500, 80 жас және одан жоғарғылар – 581 адам болды [12].

Қорытындылай келгенде, жоғарыда көрсетілген санақ материалдарынан ұлттық үлес салмақты, жастық-жыныстық ерекшеліктің қандай көрсеткіштерде болғанын байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Материалы Всесоюзских переписей 1920 года. Часть I. Вып. III. Поселенные итоги. Поселенные итоги Сыр-Даринской области / Р.С.Ф.С.Р. Туркестанской Республики. – Ташкент: Изд. ЦСУ Туркестанской Республики, 1923. – 117 с. (51-54 бб.)
2. ВПН 1926 г. ЦСУ СССР. Том 25. 180-б.
3. ҚРОММ. 698-қ, 21-т, 226-іс, 16-п.
4. ҚРОММ. 698-қ, 21-т, 226-іс, 17-п.
5. ҚРОММ. 698-қ, 21-т, 226-іс, 18-п.
6. ОҚОММ. 709-қ., 2-т., 694-іс, 25-п.
7. ОҚО ММ. 709-қ., 2-т., 693-іс, 109-116 пп.
8. ОҚО ММ. 709-қ., 2-т., 750-іс, 24-27 пп.
9. Численность наличного и постоянного населения по каждому сельскому населенному пункту. Тркестанский район. 1970 г. /Стат. Управление ЮКО. 22-23 пп.
10. ОҚО ММ. 709-қ., 20-т., 55-іс, 45-46 пп.
11. Численность наличного населения по Чимкентской области в разрезе сельсоветов (перепись населения 1989 г.). Туркестанский район. Г. Чимкент, 1990. – 7-б. 11. Численность наличного населения по Чимкентской области в разрезе сельсоветов (перепись населения 1989 г.). Туркестанский район. Г. Чимкент, 1990. – 7-б.
12. Итоги ВПН 1989 г. Чимкент, 1990. Стат.Управление ЮКО. 2-3 пп.

Абай атындағы ҚазҰПУ: материалдық-техникалық базасының даму тарихы (1960–1991 жж.)

Нұрдәулет МАНКЕЕВ,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1959 жылы 28 наурызда қабылдаған «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және Республикада халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» заңға байланысты халық ағарту саласының ғылыми-педагог мамандарын политехникалық біліммен ұштастыра даярлау мәселесі қолға алынды. Ендігі жерде кең профильді мамандар даярлауға байланысты Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогтік институтында (сол кездегі атауы) студенттер санының өсуі мен жаңадан өндірістік мамандықтардың ашылуы бірінші кезекте институттың материалдық-техникалық базасын жетілдіруді талап етті. Өйткені институт оқу ғимаратының жағдайы 1960 жылдарға дейін сын көтермейтін деңгейде болып келген еді [1]. Жалпы алғанда, университеттің материалдық-техникалық базасының жетілуі осы 60-жылдардан басталмақ.

Тарихқа көз жүгіртсек, университеттің тұңғыш ашылуы 1928 жылы 1 қарашада бұрынғы Верный қыздар гимназиясының ғимаратында салтанатты түрде өткен болатын. Содан бері бұл оқу орны жоғары педагогикалық білім беру ісін 1954 жылға дейін Совет – 28 (қазіргі Қазыбек би – 30) көшесіндегі бас оқу ғимаратында жүргізіп келді. Ал, 1954 жылы Комсомол – 31 (қазіргі Төле би) көшесіндегі аумағы 2455,5 шаршы метр болатын бұрынғы мұғалімдер семинариясының оқу ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп пайдалануға берілгені болмаса, басқа институттың материалдық-техникалық базасына қосылған үлес мардымсыз болатын. Атап айтқанда, спорт зал, дене шынықтыру алаңын салу, өндірістік-практикалық зертханалар, тамақтану орындарын (асхана) ашу, студенттерді жатақханамен, профессор-оқытушыларды тұрғын үймен қамту мәселелері әлі де болса өз шешімін таппаған еді. Институтта дәрісханалардың жетіспеуі оқу үрдісінде елеулі қиыншылықтар туғызды. Мәселен, физика-математика факультеті дәрісхана жетіспеу салдарынан С.М.Киров атындағы ҚазМУ ғимаратының 6 дәрісханасын жалға алуға мәжбүр болған. Тіпті, студенттердің өз бетінше дайындық жүргізу мүмкіншілігі де аз болды, себебі ол кезде институт кітапханасының оқу залына бар болғаны 100 адам әрең сиятын еді. Расында да, кітап қоры молайған сайын кітапхана бөлмелерінің тарлығы анық сезіле бастады. Басқаны былай қойғанда, библиографиялық анықтамалықтың өзі 8–10 студент әзер сиятындай шағын әрі қараңғы бөлмеде орналасқан екен [2].

1959/1960 оқу жылында студенттерге политехникалық білім беру мақсатында аумағы 820 м² болатын институттың 2 қабатты оқу-өндірістік шеберханасының құрылысы аяқталды. Осыған байланысты сабақ 3 кезең бойынша жүргізілген. Сонымен қатар химия кафедрасының жаңадан химиялық реактивті заттарды сақтау қоймасы салынған. Ескі оқу ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, ішінен ядролық физика зертханасы ашылды. Барлық кафедралар сол заманның жаңа техникалық аппаратура және құрылғыларымен қамтамасыз етілді десек артық айтпаймыз. Айталық, өнеркәсіптік өндіріс негіздері кафедрасының 2 ағаш, 5 металл өңдеу станоктары, 3 бұрғылайтын және 3 ағаш сүргілейтін станоктар және басқа да оқу құрал-жабдықтарымен толығыуы осының айқын дәлелі. Әсіресе, ядролық физика зертханасына қажетті құрал-жабдықтар Ленинград қаласынан арнайы тапсырыспен алынғанын айтуымыз керек. Жоғарыда айтылғандардан басқа, осы оқу жылында фонетика кабинетінің аумағы айтарлықтай кеңейтіліп (42 м²), барлық қажетті құрылғылар орнатылды. Шындығына келсек, ол кезде институттың оқу ғимараттары әлі де жеткіліксіз болатын. Совет – 28 көшесіндегі ескі оқу ғимаратында бөлмелер мен кітапхананың қараңғы әрі тар болуы оқу үрдісінде үлкен қолайсыздықтар туғызды. Мәселен, 1959/1960 оқу жылында институттың қалыпты жағдайда жұмыс істеп, оқу үрдісін әрі қарай жетілдіру үшін кемінде 20 дәрісхана мен 6 зертхана қажет болса, бұл көрсеткіш 1960/1961 оқу жылында 40 дәрісхана мен 10 зертхана қажет болғандығын байқатады. Мұндай жағдайда, жаңадан оқу ғимараттарын салу кезек күттірмейтін негізгі міндетке айналғаны сөзсіз. Осы кезде институтқа 5 жатақхана тиесілі болып, онда жатақхана қажеттілігін сезінген 2847 студенттің 1231-і ғана орналасты. Сонымен қатар оқытушылар мен аспиранттарды, шаруашылық қызметкерлерін қосқанда барлығы 36 жанұяның студент жатақханаларында тұрғандығы рас [3].

Студент жатақханаларындағы тазалық жағы да барлық санитарлық талаптарға ешбір сай келмейтін еді. Соның салдарынан студенттер арасында түрлі жұқпалы аурулар кең тараған. Мәселен, тек қаңтар айының өзінде ғана 103 адамның тұмау және ангинамен, 64 адамның туберкулез ауруымен (оның ішінде 60 адам жабық түрде, 4 адам ашық түрде) ауырғандығы да сондықтан [4]. Бұл дегеніміз, жатақханадағы ішкі тазалықтың төмендігінен тұрмыс қажеттілігінің қанағаттанарлық деңгейде өтелмеуіне байланысты жағдай. 1958 жылы тарих-филология факультеті студенттеріне арнап 300 орындық жатақхананы салу құрылысы басталған болатын. Алайда, бұл жұмыстар өте баяу жүргендіктен, 60-шы жылдардың басында да құрылыс толық аяқталған жоқ. Солай-ақ болсын, ал, Абай – 181 және Дзержинский – 91 көшелеріндегі әбден ескіріп, құлауға шак қалғандықтан күрделі жөндеуді қажет етіп тұрған 2 жатақхана құрылысына не дерсіз? Оған қоса, жұмсақ жиһаздар, төсек, стол, орындық, көрпе-жастық т.б. заттар жетіспейтін еді. Міне, сол кезде институттың материалдық-техникалық базасы деңгейінің қаншалықты екенін осыдан байқауымызға болады. Десек те, 1960 жылы жатақханаларға арнап 75530 сомға жиһаз-жабдықтар сатып алынғанын айтпай кетуге болмас. Сол кезде институт жанында 68 орындық студенттер асханасы жұмыс істеп тұрды. Әйтсе де, бұл асхананың айтар кемшілігі болды көп. Мәселен, ас ішетін және ас даярлау бөлмелері қараңғы және қызмет көрсету сапасы көңілге қонымсыз деңгейде болғандығы өтірік емес. Бір қызығы, онсыз да асханада орын жетпей жатқанда көрші тұрған Мемлекеттік көпшілік кітапхана қызметкерлері мен С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің химия факультеті

студенттерінің де осында келуі жағдайды мүлдем қиындатып жіберетін. Керек десеңіз, асханада қолдан пешке ағаш отын жағу арқылы ас пісірілген [5]. Осыған байланысты институт жоспарында алдағы уақыттарда 150–200 орындық асхана құрылысын салу мәселесі көзделді. Профессор-оқытушылардың өмірінде баспана қажеттілігі анық байқалып, сол тұста институтқа тиесілі 20 тұрғын үйде 218 отбасы тұрған екен. Олардың ішінде 157 отбасы ғана институт қызметкерлері, ал қалғандарының институтқа ешбір қатысы жоқ болатын. Олай болса, осы мәселені шешу мақсатында институт тарапынан Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігіне қатынас хат жолданып, профессор-оқытушылар мен шаруашылық қызметкерлерін тағы да 20 шақты тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жасалған ұсынысты өте орынды демекпіз.

1960/1961 оқу жылында өнеркәсіптік өндіріс негіздері кафедрасының зертханасы ашылып, жаратылыстану-география факультетіндегі агробиостанция зертханасының құрылысы да аяқталды. Сонымен қатар осы жерде студенттер дәмханасы (буфет) ашылған. Бұдан басқа фонетика кабинетін ұлғайтып, шетел тілі факультеті кафедраларына қажетті барлық құрал-жабдықтар сатып алынды. Осы кезде институттың Совет – 28 көшесіндегі оқу ғимаратында – 1, шетел тілі факультетінің оқу ғимаратында 1 спорт зал болса, институт ауласында 2 спорт алаңы (волейбол, баскетбол) болғандығын айтқан жөн. 1961/1962 оқу жылынан бастап 4 қабатты физика-математика факультетінің оқу ғимаратын, 440 орындық №4 жатақхананы және спорт зал құрылысын салу жұмыстары басталды. Тіпті, химиялық зертханада жаңадан желдеткіштер іске қосылса, агробиостанцияда шеберхана мен жылыту пеші арасында су және жылу жүйелері тартылған болатын. Жатақханалардағы ас даярлау бөлмелеріне газ желілерін жүргізу жұмыстары басталды. Мұндай атқарылған жұмыстар сол кезде институттың материалдық-техникалық базасына қосылған қомақты үлес болып табылмақ. 1962/1963 оқу жылында институт ауласында салынып жатқан спорт зал кешенінің құрылысы аяқталуға таяды. 1968 жылға дейін Совет – 28 көшесіндегі 1 қабатты оқу ғимаратында жаратылыстану-география және физика-математика факультеті, кітапхана және бірқатар зертханалар мен пән кабинеттері орналасса, Комсомол – 31 көшесіндегі 2 қабатты оқу ғимаратында тарих-филология факультеті, ректорат, сырттай және аспирантура бөлімдері жұмыс істеп тұрған болатын [6].

Жылдан-жылға институт кабинеттері мен зертханаларының оқу-өндірістік жағынан жабдықталуы арта түсті. Бұл кезде институт жұмысында металл, шыны және ағаш өңдеу шеберханалары, агробиостанция іске қосылып, жылу техникасы, техникалық механика, электрорадио және кинотехника, ядролық физика, ауылшаруашылық механизациясы және авто-трактор ісін жүргізу зертханалары жұмыс істеген. Сонымен қатар КОКП тарихы, педагогика, қазақ және орыс тілі, әдебиет, сызу, эстетика, ботаника, физикалық география, зоология пәндері бойынша арнайы оқыту кабинеттері жабдықталды. Алайда, студенттер саны өсіп, оқу құрал-жабдықтары артса да институт оқу ғимаратының жағдайы өте төмен деңгейде болатын. Сабақтар екі кезең бойынша жүргізіліп, студенттердің 50%-ы ғана жатақханамен қамтамасыз етілді. 1963/1964 оқу жылында институттың материалдық-техникалық базасына 69000 сом көлемінде қаржы бөлінген. Бөлінген қаржы негізінен институт ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу мақсатында жұмсалған болатын. Оның айғағы ретінде, институт ғимараттары мен жатақханаларын сырлау, әктеу, көгерген үй саңырауқұлақтарынан тазалау, еден

мен шатырды ауыстыру, әбден ескірген автогаражды қайта жөндеу, химиялық реактив қоймасы мен зоология кафедрасы қоймасын, ағаш шеберханасын ретке келтіру, жарамсыз болған электр желілерін айырбастау, агробиостанция мен оқытушылар тұратын үйлерді күрделі жөндеуден өткізу жұмыстарын айта аламыз. Әсіресе, осы жылы оқу ғимараттары мен жатақханалар қаланың орталық жылыту жүйесіне қосылса, асханада жаңадан электр пештерін пайдалануға қол жеткізу көп күш салудың нәтижесінде атқарылған үлкен іс болып табылмақ. 1964/1965 оқу жылында дене шынықтыру кафедрасының материалдық базасы анағұрлым кеңейгенін байқаймыз. Мәселен, осы жылы шаңғы және велосипед базасы және 2 үлкен жаттығу залы бар тамаша спорт кешенінің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген. Сонымен қатар спорт тауарлары мен құрал-жабдықтары айтарлықтай толықты. Сөйтіп, осы мақсатта 55000 сом қаржы жұмсалған екен [7]. Демек, сол кезде техникалық және оқу құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі жағынан физика-математика факультеті мен дене шынықтыру кафедрасы алдыңғы қатарда болып тұр. 1965 жылы Абай – 56 «б» көшесіндегі аумағы 2433,5 шаршы метр болатын 4 қабатты №4 жатақхананың құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Көріп отырғанымыздай, бұл жұмыстарды атқару барысында 60-жылдардағы институттың әкімшілік-шаруашылық бөлімінің проректорлары Н.А. Монахов, Д.А. Красильников, И.А. Тарабаров және басқа да шаруашылық қызметкерлері атқарған еңбек ерекше.

1964 жылдан бастап халық шаруашылығы жоспарларында жоғары және арнаулы орта оқу орындарын салуға және оларды жабдықтауға қажетті күрделі қаржы бөлу, КСРО-да жоғары және арнаулы орта білім беру ісін дамытуды қамтамасыз етерліктей оқу үйлері мен студенттер жатақханаларын іске қосу жөніндегі тапсырмаларды орындау КСРО Мемлекеттік Жоспарлау комитеті мен Министрлер Кеңесіне міндеттелінді [8]. Жылдық жоспарларда жоғары оқу орындарына машиналардың, приборлар мен аппараттардың жаңа маркаларын, сондай-ақ сериялап шығарылатын ауылшаруашылық техникасы мен станокты жабдықтарды бөлу қарастырылған. 1964–1968 жылдардың ішінде сырттан оқытатын және кешкі жоғары оқу орындары үшін оқу ғимараттарын салу жүзеге асырылуы тиіс болды. Сол кезде физика-математика факультеті оқу ғимаратының құрылыс жұмыстарын «Алматыжилстрой» СМУ – 16 тресінің жұмысшылары, ал, асхана құрылысын «Казтрансстрой» СУ – 212 трест жұмысшылары жүргізген болатын. Алайда, бөлінетін қаржы жетіспеу салдарынан құрылыс жұмыстары баяу жүріп, созыла түскен. Ендігі жерде студенттер санының жедел өсуі аталмыш құрылыс жұмысын тез арада аяқтауды талап етті. Мына бір дерекке қарасақ, ректор Серғали Толыбеков 1966 жылы 20 мамырда институт Ғылыми Кеңесіндегі отырыста кеңес мүшелерін 1966–1970 жылдарға арналған институттың бес жылдық жоспарымен таныстырады. Сонда сөйлеген сөзінде: «Әрбір жыл сайын институтта студент саны өсіп келеді. Алайда, ол студенттерді қайда сыйдырамыз? Сондықтан, қалай болғанда да 1968 жылы физика-математика факультеті оқу ғимаратының құрылысы аяқталуы керек. Егер де бұл ғимарат пайдалануға берілген жағдайда, ескі оқу ғимаратындағы жаратылыстану-география факультетін де уақытша сонда көшіреміз. Ал, Совет – 28 көшесіндегі ескі оқу ғимараты бұзылып, орнына 7 қабатты жаңа оқу ғимараты тұрғызылатын болады» деген екен [9]. Осыдан келіп 60-жылдары институттың материалдық-техникалық базасына қаншалықты назар аударылғанын байқайтын сияқтымыз.

1966/1967 оқу жылында институтта кабинеттер мен зертханалардың оқу-өндірістік жабдыкталуы арта түсті. Осы тұста жаратылыстану-география факультетіне тиесілі С. Бегалин – 134 көшесіндегі 2 қабатты агробиостанцияда жүргізілген жұмыстарға біраз тоқталайық. Алдымен құрылыс жүргізілетін жердің аумағы ұлғайтылып (1455 м²), ботаника, микробиология, зоология т.б. секциялар бойынша зертханалар ашылды. Сондай-ақ, көкөніс және гүл көшеттерін, ерте пісетін көкөніс өсіруге арналған жабық құрылыстар (оранжерея), қыста өсімдік өсіру үшін әйнектеліп жылытылған орындар (теплица) салынып, өсімдіктер мен құстардың, тірі организмдердің әр түрі алып келінген. Мұнда студенттерге ботаника, зоология, биология пәндері бойынша сабақ өткізіліп, далалық практикада эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Бұл кезде институтта уақыт талабына сай оқыту үрдісінде заманның технологиялық соңғы жетістіктеріне негізделген техникалық құрал-жабдықтарды пайдаланудың алғашқы қадамдары жасалғанын айту керек. Дәлірек айтсақ, физика-математика факультетінде кино-құжаттар арқылы сабақ жүргізу үшін арнайы кинолаборатория ашылды. Осы мақсатта арнайы киномеханиктер даярлайтын курс жұмыс жүргізген. Ол үшін екі дәрісхана босатылып, тиісті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жалпы алғанда, 1968 жылға дейін институтта Совет – 28, Красин – 31 және Комсомол – 31 көшесіндегі 3 шағын оқу ғимараты, 1 агробиостанция, 5 жатақхана болған еді.

1968 жыл институт тарихында ерекше жыл болып саналмақ. Өйткені, осы жылы 31 қазанда институт өзінің 40 жылдық мерейтойы қарсаңында Республика мектептеріне білікті мұғалімдер мен ғылыми-педагогикалық мамандар даярлауда сіңірген еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды [10]. Жоғары билік органдары тарапынан берілген мұндай баға 60-шы жылдары ғылыми-педагогикалық білім беруді жетілдіру мен республиканың халық ағарту саласында көзделген міндеттерді жүзеге асыру барысында Абай атындағы ҚазМПИ қызметіндегі елеулі еңбектің жемісі екендігі сөзсіз. Мұндай жетістіктер нәтижесінде институт алдында тұрған материалдық-техникалық база жөніндегі күрделі мәселе де өз шешімін тапты. Дәлірек айтсақ, 1967/1968 оқу жылында институттың физика-математика факультеті Комсомол – 86 (қазіргі Төле би) көшесінде жаңадан салынған аумағы 7075,3 шаршы метр болатын 4 қабатты оқу ғимаратына көшті. Сонымен бірге осы оқу ордасының кітап қоры миллион томнан асарлық бай кітапханасы да осы ғимаратқа ауыстырылып, жаңа оқу залы, библиографиялық анықтама және кітап сақтау орындары кеңейтілген. Бұл туралы доцент Төкен Әбдірахманов өз мақаласында былай деп суреттейді: «Бұл төрт қабатты темір-бетон мен әйнектен салынған үй – астанада айрықша көз тартар сәулетті сарайлардың бірі. Бұл ғимараттың құн-бағасы Қазақстанда революцияға дейінгі барлық мектептерді салуға жұмсалған қаражаттан асып түскендігін ескерсек, болашақ педагогтар үшін қандай жақсы жасалғандығын айқын сезінеміз. Мұнда студенттердің өз бетімен оқып, әзірленуіне ыңғайлы бірнеше оқу залы бар. Күн шұғыласы төгілген кең оқу кабинеттері жаңа жиһаздармен, жаңа аспаптармен жабдықталған» [11]. Шын мәнінде, материалдық-техникалық базаға қосылған мұндай зор үлесті сол кездегі институт ұжымы мен студенттер үшін үлкен қуаныш деп білеміз.

1970 жылы О.Қ. Жандосов – 57 «а» көшесінде 410 адамға арналған аумағы 2010, 3 шаршы метрлік 4 қабатты №6 жатақхана пайдалануға берілгендігін

айтып өткеніміз абзал. Өкінішке орай, кезінде сатылып кеткендіктен бұл ғимарат университетке қазіргі уақытта тиесілі емес. 70-жылдардағы институттың материалдық-техникалық базасының дамуына 1971 жылы 18 қазанда КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі қабылдаған «Жоғары оқу орындары студенттерінің және арнаулы орта оқу орындары оқушыларының материалдық және тұрғын үй-тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» [12], 1972 жылы 18 шілдеде қабылданған «Елде жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» [13] қаулылардың тигізген әсері зор. Соған байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі де 1971 жылы 16 желтоқсанда және 1972 жылы 5 қыркүйекте осы мазмұнда арнайы қаулылар қабылдады. Айталық, 1969/1970 оқу жылында аумағы 12027,7 шаршы метр болатын қазіргі Қазыбек би – 30 көшесіндегі 7 қабатты оқу ғимараты мен аумағы 2337,6 шаршы метрлік Абай – 56 «в» көшесіндегі 406 орындық 4 қабатты №5 жатақхана құрылысын салу жұмыстары қызу түрде жүріп жатқан еді. Жоғарыда көрсетілген қаулылар негізінде осы бір құрылыстың жедел қарқынмен жүргені соншалықты, №5 жатақхана 1972 жылы пайдалануға берілсе, 1973 жылы сәуір айында 7 қабатты оқу ғимараты тұрғызылып, тек ішкі техникалық жұмыстар және керекті оқу жабдықтармен қамтамасыз ету ғана қалған болатын. Алайда, бұл мәселелер де өз шешімін тауып, бұл ғимарат 1975 жылы мамыр айында толық пайдалануға берілді. Ендігі жерде, мұнда жаратылыстану-география және тарих факультеті, жалпыинституттық кафедралар мен институт мұражайы орналасты. Мәселен, тарих факультетін көшіруге атсалысқан сол кездегі студент, бүгінде оқу бөлімінің бастығы, т.ғ.к., доцент Б.С. Жұмағұлов сондағы жағдайды өз сөзінде: «Осы ғимарат пайдалануға берілген кезде мен тарих факультетінде 1 курс оқитынмын. Курстас жігіттермен бірге факультетті тұңғыш көшіруге атсалысып, парта, орындық, шкаф т.б. құрал-жабдықтарды тасығанбыз» деп сол уақытты сағынышпен еске алады. Сонымен қатар, осы кезде Қапшағай су қоймасы жағасында институттың 150 орындық «Арман» спорт-сауықтыру лагерінің де құрылысы аяқталған болатын.

1978 жылы ҚазПИ-дің 50 жылдық мерейтойы ашылды. Бірінші бөлім ҚазПИ-дің құрылған институт тарихының мұражайы ашылды. 6 бөлімнен тұнғыш құрылып, қалыптасу кезеңінің алғашқы онжылдық тарихынан кең мағлұмат берсе, екінші бөлім Ұлы Отан соғысы жылдарындағы институт өмірін көрсетуге арналған. Ал, үшінші бөлімде институттың соғыстан кейінгі кезеңдегі, 50-жылдардағы өсу белестері бейнеленсе, төртінші бөлім – «ҚазПИ өзінің 50 жылдық жылдар ішіндегі өркендеуін көрсетеді. Бесінші бөлім – «ҚазПИ өзінің 50 жылдық мерейтойы қарсаңында» деп аталған екен. Мұндағы экспонаттар институттың 70-жылдардағы тыныс-тіршілігін бейнелеген. ҚазПИ қазақтың ұлы ағартушы ақыны Абай есіміндегі жоғары оқу орны болғандықтан, алтыншы бөлім осы кеменгер сөз зергерінің өмірі мен шығармашылығына арналды. Бұл бөлімді жабдықтауға ақынның Семей қаласындағы мемориалдық мұражайының үлкен көмегі тигендігін де айта кеткеніміз жөн болар. 1978 жылы 12 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша педагогикалық мамандарды даярлау мен тәрбиелеудегі қол жеткізген табыстар мен жетістіктер үшін Қазақтың Абай атындағы педагогика институты (ҚазПИ) «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды [14]. Осы кезден бастап 1990 жылға дейін «Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді Абай атындағы педагогикалық институты» деп аталған.

Сонымен, 70-жылдары да институттың материалдық-техникалық базасына айтарлықтай зор үлес қосылғанын көріп отырмыз. Ендігі жерде, алдағы уақыттарда да институттың материалдық базасын жетілдіру мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ. Мәселен, ҚазПИ-дің 80-жылдарға арналған жоспарында гуманитарлық факультеттерге арнап 1 оқу ғимаратын, 2 жатақхана салу және жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі жоспарланған. Бұл мәселе 1980-1987 жылдардағы институт ректоры, ф/м.ғ.д., профессор Құлжабай Қасымов тұсында тиянақты түрде қолға алынған болатын. Айталық, қазіргі Достық – 13 даңғылында 5 қабатты бас оқу ғимаратының, Красин көшесіндегі (қазіргі Ш. Уәлиханов) 340 орындық 5 қабатты №8 жатақхана (аумағы 2291,1 м²) мен Айнабұлақ – 3 ықшам ауданында кезінде жас мамандарға арналып №7 жатақхана болған (аумағы 2506,1 м²) 5 қабатты 375 пәтердің құрылыс кешенін салу жұмыстары сол кезде басталғаны бәрімізге мәлім. Нәтижесінде, №7 жатақхана 1987 жылы, №8 жатақхана құрылысы 1988 жылы, ал, бас оқу ғимаратының құрылысы 1990 жылы аяқталып, пайдалануға берілді [15]. Сол кезде жас мамандардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына көңіл бөлініп, А.С. Пушкин көшесі мен Төле би көшесінің қиылысынан және Айнабұлақ-3 ықшам ауданынан жас жанұялы оқытушыларға арнап тұрғын үй берілгенін ерекше айтып өткеніміз абзал. 5 қабатты №7 жатақхана да сол кезде жас мамандардың жеке бастарына берілген екен. Бүгінде, сонда салынған тұрғын үйлерге ие болған оқытушылардың барлығы да жоғары педагогикалық білім беру ісіне бір кісідей-ақ өз үлестерін қосып жүр. Осы арада тағы бір мәселе, 1989 жылдан бастап Ақсай – 3 ықшам ауданында 400 орындық 5 қабатты №9 жатақхана құрылысының басталғанын айта кетуіміз керек. Алайда, бұл жатақхананың 90-жылдары сатылып кетуі адамды қынжылтатын-ақ жағдай. Сонымен қатар, университетте 1990/1991 оқу жылында жаңадан музыкалық-педагогтік факультет ашылып, студенттерге музыкалық білім беру Карл Маркс – 32 (қазіргі Д. Қонаев) көшесіндегі №2 жатақхана ғимаратында жүргізілгені де рас [16]. Міне, осындай деректерге көз жеткізе отырып, ендігі жерде университеттің материалдық-техникалық базасының 1960–1991 жылдардағы айырмашылығын салыстырып көрейік. Егер, 60-жылдары институтқа барлығы 3 оқу ғимараты мен 4 жатақхана тиесілі болса, 70-жылдары 5 оқу ғимараты, 6 жатақхана ал, 90-жылдардың басында агробиостанцияны қоса есептегенде 8 оқу ғимараты, 8 жатақхана, 1 спорт зал мен 1 күрес залы және спорт алаңы тиесілі болған еді. Оны мына бір кестеден анық байқау болады:

1960 – 1991 жылдардағы университет оқу ғимараттары

№	оқу ғимараты (корпус)	құрылыс салынған жыл	мекен-жайы, көшесі (қазіргі атауы)	қабат (этаж)	жалпы алаңы (м²)
1	№1	1975	Қазыбек би – 30	7	12027,7
2	№2	1904	Ш. Уәлиханов – 64	1	2006,8
3	№3	1954	Төле би – 31	2	2455,5
4	№4	1952	Төле би – 31 «б»	2	461,5
5	№5	1966	Төле би – 86	4	7075,3
6	№6	1990	Достық – 13	5	11352,6
7	№2 жатақхана ғимараты (муз. фак.)	1952	Д. Қонаев – 32	3	1517,1
8	Агробиостанция	1956	С. Бегалин – 134	2	1455

1960 – 1991 жылдардағы университет жатақханалары

№	жатақхана	пайдалануға берілген жыл	мекен-жайы, көшесі (қазіргі атауы)	қабат (этаж)	жалпы алаңы (м²)
1	№1	1934	Теле би – 35	2	1343,5
2	№3	1939	Қазыбек би – 32	2	1127
3	№4	1965	Абай – 56 «б»	4	2433,5
4	№5	1972	Абай – 56 «в»	4	2337,6
5	№6	1970	О.Қ.Жандосов – 57 «а»	4	2010,3
6	№7	1987	Айнабұлақ – 3 ықш. ауд.	5	2506,1
7	№8	1988	Ш.Уәлиханов – 61	5	2291,1
8	№9	1991	Ақсай – 3 ықш. ауданы	5	2713,8

1990/1991 оқу жылы университет тарихындағы айтулы жылдардың бірі. Себебі, біріншіден осы кезде қазіргі бас оқу ғимаратының құрылысы аяқталып пайдалануға берілсе, екіншіден, институт атауы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті (ҚазМПУ) болып өзгерді [17]. Осы арада айтылар шындық, бұл тұңғыш жоғары оқу ордасы 1928 жылы «Қазақ мемлекеттік университеті (ҚазМУ)» дәрежесінде шаңырақ көтеріп, 1930 жылы 25 желтоқсанда «педагогикалық институт» болып қайта құрылған болатын. Содан бері араға 60 жыл өткізіп барып қайтадан «университет» дәрежесін (статус) алған. Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда Республикадағы жоғары білім көшбасшысы болып саналатын Абай атындағы ҚазҰПУ материалдық-техникалық базасының басым бөлігінің негізі 1960–1991 жылдары қаланғанын көріп отырмыз. Міне, іргетасы сол кезден бастап қаланған оқу ғимараттарында әлі күнге дейін жоғары педагогикалық білім беру ісі өз жалғасын тауып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР ОММ (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты) 1142 қор, 1 тізбе, 366 іс, 184 б.
2. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 346 іс, 208 б.
3. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 366 іс, 185 б.
4. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 346 іс, 209 б.
5. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 406 іс, 231 б.
6. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 482 іс, 4-5 бб.
7. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 482 іс, 3 б.
8. ҚР ПМ (Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты) 17 қор, 59 тізбе, 404 іс, 126 б.
9. ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 421 іс, 46 б.
10. «Педагог» газеті. 1 қараша 1968 ж, № 20-21 (248-249), 1-2 бб.
11. «Социалистік Қазақстан» газеті. 30 қазан 1968 ж.
12. КОКП сиездері мен конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері, 10 том, 1975 ж, 546-548 бб.
13. ҚР ПМ 17 қор, 59 тізбе, 412 іс, 44-54 бб.
14. «Педагог» газеті. 14 қазан 1978 ж, № 14-15 (442-443), 1 б.
15. Абай атындағы ҚазҰПУ мұрағаты. 1142 қор, 1 тізбе, 2224 іс, 7 б.
16. Абай атындағы ҚазҰПУ мұрағаты. 1142 қор, 1 тізбе, 2224 іс, 6 б.
17. «Тарихтың тағылым айдыны». Абай атындағы ҚазҰПУ тарих факультетінің 75 жылдығына шыққан кітап. Алматы, 2009, 12-13 бб.

XIX–XX ғ. басындағы Қазақстандағы тарих пәні және ұлт құрылысы

Тимур ЖҰМАНОВ,
Алматы қаласының тарихы музейінің
аға ғылыми қызметкері

Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейін мұсылмандық білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер басталады. XIX ғ. бастап тарихи сананы қалыптастыруда діни білім беру орындары – мектеп және медреселердің рөлі өсе бастайды.

Медреселерде жаңа әдіспен оқытатын жәдиттік қозғалыс пайда болады. Шартты атпен аталатын «Жәдидизм» ескі оқу жүйесіне (қадим) қарсы тұрады. Негізгі идеясы мұсылмандық білім беру жүйесін реформалап, онда зайырлы пәндерді оқыту көзделді. Жәдиттік қозғалыс бүкіл Ресей патшалығының мұсылман аймақтарында XIX аяғы – XX ғ. басында тараған құбылыс болды. Бұл діни білім беруге математика, тарих, география және т.б. зайырлы пәндерді қосу арқылы сол кездегі жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға негіздеудің төте жолы болды.

XIX ғ. аяғында Ресей империясы мен Османдық Түркиядағы түркі тілді және мұсылман зиялылары арасында түрікшілдік идеялары пайда бола бастайды. Бұл идея бойынша түркі тілдес халықтар алдымен тіл және мәдениет жағынан, ал одан кейін саяси бірігу керек болды. Біздің еліміздегі түрікшілдіктің негізін қалаушы Ресей империясында мұсылман білім беру жүйесін реформалаушы, қырым татары И. Гаспралы (Гаспринский) болды. Кейбір зерттеушілердің пікірінше осы «реформаның» идеясы XIX ғ. әл Афганиден басталады.

Исмаил Гаспринский 1883 жылы Бахшасарайда, Қырымда тұңғыш рет жаңа әдісті мұсылман мектебін және Ресейде алғашқы «Тәржіман» мұсылман газетінің негізін қалады. Осыдан соң «жәдидизм» идеясы Ресей империясының мұсылман аймақтарына, соның ішінде Қазақстанға тез арада тарап кетеді.

XIX ғ. ортасынан бастап даланы отарлауда атқарылып жатқан шаралардың жеткіліксіз екені белгілі болғанда, қазақтарға қатысты бұл конфессиялды саясат қатты сынға ұшырап, үкімет бұл идеядан бас тартуға мәжбүр болады. Сонымен қатар, ислам діні бұл кезде империяның саяси және идеялық қарсыласына айналды. Бұл Кавказдағы Шамил қозғалысы, Қырым соғысы және оған ресей мұсылмандарының реакциясы, сонымен қатар ресей мұсылмандарының санының өсуімен байланысты болды. Ал басты қауіп шығыс халықтарының ұлттық және діни сана-сезімдерінің бірігіп кетуі және мәдени бағытта бәсекелестік тудыруы мүмкіндігі алдыңғы қатарлы татарлардан болды [1, 240 б.].

Зерттеушілер арасында түрікшілдік идеясының пайда болуының бірнеше пікірлер бар [2]. Т.А. Козыревтың пікірінше, бұл идеяның пайда болуы Гаспринскийдің

әскери гимназияда оқып жүріп, славяншылдық қозғалысты көріп, өзінің халқының тағдыры туралы ой келді дейді. Бұл жерде келесі басты фактордың әсер еткенін айта кету керек. Бұл арада өркениеттік фактор үлкен рөл атқарды. Себебі, Қазақстан, жалпы Орта Азия Ресей империясының қоластына өтпестен бұрын ислам өркениетінің құрамдас бөлігі болатын. Отарлаушылардың келесі мақсаты басып алған жерлер мен халықтарды рухани тұрғыдан игеру мәселесі тұрды. Ал бұл игеру ислам өркениетінен бөлінусіз іске асыру қиынға соқты. С.К. Бөкешов, А. Баймұханова «жәдидизмді» түрікшілдік және исламшылдық идеялар бастапқы кезде ағартушылық сипатта болды, кейін отарлық езгіге қарсы пайда болған мұсылмандық қозғалыс деген шешімге келеді. Зерттеушілер қазақ зиялыларының түрікшілдік идеясына бойұсынулары үлкен үш негізде бастау алады: 1) қазақ зиялылары өздерін түрік ұрпағы деген идеямен патриотизмге жігерлендірді арқылы ұлттық езгіге қарсы тұру санасын оятқысы келді 2) түрікшілдік орыс бодандығынан тепкі көрген түркі халықтарын біріктіретін ортақ күш ретінде танылды 3) түрік бірлігі идеясы көшпелі түрік тектес халықтардың бай мәдениеті мен тілі дүниежүзілік деңгейге көтеретін, сол арқылы европоцентристік көзқарастарға тойтарыс беріп, ғылымдағы ұлыдержавалық шовинизмді тежейтін негізгі факторлардың бірі деп қорытынды жасайды. Орталық Азия медреселеріндегі тиімсіз оқыту жүйесінің нәтижесінде жаңа әдіс үшін күрес басталды деген пікір айтады. Біздіңше жаңа әдісті оқу орындарының пайда болуында патшалы Ресейдің мүддесін де ескерген жөн. Ал қозғалыстың осы мұсылмандық білім жүйесі арасынан өніп шығуы амалсыздан еді. Себебі, патша үкіметі жеке зайырлы мектептер ашуға мүдделі болмады.

С. Зиманов және К. Идрисов «Ислам өркениетінің шеткі аймағы саналатын Қазақстанның далалық аймақтарында Түркістан, Бұхара мен Хиуаға қарағанда жәдидшілер мен қадимшілер арасында қатал тартыс болған жоқ» дейді [3, 56 б.].

Зерттеуші Н. Нұртазина үкіметтік мектептерге қарағанда, жәдидтік мектеп жаңашыл болып, ұлттық тіл, дін, дәстүрлі мәдениеттің басқа элементтерінен тұратын ұлттық мектеп болды. Онда «Ислам тарихын» оқыту және «Түркістан тарихына» мән беру жоспарланған делінген. Ары қарай автор зиялы қауым құран мектептері негізінде орыс-европалық тәжірибені пайдаланып, жаңа, зайырлы, ұлттық мектеп құру (өтпелі кезеңде жалпы түріктік) қажеттілігі туралы лозунг жариялады дейді. Ол үшін зайырлы пәндер енгізіліп, реформаланған, жаңа араб графикасы негізінде әліп би енгізілді. Мақала соңында автор бұл революцияға дейінгі ағартушылық қозғалыс сақталып, ары қарай дамығанда біздің еліміздің творчестволық және зияткерлік потенциалымыз жоғары болар еді деп ойын аяқтайды. Біздің ойымызша жәдидизм қозғалысы қоғамның трансформациясы, яғни діни, дәстүрлі жүйеден зайырлы жүйеге өту кезінде болған уақытша құбылыс.

1899 жылы Ақсу өңірінің байы Тұрысбек Маманов өз қаражатына мешіт және медресе салады (қазіргі Алматы облысы, Ақсу ауданы Қарағаш ауылында). Медресе оқуы араб тілінде қадимше (ескі әдіс) жүреді, алдымен әптиек, құран, шаркитап, мұхтасар тәрізді діни пәндер оқытылады. Е.К. Бендриковтың мәліметінше «Мамания» мектебінде оқу мерзімі 5 жыл болды. 1913 жылы онда 102 шәкірт оқыған [4]. Мектеп жеке оқу орны ретінде 1920 ж. дейін қызмет жасап тұрды.

Бұрынғыдай діни сабақтардан гөрі, енді арифметика, орыс тілі, география, татар тарихы тәрізді зайырлы пәндер басымдыққа ие болады:

1. Қазақ тілі (оқу, жазу) – 1-ші кластан бастап оқытылады;
2. Есеп (арифметика) – 1-ші кластан бастап оқытылады;
3. Иман-шарт – 2-ші кластан бастап оқытылады;
4. Құран – 2-ші кластан бастап оқытылады;
5. Орыс тілі – 3-ші кластан бастап оқытылады;
6. Пайғамбарлар тарихы – тек 3-ші кластан бастап оқытылады;
7. Жағрапия – 3-ші кластан бастап оқытылады;
8. Зоология – 4-ші кластан бастап оқытылады;
9. Ислам діні тарихы – 5-ші кластан бастап оқытылады;
10. Татар тарихы – 5-ші кластан бастап оқытылады;
11. Хадис – 5-ші кластан бастап оқытылады [5].

1905 жылы шығыс халықтарының білім мәселелеріне қатысты өткен Ресей халық ағарту Министрлігінің арнайы кеңесі өтеді. Осы заңды талқылауға қатысушылар Шығыс және Орта Азия халықтарына жергілікті жеке ағартушыларға байланысты емес, барлығына бірдей мектептер жүйесін құру керек деген шешімге келеді. Мұсылман білім беру жүйесіне кіретін барлық мектептер мен медреселер Министрліктің қарамағына енуі қажет деген ұсыныс жасалады. Халық училищелерінің инспекторларына мұсылман оқу орындарының ішкі тәртібіне араласпай, тек оқу барысындағы білім мазмұны мен оқылатын кітаптар ресей басылымдарынан жарық көрген болуын қадағалау және оқытушылар мен оқушылар бір ұлттан болуы тиіс деген ұсыныстар жасайды.

Осыдан кейін 31 наурыз 1906 жылы ағарту министрі бекіткен ұлттық мектептер үшін жаңа тәртіп жасалады. Осы ереже бойынша басқа ұлттар училищелерінің оқу бағдарламасы бойынша Құдай заңы, орыс тілі және шіркеу-славяндық оқу, арифметика, хат жазу, орыс тарихы, география және жаратылыстану, сызу және геометриялық мәліметтер, ән-күй сабақтары өтілді. Олардың ішінде Құдай заңы, орыс тілі және шіркеу-славяндық оқу пәндеріне сағаттар көп берілгенінен орыстандыру және христиандандыру ісіне басымдық берілгенін байқауға болады. Ал орыс тарихы училищенің 2-ші класында ғана оқытылды. Осы ереже бойынша түрлі ұлттық мектептердің жұмыстарына тиым салынды. Мұсылман мектептерінде орыс тілі кластарының және онда сабақ беретін ұстаздардың белгілі бір білімі бар болуы міндетті болады. Бірақ бұл Ережеге империяның әр аймағының мұсылмандары тарапынан қарсылық тудырады. 1 қараша 1907 жылы «О начальных училищах для инородцев» деген Ереже қабылданып бұрынғы талаптар жойылады. Ресей патшалығының бұрынғы ережелерден бас тартуына 1905 жылғы көтеріліс және империядағы демократияландыру процесі, сонымен қатар, орыс-жапон соғысы да өзінің әсерін тигізді. Дәл осы Ережені 14 маусымның 1913 жылы басқа министр Л. Кассо бекітеді. Ол алдыңғы 1907 жылғы ережеден үлкен айырмашылық болмайды. Тек орыстандыру саясаты күшейе түседі.

Орта Азиядағы XIX–XX ғғ. ұлт құрылысын зерттеп, докторлық диссертация жұмыс жазған этнограф-зерттеуші С. Абашин Орта Азия ұлттарын ресей ғалымдары мен шенеуніктері «ойлап тапты» және «ойдан шығарды», сонан соң бұл түсінікті жергілікті Орта Азия зиялылары сынай отырып қабылдады; ерте кеңестік кезеңде большевиктер мен жергілікті элита арасындағы жария және жария емес келісімдердің нәтижесінде институционалды ұлт құрылысының процесі басталып, өзінің формалары мен қарқынын өзгерте отырып, бүкіл кеңестік кезеңге созылды; КСРО тарауынан кейін ұлттық құрылыс процесін Орта

Азияның тәуелсіз елдеріндегі посткеңестік элиталар жалғастырды [6, 5-6 бб.] деген концепцияны негіздейді.

1917 жылдың 9 қарашасында В.И. Лениннің қол қоюымен Ресей халық комиссарлары Кеңесінің «Ағарту саласы бойынша мемлекеттік комиссияны бекіту туралы» декреті шығып, сол жылдың 11 қарашасында А.В. Луначарский декретті қолдау туралы үндеу жариялаған болатын. Содан кейін сауат ашу мектептеріне арналған оқулықтар басып шығару мәселесі қолға алынды. Шет аймақтарға коммунизм идеясын жеткізу үшін ұлт тілінде оқулықтар мен әдеби кітаптар даярлау ісіне басты назар аудару қажеттілігі партияның конференция, съездерінде көтеріле бастады (мысалы: РКП (б) IX съезінің резолюциясын қараңыз).

1918 жылы 31 қазанда РСФСР Халық ағарту комиссариаты «Шағын ұлттардың мектептері туралы» қаулы қабылдап, онда аз ұлттардың ана тілдерінде оқу орындарын ашуға болатыны туралы айтты. Бірақ ол мектептер коммунистік идеологияны, таптық көзқарасты басшылыққа ала отырып, ұлтсыздық бағытындағы мектептерге айналды. Бұрынғы мектептер енді бір үлгідегі еңбек мектептері болып қайта құрылды. Оларда Мәскеу жіберген оқу бағдарламалары мен оқулықтар басшылыққа алынды [7, 96-97, 100].

Бүкілресейлік атқару комитетінің 1919 ж. 4-ші сәуірдегі қаулысы, яғни «алашшылдарға» кешірім жасалған соң олар Кеңес жұмысына араласа бастады. Енді ел азаматтары ғылым, білім, мәдениет және әдебиет саласына қайта оралады. Мағжан Жұмабаев 1921 ж. «Бостандық таңы» газетінде жарияланған «Жазылшақ оқу құралдары һәм мектебіміз» деген бағдарламалық мақала жазып, онда өзіндік болмысы бар ұлттық мектептің болуы және оқу құралдарының да «мінезі мектебінің мінезіне байлаулы болуы керек» деген тұжырымға келеді. Сонымен қатар А. Байтұрсынов, Т. Шонаев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ә. Ермеков, Х. Досмұхамедов, М. Әуезов, Ж. Күдериндердің қазақ тілі мен әдебиеттану, психология мен педагогика, өсімдіктану мен тіршіліктану, математика пәндері оқулықтарын, әрі тұңғыш зерттеулер болып табылатын еңбектері осы кезеңде жарық көрді. М. Дулатов, С. Асфендияров, М. Тынышпаев, Т. Рысқұловтың тарих саласындағы зерттеулері де жазылды. Олар сол кезде жұмыс істей бастаған ағарту институттары (Алматы мен Ташкент), мұғалімдер дайындау курстары мен педучилищелерде оқу құралы ретінде пайдаланылды.

1920 жылдың 21 тамызында Түрік Республикасының Халық ағарту комиссариаты жанынан Түркістан халықтарының оқу-ағарту, мәдени һәм ғылыми мұқтаждарын өтеу үшін арнайы Білім комиссиясы құрылады. 1921 жылдың қазан айында осы Қазақ-қырғыз білім Комиссиясының төрағасы Х. Досмұхамедов болады. Ол басшы ретінде бірден қазақ-қырғыз мектептері мен оқу орындарына арнап бағдарламалар, түрлі саладағы оқулық кітаптар жазуды алға қояды. Атап айтсақ, 1921-ші жылы Білім комиссиясы А. Байтұрсыновтың «Әліппе», «Баяншы», «Тіл құралы», М. Дулатовтың «Оқу құралы», «Есеп құралы», Иса Токтыбаевтың «Жалпы Жағрафия», «Түркістан жағрафиясы», Х. Досмұхамедовтың «Табиғаттану», «Жануарлар» кітаптарын Орта Азия мемлекеттік баспасына тапсырды. Орыс тіліндегі оқулықтар Мәскеуден алдырылды [8, 248 б.]. Комиссияның жағдай алғашқы жылдары өте қиын болды. Ол туралы Х. Досмұхамедовтың Ташкентте 1922 ж. 12 қазанында жазған «Қазақ-қырғыз білім Кәмисиесі жайынан қысқаша баяндама» атты мақаласында жазады [9, 92 б.].

Қазақстандағы ұлттық құрылыстағы тағы бір бағыт – тіл саясаты. Тілдің универсалдығы коммуникация және ұлттық ерекшеліктері ретінде жалпыадамзат тарихында ол бірегей құбылыс және әрбір тілдің тарихы ұлт тарихының құрамдас бөлігі саналады. Бірыңғай ұлттық тілдердің пайда болуы мемлекеттіліктің пайда болуы және дамуымен тығыз байланысты. Қазақ автономиясы құрылған шақта ұлт зиялылары қазақ тілінің статусы нығаяды деген үміт болды. Кейбір зерттеушілер 1921–1926 жж. аралығындағы уақытты «романтикалық кезең» деп айтады [10, 6 б.]. Жинаққа енген құжаттар сол жылдардағы қазақ тілін нығайту, алғашқы оқулықтар шығару, қазақ тілін іс жүргізуге енгізуі, ұлттық кадрларды дайындау, оларды мемлекеттік аппарат жұмысына тарту туралы мемлекеттік органдардың нақты қадамдарын көрсетеді. 1926 жылдан бастап екі тілді саясатқа көңіл бөлініп, араб алфавитінен латын графикасына көшу туралы мәселе көтеріледі.

Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Мәскеу Поволжьедегі түрікшілдер мен мұсылмандық қозғалыстар проблемасымен беттескеннен кейін, Ташкентке М.В. Фрунзе бастаған Түркістан комиссиясын жіберді, бұл өз кезегінде «Түркі Республикасы» идеясын қабылдамай тастады. Сол кезде коммунистік «түрікшілдікке» қарсы Түркістанды ұлттық территорияға бөлу жоспары пайда болады. Т. Рысқұлов және сол идеяны қолдағандар қызметінен босады [6, 31 б.]. Тарихтан белгілі, оның арты 1924 жылы ұлттық межелеуге әкелді. Ал 1925 ж. Қазақстан Кеңестерінің V съездің шешімімен «қырғыз» орнына «қазақ» тарихи атауы қалпына келтіруі Ұлттық межелеудің соңғы нүктесін қойды.

Мұрағаттарда сақталған құжаттар бойынша ҚазССР Халық ағарту комиссариатының Академиялық орталығы мен М. Дулатов арасындағы 1923 ж. 2 қараша №8 келісім-шартта қазақ тілінде «Қазақ тарихы» және «Түркілер тарихы» оқулықтарын түзу туралы айтылған. Авторға оқулықтар пролетарлық мектептің талаптары бойынша жазылуы тиіс, көлемі «қазақ тарихы» 15 баспа табақтан кем емес, ал Түркі тарихы 5 баспа табақтан кем емес болуы тиіс деген міндеттер қойылған [10, 21-23 бб.].

Халық ағарту министрлігі мен ҚазССР Мемлекеттік баспа жанындағы редакциялық комиссияның біріккен мәжілісінің хаттамасында I және II басқыш қазақ Ортақ Еңбек мектептері үшін оқулықтар түзу және аудару бойынша мәселе көтеріліп, мектеп бағдарламасына сәйкес басқа пәндермен қатар «Қазақ тарихы» және «Жалпы тарих» аударылу туралы айтылып, жұмысқа қазақ зиялылары тартылған. Хаттамада қазақ тіліне аудару «Қазақ тарихы» М. Жұмабаевқа, «Жалпы тарих» Х. Болғанбаевқа тапсырылады [10, 13 б.].

Қазақстан коммунистерінің 1924 жылғы 11-16 мамырда Орынборда өткен IV конференциясында РКП (б) ОК партиясы баспа және кітап саласындағы кезекті міндеттерін анықтай отырып, оның маңызын анықтады. Онда қазақ мемлекеттік баспасының жұмысында орыс кітаптарын шығару және қайта баспы шығару бағытына қысқарту, бүкіл салмақты қазақ әдебиетін шығару, маркстік әдебиеттер және ауылға арналған жаратылыстану-ғылыми әдебиет, балалар әдебиеті мен мектеп оқулықтарын шығаруға аса көңіл бөлу, оқулықтардың мазмұнын қайта қарау, оқулықтарды қайта өңдеп шығару мәселелері қойылды. Мұндай міндеттер сол кезде Орта Азияда межелеу саясатымен байланысты болды. Бұл әрекеттер ұлттық құрылыстың қажеттіліген туындады.

XX ғ. 20 жж. қазақ зиялылары Ташкент қаласында шоғырланды. 1924 жылы Қ. Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан», 1925 жылы М. Тынышбаевтың «Ма-

териалы к истории киргиз-казакского народа», Т. Рысқұловтың «Қазақстан» еңбектері жарық көрді [11]. Оқулықтар мен оқу құралдарының ішіндегі елеулілердің бірі Міржақып Дулатовтың I және II басқыш сыныптарға арналған «Есеп кітабы» деп аталатын оқулығы. Ол Қазан төңкерісіне дейін және кейін де қайта басылды.

1924 жылы сонда көшіп барған Қ. Кемеңгерұлы өзінің Орынборда бастаған «Қазақ тарихынан» еңбегін аяқтап, Мәскеудегі «Күншығыс» баспасынан шығарады. Келесі жылы «Езілген ұлттар» ғылыми еңбегі жарық көреді. «Қазақ тарихынан» еңбегінің баспадан деген бөлімінде Ғаббас деп жазылған, онда кітапшаның жазудағы мақсат – оқушыларды қазақтың саяси-тарихи тұрмысынан хабар беру делініп, автордың саяси жолы – ұлтшылдық жолы, көздеген саяси идеясы – қазақ ұлтын «бұзбай, жармай» мәдениетті ұлтқа жеткізу деп жазылған [12, 176 б.]

Төртінші бөлімде қазақтың ішіндегі ұлтшылдық негізін салушылар Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин және С. Уәлиханов болды дейді. Шоқан діни фанатизмге қарсы болып, қазақты орыс үкіметі арқылы Еуропаның мәдениетімен құштастырамын деп ойлайды. Қазақ пайдасы деген тілектері іске аспаған соң Черняевпен араздасып, әскерінен кетіп, қырда өледі. сол сияқты Ы. Алтынсарин фанатизмге қарсы болып, миссионерлердің түпкі мақсатына алғашында көз жібермей қазақтың мүддесін ойлады, бірақ ақырғы кезде Алтынсарин орыс төрелеріне наразы болып, орыстан безіп, қырда өледі деген мәлімет келтіреді. «Осы үшеуі ұлтшылдықтың ұшқынын шашыратып, от берді. Қазақ шаруасының түрі өзгермей мәдени болмайды деген пікірімен орыс төрелері жоба жол көрсету үшін 1889 жылдан бастап «Ақмола хабарларына» қосымша ретінде «Дала уалаяты» деген газет шығартты» ... Еңбекте «Ә. Бөкейхановтың қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды» дейді. Оны тек дәрежесі болса да «пәнді еңбек» істемеді деп сынап өтеді. Бұл әрине кітаптың кіріспесін жазған Әлиханның саяси жолын айтпады деп редакторға ұнамайды [12, 178 б.].

Т. Рысқұлов Қазақстан тарихын зерттеуде өзіндік үлес қосты. Ол қазақ халқының тарихын ерте заманнан бастап ықыласпен зерттеп, тұжырымдар жасайды. Т. Рысқұловтың Қазақ мемлекеті, оның тәуелсіздігі жолындағы күресі туралы айтқан ойлары біздің зерттеуіміздің қызығушылығын тудырады. «Қазақстан» деген еңбегінде автор қазақ руларының Әбілқайырдан бөлініп, Шу бойына жеке хандық құрғаны, Қазақ хандығының Қасым кезінде күшеюі, қазақтардың үш жүзге бөлінуі Ақназар тұсында болды дейді. Осы еңбекте де Т. Рысқұлов қазақтардың Ресейге қосылуын геосаяси жағдайдына тоқталып, жоңғар шапқыншылығының екпінінен қорқып кірді. Қазақты Әбілхайыр 1730 жылы бағындырған екен, осыдан бастап қазақ елі саясат еркіндігінен айырылды деп түсіндіреді. Ары қарай патша үкіметі қазақ жерін отарлауын 1552 жылдан бастайды. Орыстар Қазан хандығы, Астрахань хандығы тұстарында Жайық пен Ертіске жылжып, қоныстана бастаған деп көрсетеді. Ал қазақ жерінің толықтай Ресей империясының бодандығына енуін XIX ғ. 70-80 жж. жатқызады [13, 16-17 б.]. Отарлаудың бірден бір жолы қоныс аудару саясаты екенін көрсетіп берді.

1930 жылға дейін қазақ мектептеріне арнап шығарылған оқулықтар ішінде Ш. Сарыбаев, Н. Қожантаев және Н. Табынбаев бірлесіп шығарған «Үлкендер

үшін әліппе» (1921 жыл, Ташкент), И. Тоқтыбаевтың «Бастауш жағрафиясы» (1923 жыл, Ташкент), Қ. Жаленовтың «Есеп тану» (1923 жыл, Ташкент) кітаптары, «Қазақ тілінің грамматикасы» (Орынбор, Қазмембас, 1924) т.б. кітаптар бар [14, 40 б.].

XIX ғ. бастап қазақ тарихын жазуға әрекеттер жасалып, әліп би ауыстыру туралы әңгімелер айтыла бастаған еді. Діннен зайырлы пәндер бөлініп қазақ тарихы жеке пән болып қалыптаса бастайды. Ал XX ғ. басы қазақ тарихын жазу және араб графикасындағы әліп биді ауыстырумен ерекшеленеді. Бұл екі фактор Қазақстандағы ұлт құрылысы процессін тездетті.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Российская империя и ислам в казахской степи (60-80-е годы XIX века) // Расы и народы: современные этнические и расовые проблемы: ежегодник / Институт этнологии и антропологии им. Н.Н. Миклухо-Маклая РАН. – М.: Наука, 2006. Вып. 32 [отв. ред. С.Н. Абашин, В.И. Бушков]. С. 238-277.
2. Т.А. Козырев «Роль исторического наследия пантюркизма для формирования современной казахстанской идентичности», 177-181 бб.; С.К. Бөкешов, А. Баймұханова «XX ғ. басындағы түрік-жадидизм мәселелері», 151-154 бб. // «Орталық Азия мен Қазақстан: түркі өркениетінің бастауы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері. Тараз, 25-26 мамыр 2006 ж. 2 том. – 253 бет.
3. Зиманов С.З., Идрисов К.З. «Общественно-политические взгляды Мухмеджана Сералина». Алма-Ата, 1990.
4. Бендриков Е.К. Народное просвещение в Туркестане в 1918-1919 гг. // Советская педагогика, 1956, №12,
5. ҚР ОММ, 90-қ, 1-тізім, 373-іс, 14-15 пп.
6. Абашин С. Н. «Этнографическое знание и национальное строительство в Средней Азии («проблема сартов» в XIX – начале XXI в.)». Автореферат диссертации на соискание учёной степени доктора исторических наук. Москва, 2008. – 54 с.
7. Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане. Алма-ата, Казучпедгиз, 1962.
8. А.А. Шортанова «Қазақстандағы ғылыми кітаптар мен мектеп оқу құралдарының жарық көруі (1920-40 жж.)» // «Орталық Азия мен Қазақстан: түркі өркениетінің бастауы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері. Тараз, 25-26 мамыр 2006 ж. 2 том. – 247-250 бб.
9. Х. Досмұхамедұлы «Таңдамалы еңбектері», Астана «Астана-Полиграфия», 2008. – 400 бет
10. Языковая политика в Казахстане (1921-1990): Сборник документов / Сост. М.К. Айбасова, Р.К. Имажанова, Г.Т. Исахан, Б.Ж. Кабдушев; Пред. М.Ж. Хасанаева. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997. – 325 с.
11. Қ. Кемеңгерұлы «Қазақ тарихынан», Мәскеу: «СССР Халықтарының кіндік баспасы» 1924. – 66 бет; М. Тынышбаев «Материалы к истории киргиз-казакского народа», Ташкент 1925. – 62 бет; Т. Рысқұлов «Қазақстан». Ташкент, 1926 ж.
12. Қошмұхаммед Кемеңгерұлы. Павлодар: ҒӨФ «Эко», 2003. – 242 бет.
13. Т. Рысқұлов «Қазақстан». Ташкент, 1926 ж.
14. Қазақстан Республикасының Ұлттық библиографиялық орталығы – Ұлттық мемлекеттік кітап палатасына – 70 жыл. – Алматы: «Жеті жарғы», 2007. – 200 бет

Түркістандағы жоғары оқу орындарының негізін қалаудағы қазақ зиялыларының атқарған рөлі

Гүлжан РАШЕВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ізденушісі

Казақ даласындағы халық ағарту ісі мен білім беру деңгейінің өсіп, өркендеуі қиын тарихи жағдайда жүріп өтті. Бір жағынан уақыты өткен ескі қоғамдық қатынастар аяқтан шалып жатса, екінші жағынан патша өкіметінің ұлттық езгіге салуы қазақ елінің алдағы болашағына күмән туғызды. Тіпті жергілікті билік орындары қазақтардың ұлттық мәдениетін дамытуға ешқандай қызығушылық танытпады.

Осыған байланысты өз халқының қамын ойлаған қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері аймақта жоғарғы оқу орнын құру қажеттігі мәселесін бірнеше рет алға тартады [1].

1913 жылы 2 ақпанда Санкт-Петербург қаласында В.В. Бартольдтің төрағалығымен өткен «Оқушы түркістандықтарға көмек көрсетуші Қоғам Комитетінің» кезекті отырысында С.М. Лапин «Түркістандағы халық ағарту ісінің хал-ахуалы» атты баяндама жасап, онда өлкедегі білім беру саласын көтеру үшін, жергілікті халыққа арнап жоғары оқу орнын ашу қажеттілігіне тоқталады. Бұл мәжіліске мүше ретінде М. Шоқай да қатысып, С. Лапинді қолдап сөз сөйлейді.

Қазан төңкерісінен кейін 1917 жылдың 15–22 қарашасында Кеңестердің Өлкелік III съезі өтіп, онда Түркістанда жоғарғы оқу орындарын ашу туралы арнайы шешім қабылданады.

1918 жылы 11 наурызда Түркістан университетінің кеңесі құрылды, ал кеңестің 5 сәуірдегі отырысында оның басшылары сайланды. 1918 жылы 21 сәуірде Түркістан халық университетінің салтанатты ашылу рәсімі өткізілді.

1918 жылы 12 мамырда ұлттық зиялы қауым және алдыңғы қатарлы жадид-ағартушылар қозғалысының өкілдерінің күшімен университет жанынан «ескі қалада» Мұсылман халық университеті-Мұсылман секциясы құрылады. Яғни, Халық университетінің құрамындағы «ескі» Ташкенттегі «мұсылман секциясының» ашылуының маңызы жергілікті халық үшін өте зор болды.

Оған 945 адам жазылды. «Мұсылмандық секцияны» ұйымдастыруда ескі қаланың қоғамдық ұйымдары үлкен роль атқарды. А. Авлянидың, Ш. Рахимияның, С.Д. Асфандияровтың және басқа да алдыңғы қатарлы жергілікті интеллигенция

өкілдерінің бастамасымен 1918 жылдың 18 сәуірінде Халық университетінің жанынан жергілікті ұлт өкілдері үшін секция ұйымдастыру қажет деп есептейтін қоғамдық ұйымдардың қатысуымен кеңес өткізіледі.

Кеңесте тұрғылықты халық үшін университет секциясын ұйымдастыру үшін «ескі қаланың» 15 демократиялық ұйымының өкілдерінен комиссия құрылды, оның құрамына М. Абдурашитханов, Р. Юсупбеков және басқалары енді [2].

Секция басшысы белгілі ағартушы Мунаввар Қары Абдурашитханов болса, оның орынбасарлығына қазақтың көрнекті қайраткері Иса Тоқтыбаев сайланды. Ал 1918 жылы мамырда Иса Тоқтыбаев Түркістан халық университетінің басқарма мүшелігіне тағайындалады.

Халық университетінің ұлттық секциясында төрт әйелдер мектебінің ашылуы өте үлкен жаңалық еді. Университетте сабақ беретін жергілікті ұлттан шыққан оқытушы әйелдердің жетіспеушілігіне байланысты, университетте жұмыс істеу үшін оқытушы әйелдерді тарту туралы қоғам құруға шешім қабылданды. Ташкентте 1918 жылғы мамырдың ортасында құрамына М. Исмаилова, А. Айдарова және басқалары енген «Мұғалималардың уақытша қоғамы» атты ұйымы құрылды.

«Мұсылмандық секцияны» ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізумен қатар, ауылшаруашылық факультеті жергілікті тұрғындарға жаратылыстанудан, ауылшаруашылығынан дәріс оқуды бастады. Дәрістер көпшілікке түсінікті, өмірлік мысалдарды пайдаланыла отырып оқылғандықтан, тыңдаушылар тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Алайда, жағдайдың күрт өзгеріске ұшырауы болшевиктерді алаңдатып, қауіпті бола бастағанын түсінген олар Мұсылман университетін қаржының тапшылығын алға тартып, оны жауып тастайды.

Өзінің аз ғана уақытында Мұсылман университеті ұлттық мамандарды қалыптастыру және тәрбиелеуде көп үлес қосып кетеді. 1920 жылы 7 қыркүйекте Ленин бастаған Кеңес үкіметінің декреті жарық көріп, Түркістан мемлекеттік университетін заңдастырып, оны Ресей Федерациясындағы Халық комиссариатының қарамағына береді [3].

Бұл декрет және жоғары оқу орнының мәртебесі, әсіресе Ресей Федерациясындағы Халық комиссариатының қарамағына беріледі деген декреттің екінші тармағы жергілікті ұлттық басшылардың наразылығын туғызды. Бұл мәселе 1920 жылы 25 қыркүйекте Түркістан республикасының Халық ағарту комиссариатының коллегиялық жиналысында қаралды. Жиналысты Халық ағарту комиссары Нәзір Төреқұлов жүргізіп, «Орталықтың декреті Түркістан Республикасы Конституция қағидаларына қарама-қарсы келеді... Сондықтан Түркістан Орталық атқару комитеті жоғарыда аталған декреттің күшін жою туралы шешім шығаруды өтінеді» деп қаулы қабылдайды. Сонымен қатар Түркістан басшылары Кеңес үкіметіне университет «тек мәдени-ағарту мекемесі және партиядан тыс, сондықтан оны үгіт-насихат орны ретінде пайдаланыла алмайды» және жоғары оқу орнына автономиялық басқару беру туралы талаптар қояды. Алайда бұл талапты большевиктік билік орындамайды.

Кеңестік өкіметтің ықпалында жүріп, қазақ халқының ағарту саласын көтеруде Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов, С. Қожанов, И. Тоқтыбаев, С. Сәдуақасов және тағы басқа да еліміздің белгілі мемлекет қайраткерлерінің орны ерекше. Әсіресе, Т. Рысқұлов, Н. Төреқұлов пен С. Қожанов Орта Азия мемлекеттік университетінің қалыптасып, өркендеуіне көп еңбек сіңірген.

Олар Республикаға басшылық жасай жүріп, университеттің халыққа жоғары дәрежеде білім беруі үшін мүмкіндігінше оның барлық жағдайын жасауға тырысып, еш аянып қалмаған. Азамат соғысынан кейін Республиканың ауыр халде тұрғанына қарамастан Түркістан өлкесіндегі бірден-бір жоғары оқу орнына жеткілікті түрде қаржы бөліп қана қоймай, оған жан-жақтан білікті оқытушыларды шақырды, кітапханаларын керекті оқу әдебиеттерімен және зерттеу лабораториялары мен кабинеттерін керекті құрал-жабдықтармен жабдықтармен қамтамасыз етті.

Сонымен қатар олар алдыңғы қатарлы студенттерге жоғары степендиялар тағайындап, Ресейдің Москва, Ленинград және басқа да ірі қалаларындағы оқу орындарына білім алуын жалғастыруға жіберген. Оқу іздеген түркістандық жастарды шетелге, оның ішінде Германияға да аттандырып, оларға қаржылай көмек көрсетіп отырған.

Азаматтық қалыптасу кезеңі XX ғасырдың басындағы ұлтының оянған шағымен тұспа-тұс келіп, алаштың жүгін, бар ауыртпалығын мойымай көтерген және Орта Азия мемлекеттік университетінде өз ізін қалдырған қазақ зиялыларының бірі Иса Токтыбаев болды. Қоқан автономиясын құруға қатысқан Иса Токтыбаевтың еңбегі сонда, ол университеттің құрылған алғашқы жылында-ақ көзге түсіп, университет басшыларының біріне айналады.

1918 жылы мамырда Түркістан халық университетінің басқарма мүшелігіне тағайындалған ол жергілікті ұлт өкілдерін оқуға барынша тарту мақсатында С. Асфендияров екеуі «Мұсылмандар секциясын» құрады. «Бірлік туы» газетінің редакциясында мүше және «Ақ жолдың» редакторы болып, қазақтың тұңғыш Ағарту институтын ашуда белсенділік көрсетеді.

Орта Азия мемлекеттік университетінің ашылуы мен құрылуына алғашқылардың бірі болып С. Асфендияров та атсалысады. Ол университеттің Орталық комиссиясының төрағасы ретінде ғылыми және оқытушылық қызмет атқара жүріп, Түркістан АКСР-інде басшы партия кеңес органдарында жұмыс істеп, Денсаулық сақтау халық комиссариатын басқарады. Ол Орта Азия мемлекеттік университетінде басшылық қызмет атқарғанда факультеттер мен кафедраларды басқаруда еуропалықтарды жергілікті ұлт өкілдерімен алмастыру жолында белсенділік танытады.

Халел Досмұхамедұлының Орта Азия Мемлекеттік университетінде «Педагогика» курсы бойынша доцент болып бекітіліп, ұстаздық, дәрігерлік, ағартушылық-шығармашылық, ТАКСР Денсаулық сақтау комиссариатындағы және Қазақ-қырғыз Ғылым комиссиясындағы сан қырлы қызметтерге араласады. Х. Досмұхамедұлы ұстаз, дәрігер ретіндегі білімімен қатар, ол студент жастардың денсаулығының тазалығына көп көңіл бөлген. Денсаулығы нашар, ауру студенттерге көмектесіп, олардың емделуіне жағдай жасағандығын көптеген мұрағат деректерінен көреміз.

Х. Досмұхамедұлы Ташкенттегі Орта Азия университетінің жанынан ашылған Полтарацкий атындағы ауруханада қосымша ординатор қызметін атқарады. Осы ауруханада көптеген сырқат студенттер емделеді. Х. Досмұхамедұлы Түркістанда баспа жүйесін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1923 жылдың 15 қыркүйек айында ол Орта Азия мемлекеттік университеті баспасының Алқа мүшесі болып бекітіледі.

Түркістан республикасында 20-жылдардың басында Орта Азия мемлекеттік университетімен қатар, арнайы ұлттық ағарту институттары құрылады. Яғни,

Түркістан басшылығы уақыт талабына сәйкес, 20-жылдардың басында-ақ республиканың ұлттық мектептері үшін білікті мұғалім кадрларын дайындауға арналған ірі педагогикалық оқу орындарын ұйымдастыру мәселесіне баса назар аударуға кіріседі.

Осы бағыттағы жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында 1920 жылы 27 сәуірде Түркістан ОАК шешімімен Халық ағарту комиссариаты алқасының жаңа құрамы құрылып, оған Н. Төреқұлов (Ағарту комиссары), Лепешинский (комиссардың орынбасары), мүшелері болып Н. Ходжаев, Дволайцкий, И. Токтыбаев енгізілді. 1920 жылғы маусымға дейін аталған алқа Түркістандағы білім беру институттарының Ережелерін әзірлеп, бекітеді: «1) К.А. Тимирязев атындағы орыс тілінде оқытатын Түркістанның барлық халқына арналған институт; 2) қазақ тілінде оқытатын институт; 3) өзбек тіліндегі институт; 4) татар тіліндегі институт». Бұл институттардың барлығын 1920 жылғы қыркүйекте ашу көзделді.

Қазақ ағарту институтының мәртебесі туралы жалпы тұжырымдама қазақ шығармашылық зиялы қауымның көрнекті өкілдері құрастырған «Қазақ халық ағарту институты туралы ереже» жобасында көрсетілді. Оның негізгі мазмұны мынадай болды: «Қазақ ағарту институтының міндеттері және оның құрамы:

1. Түркістан республикасының барлық халқының өзінің мәдени дамуына құқығы бар екендігін ескере отырып, Ағарту комиссариаты Қазақ ағарту институтын жоғары оқу мекемесіне теңестіреді, оның мақсаты әртүрлі білім саласы бойынша жоғары білікті қызметкерлерді дайындау ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының мәдени және ағарту орталығы болып табылады;
2. Қазақ ағарту институтының мынадай бөлімшелері болады: педагогикалық, медициналық, ауылшаруашылық, физика-математикалық;
3. Басқа бөлімдер ашылғанға дейін Қазақ институтының негізгі төрт жылдық педагогикалық бөлім болып табылады, онда оқыту ана тілінде жүргізіледі;
4. Институттың негізгі бөліміне тыңдаушыларды дайындау үшін оның жанынан бір жылдан екі жылға дейінгі дайындық курстары ашылады және т.б.».

Сонымен 1920 жылы 1 қазанда Ташкент қаласында ашылған Қазақ халық ағарту институты 1917 жылдан бастап жұмыс істейтін қазақ педагогикалық училищесінің негізінде бой көтерді. «Қазақ халық ағарту институты туралы ережеге» сай институттың бес жылдық негізгі курсынан өзге, бір жылдық курстар, мектепке дейінгі тәрбие курстары, мектептен тыс білім беру курстары, кітапхана, дене тәрбие курстарымен бірге бірінші сатылы тәжірибелік еңбек мектебі, балалар бақшасы, интернаты болды.

Осыған қосымша 1922 жылы Қазақ ағарту институтында тағы да 200 адамнан тұратын 2 дайындық курсы ашылады. Қазақ ағарту институтының 1920–1921 жылдарға берілген есебіне назар аударсақ онда былай делінген: «Институтта негізгі бесжылдық курстан басқа, үлгілі мектеп, балалар бақшасы және үлгілі нашар тыңдаушылардың бір жылдық дайындық курсы бар. Үлгілі мектепте 3, біржылдық курста 9 оқытушы және институтта 25 оқытушы бар. Институтта 39 адам, біржылдық курста 25, үлгілі мектепте 110 адам, балабақшада 13 бар. Ұлты жағынан барлығы қазақтар. Қазалыдан 11 адам, Перовскіден 31, Шымкенттен 11, Түркістаннан 14, Ташкенттен 14, Пржевальскіден 6, Верныйдан 4, Қапалдан 1, Әулиеатадан 7, Пішпектен 4 адам болған. Тыңдаушылардың 71 адамы Жастар Одағында тұр. Институтта сабақтан тыс дәрістер, әр түрлі қойылымдар қойылып,

тыңдаушылар мұражайға, электрлік станцияға барып тұрады. Ал сабақтан бос уақыттарында олар оқу залында дайындалады.

Осылайша, қазақ зиялылары құрған институт болашақта әртүрлі бағыттағы ғылыми кадрларды дайындауға мүмкіндігі бар университет ретінде көрінді. Бірақ, сол кезеңде осы аталған міндеттерді шешуге нақты мүмкіндіктер болмады. Сондықтан қабылданған «Қазақ ағарту институты туралы» Ережеде оның мәртебесі «педагогикалық мамандықтар бойынша мамандандырылған педагогикалық орта оқу орны» деп анықталды. Негізгі курста оқу уақыты алдымен бес, кейіннен төрт жыл болып бекітілді. Институт негізінен мемлекет есебінен қаржыландырылды. Тәжірибелік сабақтар мен көмекші шаруашылықтарлы құру үшін институтқа үкіметтің шешімімен «Өрнек» шаруашылығы бөлініп берілді.

Институттың ашылу жұмыстарының барлығы 5 адамнан тұратын «Қазақ ағарту институтының ұйымдастыру комитетіне» жүктелді. Алғашқы кезеңде «уақытша комитет» құрылып, оның төрағасы болып Қожықов тағайындалса, оның мүшелеріне Ембергенов, Табынбаев, Дьяков сайланады. Институттың қаржысын жұмсау Табынбаевқа, оқу-ғылыми мәселелері Дьяков, Көшербаяев және Қожықовқа жүктелді. Сонымен бірге Қожықовқа әкімшілік мәселелері де қоса тапсырылады[5].

XX ғасырдың 20-жылдарында жоғары оқу орындарының қалыптасып, дамуына қазақ зиялылары өз үлестерін қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Луниев В.В. Из истории первого высшего востоковеденного учебного заведения в Средней Азии. - Москва: Восточной литературы, 1963. - 302 с.
2. Рашидов Г.Р. История Социалистического Ташкента. Т.1. - Ташкент: Фан, 1965. - 520 с.
3. Хрестоматия по новейшей истории Казахстана (1917-1939 гг.). (Под ред. К.С. Каражанова) - А.: Санат, 2002. Т.1. - 408 с.
4. ӨРОММ. 1630-қ., 1-т., 5-іс.
5. ӨРОММ. 34-қ., 1-т., 431-іс.

Абу Мансур ал-Матуриди Абу Хасан ал-Ашғаридің шығыстық аналогы ретінде

Данияр ШАЛҚАРОВ,
ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының ізденушісі

Жалпы ислам дініндегі ханафийа мен матуридийа бағыты Дамаск пен Алеппо аймақтарында қарқынды дамыды. Ал ашғарийа бағытымен осы екі бағыт аталмыш географиялық нүктеде түйісіп отырды. Ашғарийа мен матуридийа бағытының арасындағы айырмашылықтарды 13 (хилафатта) пунктте бөліп қарастыруға болады. Екі ғұлама доктриналарының айырмашылығы алтауы мәндік (мағнауи) тарапынан, ал жетеуі болса (лафзи) сөздік мағынасы жағынан ерекшелінеді. Таж ад-дин ас-Субкидің көзқарасы бойынша бұл ерекшеліктер такфир (сенімсіздік немесе табдиг) серік келтіру аясында емес, «Аллаһ тағалаға сенудегі имандылық» түйіндері төңірегінде ғана талқыланбақ.

Ал-Ашғари мен ал-Матуриди мектептерінің айырмашылығы туралы Нур ад-дин Мухаммед ибн Абу Тайиб аш-Ширази де (1356 ж.) жазды. Одан кейін Абу Узба (1713 ж.) өзінің «ар-Рауда ал-бахийа фи ма байна ал-Ашғари уа ал-Матуридийа» атты еңбегінде Таж ад-дин ас-Субкидің ілімінен әсерленіп, сол салада еңбек жазғаны белгілі [1, 47 б].

Абд ал-Ғани ан-Набулиси де (1730ж.) матуридийа мен ашғарийа бағыттарының айырмашылықтары мен ерекшеліктері арасындағы өзектіліктерін «Тахкик ал-Интисар фи иттифак ал-Ашари уа ал-Матуриди фи ал-ихтибар» атты еңбегінде жазып көрсетті. Бірінші қолжазба «Назм ал-Фараид уа джамал фауaid фи байан ал-уасаил аллати уадаа фиха ал-ихтилаф байна ал-Матуридийа уа ал-Ашғарийа фи ал-акаид» атты еңбекті Абд ар-Рахим ибн Али Шаих-заде (1721 ж.) жазды. Қырық пункттік сенім жүйесі ретінде жазылған бұл еңбек, «теология ілімінің қысқаша курсы» деп тануға болады.

Ал екінші қолжазба Ыстамбұлда (1887 ж.) «ас-Симт ал-акбари фи Шарх ал-Икд ал-Джаухари фи ал-Фарқ байна касб ал-Матуридийа уа ал-Ашғарийа» атты еңбек болып шықты. Авторлары Абд ал-Хамид ал-Харпути мен Халид Зия ад-дин еді. Осман империясы кезеңінде жазылған жоғарыда аталған еңбектер империяның ислам калам теологиясына мән беріп, бағалап дамытқаны көрінеді. Сондай-ақ ашғарийа мен матуридийа теологиялық мектептерінің айырмашылығының мәнін Гольдциер (1910) былай көрсетеді: «не стоит вникать мелкие различия между этими двумя глубоко родственными мнениями ученых».

Ал-Матуриди еңбектері осы кезеңге дейін қоғам назарын қатты аударған жоқ. Сондықтан өте өзекті екі қолжазба осы ілімнің кеңеюі мен таралуына көп түрткі

бола алады. Еуропа елдерінде көп кездесетін «Таъуилат Ахл ас-Сунна» еңбегі мен Гольдциердің тоқталып өтетін «Китаб ат-Таухид» еңбегі ал-Матуридидің X ғасырдағы қажырлы қайратын көрсете алады.

Ан-Насафидің де «Табсира ал-Адилла»-атты еңбегін бұл салада ұмытпағанымыз жөн. Матуридийа бағытының мақсаты мен міндеттерін ғұлама Абу Мансур ал-Матуридидің «Китаб ат-Таухид» атты еңбегінде кездестіруге болады. Жалпы матуридийа мектебінің XI ғасырда алғаш рет тұсауы кесілді.

Имам Ағзам Абу Ханифаның теологиялық ілімі солтүстік-шығыс Иран жерінен басқа жерлерде алғашқыда қарқындап дамымады. Бұған дейін Рей аймағында өмір сүрген Наджжар бағытының сенімдік идеологияларынан ұзақ уақыт бойы барлық ислам әлемі әсерленіп келді.

Ислам ордасы болған Куфа қаласында дүниеге келген Абу Ханифа ілімі ислам әлемінің түкпір-түкпіріне тарады. Абу Ханифа ілімі тек қана теологиялық қалам ілімінде ғана емес, ғықх саласында да қызмет ете бастады. Куфалық құқық мектептері осы бағытта жоғары қызмет етті. Ханафийа теологиялық ілімі Куфа қаласы аймағында орныға бастағанда мурджииттер өз абыройы мен өміршендігінен айырыла бастады. Ханафийа теологиялық ілімі Куфада қалыптасып болған соң (VIII ғ.) солтүстік-шығыс Иранға беттеді. Бұл ілім ислам әлеміне таралуымен қатар, мұсылмандар үшін әлеуметтік мәселелерді де шеше бастады. Мәселен, джизия төлеу мәселесі, басқа да шарифат мәселелері де жеңілдетіле бастады.

Бірақ та, сол кезеңде өмір сүрген мурджия ағымының идеологиялары да қоғамда басым рөл атқаратын еді. Олардың саяси көзқарастары Мәуреннахр қоғамымен бірлесіп халифат орнықтырған жүйеге қарсылығын білдіру. Өйткені бұл ағымның өкілдері арабтар мен түркілер тарапынан үнемі қолдау көріп отырған Иран аймағының ислам дініне сенушілері еді. Мұндай жағдай VIII ғасырда-ақ ислам әлемінде көрініп қалып еді.

Ат-Табари былай деп жазады: «мурджия бағытының кеменгерлері, джизия мәселесін шешуге араласып, 728 жылдары алғашқы өздерінің халифатқа деген саяси қарсылығын көрсете бастады. Осы қозғалыстың басында жүрген атақты теолог мурджия ағымының өкілі Джахм ибн Сафуан болатын». Оның көзқарасы бойынша «Адам мұсылман болу үшін тілмен айтудың мүлдем керегі жоқ, өз жүрегінде құдайды және ақиқатты мойындаса болғаны» – дейді [6, 128].

Сондай-ақ милади жыл санауы бойынша 746 жылы Харис ибн Сурайждың ұйымдастыруымен болған көтеріліс мурджия ағымы үшін ешқандай жеміс алып келген жоқ. Бірақ та, сол Иран тарапында мұндай идеялар астыртын жайыла бастады. Мурджииттер орталығы болған Балх қаласының өзі «Мурджиабад» – деп те аталды.

Бұл бағыттармен қатар, Куфа аймағында Абу Ханифа шарифат ілімі де жандана түсті. Иранның батыс аймағында Абу Ханифа ілімі үдере дами түсті. Имам Ағзам Абу Ханифа избасарлары ислам әлемінде оның өлімінен (767ж.) кейін осы бағытты сақтап қалуға тырысты. Бұл аймақтардан да басқа Бұқара мен Самарканд сияқты қалаларда Абу Ханифа доктринасын сақтап, оны ханафийа бағытын ұстанушылар жандандырды. Нәтижеде, Иранның шығыс-солтүстігінде ислам қоғамы Имам Ағзам Абу Ханифа мазхабын ұстанып, ислам ғұламалары қалам ілімі әдістерімен теологиялық мәселелерді шешуге ат салыса бастады.

Сонымен тарихи сахнада Мәуреннахр мен Тахаристан аймақтарында ха-

нафийа қалам теологиялық мектептері қалыптаса бастады. Абу Ханифаның өзіндік еңбектері тек қана ғықх саласында ғана емес, қалам теологиялық ілім саласында да қалдырған ескерткіштері көп еді. Оның «ал-Уасийа» немесе «ал-Ғықх ал-Ақбар» атты еңбектері тарихта үлкен із қалдырды. Абу Ханифаның Усман ал-Баттиге жолдаған хатында ислам дінінің теологиялық құндылықтарын қамтып, сол кездегі өзекті сенім жүйесінің өркендеуін көрсетеді.

Риуайат жолымен жеткен бұл хаттың жеткізушілері Абу Саид Мухаммед ибн Бакр ал-Бусти, Абу Салих Мухаммед ибн ал-Нусаих ас-Самарқанди, Абу Закария Яхья ибн Мутағарраф ал-Балхи, матуридийа теологиялық қалам мектебінің жүйелеушісі Абу Муъин Маймун ибн Мухаммед ибн ал-Макхули ан-Насафи (1114 ж.), одан кейін біздің отанымыздың кеменгері Хусам ад-дин ас-Сығнақилер (1311/1314 ж.) болып табылады. Жоғарыда ғұламалардың аттары аталғанына байланысты Усман ал-Баттидің қолжазбасы әуелі Балх қаласына, сосын Мәуреннахр аймағына жеткені белгілі [2, 38 б].

Аталған хаттың мазмұнын былай деп бөліп қарастырады: амалына қарай иманын тану, бүкіл сенушілердің иманының теңдігі, күнә жасаған адамның жазасы, хазіреті Осман және хазіреті Али халифалықтарының мәселелері т.б.

Бұл еңбектер қатары ханафийа теологиялық ілімінің қалыптасуына негіз болды. Нәтижеде шығыста қалыптасқан ханафийа мектептері ислам әлемінде басымдық жоғары қызмет атқарды. Осы еңбектердің барлығы уақыт өткен сайын теологиялық қалам ілімінің қалыптасуына түрткі болды. Ал Абу Мансур ал-Матуриди осы ханафийа теологиялық ілімінен сусындады. Ал-Матуридидің ұстаздары ханафийа мектебінің ғұламалары Абу Сулейман ал-Джуджани, Абу Бакр ал-Джуджани, Абу Насыр ал-Йади матуридийа бағытының негізін қалауға ат салысты.

Кейінірек Самарканд мектебінің өкілі Абу ал-Муъин ан-Насафи ғұламалардың еңбектерін жүйелей отырып, ханафийа мен матуридийа бағытының тұтастығы мен өміршендігін көрсетіп жазды. Бұл еңбектер бір қырынан қалам теологиялық іліміне де тікелей әсер етті. IX ғасырда ислам әлемінде қалам теологиялық ілімі дамып, сол ғасырда өмір сүрген Абу Хасан ал-Ашғари болса Ирак аймағында теологиялық ілімінің негізін қалады. Алайда халифаттың барлық аймағында ханафийа мазхабының өкілдері басшылық пен рухани орталықтың тізгінін ұстады. IX ғасырда шығыс ханафийа бағыты іліміне Мухаммед ибн ал-Карраманың (карраийа ағымының негізін қалаушы) теологиялық әсері де бағыттың дамып кеңеюіне түрткі болды. Оның өмірі Систанда, сосын Хорасан аймағында өтті. Оның қозғаған мәселелеріне, құдайды антропоморфтық сипатқа көбірек теліген идеяларына кейінгі теологтар сыни пікірлер көрсетті.

Әсіресе бұл пікірлерге қарсы шыққан шығыс Иран ханафийа мазхабын ұстанушылар болды. Сондай-ақ Абу Бакр ас-Самарқанди (881–882ж.) және Абу Мансур ал-Матуриди өзінің «Китаб ат-таухид» және «Таъуилат» атты еңбектерінде каррамиттер идеяларына қарсы пікірлер білдірген. Бұдан кейін көп уақыт өтпей осы сыни пікірлерді ал-Паздауи мен Абу ал-Муъин ан-Насафи жалғастырды.

Ибн Карраманың мұндай сынға ұшырауының себебі, оның тегі (асылы) Нишапур аймағынан еді. Сондықтан оның пікірлері шығыс Иран аймағындағы дәстүрмен сай келмеді. Ол Систанда да және Мәуреннахрда да идеяларын іске асыра алмады. Карраийа ағымының пікірлерін зерттеп оны сынға алған ислам

әлемінің кеменгері «Китаб ар-Радд ала Ахл ал-Бидъа» атты еңбегімен аты шулы ғұлама Абу ал-Мутіъ ал-Макхул ан-Насафи еді.

Абу ал-Мутіъ ал-Макхул ибн Фадл ан-Насафи де мықты жазушылардың бірі болған. Оның ұлы Мұхаммед ибн ал-Макхул ханафийа мектебінің беделді өкілдерінің бірі еді. Осы отбасынан шыққан үшінші ұрпақ Абу Муъин ан-Насафи бүкіл ислам әлемінің жарқыраған жұлдыздарымен тең болған. Бұл Абу ал-Муъин ан-Насафи ғұламаның еңбектері матуридийа теологиялық ілімінің дамуына қосқан үлесі өте зор еді.

Ал бабасы Абу ал-Мутіъ ал-Макхул ибн Фадл ан-Насафидің өмірі туралы толық мәлімет жоқ. Тек бізге мәлім болғаны хиджра жыл санауы бойынша 318 жылы, ал милади жыл санауы бойынша 930 жылы дүниеден өткені туралы ғана мәлімет бар. Абу Муті ал-Макхул ибн Фадл ан-Насафиді «ар-Радд ала Ахл ал-Бидъа» атты еңбегі мен басқа да сол X ғасырда жазылған еңбектердің ішіндегі «ал-Мақалат ал-Исламийн ал-Ашариға» атты еңбектер аналогиялық тұрғыда X ғасырдың теологиялық ілімінің негіздері болып табылады. Біздің заманымызға дейін сақталып келген осы екі құнды әдебиеттерді ислам қоғамы бағалайды [4, 52].

Жалпы Абу Мансур Мухаммед ибн Мухаммед ибн Махмуд ал-Матуриди өмірінде Самарқанд аймағының оқымыстыларының өмірлері мен еңбектерінен ерекшелігі көрінбейді. Яғни, оның қызметтері сол кездегі қоғамның жүйесінде белгілі бір орын алмады. Сондай-ақ оның ілімі Саманиттер ордасы болған Бұқара аймағында да қомақты орын алмады. Кейінірек сол уақытта өмір сүрген Абу Хасан ал-Ашғаридің теологиялық ілімімен қатар Абу Мансур ал-Матуридидің еңбектері де ислам әлемінің рухани өміріне тікелей әсер ете бастады. Оның өмірі жайлы толық мәлімет болмағанымен, еңбектерінің өзі ислам қоғамында басым орын алып, калам теологиялық ілімінің дамуына үлкен үлес қосты. Осы ғұламаның еңбектерін күні бүгінге дейін жетуі мен қоғамға қызмет етуіне себепші болған ғұлама Абу ал-Муъин ан-Насафидің орны ерекше. Оның еткен ерен еңбегі Орта Азияда матуридийа бағыты мен калам теологиялық ілімінің қалыптасуына көмектесті. Абу ал-Муъин ан-Насафидің «Табсира ал-Адилла» атты еңбегінде Самарқанд теологиялық мектептері туралы жазылады. Сол еңбекте Абу ал-Муъин ан-Насафи Абу Мансур Мухаммед ибн Мухаммед ибн Махмуд ал-Матуридидің еңбектері шығыс ханафийа мектептеріне тән стильде жазылғанын көрсетеді. Ғұлама Абу Мансур ал-Матуридидің қатар сол ғасырда өмір сүрген Абу ал-Йусра ал-Паздауидің (1100 ж.) де ислам әлемінде ерекше орын алатындығы туралы жазды.

Бұл еңбектерден соң ханафийа әдебиетінде ғасырлар бойы дами келе, Осман империясы кезеңінде ғұламалар жазған әйгілі «Табақат» атты қысқа мазмұнды еңбек құнды болып саналды. Бұл еңбектер реті мынадай еді:

- 1) Ибн Аби ал-Уафа (1373 ж.);
- 2) Ибн Кутлубуға (1474 ж.);
- 3) Ибн Камал Паша-заде (1533 ж.).

Осы қайнаркөздерден алатынымыз ислам әлемінің теологиялық ілімінің қалыптасуы мен ғұлама Абу Мансур ал-Матуридидің дүниеден өткен жылының мәлім болуы. Оның дүниеден өткен жылы хиджра жыл санауы бойынша 333 жыл, ал милади жыл санауы бойынша 944 жыл еді. Алайда Абу Муъин ан-Насафи бұл уақытты нақты айтпай, Абу Хасан ал-Ашғариден (935 ж.) кейін дүниеден өтті» — дейді [5, 67 б].

Абу Муъин ан-Насафидің бұл пікірі алдындағы ғұламалардың көрсеткен дәлелдерін терістемейді. Абу Муъин ан-Насафидің ойы Самарқанд мектебінің өте көнеден келе жатқан өміршең мектеп екенін көрсеткісі келеді. Бірақ та оның туған жылы белгісіз болғандықтан, оның еңбегін ғана жазу мен қоғамға жеткізу ұрпақтың негізгі міндеті болып табылды. Оның өмірі жайлы нақты мәліметтер мен қайнаркөздер беймәлім. Сондықтан оның ұстаздары мен шәкірттерінің есімдері арқылы ғана шамалап біле аламыз.

Абу Муъин ан-Насафи оның ұстаздары Абу Наср Ахмед ал-Йади мен ғұламаның ізбасарлары Ибн Абу ал-Уафа мен Ибн Кутлубуға болатын. Екінші ұстазының есімі Абу Бакр Ахмед ибн Исхақ ал-Джузджани. Тарихта ал-Джузджани пайда болғаннан кейін ғана жергілікті теология ілімінің дәстүрі серпінді дамиды. Бізге ескі ханафийа қолжазбалары өте құнды мәліметтер жеткізді. Ол иснад (қайнар көз) «Китаб ал-Алим уа ал-Мутағаллим» атты еңбек. Бұл еңбек Мухаммад ибн Муқатил ар-Разиден (Абу Сулейман ал-Джузджани) Абу Бакр ал-Джузджаниге, одан кейін Абу Мансур ал-Матуридиге жетті.

Абу Мансур ал-Матуриди ал-Йадинің шәкірті болған кезеңде оның жасы 20-дан аспағандығы айтылады. Соған сәйкес шамамен Абу Мансур ал-Матуридидің туылған жылы 870 жылға сәйкес келеді деген тарихи деректер бар. Оның туылған жері Самарқанд қаласының Матурид деген аймағында орналасқан. Оның қабірі Чакардизадағы қалалық бейітханада тұр.

Ал ғұлама Абу Мансур ал-Матуридидің ұстаздарына тоқталар болсақ олар: Абу Бакр ал-Джузджани мен Абу Наср ал-Йади. Ханафийа бағытының Орта Азияда дамуына түрткі болып, үлесін қосқан Абу Бакр ал-Джузджани Самарқанд калам ілімі институттарында да маңызды орын алды. Абу ал-Муъин ан-Насафидің берген мәліметтері бойынша Абу Бакр ал-Джузджанидің өзі Абу Сулейман ал-Джузджаниден сабақ алып, шәкірт болып, қаладан жырақта ілім үйренуін жалғастырады. Кейінірек, Мәуреннахр метрополиясына келіп алған білімін қоғамда пайдалануға тырысты. IX ғасырдың ортасында ханафийа мектептерінде көбінесе ал-Джузджани ілімінің жүйесі бағалана бастады. Абу Бакр ал-Джузджанидің өмірі қай кезеңде өткені белгісіз болғанымен де, бүкіл өмірі IX ғасырға тән деп ғұламалар пайымдайды.

Ол тек теологиялық іліммен ғана емес, заң, ғықых сияқты ғылыммен айналысты. Оның бізге белгілі болған кітаптары «Китаб ал-Фарқ уа ат-Тамйиз» атты заңнамалық трактатының ислам қоғамына әсері мол болды.

Екінші еңбегі болса «Китаб ат-тауба» атты еңбегі өзінен жүз жылдан кейін жазған Абу ал-Лайс ас-Самарқандидің «Танбиһ ал-ғафилин» атты еңбегінің мазмұнына сай келеді. Бұл жерде Абу Бакр ал-Джузджани тек калам ілімімен ғана емес, ханафийа бағытының құқығы мен теологиясын да меңгергені себептен Абу Мансур ал-Матуридидің сол іліммен сусындауы әбден мүмкін еді.

Ал Абу Наср ал-Йади болса Абу Мансур ал-Матуридидің екінші ұстазы болып саналып, бұл ғұламаның ілімдері калам теологиясының іліміне тікелей сара жол салып беретін ілімнің бірі болды. Ол да Абу Бакр ал-Джузджанидің шәкірті болғанын деректер мәлімдейді. Негізі Абу Наср ал-Йади өмірі Испиджаб аймағында өтеді. Ол өзінің артында қырықтан астам шәкірттер қалдырып, оның ал-Хаким ас-Самарқанди, екі ұлы Абу Ахмад ан-Наср ал-Йади мен Абу Бакр Мухаммад ал-Йади сынды шәкірттері болды.

Абу Бакр Мухаммад ал-Йадидің еңбектері көбінесе ханафийа калам ілімі жүйесі аясында қарастырылған, ал-Йади еңбектері Мәуреннахр аймағында калам теологиялық ілімі ретінде қалыптаса бастады. Сондықтан Абу Бакр Мухаммад ал-Йади еңбектері «шығыс ханафийа калам ілімі» – деген атқа ие бола бастады. Бұл жерден түйсінетініміз Абу Мансур ал-Матуриди осы еңбектерден әсерленген деген тұжырым шығады.

Ал X ғасыр кезеңіндегі өмір сүрген Самарқанд ғұламалары ғалым Абу Мансур ал-Матуриди шәкірттері болғандығын тарих дәлелдей түседі. Солардың ішінде алғашқысы Абу Ахмед Наср ибн Ахмед ал-Йадидің тегі Йади болғандықтан матуридийа теологиялық ілімін жақтаушыларынан екені айқын болып тұр. Оның мұғтазилиттермен пікірталасқа түскен «ал-Масаил ал ашара ал-Йадийа» атты еңбектерінде көрсетілген тақырыптар Абу Мансур ал-Матуридидің еңбегінде де кездеседі. Сондықтан көптеген еңбектердегі құндылықтарды Абу Ахмед Наср ибн Ахмед ал-Йади Абу Мансур ал-Матуриди арқылы танып, оны болашақ үшін жәдігер ретінде сақтады. Ғұлама Абу Мансур ал-Матуридидің екінші шәкірті Абу ал-Хасан ар-Рустуғфани (961 ж) ол Самарқанд қаласына жақын жердегі ауылдық аймақтан болатын. Ол ислам әлемінде өзінің ұстазының ықпалында ғана қалмай, өзіндік теологиялық ілімі стилімен тарихта әйгілі болды. Оның ілімі көбінесе құқықтық салада қызмет етті. Алайда теология саласында ұстазы Абу Мансур ал-Матуридиден *иджтихад* мәселесі төңірегінде пікір таласады. Онда Абу Мансур ал-Матуриди де Абу ал-Хасан ар-Рустуғфани де қай позицияны ұстанғаны белгісіз. Бірақ та, біз ханафийа бағытының көнеден келе жатқан «Куллу муджтахид мусиб» деген ұранды ұмытпауымыз жөн. Мұның мағынасы «Әр-бір муджтахид кателеспейді» – дегенді білдіреді.

Тағы да Абу ал-Хасан ар-Рустуғфани ұстазы Абу Мансур ал-Матуридиден «пенденің құдайға құлшылығы» мәселесінде пікір таласады. Ар-Рустуғфани егер де пенде бір рет болсын құдайға құлшылық етпестен иман еткен болып саналатын болса, онда неге құран кәрімде жаратушы Аллаһ тағала құлдарын ғибадат жасауға шақырады. Ар-Рустуғфанидің пікірлерін Абу ал-Муъин ан-Насафи өзінің «Табсира ал-Адилла» атты еңбегінде жазады. Онда ар-Рустуғфани адам баласының ырызғысы туралы кеңірек тоқталып өтеді. Оның еңбектері:

- 1) Фатауа ар-Рустуғфани;
- 2) Китаб ал-Хилаф (не туралы жазылғаны белгісіз);
- 3) Калам іліміне арналған «Китаб иршад ал-мухтади» (еңбектерінің ішіндегі ең маңыздысы);
- 4) «Китаб аз-зауаид уа ал-фауаид» атты еңбегі теология саласына қатысы болғанымен бұл еңбек Аснаф ал-Улум немесе Ануа ал-Улум сынды (білімдер) ғылымдар классификациясына сәйкес келеді.

Дәл сол кезеңде шығыс-солтүстік Иранда ғылымдар классификациясы атты еңбектерді жазу дәстүрі дамып, үрдіске айналып кеткен болатын. Осы ғылымдарды классификациялауда біздің қоғамға әйгілі болған ал-Хорезмидің «Мафатих ал-Улум ал-Хорезми» атты еңбегі X ғасырда Бұқарадағы Саманиттер сарайында жарық көрген еді. Тек қана бұл емес, оған дейін де 50 жыл бұрын Ибн Фаригун «Джауам ал-Улум» атты еңбекті, Абу Заид ал-Балхи «Ақсам ал-Улум»-атты еңбектер жаза бастаған еді. Сондықтан ар-Рустуғфанидің «Китаб аз-Зауаид» атты еңбегі ғылымдардың классификациялық бағытына арналған. Қысқаша айтқанда Абу ал-Хасан ар-Рустуғфани жан-жақты, білімді Абу Мансур

ал-Матуридидің идеяларын қоғамға жеткізуде, ханафийа бағытының дамуында Мәуреннахр аймағында X ғасырда маңызды рөл атқарды [3, 76 б].

Абу Мансур ал-Матуридидің үшінші шәкірті Абд ал-Карим ал-Паздауидің (999 ж.) жазған еңбектері белгісіз болғанымен де, Абу Мансур ал-Матуридидің теологиялық идеялары мен еңбектерін жеткізуде мықты дәнекердің бірі болғаны анық. Оның есімі «Риуайа Китаб ал-Алим уа ал-Мутаъаллим» атты еңбекте кездеседі. Бұл еңбек кейінірек Мухаммед ан-Насафиге жетті. Бұл еңбекте тіпті шәкіртінің ұстазы Абу Мансур ал-Матуридиге еліктеп жазғаны туралы айтылады.

Абд ал-Карим ал-Паздауи бұл еңбектерді ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, өзінен кейінгі үш ұрпақтан соң Абу ал-Йуср ал-Паздауи (1100 ж.), Фахр ал-Ислам Абу ал-Хасан ал-Паздауи (1089 ж.) сынды ғұламалардың бабалары болғанына тарих куә. Есімдері аталған ғұламалар матуридийа теологиялық идеялары мен пікірлерін жеткізуші болып саналады. Сондай-ақ Абу Муттиъ ал-Макхул ибн Фадл ан-Насафиден (930 ж.) Абу ал-Муъин ан-Насафиге (1114 ж.) калам теологиялық ілімі берілгені секілді ал-Паздауилер дәстүрі де дәл осылай жалғасты. XI ғасырда өмір сүрген Абд ал-Карим ал-Паздауи Абу Мансур ал-Матуридидің тікелей шәкірті болғанын жоғарыдағы аталған еңбектер мен авторлар дәлелдей түсетіні анық.

Қорыта айтсақ ғұламаның еңбектері мен шәкірттері ислам әлеміне рухани идеологиялық дамудың механизміне тікелей ықпал еткені көрініп тұр. Бұл теологиялық бағыттың қоғамға тікелей әсері мол екеніне сенімдіміз. Қазіргі таңда матуридийа теологиялық ілімі біздің рухани дүниемізде ерекше орын алған. Сол себепті бұл теологиялық бағыттың өзектілігі мен өміршең екенін естен шығармағанымыз дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. У. Рудольф. Ал-Матуриди и суннитская теология в Самарканде. – Алматы: Фонд «XXI век», 1999. – 286 с.
2. M.S. Yazıcı oğlu. Maturidi kelam ekolünün iki büyük siması: Ebu Mansur Maturidi ve Ebül Muin Nesefi. – İstanbul, 1987.
3. Nureddin es-Sabuni. Maturidiyye Akaidi. – Ankara, 1979. – 109 s.
4. Абу Муъин ан-Насафий илмий мероси ва матуридийа тағлимоти. Сайидмухтор Оқилов. Тошкент 2008. – 181 б.
5. En Nesefi, Ebu'l Muin, Meymun bin Muhammed El-Mekhuli. Tebsiret'ul Edille. II c. – Dimask, 1993. – 1011 s.
6. M.S. Yazıcıoğlu. Maturidi ve Nesefiye göre insane hürriyeti kavramı. M.E.B. Yayınları. – Ankara, 1993. – 289 s.

Каспий теңізі жағалауындағы алғашқы қауымдық тұрғындары

Талғат МАМЫРОВ,
ҚР БҒМ ҒК Ө. Марғұлан атындағы археология
институтының ғылыми қызметкері

Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің Ө.Х. Марғұлан атындағы археология институты 2001–2003, 2005 жылдары Батыс Қазақстан өңірінде тас дәуірін зерттеу барысында барлау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде Шалқар 1-4, Родник 1-3, Ешкітау (Большая Ичка) палеолиттік ескерткіш орындары, Новая Казанка1 мезолиттік тұрағы табылды.

Шалқар 1-4. Кейбір зерттеушілер пікірлерінше, бұл тұрақтар Шалқар өзенінің сағасында тұзды төмпешіктерге ұласып жатыр, ал басқаларының пікірінше, Сан-тас және Сасайтау тұзды төмпешіктері арасындағы мұльдаға жатады деп көрсетеді. Екіншісі теңіздік аккумулятивті тегістікте юра, бор, неоген жыныстары арасында түзеліп, ерте хвалындқ межедегі сазды құмдақты қабаттарда орналасқан.

Сантастың абсолютті биіктігі 71 м-ге, Сасайтаудың биіктігі 91 м-ге жетеді. Бұл төмпешіктерге оңтүстіктен бакиндік межедегі сазды құмдақты қабаттарда орналасқан қырат (көлденеңнен 20 шақырымнан астам) жалғасып жатыр. Нәтижесінде төмпешіктердің толассыз өсуінен бұл қабаттар көтеріліп және Каспийдің келесі трангрессияларының қалдықтарымен жабылмады, оның сипаты ерте хвалындқ теңіздегі арал жағдайында болды [1, с.144-145; 2, 282-293]. Нәтижесінде эрозиялар кішкентай беткейлер түрінде болып, биіктігі 10-20 м-ге жетті. Сондықтан, Каспий рельефінде ерекше болғаны үшін жергілікті 20 м-ге жетті. Сондықтан, Каспий рельефінде ерекше болғаны үшін жергілікті тұрғындар таулар қатарына жатқызады. 2001–02 жылдары палеолиттік артефактілер келесі жерлерден жиналды: Шалқар 1 (координаттары 50°42,482' с.е., 51°39,660' ш.ұ.), Шалқар 3 (координаттары 50°27,769' с.е., 51°41,047' ш.ұ.) и Шалқар 4 (координаттары 50°27,262' с.е., 51°39,822' в.ұ.).

Жалпы палеолиттік артефактілер саны 239 дананы құрайды. Олар жер беткейінен табылған және қоңыр түстің әртүріне жататын кварцитті және кварцті құмдақтардан дайындалған. Техникалық-типологиялық ерекшеліктеріне қарай құралдар ерте және кейінгі палеолитке жатқызылып отыр. Бұл дегеніміз, ежелгі адамдар Каспий өңірінің Палеокаспий жоғарғы плейстоцендік трангрессиялар аралығын игергендігін дәлелдейді.

Жалпы Каспий өңірінің көпшілігінде құрылыс және ірі тастар қалмаған, қыраттардың беткі қабаты құмдақтарды алу мақсатында орнатылған карьерлер нәтижесінде бұзылған, сондықтан осы аздаған артефактілердің өзін үлкен олжаға санауға болады.

Қалған палеолит ескерткіштері Жалпы Сырттың оңтүстік шетінде төменгі хвалындқ теңіздің жағалауындағы арналарда орналасқан.

Деркул өзенінің оңтүстік жағалауында эрозиялық құбылыстар нәтижесінде екі төмпешіктерге бөлініп, Родник ауылына көшкен палеоген-неогендік қырат орналасқан. Бұл қыраттың құрылымына әктастар, саздақтар, құмды қабаттар және кварцит тектес құмдақтар конкрециялары кіреді. Бұл құмдақтардың жер беткейіне шығуы нәтижесінде Родник 1-3 тас өндірісінің ескерткіші табылды (координаттары 51°05,917' с.е., 50°30,927' ш.ұ.; 51°05,940' с.е., 50°30,084' ш.ұ. және 51°05,702' с.е., 50°27,301' ш.ұ.). Көне палеолиттік және кейінгі палеолиттік артефактілер құмдақтың шынайы сынықтары өте қысқа кесілген, мысалы –1 жәдігер 2-3 м². Оларды зерттеу болашақта басталады.

Үлкен Ичка (Ешкітау) тауында ұзақ қоныстанған, ірі палеолиттік шеберхана-тұрақ табылды.

Үлкен Ичка тауы, Батыс Қазақстан облысында биіктігі жағынан екінші дүңгіршек, теңіз деңгейінен абсолютті биіктігі 254 м (басқа мәліметтер бойынша – 252 м). Ол Орал қаласынан батысқа қарай 83 шақырым, Шипово теміржол станциясынан солтүстік-батысқа қарай 12 шақырым жерде орналасқан. Таудың түзілуіне тұзды төмпешікті тектоника әсер берген. Шығыс жарлары баспалдақты террасалық құрылымды болып келген. Бұл жерде ішуге жарамды бұлақ көзі ағып жатыр. Бұлақтан жоғары қарай ірі тау жарының маңайында тоғай орналасқан, ол таудың орталық бөлігін 90-100 м деңгейінде жауып жатыр. Ешкітау құрамындағы әр кезеңдік және әр сапалы құмдақтар ежелгі және кейінгі палеолит дәуірінде тас құралдар дайындауда шикізат көзіне айналған. Жергілікті құмдақтардан жасалынған артефактілер ақшыл сұр түстегі құралдар таудың толық беткі қабатынан алынған, олардың басым көпшілігі таудың шығыс жарларына жақын орналасқан бұлақ маңайынан табылған. Зерттеу жұмыстары 2002, 2003 және 2005 жылдары жүргізілді (51°12,333' с.е., 50°15,583' ш.ұ.).

2002–2003 жылдары Ешкітау (Большая Ичка) шеберхана тұрағында қазба жұмыстары басталды. Шығыс жарлардың орталық бөлігіне ауданы 16 шаршы шақырым, тереңдігі 35–45 см жететін қазба I орнатылды. Артефактілер түпкі жыныстарда толығымен жайылған, әктастардың және кварцитті құмдақтарының сынықтары саздақты жыныстармен қатып қалған. Құралдар нуклеус, нуклеус дайындамалары, өндірістің қалдықтары түрінде көптеп кездеседі. Құрал-жабдықтардың аздаған пайызы қырғыштар, жапырақ тәріздес немесе үшбұрышты пішіндегі бифасты жебе ұштары, тісті ұнғымалы құралдар, кескіштер және т.б. құрайды. Шикізаттары – ақшыл сұр түстегі әртүрлі сападағы кварцит тәріздес құмдақтар. Қазба жұмыстары кезінде ешқандай сүйек сынықтары, ағаш қалдықтары, оттық қалдықтары кездеспейді [3, с. 29-31].

Осы қабатта, алқаптың солтүстік шетінде, уақытша су ағысының арнасында барлау шурфы 3 орнатылды. Бұл жерде аз мәліметті тас құралдар табылды.

2005 жылы Батыс Қазақстан облысында Ешкітау палеолиттік ескерткішінде археологиялық жұмыстары жалғастырылды [4, с. 63-64; 5, с. 89-102]. Ешкітау тауының шығыс жарларында, бұлақтың сол жағында 1 м траншея орнатылды. 2005 жылы 10 м-ге жетіп, орталық тереңдігі 85–90 см, максимальді тереңдігі – 1,5 м-ге жетеді.

Ешкітау шеберхана-тұрағы тек Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар Евразия ежелгі тарихына қосар үлесі зор. Біздің континетіміздің құрғақ зона-

ларында мәдени қабаты толық сақталған палеолиттік ескерткіштер кемде-кем, сондықтан ежелгі тұрғындардың тұрмыстық жағдайында палеоэкологиялық, палеоклиматтық өзгерістері жайлы толық мәліметтер алуға болады.

Ірі мезолиттік *Новая Казанка 1* тұрағы Камыш-Самар көлдерінің айналасын қоршап жатқан Волго-Орал құмдарында орналасқан. Бұл аймақтың абсолюттік белгісі шамамен 0 м. Құмды бетінен кеуіп жатқан көлдердің, салалардың іздерін, сорларларды, бархандарды және көшкін құмдарды байқауға болады. Ауыл үш кеуіп жатқан көл-сорлармен, ал олар өз алдына құмды массивтермен қоршалған. Ең биік (10 м) құмды дюналар Сорайдың көлінің батыс жағалауында орналасқан. Құмды массивтің оңтүстік шетінде кішкене ауданда (шамамен 1000 м²) 4,5 мың сұр түстің әртүрлі реңді кремнийден және сарғыш-сұр түсті кварцитті құмдақтан тас артефакт жиналды. Оның координаттары: 48°56,079' с.б., 049°38,884' ш.е. Тас құралдарды жасауда пайдаланылған шикізат басқа жақтан, нуклеус дайындамасы ретінде әкелінген. Оған табылған коллекцияда шеткі және жартылай шеткі сынықтардың аз кездесетіні дәлел бола алады.

Кезеңдік неолиттік тұрақтар (Шауши, Жантемір, Сарыиван және т.б.) биіктігі 3–5 м дейін жететін жағалау рельефы анық байқалынатын кейінгі хвалын теңіз бассейнінің жағалау сызығына жатады.

Алғашқы қауымдық адам ерте палеолит дәуірінде Солтүстік Каспий территориясын игерді. Олар палеолитте, мезолитте және кейінгі кезеңдерде де теңіз жағалауларында қоныстанған. Қазақстан территориясында мәдени горизонты беткі қабатында орналасқан ескерткіштер (Ешкітау шеберхана-тұрағынан басқа) ғана белгілі. Волга өзенінің төменгі ағысында табылған ұқсас ескерткіштер және Волга, Орал, Деркул қабаттарында кейінгі плейстоцен фаунасының қалдықтары мәдени қабаты көмілген ескерткіштер табуға болатынын көрсетеді. Осындай ескерткіштердің зерттеу жұмыстары палеогеографиялық және мәдени-тарихи жағдайлардың корреляциясында үлкен жаңалық енгізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Рельеф Казахстана: (Пояснительная записка к геоморфологической карте Казахской ССР масштаба 1:1 000 000). Ч.2. Алма-Ата: Ғылым, 1991.
2. Аристархова Л.Б. Подуральское плато и Прикаспийская низменность // Геология СССР. Т. XXI. Западный Казахстан. Ч.1. Геологическое описание. Кн. 2. М.: Недра, 1970. – С. 282-293.
3. Артюхова О.А., Бексеитов Г.Т. Древнейшие памятники Западно-Казахстанской области (палеолит). // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. /Сб. научных статей. Вып.1. – Уральск, 2002. – С.17-42.
4. Мамиров Т.Б. Полевые исследования Ешкитауского отряда в Западно-Казахстанской области. // Восточная Евразия: проблемы культурного наследия: тезисы докладов III Казахстанской археолого-этнографической конференции студентов и молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2006. – С.63-64.
5. Артюхова О.А., Мамиров Т.Б. Исследования палеолитического памятника Ешкитау в 2005 году. // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана: Сборник научных статей. Вып. 4. – Уральск – 2005. – С.89-102.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ тілінің қызметі: жетістіктері мен проблемалары

Әлия САТАЕВА,
ізденуші

Елбасымыз Қазақстан халқы Ассамблеясының 15-ші сессиясында мемлекеттік тіл — халық бірлігінің негізгі факторы екендігін атап көрсетті. Тіл барлық кезеңде ұлттық идеяның басты діңгегі және мемлекеттік идеологияның негізгі іргетасы саналды. Тіл арқылы тілдесе де, бірлесе де аламыз, біріге де, кіріге де аламыз.

Тілдік ахуал уақыт өткен сайын жақсарып келеді. Тәуелсіздік тілді тығырықтан шығарып қана қойған жоқ, оның ғұмырын ұзартты, тынысын кеңейтті. Кеңестік кезең мен қазіргі уақыттың айырмасы жер мен көктей. Тілдік орта қазақыланды. Қазір кез келген ұлт өкілі өзі сөйлемесе де, қазақша әңгіменің не туралы екенін ұғып тұрады. Тіл үйренуге деген ықылас артты. Басқа ұлт өкілдері тілге шындап бет бұрды. Бүгінде телебағдарлама жүргізетін жирен шашты қыз-жігіттердің санынан жаңыласың. Бұрын олар бүкіл елде бірді-екеу ғана болатын. Көп алдына шығып, мемлекеттік тілде мемлекет мәселелері туралы суырылып сөйлей алатын өзге ұлттың бозбалалары мен бойжеткендері қазір жетіп-артылады. Мемлекеттік қызметке екі тілде еркін сөйлейтін жастар келді. Қос тілді қос қанатына айналдырған жас билингвист-журналистер ақпарат саласының ажарын ашты.

Тіл саясатына деген көзқарас өзгерді. Бұл алынбайтын қамал, иегерілмейтін тың, бағынбайтын шын, жібімейтін тоң, иімейтін көн деген тонтеріс түсініктің пердесі сыпырылды. Тілдің киесі мен жұмыстың жүйесі бір арнаға тоғысты.

Тіл үйренуге ықылас артты. Өзге тілді халықтар өз балаларын қазақ мектебіне бере бастады. Өйткені олар перзенттерінің болашағын қазақ тілімен байланыстырады. Қаншама жылдан бері қайта-қайта айтылып келе жатқан қажеттілік ұғымы бірте-бірте санаға сіңіріліп келеді.

Елбасымыз «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деді. Бүгінгі біздің тәжірибемізде қазақ пен қазақтың қазақша сөйлесуінің де, қазақ пен орыстың қазақша сөйлесуінің де, сондай-ақ орыс пен орыстың қазақша сөйлесуінің де мысалдары бар. Ендеше, биыл аяқталатын Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жеміс бермеді деп айта алмаймыз.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша біз үкімет дайындаған келесі онжылдыққа арналған мемлекеттік бағдарламаны талқылаудамыз. Бұл бағдарлама тілді дамытудың келесі кезеңіне жол ашады. Конституциямыздың 7, 19 және 93-баптарында көрсетілгендей, осы үлкен істің нәтижелі болуы жағдайдың жа-

салуына байланысты. Осыған орай тілдік шараларды қаржыландыру мөлшері жыл өткен сайын арта түскенін айта кеткен жөн.

Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдың жүзі болса да, ұлттық нышандарымыздың бірі – мемлекеттік тілді өз биігіне көтере алмай келе жатқанымыз жасырын емес. Тіл мәселесі БАҚ-та да, семинар, конференцияларда да талайдан бері қозғалып жүр, оның қолданыс аясын кеңейтуге байланысты алуан түрлі ұсыныстар да аз айтылып жатқан жоқ. Алайда «Тіл туралы» Заңымыздың қабылданғандығына жиырма жыл болса да, тіл проблемасы әлі де оң шешімін таппай келеді. Тіліміздің бүгінгі таңдағы халі – мемлекет тізгінін ұстап отырған азаматтарымыздың, әлі де болса, ұлттық сана деңгейіне жете алмай отырғандығының бір көрінісі. Алайда ұлттығымыздың басты белгісі тіл мәселесі – ешқандай бейтараптықты көтермейтін, өзіне ерекше байсалдылықты талап ететін маңызды мәселе. Біздің мақсат қазақ ұлтының бойына біткен осындай келеңсіз мінездерді ашып көрсете отырып, олардан біржола бас тарту арқылы көшімізді түзету болып табылады. Кеше мен бүгінді сабақтастырап болсақ, бүгінгі таңда тіл мәселесін ішкей созып отырғандығымыздың өзі – осы бойға біткен кеселдің «жемісі». Бойдағы бұл дерттерден арылудың жолы ұлттық намысымызды оятып, тіл мәселесінде кез келген жалтақтыққа жол бермей, радикалды реформалар жасау болып табылады.

Ел талқысына ұсынылған «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру үшін алдымен екі шарт болуы тиіс. Бірінші, «Мемлекеттік тіл туралы» Заң қабылдау – бұл тілді қажеттілікке айналдырудың шарты. Онсыз Бағдарлама – құмға сіңген судай болады сөзсіз. 20 жылдан бері тәуелсіз Қазақстанда тұратындар «Тіл туралы» Заңды орындауға және тілді меңгеруге аса құлшыныс білдірмеді. Барлық жағдай жасалды, бірақ нәтиже күткендегідей емес. Екінші, Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңға өзгеріс енгізу шарт. «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті басқару орындарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген бап қазақ тілінің төрт аяғына тұсау емес, кісен салып, ілгері аттатпай тұрғаны белгілі, оған әбден көз жетті. Заңның 5-бабы одан әрі 8-баппен үндесіп, «Мемлекеттік тіл... жұмыс және ісқағаздарын жүргізу тілі болып табылады. ...Орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Ол аз болса, 9-бап: «Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады», – дей тұрып, «Оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін» деп заңдастырады.

Бағдарламада қазақ жазуын латын әліпбиіне көшуді қарастыру керек. Ол ағылшын тілін меңгеруге және технологияға, интернетке қазақ тілінің енуін күшейтеді. Бағдарламада «Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің факторы» делінген бірінші мақсат тұр. Тамаша. «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді атам қазақ. Бір ұжымның, бір үйдің баласындай өмір сүруге шақырады. Алайда Қазақстан азаматтарының, оқушыларының тіл игеру, білу нәтижесі қалай анықталатыны тестке бағытталған. Ұлттық бірыңғай тестте орыс мектебін бітірушілер қазақ тілінен жоғары балл алады. Тіл үйрету орталықтарында, курстарда тіл үйренушілер сертификатқа тапсырғанда олар да жоғары балл алады. Солармен қазақша сөйлесіп көрсеңіз, қайран қаласыз. Олар тест жауаптарын жаттап алып, жоғары балға ие болған. Бұл тілді білу емес, өзін және қоғамды алдау. Меніңше, мектеп бітіруші де, мемлекеттік қызметкер де тілді білу деңгейін таныту үшін

емтиханды тестпен емес, дәстүрлі ауызша сөйлесу, шығарма жазу, аударма жасау, т.б. арқылы өз деңгейін көрсетуі керек.

Мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды көпшілікке тарату деген үлкен мәні бар мақсат қойылған. Осыған әрбір ата-ана «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген Елбасының қағидасын ескере отырып, өз үлесін қосқаны ләзім. Қалалардағы мектеп оқушылары, балабақша тәрбиеленушілері отбасында көбіне ата-аналарымен орысша сөйлеседі, ата-аналары оларды қазақша үйретуге құлқы жоқ, өйткені олардың өздері орыстілділер. Сондықтан әрбір ата-ана өз баласын мемлекеттік тілде тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін мемлекет балабақшаларды, мектепті мемлекеттік тілге айналдыру қажет.

Бағдарламада үшінші мақсат – «Дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың күш-қуаты» делінген. Әркімнің есімі өзінің болмысына тән болатыны – табиғи құбылыс. Кеңестік дәуірде енген «-ов», «-ев», «-ин», «-ина» деген қосымшаларды осы күнге дейін өзінің тегіне қосып алып жүргендердің ұлттық намысы оянбаған деуге болады. Ал ономастика, топонимика, көше атаулары шетелдік ұғымдармен былығып тұр. Оларды ұлттық негізге айналдыруға жергілікті атқарушы органдар шындап кіріспей отыр. Бұл мәселені одан әрі кешіктіру – ұлт тарихына қиянат болары сөзсіз.

Тіл мәселесі – аса ауқымды мәселе. Адам баласының рухани өмірінде тілдің қатыспайтын жері жоқ, керек десеңіз, басты рөл атқарады. Сондықтан да тіл мәселесін көтеріп, тоқсаныншы жылдары жарық көрген материалдарда осыған қатысты айтылмай қалған пікір болмады деуге де боларлық. Тек есітерге құлақ, түсінуге түйсік жағы жетіспей жатқандығы да – ащы шындық.

Тіл тағдыры – ұлт тағдыры, ұрпақ тағдыры. Тоқсаныншы жылдардың басында тәуелсіздігін алған қазақ қауымы да ұлттық мемлекетін құрып, қоғамдық дамудың сан алуан әлеуметтік, экономикалық мәселелерімен қатар ана тіліміздің де бодандық замандарда қордаланып, әбден шиырланып қалған өзекті проблемаларын да шешуге батыл кірісіп кетті. Бұл істе, әсіресе, қазақ қаламгерлері, әдебиетші, тілші ғалымдар белсенділік танытты. Ең бастысы – осы кездерде қазақ тіліне қатысты жарияланған пікірлерде ұлт тілінің қазақ қоғамының жемісті жолда дамуындағы аса маңызды рөліне жұртшылық көзін жеткізе білді.

Тіл – ұлттық дамудың рухани көрсеткіші болғандықтан да осы кездерде қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсе түсуінде айтарлықтай ілгерілеулер болғанын алдымен атап өткен жөн. Десек те, қоғам дамуымен бірге рухани салада туындап отырған проблемалардың түрлі себептерге байланысты замана талабына сай уақытылы шешімін тауып отырмағандығы салдарынан қазақ тілінің де көптеген мәселелерінің шешім табуы жаңа ғасырға қарай ұласты.

Рецензия

Н.Б. Сейдін. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы: қалыптасуы, мәселелері және айқындалу барысы. – Алматы: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2006. – 172 б.

Қанат ЕНСЕНОВ,
ҚР БҒМ ҒК Ш. Уәлиханов атындағы Тарих
және этнология институтының аға ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Ғылыми монографиялық еңбек зерттеу жұмысының нәтижесі екендігінде күмән жоқ. Өйткені, автор Кеңестік дәуір мен Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдарындағы мемлекетаралық межелеу мәселелерін мұрағат қор құжаттары мен құжаттық жинақтардағы қаулы-қарарлар негізінде ғылыми тұрғыдан дәлелді жазған. Зерттеу еңбегінің бірінші тарауында «Ресей Федерациясы мен Орталық Азиядағы межелеулердің аяқталуы және қазақ жерлерінің бір мемлекет құрамына біріктірілуі» деп аталады. Онда Ресей мен Қазақстан арасындағы шекараның межеленуі XX ғасырдың 20 жылдарында территорияның бір мемлекеттің құрамына біріктірілуі, Қазақ АССР-нің құрылуы және оның үлесіне тиген жерлердің құрамы, Қазақстан мен Сібірде және Орта Азияда жүргізілген ұлттық территориялық межелеулер саясатының алғышарттары, барысы мен нәтижесі, солтүстіктегі бірқатар жерлердің Ресей Федерациясының құрамына өтіп кетуі сияқты мәселелер кеңінен қарастырылған.

Қазақстанда жүргізілген ұлттық-территориялық межелеулер аяқталғаннан кейін, оның ішкі территориясын әкімшілік аудандарға бөлу басталды. Бұл кеңестік кезеңнің бастапқы

уақытында патша өкіметінен қалған әкімшілік бөлініс заман талабына сай келмей, экономика мен шаруашылықты дамыту барысында қиындықтар туғызғандықтан, республика басшылығы қайта бөлуді шешкен болатын. Сол кезде солтүстік-батыс шекара 1921–1939 жылдар аралығында бірнеше рет біресе Ресейге, біресе Қазақстанға беріліп, өзінің нақты шешімін таппағандығын автор өз еңбегінде келтіре отырып, Қазақстан мен Ресей арасында бүгінгі күнге дейін шекараны делимитациялау мен демаркациялау мәселелері күрделі жағдайда жүргізілмегендігі, әліде шешімін күткен мәселелердің де бар екендігін атаған.

Орта Азия мемлекеттері мен Қазақстан арасындағы шекара мәселесін де қарастырған автор: «Бұл көршілес, тағдырлас, бауырлас түркі тілдес елдердің территориялық мәселелерінің тарихы тереңде жатқан еді», – деп дәлелді мәліметтер келтіруге тырысқан. Мысалы, Қазақстанның оңтүстік өңірі Түркістан генерал-губернаторлығына қараған кезеңде әкімшілік-аумақтық өзгерістердің болғандығы, одан кейін кеңестік билік тұсында мемлекетаралық межелеудегі өзгерістер баяндалған. Мәселен, 1919 жылы 10 шілдедегі №354 қау-

лыны Бүкілресей Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі Савноркомының» қаулысына сәйкес Қазақ АКСР-і территориясының шекарасын біріктіргендігі аталған. Сонымен қатар, 1921 жылы Түркістанды ұлттық-территориялық межелеу мәселесі БОАК-тің 1921 жылғы 11 сәуірдегі Декреті қабылдауына дейін көтерілді. Межелерді жүргізу үлкен дайындық жұмыстарын талап етендігі, осы кезде аймақтағы ахуалдың өте ауыр болғандығы көрсетілген. Сондай-ақ, 1920 жылғы қазандағы Қырғыз (Қазақ АКСР-нің құрамына қосу мүмкіндіктері талқыланғандығы, аймақтағы саяси-экономикалық жағдай күрделі болғандықтан Орталық Азия мемлекеттерінің шекараларын ұлттық құрамына қарай бөлу тек 1924 жылы ғана іске асқандығы, ал 1925 жылы Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу аяқталды. Осы кезде Қазақ АКСР-нің құрамына Сырдария және Жетісу облысы, Самарқанд облысы және көптеген уездер қосылған болатын. Осындай қиын жағдайда қазақ халқының тарихи жерлері өз иелеріне қайтарылды, жерлердің қосылуынан республика халқының саны өсіп, 1926 жылғы санақ бойынша 6,6 млн. адам болса, оның 3,6 млн. қазақтар болған, яғни, қазақтар республика тұрғындарының 61%, орыстар – 18%, украиндар – 12% құрадығын зерттеуші атаған.

Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері ішінен Өзбекстан және Қырғызстан арасындағы шекаралық межелеулер 1920–1950 жылдар аралығында жүргізілгендігі, ондағы айт-тыс-тартыстардың болғандығы баяндалып, Кеңес Одағы қалыптасуының бастапқы кезеңінде жүргізілген ұлттық-территориялық межелеу саясатында болған қиындықтарға қарамастан қазақ жерлерінің бір республиканың

қол астына топтасуында қазақ халқы үшін маңызды болып, осы тұста қазақ жерінің шекарасы тұңғыш рет халықаралық құқық талаптарына сай анықталып бекітілгендігін автор жан-жақты көрсете білген.

Автордың еңбегінің екінші тарауында Кеңес-Қытай арасындағы шекара мәселесі қаралған. Атап көрсетсек, 1918 жылы көктемде Жетісуда кеңес билігі орнағаннан кейін Қытаймен арадағы байланыстарда шекара мәселесі де қаралған. Ал, 1920 жылдары Кеңес-Қытай шекарасының Қазақстандық бөлігінде туындаған шекаралық қатынастар Қытай мен Кеңес өкіметі арасындағы жақындасуға кері әсерін тигізіп, 1924 жылы Кеңес-Қытай келісім актісі бойынша тараптар қалыптасқан ұлттық шекараларды қолдайтындықтары және екі жақ біріккен келісім арқылы өз шекараларын тексеріп шығуға келіскендігі, сондай-ақ, Үш Аймақ бойынша шекара бөлінісін белгілеу мәселелері қарастырылған.

Зерттеуші еңбегінің «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының айқындалуы» деп аталатын үшінші тарауында Қазақстанның көрші елдермен мемлекеттік шекарасының анықталу барысы мен нәтижесі кеңінен қарастырылып, мемлекеттік шекараны анықтау кезінде туындаған даулы учаскелерге қатысты мәселелерге талдаулар жасаған. Сонымен қатар, бүгінде барша әлемнің назарын аударып, ұлы державалардың геосаяси ойын алаңына айналып отырған Каспий теңізіндегі республикалар арасындағы мемлекеттік шекара жағдайы сипатталып, оны шешудегі мемлекеттердің ұстанған позициялары сараланған.

Жалпы, Қазақстан мен Қытай мемлекеттері арасында шешімін табуы тиіс мәселелер, екі ел басшыларының

келіссөздері нәтижесінде 1990 жылдардың ортасында анықталды. Сөйтіп, тарихи жағдайларды ескере отырып, шекара сызығын екі тараптан дұрыс жолмен шешімін тапқандығы жайында мәліметтер келтіре отырып, ҚР мен ҚХР – ның «Достық өзара қатынастар туралы» Бірлескен Декларациясының қабылданғандығын да атап көрсеткен. Сонымен бірге, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына біріккен мемлекеттердің осы шекара мәселесі мен елді қорғауға бағытталғандығын ашып көрсеткен.

Ғылыми еңбекте Қазақстан мен ТМД елдерінің мемлекет аралық межелеуге байланысты маңызды да, күрделі іс-шаралар жүргізілгендігі баяндалған. Мысалы, өзбек-қазақ арасындағы жерде шекара сызығын белгілеулер, ондағы келісімдердің жасалуы. Одан кейін қазақ-қырғыз арасындағы әкімшілік-территориялық бөліністерінің анықталуы мен бекітілуі. Сондай-ақ, Түркіменстан мен

арадағы қарым-қатынас құрлық және, су жолдары арқылы белгіленді. Ал, Ресей Федерациясы және Қазақстан арасындағы мемлекеттік межелеулердің аяқталуы еліміз үшін аса маңызды мәселе болғаны анық. Осындай күрделі де, қиын тақырыпты қарастырған автор еңбегі мемлекеттік деңгейде қажеттілігі бар, әрі қарастыруды керек ететін өзекті мәселеге арналған.

Автор зерттеу жұмысының барысында қазақ шекарасының қалыптасуын, оған әсер еткен ішкі және сыртқы факторларды, шекаралас елдердің ұстанған саясатын, аймақтағы геосаяси өзгерістердің шекараны анықтау мәселесіне тигізген әсерін жан-жақты қарастырып, ұзаққа созылған тарихи үрдісті ұлт мүддесіне, сай объективті көрсетуге тырысқан. Қазақстан шекарасының қалыптасу барысына ой-тұжырымдарын зерттеудің ауқымында мүмкіндігінше ашып көрсетуге тырысқан.

Түйіндеме

Стратегия будущего

Нурлан Сейдин – заведующий отделом информационного обеспечения и редакционно-издательской деятельности КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук

Статья посвящена состоянию реализации основных положений Послания Президента РК Н.А. Назарбаева «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана».

Strategy for Future

Nurlan Seidin – the Head of Information Support and Publishing Activity Department of the KazISS under the President of RK, Candidate of History

The article is devoted to the state of implementation of the main position of the President N. Nazarbayev's Address "New Decade – New Economic Growth – New Opportunities of Kazakhstan".

Мировой порядок американского типа и его цели

Молдахмет Мырзабеков – доцент кафедры регионоведения и мировой экономики КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

Мировой порядок, который был сформирован в 1991–2001 гг., можно охарактеризовать как полицентрический биполярный. В основе такого порядка лежит понятие, что Запад является центром экономических, военно-политических и этико-правовых норм и что все это должно распространиться на весь мир путем копирования «американской демократии».

The World Order of American Type and Its Goals

Moldakhmet Myrzabekov – Docent of the Regional Studies and World Economy Department, the Al-Farabi KazNU, Candidate of History

The world order formed in 1991–2001 it may be defined as polycentric bipolar. At the bottom of such order is concept that the West is the center of economic, military-political and ethics-legal norms and all it should spread over the whole world through the copying of "the American democracy".

Современная концепция национальной безопасности США

Кайрат Жунис – доцент кафедры регионоведения и мировой экономики КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

В статье рассматриваются направления концепции национальной безопасности во внешней политике США в 2001–2009 гг. Также охватывается политика США, Японии и Ближнего Востока.

Modern Conception of the US National Security

Kairat Zhunis – Docent of the Regional Studies and World Economy Department, the Al-Farabi KazNU, Candidate of History

Direction of national security conception in the US foreign policy in 2001–2009 as well as US policy with Japan and Near East is considered in the article.

Развитие традиционалистских учений в Центральной Азии

Раушан Несипбай – доцент ЕНУ им. Л. Гумилева, кандидат искусствоведческих наук

В статье рассмотрены особенности центральноазиатского ислама, которые определяются различными этапами эволюции и исторического развития, обусловившими характер его внутреннего многообразия. В данной связи историко-ретроспективный анализ особенностей мусульманских движений и течений на территории Центральной Азии, в частности традиционалистского направления, позволил автору выявить истоки самобытности центральноазиатского ислама.

Development of Tradition-Nationalist Training in the Central Asia

Raushan Nesipbay – Docent at the L. Gumilyov ENU, Candidate of Art Studies Science

Features of Central Asian Islam which are defined by various stages of evolution and the historical development, caused character of its internal variety are considered in the article. In this context the history-retrospective analysis of features of Muslim movements and streams in territory of the Central Asia, in particular tradition-nationalist directions, has allowed the author to show originality of the Central Asian Islam.

От религиозного фундаментализма до экстремизма и его проявление в Казахстане

Айбек Бейсебаев – магистрант отдела религиоведения КазНУ им. аль-Фараби

Появившийся в 90-е гг. XX в. в Чечне, Афганистане и странах Ближнего Востока религиозный экстремизм со временем перебрался и в Центральноазиатский регион. В статье автор дает пояснение категориям «фундаментализм», «экстремизм», «салафизм» и «джихад».

From Religious Fundamentalism to the Extremism and Its Evidence in Kazakhstan

Aibek Beisebayev – Master of the Religion Studies Department, the Al-Farabi KazNU

The religious extremism emerged in 90th years of XX century in the Chechen Republic, Afghanistan and the Near East countries came to the Central Asian region. The author gives the explanatory to “fundamentalism”, “extremism”, “Saalafism” and “jihad” categories.

Современное состояние государственного языка в Казахстане

Ризолла Жумадилов – научный сотрудник КИСИ при Президенте РК

В статье рассматривается проблематика внедрения казахского языка в качестве государственного, особое внимание уделяется роли системы образования. Анализируется также роль проекта трехязычия для развития государственного языка. В частности, затрагивается тема изучения английского языка в казахоязычных школах.

The Current State of the State Language in Kazakhstan

Rizolla Zhumadilov – Research Fellow of the KazISS under the President of RK

The article discusses the problematic of introducing Kazakh language as the state, the focus is paid to the role of education system. The role of three-language project for development of the state language is analyzed as well. It is particularly touched upon the issues of studying English in Kazakh language schools.

Модели государственной энергетической политики

Нурлан Уранхаев – соискатель кафедры политологии КазНУ им. аль-Фараби, кандидат политических наук,

Сапар Ахметов – соискатель Академии государственного управления при Президенте РК, кандидат политических наук

Эта статья посвящена анализу основных моделей государственной энергетической политики, в частности, национально-монополюльной, национально-конкурентной и интеграционно-конкурентной моделям.

Models of the State Energy Policy

Nurlan Urankhayev – Candidate at the Political Science Department, the Al-Farabi KazNU, Candidate of Political Science,

Sapar Akhmetov – Candidate of Academy of Public Administration under the President of RK, Candidate of Political Science

The article is devoted to the analysis of the main state energy policy, in particular national-monopolistic, national-competitive and integration-competitive models.

Молодежь и проблемы духовного воспитания

Карлыгаш Борбасова – кандидат философских наук

Статья посвящена значению и роли религии в воспитании молодежи, в частности, роли ислама в повседневной жизни и духовном воспитании подрастающего поколения в контексте общечеловеческого развития.

The Youth and Problems of Spiritual Upbringing

Karlygash Borbasova – Candidate of Philosophy

The article is devoted to the significance and role of religion in upbringing of the youth, in particular the role of Islam in daily life and spiritual upbringing of the rising generation in the context of human development.

Общественная безопасность и политическая стабильность

Бахытбай Ибрагимов – соискатель Академии государственного управления при Президенте РК

Статья посвящена проблемам обеспечения общественной безопасности и политической стабильности. Согласно мнению автора, общественная безопасность – это политическо-правовая и социальная защищенность жизни, здоровья и других ценностей граждан Казахстана.

Public Security and Political Stability

Bakhytбай Ibragimov – Candidate at the Academy of State Management under the President of RK

The article is devoted to the issues of ensuring public security and political stability. According to the author, public security is the political-legal and social security of life, health and other value of the Kazakhstan citizens.

О влиянии на эффективность деятельности предприятий методов вычисления воздействия «налогового щита»

Нуржан Альжанова – доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат физико-математических наук

В статье рассматриваются такие экономические понятия, как «износ», «амортизация». Суть амортизации состоит в том, что его вычисленный объем и ставка налога обеспечивают годовую налоговую защиту.

Influence of Computing Methods of “Tax Shield” on Enterprises Efficiency Activity

Nurzhan Alzhanova – Docent at the Al-Farabi KazNU, Candidate of Physico-Mathematical Sciences

The article considers such economical conceptions as “depreciation”, “amortization”. The essence of amortization lies in the fact that its calculated volume and tax rate provide annual tax shield.

Модель социально-экономической системы аутсорсинга, являющейся составной частью рыночной макроэкономики

Талгат Демесинов – доцент кафедры «Финансы и учет» ВКГУ им. С. Аманжолова, кандидат экономических наук

Статья посвящена понятию «коммерческая система аутсорсинга», которое не изучено достаточно в нашей стране. Проблема управления и решения научно-практических вопросов стратегии и новых методов увеличения эффективности деятельности компании требует научного обоснования. Основу стратегического управления составляют содержание аутсорсинга, его формы и методы.

Model of Socio-Economic System of Outsourcing Being the Principle of the Macroeconomics Market

Talgat Demisinov – Docent of the Finance and Accounting Department, the S. Amanzholov East Kazakhstan State University, Candidate of Economics

The article is devoted to the “commercial system of outsourcing” concept which isn’t studied in our country enough. The problem of management and the solution of scientific-practical issues of strategy and new methods of improvement of efficiency of the company activity requires a scientific explanation. The basis of strategic management is the maintenance of outsourcing, its form and methods.

Состояние защиты окружающей среды и анализ использования ресурсов в современном Казахстане

Алтын Есиркепова – доцент ЮКТУ им. М. Ауэзова, кандидат экономических наук

Богатство природных ресурсов, обширность территории и, соответственно, низкая плотность населения привели к формированию халатного и беспечного отношения к окружающей среде. В этом плане управление ВР и определение его роли в жизнедеятельности человечества являются первостепенной задачей.

A State of Protection of the Natural Environment and Analyze of Using of Resources in Modern Kazakhstan

Altyn Yesirkepova – Docent at the M. Auezov South Kazakhstan State University, Candidate of Economics

The rich of natural resources, the vast of territory and also under-population has resulted the formation of mindless and negligent attitude to the environment. In this regard BP management and definition of its role in life activity of human is the task of prime importance.

Численность и социальная структура казахов Туркестанского края конца XIX в. и начала XX в.

Дана Мукатова – директор центра по исследованию научно-педагогического наследия интеллигенции «Алаш» им. А. Байтурсунова, кандидат исторических наук

Статья посвящена численности и социальной структуре казахов Туркестанского края после завоевания его Российской империей. Автор делает выводы относительно численности, прироста и составного изменения по национальному признаку.

Number and Social Structure of Kazakhs in Turkestan in the end of XIX century and in the beginning of XX century

Dana Mukatova – Director of the Center for Research of Scientific-Pedagogical Heritage of "Alash" Intelligence named after A. Baitursunov, Candidate of History

The article is devoted to the number and social structure of Kazakhs in Turkestan after the conquering of Russian Empire. The author concludes concerning the number, increasing and structure changing of national sign.

Независимость – вечная цель

Гулбану Жугенбаева – доцент КазАТК им. М. Тынышбаева, кандидат исторических наук

В данной статье освещена трагическая судьба казахского народа в XX в., неудавшиеся попытки создания политической независимости. Цену, заключает автор, которую заплатила казахская нация на пути к своему суверенитету, необходимо всегда помнить, извлекая из этого уроки для будущего.

The Independence is Eternal Goal

Gulbanu Zhugenbayeva – Docent at the M. Tynyshbayev Kazakh Academy of Transport and Communication, Candidate of History

The article touches upon the tragic fate of Kazakh people in XX century, failed attempts to create political independence. According to the author, it is always necessary to remember the life given by the Kazakh nation on the way toward his sovereignty.

Борьба за независимость Туркестана

Дархан Кыдырлыев – кандидат исторических наук

Статья посвящена истории борьбы за независимость Туркестана. После свержения большевиками Туркестанской национальной автономии, национальные ячейки продолжили борьбу в трех направлениях. И у всех направлений была одна цель – свобода и независимость.

Struggle for Turkestan Independence

Darkhan Kydyraliyev – Candidate of History

The article is devoted to the history of struggle for Turkestan independence. After overthrowing of the Turkestan national autonomy by Bolsheviks, national cells continued to fight in three directions. And all directions had one purpose – freedom and independence.

Из истории чечено-ингушского народа, депортированного в Казахстан

Манара Калыбекова – кандидат исторических наук

23 февраля 1944 г. по ложному обвинению в пособничестве фашистским оккупационным войскам чеченцы и ингуши были поголовно депортированы в Казахстан и Среднюю Азию. 7 марта 1944 г. Указом Президиума Верховного Совета СССР была упразднена Чечено-Ингушская АССР. Ее территория была разделена между Россией и Грузией, часть земель отошла к Северо-Осетинской и Дагестанской АССР.

From Chechen-Ingush History Deported to Kazakhstan

Manara Kalybekova – Candidate of History

Chchenis and Ingushis on wrongful accusation in aiding to the fascist occupation forces were deported to Kazakhstan and Central Asia on February 23, 1944. The Chechen-Ingush ASSR was abolished by the decree of the presidium of the supreme soviet of the USSR on March 7, 1944. Its territory was separated between Russia and Georgia, the part of territory joined the North-Ossetia and Dagestan ASSR

Мыслители тюркского мира

Рауан Кемербаев – эксперт Министерства образования и науки РК

В статье рассматривается значение взглядов и идей тюркских мыслителей и их место в мировой философской науке. Наследие тюркских просветителей становится актуальнее в связи с интеграцией тюркоязычных государств.

Thinkers of the Turkic World

Rauan Kemberbayev – Expert at the Minister of Education and Science of RK

Value of views and ideas of the Turkic thinkers and their place in a world philosophical science is considered in the article. The heritage of Turkic educators are becoming actual due to the integration Turkic-speaking states.

Демографическая структура населения города Туркестана и близлежащих населенных пунктов (XX в.)

Жандос Омирбекулы – соискатель Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова КН МОН РК

В данной статье рассматривается демографическое развитие населения города Туркестана и сельской местности. В этой работе автор дал анализ по материалам Всесоюзных переписей населения (XX в.).

Demographic Structure of the Population in Turkestan and Nearest Inhabited Locality (XX century)

Zhandos Omirbekuly – Candidate at the Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

Demographic development of the Turkestan population and rural areas is considered in the article. In this work the author analyzed on materials of All-Union population censuses (XX century).

История развития материально-технической базы КазНПУ им. Абая (1960–1991 гг.)

Нурдаулет Манкеев – преподаватель КазНПУ им. Абая

В данной статье рассматривается развитие материально-технической базы одного из ведущих высших учебных заведений страны – Казахского национального педагогического университета им. Абая в 1960–1991 гг.

History of Development of Material-Technical Basis of the Abay KazNPU (1960–1991.)

Nurdaulet Mankeyev – Lecturer at the Abay KazNPU

Development of material-technical basis of one of leading higher educational institutions of the country – the Abay Kazakh National Pedagogical University in 1960–1991 is considered in the article.

Историческая наука и нациостроительство в Казахстане в XIX–XX вв.

Тимур Жуманов – старший научный сотрудник музея истории г. Алматы

Статья посвящена проблемам системы мусульманского образования, которая была модернизирована после вхождения Казахстана в состав Российской империи. Начиная с XIX в. были отмечены первые попытки написания истории казахов и замены алфавита. Светские предметы были отделены от религии, и история казахов начала развиваться как отдельный предмет. Но империалистическая политика царской России по-всякому препятствовала этому.

History and Nation-Building in Kazakhstan in XIX–XX centuries

Timur Zhumanov – Senior Research Fellow of the Almaty History Museum

The article is devoted to the issues of the Muslim formation system which was modernized after joining of Kazakhstan into the Russian Empire. The first attempts to write the history of Kazakhs and alphabet replacement were seen since XIX century. Secular subjects were separated from religion, and the history of Kazakhs has started to develop as a separate subject.

Роль казахской интеллигенции в образовании основ высших учебных заведений в Туркестане

Гулжан Рашиева – соискатель КазНПУ им. Абая

В данной статье рассматриваются место и многогранная деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в образовании Среднеазиатского государственного университета – первого вуза в Туркестане.

Kazakh Intelligence Role in Establishing of Basis of the Higher Educational Institutions in Turkestan

Gulzhan Rasheva – Candidate at the Abay KazNPU

The place and many-sided activity of representatives of the Kazakh national intelligence in establishing of the Central Asian State University – the first higher educational institutions in Turkestan are considered in the article.

Абу Мансур ал-Матуриди как восточный аналог Абу Хасан ал-Ашгари

Данияр Шалкар – соискатель Института востоковедения им. Р. Сулейменова
КН МОН РК

В статье рассматриваются:

- хронология исторического развития матуридизма;
- основа теологического учения;
- наставники и ученики ал-Матуриди.

Abu Mansur al-Maturidi as Eastern analogue of Abu Hasan al-Ashgari

Daniyar Shalkarov – Candidate at the R. Suleimenov Institute of Oriental Studies
of the Committee of Science of the Ministry of Education of RK

The article considers

- Chronology of the historical development of Maturidism;
- The basis of theology;
- Schoolmasters and disciples of al-Maturidi

Первобытное население Прикаспийского побережья

Талгат Мамиров – научный сотрудник Института археологии им. А. Маргулана

В работе рассматриваются древние страницы истории Каспийского региона. Первобытный человек еще в эпоху древнего палеолита освоил территорию Северного Прикаспия. И в палеолите, и в мезолите, и в более поздние эпохи он предпочитал селиться на морском побережье.

Primitive Population in the Pre-Caspian Coast

Talgat Mamirov – Research Fellow of the A. Margulan Institute of Archeology

The ancient pages of history of the pre-Caspian region are considered in the article. Primitive man developed area of the North Caspian in the epoch of Paleolithic. He preferred to settle in the seashore even in Paleolithic and in Mesolithic.

Функции казахского языка в период независимости: успехи и проблемы

Алия Сатаева – соискатель

В статье автором рассматриваются проблемы развития государственного языка в рамках реализации Государственной программы функционирования и развития языков в Республике Казахстан. Также проанализированы проблемы развития государственного языка, внедрения его в делопроизводство и совершенствования терминологии.

Kazakh Language Functions during the Independence: Successes and Problems

Aliya Satayeva – Candidate

The issues of the state language development within the implementation of the State Program of functioning and language development in Kazakhstan, introducing into the paperwork and terminology improvement are considered in the article.

